

Б 83.3Каз

М37

Қуандық
Машиһур-
Жүсінов



ӘЛЕН-
ЕӨЗДІН
ПАТШАЕБІ

8 83, 3 каз
М37

Қуандық
Мәшһүр-
Жүсіпов

ӨЛЕҢ -
ЕӨЗДІҢ
ПАТШАЕБІ

ЗЕРТТЕУЛЕР



АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1991

ББК 83.3 Каз
М 34

С.Торайғыров
атындағы ПМУ-дің
академик С.Бейсембаев
атындағы ғылыми
КІТАПХАНАСЫ

608769

Мәшһүр-Жүсіпов Қ.

М 34 Өлең — сөздің патшасы: Зерттеулер.— Алматы:
Жазушы, 1991.— 216 бет.

ISBN 5-605-01095-6

Жинақ лирика табиғатын көрнекті қазақ ақындарының шығармалары негізінде талдап, саралайды: қазіргі поэзиясының жетістік-кемшіліктері жайлы ой толғайды.

М 4603020100—242
402(05)—91—140—91

ББК 83.3 Каз

ISBN 5-605-01095-6

© «Жазушы» баспасы, 1991

ЛИРИКА ТАБИҒАТЫ

ЛИРИКАЛЫҚ ҚАҒАРМАН

Көркем әдебиеттің бейнелеу объектісі адам десек, мұның лирикаға да қатысты екені белгілі. Эпостық қаһарман мен лирикалық қаһарманды бір қоюға болмайтыны да әр әдебиетшіге анық жәйт. З. Қабдолов жазған әдебиет теориясы оқулығында лирикалық қаһарманға лайық анықтама берілген: «Мұнда, эпикалық образдағыдай, ұзақ, кең, мол суреттеліп, жан-жақты ашылған адамның сыртқы кескін-кейпі де, қым-қуыт шиеленісіп жатқан тағдыры немесе іс-әрекеті мен қимыл-қарекеті де тұтасып көріне бермеуі мүмкін. Оның есесіне адамның аса терең әрі нәзік ашылатын ішкі сыры, мінез-кұлқы, жан тынысы айрықша әсем айшық табады»¹.

Әйтсе де оқулықта берілген дұрыс анықтама бар да, лирика туралы сын кітаптарында, мақалаларда сол анықтаманың іске асуы, қыры мен сыры бар ғой. Біз осыны ескере бермейміз. Лирикалық қаһарман сезім-голғананысы эпостағыдай кең бейнеленбейтіні рас. Бірақ суреттеу аясы шағындығы онда да эпостағыдай мінез, бітім ерекшелігі, өсу жолы, қалыптасу жағдайы болатынын, өзіндік шағын тартысты өткеруін жоққа шығармайды. Лирикада күрделі сезім де, тартыс та, өсу жолы да — бәрі де болады, тек ол эпостағыдай кең емес, өзіндік ерекшелігі мол.

Бізде поэзияға қойылатын талаптың өзінде біржақтылық, кереғарлық көп. Біреуді ойлы ақын деп, екінші біреуді соны философиялық ойлары көп деп, немесе сезім тереңдігі, мөлдірлігі бар деп мадақтаулардың бәрі кө-

¹ Қабдолов З. «Әдебиет теориясының негіздері», 1970, 128—29-беттер.

шеде кез келген бір адамды ұстап ап: «Өзінің екі көз, екі құлағы бар екен, қандай керемет?» — деп таңданумен бірдей. Екі көз әр адамда бар, сол үшін оны мақтаймыз ба? Әйтеуір басқаға ұқсатпау үшін оған тағы бір көз жапсыру керек дегелі отырғамыз жоқ. Поэзия маңыздылығын, ақын ерекшелігін көздің саны шешпейді, жанардың қаншалықты өткірлігі, шалымдылығы шешеді.

Өлеңінде әйтеуір бір жылт еткен ой, сезім болуы арқылы қалам ұстаушы әлі нағыз ақын емес, тіпті оның бір топ «сәтті» өлең жазуы да жеткіліксіз. Сол өлеңдерде ақынның өзіндік жүрек дүрсілі бар ма? Мындардың сезімін тап басатын, ешкімге ұқсамайтын шынайы дүрсіл ме, жоқ дүрсілге ұқсаймын деп құр ұрғылап жатқан дүңкіл ме?

Сонымен, қазіргі қазақ поэзиясындағы лирикалық қаһарман бейнесі өз алдына тың жатқан күрделі тақырыптың бірі десек қателеспейміз. Жалпы қазіргі қазақ поэзиясында поэтикалық көркем персонаж мүсіндеу жайы қалай? Бұл туралы ақын Қ. Мырзалиев өте орынды айтқан: «Ал, егер бүгінгі бірқатар жырларымызда бір жетпесе, өмірдің өзін білу, әсіресе еңбек адамдарының қат-қат, қабат-қабат жан дүниесін білу жағы жетінкірмейді. Кәнеки, өмір есігін енді-енді ғана ашқалы тұрған жасөспірім бозбала жігітке, жаңа-жаңа бой жетіп келе жатқан қарындас-қыздарымызға үлгі-өнеге боларлық қандай әдеби кейіпкерлеріміз бар? Расын айтсақ, ондай поэтикалық көркем персонаждар жоқ»¹.

Қ. Мырзалиев мұнда қазіргі поэмаларда үлгі боларлық кейіпкерлер жоқтығын айтқан. Біздіңше, лирика жанрында жиырмасыншы жылдардағы Бейімбеттің Мырқымбайындай тұлғалар бар ма, бар болса, көп пе деп сауал қоюға болады. Ұмытылмас лирикалық қаһармандар жоқ емес, мәселе солардың өте аздығында, әйтпесе ол кеше де болған, бүгін де бар.

Қазақ поэзиясының кешегісі мен бүгінгісін шолақ қарасақ, лирикалық қаһарман жасаудағы кең ізденістер мен жетістіктердің куәсі боламыз. С. Сейфуллиннің революцияны қарсы алған, жаңа көзқарасты тың үнмен айғайлай естірткен асқақ та өр «менін»; Б. Майлиннің өзіндік психологиясы бар, қарапайым да еңбексүйгіш «менін»; Қ. Аманжоловтың сүйсе, құлай берілетін, жек көрсе, бойын ала қашатын отты да адал, батыл да жар-

¹ Мырзалиев Қ. «Қазақ әдебиеті», 29 март, 1974 ж. 1 бет.

қын «менін»; Ғ. Ормановтың өз сезімін айғайлап айтудан гөрі жай сездіруді ұнататын ұстамды да байыпты, парасатты «менін»; Ә. Тәжібаевтың күнделікті қарапайым оқиғалардан да үлкен ой білетін сыршыл да сезімтал «менін», т. б. көріп келдік.

1971 жылы поэзия туралы айтыс кезінде «Литературная газетада» Василий Росляков жазғандай, оқып отырған кезінде әдемі көрінетін, бірақ оқып болғаннан кейін есте қалмайтын, адам сана-сезімінде із қалдырмайтын өлеңдердің көп тууы неліктен?

Алдымен, біздің көп ақындарда өзіндік арна, өмірді өз көзімен көре білу, басқаға ұқсамай, өзінше сезіне білу жетіспейді. Тақырып ортақ болған жағдайда да әр ақынның сол тақырыпты өзінше жырлауы керектігі кімге де болса аян. Алдымен ана туралы жазылған екі өлеңге үңілейік:

Ана деген —
Ақылшысы адамның
Ана деген —
Тілеулесі қоғамның.
Ол бар кезде
Ортаймайды қуаныш,
Ол бар кезде —
Жуымайды саған мұң.
Ана деген —
Жарылқаушың,
Жаны — Күн!..
Ана деген —
Табынатын тәңірің.
Бірақ, бірақ кездеседі-ау әлі де
Құлақ аспай сөзіне,
Ілмейтіндер көзіне,
Білмейтіндер қадірін!..

(Бейсенғали Әлімбаев, «Ана»).

Таңды сүйдім арайланған сен бе деп,
Тауды сүйдім қарайлаған сен бе деп.
Құлыным деп, қызығым деп, күнім деп,
Еміренсен, қоюшы едім еркелеп...
Ақша бұлттар қаздай қалқып өткенде,
Мені әкеліп бәйшешекті көк белге.
Мын тіршілік қоздап жатқан көктемде,
Ұрпақ жолын жалғастырып кеттің бе?
Нұр сәуледей бар әлемге тараған,
Ұлым бар деп әрбір тұсқа қараған.
Көз нұрыңнан жараттың ба сен мені,
Айтшы маған, айналайын жан анам...

(Жарылқасын Боранбаев, «Ана»).

Бұл өлендерде әр ақынның өзінше ой айтқысы келеді, біраз тұста айта алады да. Олардың мынасы талантты, анасы талантсыз дегелі отырғамыз да жоқ. Бірақ осыдан он, жиырма, отыз жыл бұрын да ананың ерекше махаббаты, ананың өмірде алатын орны турасында аз айтылмағанын қалай ескермеске? Бұл ғана ма? Мақсат әйтеуір ананы мадақтау, әйтеуір ананы жақсы көремін дегенді айту еместігі, әр қаламгердің ананы өзінше сүйіп, өзінше тебіреніп, басқа ешкімге ұқсамай өзінше жырлауға тиістілігі де белгілі.

Төлеген Қажыбаевтың «Жанымның жапырақтары» жинағындағы (Жазушы, 1985) «Ана тілегі» өлеңінің бастапқы шумақтарын ғана келтірейік:

Төбемнен аумаған
Базарлы шағымның күнісің,
Ақ шуақ самал болып саулаған,
Бұлбұлды бағымның үнісің,
Өзіңе құмарым қанбаған,
Жанымның жауқазын гүлісің,
Мәңгілік үзілмес,
Жүректің әлдилі жырысың,
Кеудеме нұр құяр
Қаздып тұрысың,
Мәз болып күлісің.
Жанымды тербеген,
Таусылмас тым тәтті-ау қылығың,
Дамылдап бір тыншу көрмеген,
Шапқылап жүрсең де күн ұзын,
Бойыңда күш бар-ау кернеген
Базарым, қуаныш, қызығым.
Әр неге ұрынып, сәтінде
Бұртиып тұратын «бұзығым»,
Осы бір сүйкімді сәтіңе,
Қараймын қызығып,
Елжірей үзіліп (38-б).

Бұл жолдардың әсерлі естілу себебі неде? Рас, мұнда да ақын теңеу-баламаларды аз қолданбаған. Орынды баламаның тек өлең ажарын арттыратынына да осы туынды дәлел бола алады. Себебі бұлар әйтеуір бір жылтырақ баламалар шоғыры емес, тек ана сезіміне сәй, ана аузына сыйымды болуымен ерекшеленеді. Ана баласын әйтеуір күнге емес, төбесінен аумаған базарлы шағының күніне балайды. Сол күнге, бұлбұлды бақ үніне, жауқазын гүлге телулерден кейін де енді бірде жырға тенелгенде де, әйтеуір бір жырға емес, тек бала тербетіп көрген ана айтуға лайық «әлдилі» жырға баланады. Ананың баласын елестетуінде де нақтылық, дәлдік басым. Ол

баласының «қаздып» тұруын, «мәз болып» күлуін көз алдына әкеледі. Баланың қылық-әрекеттерін: дамылдап тыншу көрмейтінін, шапқылауын, әр нәрсеге ұрынуын, бұртиюын т. б. көрсету де сезім шынайылығына, дербестігіне қызмет етуде. Міне, лирикалық бейненің әйтеуір бір болуға тиіс делінген сезімдерін жалпылама тізе беру емес, оның ұғымына, мінезіне, жас мөлшеріне т. б. сай өзіндік тебіренісін нақты кестелеу арқылы ақын шынайы, ұмытылмас, әсерлі өлең тудырған.

Лирикалық қаһарман сезімін бейнелеу әйтеуір дара мақсатқа айналмай, ол ақынның өмірді өзінше танып, өзінше бейнелеу міндетіне бағындырылса ғана жеміс бермек. Онсыз көркем өлең жазам деп тер төгу қоянды көрмей тұрып оқ шығарумен бірдей. Ақын қаншама келісті баламалар келтірсін, әдемі суреттер теңізінде жүзіп жүрсін, соның бәрі өзіндік жүрек қайнауында шындалмаса, бәрібір оқырман ұмыта алмайтындай тың жарқын бейне тумайды демекпіз.

Ғали Ормановта:

Боран сокса дүрілдеп,
Жер тар бала байғұста...
Торғайлар да дірілдеп,
Қонақтайды қуыста.

Қасым Аманжоловта:

«Дауыл! Дауыл! дегенге
Шықтық үйден дүркіреп,
Аспан тұрды төбемде,
Аласұрып, күркіреп,

деген жыр жолдары бар.

Бірінде лирикалық қаһарман боранда тоңып сыртқа шықпаса, екіншісінде дауыл кезінде далаға асығып, желмен жарысса, бұл әрекет түрлілігі кездейсоқ емес. Алғашқыда табиғат картинасын, адам көңіл-күйін барынша қарапайым қалпында нақты беру, қаһарманның күнделікті, әдеттегі ісін қызықтау басым. Кейінгіде қаһарманның ерекше сезіміне: тынымсыздығына, асқақтығына ден қою негіз болған. Сөйтіп бұл өлеңдер әйтеуір боранды, не дауылды бейнелеуімен емес, сондай-ақ лирикалық қаһарманның тынымсыздығын, не ұстамдылығын танытумен де емес, әр ақынның өмірді өзгеше жүрекпен сезіне білуінің айнасы болғандықтан да, ерекше әсерлі.

Көп ақын туындыларын оқып отырып өзіндік арна

іздеудің, алғашқы сүрлеу табудың куәсы болдық. Жас ақын Зайда Елғондинова «Аға» өлеңінде:

Аға дедім ұяң ғана,
Туыстай бір еркелеп.
Қол ұстасқан қиял ғана,
Түсінісу ертерек...
Өзің едің бір арманым —
Жас ғұмырға өң берген...
О, тәңірі, шыға алмадым
Иба атты шеңберден...
Ұяңсың деп кінәлама,
Жүрек тұр ғой дүрсілдеп.
Балап сені бір ағаға
Мен қалайын тылсым боп, —

деп жазады.

Тек сезім мөддірлігі емес, лирикалық қаһарманның мінез ерекшелігін беруі, өз мінезіне сай өзіндік сезімін нақты да шынайы бейнелей білуі бізге ұнады.

Лирикалық қаһарманның көңіл-күйі даралығы дегенде, даралықтың да даралығы бар екенін ұмытпауымыз керек. Жеке адамның ұсақ күйбеңін, болмашы құлазуын күйттеп, соның шеңберінде қалып та басқа ешкімге ұқсамауға болады. Бізге ондай даралық керек емес. Жеке адамның көңіл-күйін даралап шынайы жеткізе отырып, сол арқылы мындардың сезімін шарпыса, даралай отырып жинақтаса, біз соны қалаймыз. Бірақ жинақтаудың да жинақтауы бар. Лирикалық қаһарманның өзіндік сезім-толғанысын ашпай, құр жалпылама кетушілік пен көркем жинақтаудың айырмасы жер мен көктей. Бұл мәселе жөнінде З. Ахметов орынды пікір түйген: «...Поэзияда қорытындылап-жинақтау мен даралау, ортақ сипаттар мен жекелік сипаттар ұштасып, ұласып жатады. Осы екі жағы тұтасып, бірігіп келгенде ғана көркем образ, көркем бейне туып, өмірдің көркем суреті жасалады».

Кеңес Жармағамбетов «Дос сыры» өлеңінде:

Досым,
Сенен сырымды мен жасырайын несіне,
Бұл өмірде ақ махаббат —
Бір-ақ келер несібе...
Сүйген жардың кейде сөзі жүрегіме батқанда,
Басқа бір жан амалсыздан оралады есіме...
Күнді ойламай,
Түнді ойламай,
Мұнды ойламай алдағы

А х м е т о в З. «Өлең сөздің теориясы», 8-бет.

Мен алдадым,
Ол алдады,
Әлде тағдыр алдады...
Сүйген жардың кейде сөзі жүрегіне батқанда,
Мына мені есіне алып жүрген шығар ол-дағы,—

Жаным - 5 - 1974

дейді. Осы өлеңнен нақты, шынайы сезімді тауып көріңіз. Айталық, жүз жігіт жарымен ұрысқанда, өзінің бір кездегі махаббатын еске түсірсе, бәрі бірқалыпты бола ма? Әйтеуір есіне оралуы емес, соның барысында көрінетін лирикалық қаһарманның дара сезімі, ерекшелігі, ішкі терең толғанысы болуы керек қой.

Біздің біраз ақындарда нақты суреттей білу, бейнелей білу шеберлігі жетіспейді. Жас акын Ханбибі Есенғараеваның «Сен мені қинамашы» өлеңі былай басталады:

Сен мені қинадың ғой, өзіңді де,
Жай таппай аласұрды сезім мүлде.
Мен қалай айтарымды білмей жүрмін,
Өзіңді сүймесімді сезіндім де.

Жаным - 2 - 1973

Ұнатқан қызынан жауап ала алмағанына жігіт те қиналулы, өз ұнатпайтынын білдірмегеніне қыз да азап шегуде. Екі адам, екі сезім, екі үлкен толғаныс бар. Соның бәрін автор «қинадың» сөзімен бергісі келген. Жігіт пен қыз қиналысы бір емес, бір сөзбен айтуға келмейді, бұл бір. Екіншіден, әйтеуір қиналуы емес, қалай қиналғанын бейнелей түссе, қаһарман сезімі дараланып, тұлғалана түсер еді ғой. Өлеңнің келер шумақтарында қаһармандардың қиналу сипатын, себебін, барысын аша түсу орнына автор олардың әйтеуір қиналғанын қайталап айта береді, көп болса, қыздың жігітті ұнатпау себебін ашпақ болады.

Сен жайлы жүрегімде қиял тасқын,
Адалдығым үшін мен ұялмаспын.
Ертеңімді кім білер, қазір айтсам,
Сүйе алатын емеспін, сүйе алмаспын.

Сен босқа ғашық жайлы жаттадың жыр,
Сезімнің нәзік қылын таппадың бір.
Елеусіз күз ұшырған жапырақтай
Жанымды жауратады хаттарың күр.

Жігіт хаттары қыз сезімінің нәзік қылын таппаған, оның сөздері қыз жанын жауратады дейді автор. Бірақ біз бұдан өз сүймегенін жеткізе алмай жүрген қыздың өзіндік нәзік тебіренісін көреміз бе? Талапкер бірді ай-

тып, бірге кеткен. Жақсы, автор үшін ең бастысы қыздың қалай қиналуы емес, не үшін ұнатпағанын беру болар. Бірақ бұл да үстірт шешілген ғой. «Сезімнің нәзік қылын таппадың бір» жыр жолынан не көреміз? Өлеңнің соңғы шумағын келтірейік:

Кінәлі емессің де білемін мен,
Жаныма келмеуіңді тіледім мен.
Жүрегім қара тастай қатып жатса,
Не пайда алған сәуле реңімнен?!

Бұл жолдардан не байқадық? Тағы да қыздың әйтеуір ұнатпайтыны хабарланады. Япыр-ау, автордың басты көрсетпегі не? Қыздың қиналысын бейнелеу ме, ендеше неге соны нақты аша түспейді, неге айналсоқтай береді деген қынжылыс туады, әрине.

Лирика дәлдікті ұнатады. С. Жиенбаевтың «Оң аяқ» өлеңіндегі аналар естен кетпес жарқын бейнелерге айналған:

Күн ұзаққа шөп шауып, малды бағып,
Таң алдында жантайып, қалғып алып
Отыратын бір мезгіл кілең жесір
Құйттай-құйттай сәбиін алдына алып.
Жадау жүрген көңілді желпіндіріп,
Талпындырып сәбиді, серпілдіріп,
— Келер ме екен көкешің, құлыншағым,
Оң аяғың көтерші, — дейтін күліп.
Көзін алмай барлығы, тынып іштен,
Оң аяққа қарайтын сүйінішпен,
Қыбыр етсе баланың башпайлары
Кететіндей жуылып күйік іштен.
Қадалатын ынтығып, бәрі үзіліп,
Сан құбылып жүздері, сан бұзылып,
Оң аяқта тұратын осы кезде
Жалғыз арман, жалғыз ой, жалғыз үміт.
Әлгі бала талпынып тұрған күліп,
Жалғыз өзі маңайын нұрландырып.
Көтеретін бір кезде оң аяғын,
Үйдің ішін маз-мейрам думан ғылып.

Өлеңге жан беріп тұрған тек баланың оң аяқ көтеруі, аналарының әйтеуір қуануы емес, суреттеу нақтылығы, дәлдігі, әсерлілігі. Ұйқысы қанбай жүрген ана деудің орнына «таң алдында жантайып қалғып алып» деп, қиындыққа мойымаған әр ананы нақты бейнелеп тұр. Баланың аяқ көтеруін әйелдердің әйтеуір күтпей, іштен тынып күтуі; сүйінішпен қарауы; үзіліп қадалуы; жүздері сан құбылып, сан бұзылуы — осының бәрі аналар махаббатын, сағынышын шынайы жеткізеді. Баланың

да қылығы нақтылы, шынайы берілген. Талпынған, серпілген, башпайлары қыбыр еткен, оң аяғын көтерген, күліп тұрған бала — міне, өлеңнің өн бойында біз оның да әрекет-қимылын нақты көреміз. Нақты көргендіктен де сүйсінуіміз ерекше.

Олжас Сүлейменовтің «Қыз қуу» өлеңінің бізді ен-
жар қалдырмайтыны неліктен?

Догони меня, джигит,
Не жалей коня, джигит,
Если ты влюблен и ловок,
Конь умрет, но добежит.
Я люблю тебя, джигит,
Догони же,
Поцелуй,
Голос от стыда дрожит
Среди этих звонких струй.

Бұл өлең жолдарында қыздың сөйлеу тілі дәл қалпында берілмесе де, сөйлеу ерекшелігі, сезім даралығы, шынайылығы сақталған. Қыздың өзін қуып жетуге жігітті шақыра отырып, сөз арасында «Я люблю тебя, джигит» деп айтып қалуына қараңыз; қымсынудан туған дауыс діріліне назар аударыңыз. «Догони же, поцелуй» жолдарында қыздың жігітке деген ынтық көңілі, жігіттің қуып жетуін ғана тілеу емес, соған ерекше асығуы да тұр емес пе? Қыздың асыққан, албыртқан көңіліне сай өлең жолдары тез бітіп, біріндегі ой, екпін екіншісіне асылып, тез ауысып келіп тұр ғой. Әрі қарай көз салайық:

Меня ветер догоняет,
На груди моей лежит,
Обнимает, обнимает.

Қыз кеудесін жігіт ерні емес, жел аймалап, өбіп жүр. Бұдан артық карама-қарсы қоюды, салыстыруды, дамытуды, ынтықтыруды тауып көріңіз.

Ой, опять отстал, джигит!
Издевается луна.
Я одна,
Опять одна,
Мои руки побелели...

Сіз қыз қолын да көріп, өзіндік сезімін естіп тұрсыз. Сөйтіп, өлеңді оқып шыққаннан кейін қыз сезіміне, қуанышына, махаббатына сіз сүлесок қарай алмайсыз, оны ұмыта алмайсыз.

Ұнамдыны күр өсіріп жаза беру жеміс бермейді. Жок, сіздің лирикалық қаһарманыңыз әйтеуір адал, әйтеуір беріле сүйіші болмасын. Өмір — күрес. Адалдыққа қарсы арамдық, сүйіспеншілікке қарама-қарсы безбүйректік бар ғой. Өмірде кереғар сезімдердің қатар өмір сүруі, шарпысуы, дамуы бар. Демек лирикалық қаһарманның адалдығы десек, ол оқшау тұрған, өзінен-өзі пайда бола қалған дайын сипат емес, күреспен келген, теріс көзқарастармен шайқаста шыңдалған, даму үстінде отау тіккен адалдық болса ше? Мынадай сұрақ туады. Эпикалық образға тән талапты лирикалық қаһарманға қоюға бола ма екен? Эпоста адам өмірі оқиға, тартыс арқылы жан-жақты бейнеленеді. Ал, лирика адамның бір немесе бірер мезеттегі көңіл-күйінің ғана айнасы емес пе? Лирикада ұзаққа созылған, бірнеше адамды, қат-қабат оқиғаны қамтыған тартыс болмайды, әрине. Бірақ бұл, біріншіден, лирикада ықшам түрде, элемент түрінде болсын, соның бәрі мүлде кірмеуі қажет дегендік те емес. Екіншіден, лирикада да қаһарманның қалыптасу заңдылығы, тартыс арқылы жетілуі болады. Мәселен, А. С. Пушкиннің «Сібірге хат» өлеңінде: «Сонау Сібір түкпіріне «Жасыма дос, сабыр қыл» жолдарында күрескерлерге деген ақынның тілектестік сезімі оқшау тұрған жок. Ол идея топастық, жауыздық иелеріне ғана емес, күрестен шет қалғандарға да қарсы бағытталған. Демек жақсылық пен жамандық екеуі қатар берілмесе де, бірі екіншіге қарсы бағытталуымен де шығарманың «өзіндік тартыс» ықпалын қабылдауы байқалады. Абайдың «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» шығармасында шағын тартыс «мен мұнда лап» тұр: хан қызға қамқор болғансыды, қыз оның сән-салтанатына қызықпай суға құлап өледі. Ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі тұнып тұрған ішкі қиналыс, тартысқа құрылған туынды емес пе? Қасымның: «Қағып, соғып жығар ма // Оңайлықпен мені өлім» — жолдарындағы арпалыс ізін қайда қоямыз? Міне, кемел ақындар адам көңіл-күйінің бір сәтін мүлде оқшау алып қарастырмайды, соның бәрін күрделі өмірдің шытырманы көп соқпағында шыңдап, дамытып ұсынады.

Қалижан Бекхожиннің «Көктемдерім жылыстап» өлеңі лирикалық қаһарманның егде тартқан шақтағы көңіл күйін ашуға арналған:

...Иә, алдымда,
Қазымыр қаңтарым бар,
Мүсіркеуді, достарым,

қаңтарыңдар.

Тудым өзім қаңтарда,
Қар басса да,
Жүрегім бар,
Қабынса қайта тулар.
Қалтырауық емеспін,

сақта, құдай!

Қорқамын ба қаңтардан

Шақта мұндай! —

Жаздарымның шоқтарын

маздатам да,

Ұшқындаймын,

Асыл тау шақпағындай.

Бәйтерегім,

Сілкіші қырауынды,

Лақтырдың ғой

Сен талай зіл-ауырды.

Жазайын да

денемнің құрыстарын,

Кетірейін

жабысқан тымауымды.

Қазық *Ә. Сәтбаев* № 45. 16. XI. 1973
25
Ақын кәрілік туралы, кәрілікке мойымайтыны қақын-
да жалаң баяндаудан, немесе әйтеуір көкке өрлеп тебі-
рене беруден аулақ. Ақын өз сезімін дайын күйінде алға
тартпайды, аз да болса, қиындық көрігінде шыңдап, кө-
рік ұшқынын қоса аңғартып ұсынады. Шағын да болса,
ақынның күрес жолы, жеткен биігі, өзіндік сезімі бар.
Өлең сонысымен де ерекше әсерлі.

Шағын өленде де белгілі бір сезімді, белгілі бір жағ-
дай, оқиға тұсында туу, өрбу жолымен беру арқылы күр-
делі, шынайы сезім тудыруға болатыны Олжас Сүлей-
меновтің «Алма» туындысында айқын көрінеді. Боран
күні лирикалық қаһарман бір жер кепеге кіргенде, он-
дағылар келушіні алғаш жатсына, түнере қарсы алады.
Ал жолаушы қоржынынан нағыз әсем, хош иісті алма
жарқ еткенде, үйдегілердің көңіл-күйі бірден өзгереді:

Темір пештен қызуы артық

Күн қайдан

Жер кепеге келіп қалды мұндайда?!

Қып-қызыл нұр,

Жұпар иіс, —

Ғажап-ай!

Түскендей бір болды ортаға нажағай.

Ойға оралып аллея да, арық та,

Үйдің іші толып кетті жарыққа.

Көкек айы — көктемені тапқан ай,

Көктемеде гүлдеуші еді бақ қалай!

Көресіні көрген қыстан анайы

Бораннан да өңі суық ағайын.

Күсті қолмен сылап-сипап,
Көкке атып,
Ажарлы алма бара жатты бал татып.

Табиғат сыйы жайында, алма турасында, ізгілік, мейірбандық, сұлулық жөнінде әйтеуір айғайлай берген ондаған, тіпті жүздеген өлеңдерді мына шығарма жеке өзі-ақ еңсеріп кеткен жоқ па? Өлең күші белгілі бір сезімнің шағын да болса тартысты өткеріп, туу, даму заңдылығымен берілуінде.

Әдебиетте замандастар өмірін жан-жақты көрсету, адам жан дүниесіне ізерлеп тереңдеу, оны әр қырынан алу, сан өткелде тексеру, қайшылықтарын, қалыстықтарын да ашу — қысқасы, күрделі адам бейнесін мүсіндеу басты, өзекті бағыт алып отыр. Лирика шағын жанр делінгенмен, оның да басты бағыты осы міндетке бағындырылуы керек. Айталық, ақын қаһарман бауырмалдығын жазды дейік. Лирикалық қаһарманның бауырмалдық сезімімен қабат басқа да сезімдері, тіпті қалыстықтары да өрбуі мүмкін бе? Бір адамның бір мезетте бір мәселеге әрі адамшылық, ізгі ниетпен қарауы, әрі толқуы, теріс сезімдерге де қарайлауы мүмкін ғой. Міне, бұл сезім күрделілігі, көзқарастар қақтығысы. Біздің лирикалық туындыларда көбіне бір немесе бірер сезімдердің салтанат құруы алынады. Сол сезімнің туу, қалыптасуында қандай қиындықтар кездесті, қандай тартыстарды өткерді — бәрін аттап өтеміз. Сезімнің туу, даму процесін, заңдылығын, ерекшелігін, қиындықтарын менсінбей, тек жеткен биігін тамашалаудан барып, біз бір-бірімізді қайталаушылыққа жиі ұрынып жүрміз. Еркін Ібітанов «Ақылгөйге» өлеңінде:

Сен маған аға болып ақыл айттың,
Кінәмді жиып-теріп батыл айттың.
...Сат деп айттың — қабілет, талантыңды,
Жина, — деді, — тірнектеп жалақыңды.
Мен жинадым содан соң жалақымды,
Дір-дір етіп қалтырап балам тұрды.
...Мұндай кезде көңілге көнікті ерік,
Ұрса бер әзірейілдей төніп келіп,
...Той жасап отырмын мен,
Меймандарға,
Өзің айтқан ақылды бөліп беріп, —

деп жазады. Міне, сезім күрделілігі. Лирикалық қаһарман аз да болсын тартысты, толғануды, тіпті пендешілік қалыстықты да бастан өткереді. Бізге ең соңғы той жасауы емес, тойға дейінгі бұралаң жолы, өсу жолы көп

әсер береді. Сол жолмен бірге жүріп өткеннен кейін барып, оның тойына соншалықты әсерленеміз.

Көп ақындар ерекше сезімдерді іздеп аспандамай-ақ, күнделікті жиі кездесетін құбылыстардан үлкен сезім, ой өріп шығара біледі. Ғ. Қайырбековтың «Бауырсақ» өлеңінде ауылдағы жеңгенің естен кетпес өзіндік бейнесі: адамға жақындығы, жылылығы, сағынышы, жомарттығы, назды өкпесі, қаракеті — бәрі тамаша ашылған:

— Мал жарықтық,
Бейнеті мол,
Бабы ұсақ,
Қуанамыз
Соның бәрі табылса-ақ!
Сағынамыз! — дейді
Жеңгей, әлі де
Тысыр-тысыр домалайды бауырсақ...

Сырт қарағанда, жеңгенің жай бір сөзі, әдеттегі қимылы ғана бар. Бірақ өлеңді оқығаннан кейін сізді заңғар ойлар жетелейді.

Жақсылық, ізгілік сан қырлы. Оны үлкеннен де, кішіден де, ерекшеден де, қарапайымнан да көре білу керек. Үнемі көк ала бұлтты сапыра берген ақын таланты бір қырлы ғана болмақ. Жоқ, ол жерге де түссін. Қарттардың әжіміне, орташа өнді қыздың да күлкісіне, дөрекі деген жігіттің кей-кейде нәзік боп кетуіне үңілсін. Асқан кеңпейілге ғана емес, бірде кең, бірде тар адамның жақсылыққа ауысу заңдылығына да көңіл аудара білсін. Қатыгез адам өмірінде бір рет болсын мейрімге басиді дейік. Осында үлкен жеңіс, адамгершіліктің артықшылық салтанаты жоқ па? Саудагер өмір бойы тиын үшін қалтырап байлық жинап, өлер шағында өз өмірінің бостығын, мәнсіздігін бір сәтке болсын сезгендей болды дейік, осында басқалар ғибрат аларлық күрес, арпалыс жоқ па? Кеше елге сыймай жүрген жанжалқұмар, бұзақы жігіт бүгін түрлі себептермен біреуге қол көтеруге ыңғайсызданды. Бұл аз күрес пе? Кеше махаббаттың не екенін білмеген, білгісі де келмеген адам бүгін аз-аздап түсіне бастапты. Мұны қалай қағыс қалдырамыз? Қысқасы, өмірде тек асқан кеңпейілдер, керемет ойшылдар, немесе қаны қарайып біткен мейрімсіздер, түзелмейтін сарандар ғана бардай біз неге бірыңғай ерекше сезімге бой ұра береміз? Асқақтық, шалқарлық — бәрі де жақсы, бірақ өмір одан анағұрлым кең, күрделі.

Ақын Серік Тұрғынбековтың 1985 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Кеш келген көктем» жинағындағы «Кеш келген көктем» өлеңі назар аудартады. Осы туындыдағы лирикалық қаһарман мен ақынның жеке басын бір деп санап, өлеңнен тек биографиялық мәліметтер іздеуден аулақпыз. Біздің байқағанымыз шығармаға өзгеше тағдыр, өзіндік мінез, сезімді өзек ету арқылы ақын көп ұтқан. Өлеңде лирикалық қаһарманның біраз адамдардай өз бақытына тым «тез» жете қоймағаны, көрген қиындықтары сөз болады. С. Тұрғынбеков басқа әріптес ақындары тәрізді шеккен қиындықтарын жалпылама атап өте беруден аулақ. Сонымен қатар ол ауыртпалық атаулыны ерекше қоюлатып, күшейтуге де бармайды:

Берілген жан емеспін мен бір мұңға,
Сыйлайды жаны қалмай тең-құрбым да.
Жалпыға ортақ оқу —
Онжылдықты
Бітірдім әрең-әрең он бір жылда.

Әуелден таңдағам жоқ күйкі жолды,
Көңілдің қағаз, қалам күйті болды.
Ауылда бес-алты жыл жұмыс істеп,
Алуға асықпадым дипломды.

Көріп отырғанымыздай, мұндағы кейіпкер ерекше озық «мықты» болмаудың үстіне, әдеттегі қарапайым екінің бірі де емес, тіпті статистика мәліметі бойынша қарасак, бір-екі проценттен аспайтын жайбасардың өзі. Бірақ аттестат, диплом алудағы жыл санымен ғана оны бір-екі процент ішіне тағы қамап қоя алмаймыз. Лирикалық қаһарман «барға қанағат тұту» тәрізді көпке тән ортақ сипаттармен бірге тек өзіне, жеке пендеге тән ерекшелігімен, өзіндік тағдырымен де көрінеді:

Өмірде сол секілді бар қызығым,
Кеудемде өлең деген жалғыз ұғым.
Көктемнің аңсап күткен шуағындай
Кеш көрдім
Бала сүю, жар қызығын.

Тіпті, басты жетістігі, кесек табысы өлең жазу болса, оның өзі де бірден келмейтіні өлең еткізбей қоймайды:

Арманың —
Алтын күнің ол мәңгілік,
Санаңнан сырғып бір сәт болған ба ұмыт?
Жалғанда жалғыз досың өлең екен,
Ол-дағы бірден келмес,
Толғандырып.

Өлең соңы да қалжың-шыны аралас өзіндік бір үмітпен аяқталады:

Аз емес рақатым,
Азабым да.
Аз емес жазғаным да,
Жазарым да...
Қолыма кештеу қонған бақытымдай,
Кешігіп келер, бәлкім,
Ажалым да!

Міне, лирикалық қаһарманның әрі көпке тән ортақ сипаттары болумен қатар, әрі өзіндік тағдыр, өзіндік күрес жолы, мінезі т. б. танылуы — бәрі де өлеңге өзгеше тыныс, қайталанбас сипат дарытқан.

Лирикада да қаһарман өсу жолы, тартыс болады деу оған эпос, драма жанры ерекшелігін сырттан зорлап таңу емес. Бұл күрделі өмірді бейнелеуде ізденіс шексіздігін, бір жанр элементтері екіншіде де бола беретінін, тек сол ерекшеліктердің әр жанр ерекшелігіне сай болуын ескеруден туған пікір.


ЛИРИКАДАҒЫ ӘСЕМДІК

Қай ақын болсын тамаша өлеңдер жазғысы келеді, тек көркем туындылар беруді мақсат тұтады. Әйтсе де жақсы өлең тудыру кім көрінгеннің қолынан келе бермейтіні де белгілі. Нағыз талантты ақынның да өнер әсемдігіне жете алмауы аз кездеспейді. Көркем шындықтың, поэзиялық шындықтың, қалай туатыны, ерекшелігі жайында ғалым З. Ахметов орынды пікір түйеді: «Өмір шындығы ақынның, суреткердің көркем ой көрігінен өтіп, оның эстетикалық талғам-талабына сай қорытылып шыққанда ғана поэзиялық шындыққа айналады. Көркем шындық сондықтан әйтеуір бар нәрсе, тек өмірде болатын, не болған нәрсе емес, ақынның жан дүниесінің жарқын сәулесімен нұрланып шыққан, оның ақыл парасатынан, шабытты асқақ арманынан қуат алып, құлпырған әдемілік-сұлулыққа ынтық эстетикалық сезімінен нәр алған өмір шындығы. Ол — өмір құбылыстарының ішкі сырын, мәнін терең ашып беретін, олардың сипат-қасиеттерін, типтік тұрғыдан талғап, саралап көрсететін шындық»¹.

Ахметов З. «Өлең сөздің теориясы», 9-бет.

2—2518

608769



Біздің қоса айтпағымыз: өмір шындығы көркем шындыққа көшкен кезде өмірдегі әсемдік үлгілерінің өнердегі әсемдікке айналу процесі де өтеді.

Өнердегі әсемдік дегенді, әдемі өлең тудыру, лирика көркемдігі дегенді бір жақты, тар ұғынып жүрген кезіміз аз емес. Біраз ақындар өнер әсемдігіне жету жолы тек төгіле, егіле беру; адалдық сөз болса, мөлдірей түсу; асқақтыққа иек артса, үнемі биікке құлаш ұру; немесе ой айтса, ділмарсудан ауытқымау — қысқасы, белгілі бір тебіреністі үдемелетумен-ақ бар мәселе шешіледі деп үстірт түсінетін тәрізді. Жок, өлең көркемдігін әйтеуір діріл жиілігі, көз жастың көптігі, т. б. шешпесе керек.

Сөз жок, біз толық келтіргелі отырған мына бір өлең шығарма атаулының ең сорлысы емес. Онда ақынның өзіндік тебіренісі, әсемдікке ұмтылуы баршылық. Бірақ... Алдымен өлеңнің өзімен танысайық:

Қызғалдақта қарындастың көркі бар,
Жанары бар, жалыны бар, өрті бар.
Үзіп емес...
Жүзі — елес, сен оның
Мөлдіреген сұлулығын ертіп ал.
Қандай әсем сізге берген сәлемі,
Сүйілмеген қыз ерніндей әдемі.
Ғашық болып қарайды оған біз түгіл,
Бәрін көрген сонау аспан әлемі.
Аз ғана күн сайрандауға еркі бар,
Тек шындықты айтам деген серті бар,
Алаулаған қызыл гүлдің
Өзіңе
ар туындай адалдығын, көркін ал...

Бұл шығарманың авторы Әбілхан Әбіласанов та, өлең аты — «Қызғалдақ». Шығармадағы негізгі идея да сол гүлдің әсемдігіне байланысты өрбиді. Бірақ өлеңде ақынның «көркі», «сұлулығын», «әсем», «көркін» синонимдерін қолданып, гүлді өз тамашалауы бар да, өзгені тамсантуы жоқ дерлік. Оқырман қызғалдақтың «алаулаған қызыл» реңін ғана көреді. Алдымен қызғалдақ туралы, қызғалдақтың қызыл реңі қақында бұрын да аз айтылмағанын еске алған жөн. 1943 жылы жазылған «Гүл» өлеңінде Ғали Орманов «желбірейсің қызыл гүл» деп алса, одан сәл кейінірек Қасым Аманжолов «Қызғалдақ» өлеңінде «қып-қызыл боп желбіреп» деп өрнектейді. Мұнда екі ақын да гүлдің қып-қызыл түсіне, желбіреуіне назар аударады. Оларда айтылмақ идея да ұқсас: екеуінде де өмір символы — гүлдің, өлім белгісі — өртті жеңу салтанаты бейнеленеді. Бірақ екі өлең де

кұнды шығарма боп саналады. Себебі екі акын бірер сәтте ұқсастыққа барса да, негізінен алғанда, ортақ идеяға өз жолымен жеткен. Біздің айтпағымыз: Ол өлеңдерде қап-қара өрт ізіне гүлдің қызыл реңін және желбіреуін қарама-қарсы қою орынды болса, тікелей гүл әсемдігіне арналған тап осы өлеңде оның қызыл екенін қайталап айтумен тыну жеткіліксіз. Гүлдің «алаулаған қызыл» түсі ғана емес, пішін әсемдігін, қозғалыс (жел әсерімен болса да) әдемілігін, т. б. ашарлық суреттер керек-ақ. Демек қызғалдақты нақты көрсетпей, біресе онда «қарындастың көркі бар, Жанары бар, жалыны бар, өрті бар» деу, біресе оның «Мөлдіреген сұлулығын ертіп ал» деу онша әсерлі боп тұрған жоқ. «Қандай әсем сізге берген сәлемі» тармағында да еш сурет, әдемілік жоқ. Сәлем беруіне қарағанда иіліп тұрма деп ойлаймыз. Бірақ иіліп тұрма деп шамалатқанша, қалай иілгенін, сол сәттегі әсем қозғалысын т. б. жайып салса, өлең көп ұтпас па еді? «Сүйілмеген қыз ерніндей әдемі» жолы да әсер етпейді. Өйткені біз қыз ернін де («сүйілген», «сүйілмеген» деп бөліп, қайсысы әсем екенін қайдан көрдік демей-ақ қояйық), гүлді де көзге елестетіп, нақты көріп отырғамыз жоқ. Осы суреттердің бәрі жадағай, бұлдыр болғаннан кейін, гүлге «бәрін көрген сонау аспан» әлемінің ғашық боп қарауы да еш иландырмайды. «Тек шындықты айтам деген серті бар» жолында әрі табиғатты жандандыру дегеннің жөні осы екен деп, оған өз сезімін зорлап таңу бар, әрі тап сол тұста сол серт гүлге лайық емес, сыйымсыз. Сол тәрізді «алаулаған қызыл гүлдің... ар туындай» адалдығы болатыны да оғаш, нанымсыз естіледі. Бұдан не түюге болады? Демек өлеңде акынның гүлді әсем деп алып-ұшуы бар да, оқырманды сендіруі, ұйытуы, тебірентуі жоқ.

Зайда Елғондинованың «Не десем екен» өлеңінде жас қыздың әдемі сезімі, сыпайы, сыршыл қалпы, иба сақтауы — бәрі тамаша бейнеленген. Ал «Ата-бабам ақшыл түсті сүйіпті» өлеңінде ұстамды, сыршыл мәнерін кейін ысырып «бар дауыспен» аспандағысы келгені байқалады:

Арман да аппак, жаңа жауған қар да аппак,
Сезім де аппак, көңіл де аппак, ар да аппак.
Ата-бабам ақшыл түсті сүйіпті.
Адал жанды ақ пейіл деп ардақтап.
Жаз дидарлы, шұғылалы таң да аппак,
Елін сүйген, ерін сүйген жар да аппак,
Ата-бабам ақшыл түсті сүйіпті,
Ару қызын ақ келін деп ардақтап.

Өленде өзіндік жылы сезім, тәуір ойлар баршылық. Бірақ автор сезімді мөлдірете, биік ете түсем деп қантты тым көп қосып жіберген. Ақ түсті құбылыстарды, сезімдерді тізу, салыстыру, қайталау қызығына түсу арқылы өлеңнің әсерлілігін кемітіп алған.

Қаһарманның көңіл-күйін тап басу орнына, оның сезім иірімдерін нақты ашу орнына әдемі баламаларды, жеке суреттерді қуып, соның буымен аспанға ұшып, жерге түспей қоятынымыз бар. Ханбибі Есенғараева «Бір хат келді» өлеңінде:

Ақ таңда атқан күліп,
Жанымды шаттандырып,
Жауын боп,
Нұр боп
Бір хат келді.
Тыншытпай өр кеудені,
Бір сезім өртеуде еді,
Дауыл боп,
Үрлеп,
Бұрқап келді! —

деп жазады.

Қаһарманның хат алғандағы шынайы сезімін, өзгеше күйін нақты бейнелеу орнына автор әйтеуір әдемі баламалар жетегінде кеткен. Тағам тұздықтан ғана құралмайды ғой. Тұзды тағам дәмін ашу үшін шақтап салатынымыз тәрізді балама өз алдына жеке алғанда ғана әдемі боп көрінбесін, қаһарман сезімін тап басып ашуға бағындырылсын. Сонда ғана нағыз әдемілік туады. Әдемілікті тек ерекше сезімдерден іздеуге болмайтынын осы тұста тағы қайталап айтқымыз келеді.

Қазақ поэзиясында әсемдік көзін іздегенде, асқар тау, жүйрік тұлпар, қыран құс, аққу, жауқазын т. б. құбылыстарды бөліп алу; соны қайталап мадақтай беру; соның шеңберінде қалу аз кездесіп жүрген жоқ. Біз жаңа жаза бастаған талапкерлерді сол шеңберде қалып қоймауға шақырар едік.

Ғали Ормановта:

Шаналарды жай бұрып,
Қарда қалқи жөнелдік,
Кілең сезім сәйгүлік.
Кідірмейді елең ғып,
Жел қайраған қар беті,
Орай-орай көп өрнек,
Сонша қилы суретті
Қалай салған бедерлеп!
...Көңіл аулап сол жүріс,

Шайқаласың шанаңда.
«Судыраған ақ күміс
Жылтылдайды жағаңда». —

деген жолдар бар. Шананың қалай кетіп бара жатқаны, аттардың тың қалпы, көп өрнек орап, жел қайраған қар беті, сол жүріс көңілін аулап шанасында отырған лирикалық қаһарман, оның киімінің жағасына қонған ақ күміс тәрізді қар тозаңдары. Міне қыс туралы, қыс кезіндегі лирикалық қаһарман сезімі қақында әйтеуір төгілу, аспандау жоқ, қыстың нақты көрінісі, қаһарманның дара табиғаты шынайы да әсерлі бейнеленеді. Бұл — Ғалидың қысы, Ғалидың лирикалық қаһарманы демеуге қақымыз жоқ. Лирикаға ерекше әр беріп тұрған не? Ақынның қысты да, лирикалық қаһарман сезімін де ешкімге ұқсамай, тек Ғалиша байыпты, салмақты мәнермен жазуы, өз ұнатқанын айғайлап айтпай-ақ жай сездіруі.

Дихан Әбілев:

Ойлай берсең, іздей берсең кінәны,
Пәктің өзі кір боп бойға жұғады.
Ақылды жар алдырмайды ашуға,
Махаббатпен, кешіріммен ұғады.

Үй болғасын сылдырласа шыныаяк,
Реніш те болсын соған лайық!
Ұйықта, сәулем! Күндегідей таңертең,
Ақ төсектен күн боп күліп тұрайық! —

деп жазады. Бұл өлеңнен де онша өрекіп таспай-ақ, орынсыз моншақтап тер төкпей-ақ, адам сезімін қарапайым, шынайы қалпында бейнелей отырып, әсерлі сыр шертуге болатынын көреміз. Әрине, бұдан тек Ормановша, немесе Әбілевше жазу керек деген ұғым тумаса керек. Әр ақын өз жолын тапсын, өз бейнелеу стилін қалыптастырсын.

Әсемдік сезімінің лирикада қаулап өркен жаюына жол ашатын «мықты» көп. Сол мықтының ішіндегі ең мықтысы — шынайылық. Қадыр Мырзалиевтің «Бала асырап алған жұбайлар» өлеңінде өз баласы болмаған ерлі-зайыпты адамдардың бір бала асырап алғаны айтылады. Олардың балалы болғаннан кейінгі қуанышы, әдемі өмірі былай бейнеленеді:

Ол дегенде әкенің көп алаңы,
Деп тұрғаны дүкенде: — Доп аламын!
Мәз болып-ақ қалады шешесі де,
Басынан бір сипасаң со баланың,

...Жұрт ұмытқан жігіттің жеке есімін.
Телефонмен сөйлессе,
Таныстарға:
«Мен ғой — дейді, — Әкімнің әкесімін!

Осыдан кейін он, тіпті жүз өлең оқиық, бәрі бір бұл жыр жолдары естен кетпейді. Неліктен? Қаһарман сезімін ақынның нақты, шынайы бере білуі өлеңге өлмес, ескірмес қуат дарытып тұр.

Әсемдік, әдемілік дегенді біржақты ұғынбаған жөн. Тек сұлулықты, ізгілікті дәріптеу арқылы емес, «кереғар» деген ұғымдарды жырлау үстінде де әсемдік туралы не сан тың сезімдерді балалатуға болатыны баяғыдан мәлім. Тек сол белгілінің өзін әр ақынның өзінше меңгеретіні есте болу керек. Нұртас Исабаевтың «Көкейкескен» жинағындағы («Жалын», 1985) бір өлеңі көп ой салады:

Колдарың тиіп кетсе егер
Жып-жылы болып колыма,
Лебің де шарпып өтсе егер
Самалдай болып, сорыма,
Тасыған сүттей лап етер
Кеудемде сезім алқынған...
Басқаға сосын сездірмей,
Қараймын жиі елжіреп...
Құшақтап, сүйіп көрмек ем,
Білдірдің әлсіз қарсылық...
Түңілтпек болдың, түсіндім,
Дегенмен сезім өшпеді...

Міне, екшеліп келтірілген бұл жолдардың өзінде лирикалық қаһарманның өз бақытына, махаббатына қолы жетпегені, қуанышынан да қайғысы басым екені анық көрініп тұр. Әйтсе де өлең мұңаюға емес, сезім әсемдігін тамашалауға қызмет етуде. Қыз қолының жып-жылы боп тиюі, лебі шарпуы, сүйіктісіне ұрлана қарау, оңашада сүймек болғанда, әлсіз қарсылықты кездестіріп, оның түңілтпек ниетін түсіну — бәрі де шынайы да нақты берілуімен де оқырманды баурап алады.

Міне, мұның бәрі лирикадағы әсемдік ұғымы кеңдігін дәлелдесе керек. Осындай тармақ, саласы мол тамаша әсемдікті тек бірер бояумен беруге ұмтылу ақын мүмкіндігін шектемей қоймайды. Өмір күрделілігіне сай әсемдік те сан қырлы. Тек соның бір сырымен шектелмей, әр пернесін тап баса білу қажет. Онсыз құр дүбіну, нелер көркем деген баламаларды қаратер болып тоғыту да жеңіске жеткізбейді.

ИДЕЯ ЖӘНЕ ТАҚЫРЫП

Жоғары оқу орындарына арналған оқулықта: «...егер тақырып — жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы болса, идея — жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы дер едік»,¹ — деп, орынды айтылған.

Бірақ бұл дұп-дұрыс анықтама, қағидалар мен тоқтап қалу сол мәселенің қыр-сырын кең ашуға бөгет болары да анық. Әсіресе лирикалық туындылардың идеясын ашуда үстірттіктер аз кездеспейді. Оның үстіне кейінгі жылдары шыққан өлеңдерді оқи отырып көп ақындардың әлі де идеяны жеткізе білуде қиналатынын, тая басуларын көрдік.

Сөз жоқ, қазір поэзия сынында да идея салмағын тек айғай, ұран биігімен өлшеу; тереңдегі объективті идеяны таба алмай, бергі субъективті ойларды мазмұндаумен шектелу көп азайды. Шығарма көркемдігі тек көзқарас, дүниетаным биіктігіне ғана емес, өмірді білуге, тақырыпты меңгеруге, шеберлікті жетілдіру, ізденіс деңгейіне т. б. байланысты болуы идея беруде де, берілген идеяны түсіндіруде де ақын мен сыншыға көп қырлы міндет жүктейтіні анық.

Белгілібір ақынды сынау үшін оның ара-тұра, кездейсоқ ұрынған кемшілігін қазбалау, немесе ең сәтсіз өлеңін теріп алып, бадырайған кемшілікті тізе беру де сынды біржақтылық, үстірттікке ұрындырса керек. Ақынның ұқыпсыздығынан, редактордың шалағайлығынан т. б. кеткен әсіре ақауларды мүлде термеу керек демеіміз, бірақ басты әңгіме соның төңірегінде қалмауға тиіс. Жоқ, «сәтті» саналып, әдеби журнал, әдеби газетте, немесе тіпті антологияға іріктеп басылған туындыларды етекпен тартып жатқан «әттеген-айлар» жоқ па екен? Біз «сәтті» делінгендердің өзіне тоқталып, сол арқылы кездейсоқ, ұсақ емес, неғұрлым жиі кездесетін және неғұрлым байқалуы қиын олқылықтар туралы сөз қозғағымыз келеді. «Өлең негізінен алғанда сәтті болса, ондағы бірер сөздің орынсыз қолданылуында не тұр» деуге де болатын сияқты. Жоқ, қайта сол бірер ақаулар өлең идеясын дамытып биіктетуге елеулі тосқауыл бола алады.

¹ Кабдолов З. «Сөз өнері», 1976, 163—164-беттер.

Көптен жазып жүрген танымал акын Нұркенже Хасеновтың «Ауылдың шалдары» өлеңінде өткенді жарыса еске түсірген әңгімелері арқылы екі қарттың күреске, ерлікке толы өмірі біршама шынайы бейнеленген. Бірақ сол әдемі көріністердің алдында автордың, немесе лирикалық қаһарманның, өзі тікелей араласып, екі қарт туралы жалаң мақтау айтуы одағай, оқшау қалып тұр:

Екі шал — Бейсембай, Әліпбек
Осылар үлгі енді жастарға.

Міне, қарттардың жастарға үлгі екені өлеңдегі бар оқиға, әрекеттердің өзінен табиғи туатынын ескермеу, тікелей өзі кірісіп түсіндіріп жіберуге әуестік («үлгі енді жастарға») өлең көркемдігін әжептәуір жүдетіп тұр.

Дүйсенбек Қанатбаевтың қазақ совет поэзиясы антологиясына енген «Бұрым» өлеңі — негізінен алғанда, ақынның кең мүмкіндігін танытқан сәтті туындысының бірі. Майданға аттанар алдында бір қыз бұрымын кесіп, туған жерге қалдырып кетеді. Әсіресе бойжеткеннің бұрым қияр алдындағы, бұрымды, өмірді, туған жерді қимау сезімдері әсерлі берілген:

2-том, № 277 ш., 1977, 501-502 с.
Шашымды мактап айтса наз
Қинап ем жігіт талайын...
Токташы сәл-сәл, шаштараз,
Айнаға қарап қалайын...

Енді осы өлеңнің бастапқы шумағына үңілсек ше:

Айқасқа барам өліммен,
Қайтемін жалғыз бас қамын.
Бұрымды төгілген,
Туған жер, саған тастадым.

Біздіңше, осында қызға «қайтемін жалғыз бас қамын» деп айтқызуы орынсыз. Себебі қыздың «жалғыз бас қамын» ойламайтыны туған жерге бұрым қалдырып аттануынан да жеткілікті көрінейін деп тұр. Демек оны жалаң баяндап, түсіндіріп айту артық. Ол кейінгі жолдардағы шынайы көріністердің әсерін дамытуға емес, қайта әлсіретуге қызмет етуде. Қыздың не үшін аттанбағын, бас қамын ойламайтынын алдымен әйгілеу, сол арқылы бұрым ғана емес, басын да қатерге тігуін мәлімдеу кейінгі сұлулық, жастық символы бұрымды қимау сәттерінің әсерін солғындатуға бастамай ма? Қайта алғаш бұрыммен қоштасардағы қиналысын шынайы бейнелеп, соңынан шаш түгіл басты да құрбан еткенін көр-

сетсе, алдыңғы көріністі кейінгі дамыта түсер еді ғой. Ал, мұнда керісінше қызмет етіп тұр. Сөйтіп, «қайтемін жалғыз бас қамын» қыздың бүкіл тебіреніс, өсуінен шынайы өрбімей, еш дайындықсыз жалаң баяндала салуымен де жасанды, әсерсіз. Өлеңнің соңғы екі шумағында қыздың майданға аттанғаннан кейінгі өмірі бейнеленеді.

Қара жер бетін қан қылып,
Окоптан талай тұрмады.
Ұйқыда қазір мәңгілік
Батыр қыз — майдан құрбаны.
Омырауын оқ тесіп
Киса да сол қыз ғұмырын
Жүргендей әлі от кешіп
Қия алмай қара бұрымын...

Міне, мұнда «батыр қыз» тіркесі жасанды, үстірт естіледі. Біздіңше, өлеңді ұстап тұрған қыздың өзіндік шынайы сезімі, туған жерін, бұрымын қимаса да, қалдырып, майданға аттануы, кейін туған жерді де, бұрымды қайтып көре алмай қаза болуы. Ал оның батыр болғанын бірер деталь арқылы нақты көрсетпеген соң, жалаң мадақ сөзді сырттан қоса салу арқылы ақын еш ұтпаған, қайта аз да болса ұтылған.

Жетпісінші, сексенінші жылдардағы қазақ лирикасына тән бір жетістік: шығармада өмір кұбылыстарының бәрін тізбектей түсіндіріп, баян етуден аулақ болу, суреттің негізгілерін екшеп, қажет детальдарды іріктей білу белең алғаны дер едік. Соның бір көрінісі — Сәбит Баймолдиннің «Армия сериясы» циклындағы «Біздің жыр» өлеңі. Әкесі қаза болған балаларға деген үлкендер ықыласы бір-ақ ұтымды детальмен өрілген:

Сөйледі ауылдың кара мұрт ағасы:
«Мыналар Отанның өзінің баласы!»

Мәтін
— 6-1982

Балалардың соғыста әкесі өлгенін бедел тұтуын, Отан қамқорлығына сүйенгенін, тіпті оны бір кісіге санаған аздаған «аңқаулығын» көзге ұратын бір деталь тағы жүр:

Айттық біз: «Тііп көр, кәнеки, байқаған,
Мен сені тек қана Отанға айтамын».

Балалардың жасынан бейнет шеккені де жалаң баяндала салмайды, бұлтартпас, айқын бірер деталь арқылы шынайы бейнеленеді:

Қараша үй. Кара су. Бір сныр, бір шелек,
Үш қасық, қос көрпе (Баюға ертерек).

беу мәселесі туа қалады. Біздіңше, соңғы екі жол, өлең шынайылығын солғындатып тұр. *мәтін 3 - 10* 1970

Белгілі бір құбылысты объективті түрде жырлап кеп, ең соңында бәрін кесіп айтылған бір-ақ түйінге бағындырмақ болудың орынсыздығын Есләм Зікібаевтың «Шоқ гүл немесе ағаға наз» өлеңінен де көруге болады. Қыз ұстаған гүлдің тротуарда шашылып жатуы, гүлдің шашылған қалпында да әсем екенін қайталап көрсету, гүлге, қызға қатысы бар ағаның, әйтеуір еңсе түсіруі, — бәрі орынды. Бірақ өлең аяқталымында лирикалық қаһарманның гүл сыйлаушы мен гүлді алмаушыға тікелей кесіп баға беруге асығуы дамып келе жатқан әдемі әсерді бәсеңдетуге ғана қызмет етуде:

Бір адамды сый білмес деп ығыртып, екіншісіне аяныш білдіруі, — бәрі әсерсіз. Алдында ғана бір адамның еңсесі түсіңкі екені байқалуы көп сырдың ұшқынын болса да аңғартқандай еді. Сол ұшқын оның ар жағында күрделі адам жаны жатқанын байқатуға санылау қалдырған болатын. Міне, соның бәрін өлең соңы жоққа шығарып, шынайы сезімдерді жеңілдетті де жіберді. Айтпақшы гүл ұсынушы кім: қыз ба, еркек пе, — ұғу қиын. Не қыз сыйлаған гүлді ер адам алмаған, онда «сый білмес» соның өзі, не қыз бастапқыда алса да, кейін гүлді тастап кеткен. Онда «сый білмес» деген бағаны қызға ала жүгіруіміз керек. Әйтеуір кейіпкеріміздің бірі «сый білмес» бірынғай жаман адам екен, біз соны байқадық. Қалай болғанда да жерде шашылып жатқан әсем гүлді көргендегі биік сезім өлең аяғына қарай жоталана түсу орнына тайпынып шөгіп кетті.

Кілең озық ойлы адамдардың ерекше, биік сезіміне ғана емес, қатардағы адамдардың сан салалы, әдеттегі, жақсы-жаманы аралас, бірақ көпке ой саларлық сезімдеріне кең назар аудару да 60—80 жылдар поэзиясының елеулі жетістігі дер едік. Соның бір көрінісі — Олжас Сүлейменовтің «Тауда» өлеңі. Шығармада, сырт қарағанда, екі жастың, нағыз махаббат деуге жете қоймайтын, бір сәттік әншейін бір қызықтаулары бейнелене салған тәрізді. Расында ол сезімді нағыз махаббат, немесе үлгілі, бірден-бір озық сезім дей алмаймыз.

Өмірде айрықша жұлдызды демесек те, назар аударарлық сезім өрнектері, сәттері, арпалыстары аз ба? Бар жарасты қылық, кенеулі сезімдердің бәрі ерен биікке, сұрапыл айқасқа апарып соқтыра бермеуі мүмкін. Бірақ заңғар емес деп бой созғанның бәріне мұрын шүйіру жөн бе? Тіпті асқан асуларды тамашалап қана

коймай, әлі жетпегендерге назар аудару көп ой салмай ма? Ол да адамды жана бір шырқау шындарға кадам басуға итермелесе ше? Лирикалық бейненің, бойжеткеннің алдымен балыққа ерік бермеген толқынға аяғын малып көріп, жігітке су шашуы, сак-сак күлуі қандай келісті? Одан кейін дірілдеп көзіне жас алуы ше? Ұялып, қымсынудан ба, жоқ, мұндай кездесу үнемі бола бермесін еске алудан ба? Ақын оған кесіп жауап бермейді. Жауап бермеуімен де, өзіндік бір ойнақылықпен бейнелеуімен де, оқырманда тың, көп қырлы сезімдерді балалатады.

Осы сәтті теңі жоқ сый көрерсін,
Безгек болған баладай күйге енерсін.
Сасқанымды көргенде
Сен де сасып:
«Қалай болды бұл өзі!» —

дей берерсін.

Мұнда талдап айту, қазбалай түсіндіру жоқ. Бәрінде біртүрлі жеңілдік, ойнақылық, наздылық басым. Өлең әсерлі.

Асырғым кеп атағын,
Көзді бұлақ жасадым,
Көзі жақсы жеңгемнің
Есімімен атадым.

Бұлақтың су көлемін, ағыс жылдамдығын көрсететін екі сөзді, екі образды салыстырайық: «жылап аққан» және «жүгірген». «Жүгірген» сөзінің мағынасы ап-айқын, демек онда су мол болғаны және тез аққаны. Бірақ осы сөздің мағынасы алдыңғы «жылап аққан» тіркесі мағынасына қарсы шығып тұр емес пе? «Жылап аққан» тіркесі мағынасын түсіндірме сөздіктен кездестірмедік. Әзірге қолда бар мысалдарымызды қарастырғанда, төрт жазушының «жылап ағуды» судың неғұрлым баяу, солғын ағуы, аздығы белгісі ретінде қолданғанын байқадық.

1.

Әуелі дария,— жырадан
Жылап аққан жылым көз.
Біртіндеп дамып, құраған,
Тамшыға тамшы болып кез¹.

2. Мұны ел «қара ит өлген сай» дейді. Сайдың суында ит ағызып өлтіргендей қатты ағыс жоқ. Жарлауланған қамыстың арасынан, сиырдың салған жалғыз аяқ жолындай бұрандап, жылап ағып, беті мөлдіреп жатқан

¹ Сейфуллин С. Шығармалар, 1 том ҚМКӘБ, 1960, 338-бет.

қара су¹. 3. Жазғытұры қар суы қырдан жылап ағып, малдың жалғыз аяқ жолындай етіп салған бұл жыра қылдай болып басталып, бара-бара ұлғайып, кеңейіп, тереңітіп барып сайға құйып кететін². 4. Бұрын табанында күзге дейін жылап ағатын мөлдір су тартылмайтын³.

Қазір қазақ лирикасындағы алдында қандай тосқауылдар бар дегенде, тақырып тарлығы деген мәселені жиі айтып жүрміз. Әйтсе де осы ұғымның өзін нақты аша түсу қажет тәрізді. Бір кезде жас ақындарымыздың дені махаббат туралы жабыла жазып, тақырып аясы тарлығы хақында сын-пікірлер айтылғаны белгілі. Махаббатты жазу жеке бастың көңіл-күйімен шектеліп ұсақтау да, жер жыртуды, мал бағуды жазу тақырып аясын кеңейту, жеке бастың емес барша халықтың өмірін кең қамту деген тәрізді пікірлер болмады емес. Тіпті көп ақындарымыз «Комбайыншы», «Шахтер», «Экскаваторшы» деп ат қойып, бар мамандықтағы адамдарды тізіп өлең жазып, тақырып аясын оп-оңай кеңейткісі де келді.

Біресе тракторшы, біресе шофер, енді бірде Отан жайлы бұрқыратып өлең жазса да, өзіндік ой айта алмауымен тақырып аясын кеңейте алмаған ақындарды көріп жүрміз. Өз көңіл-күйі туралы жазып отырып та, заман тынысын, адамдар сырын кең толғайтын ақындар болатыны; адамдар хақында кең топшылай отырып та, есте қалмас, сезімге әсер етпес жүдеу өлеңдер жазатын ақындар ұшырасатыны бізге жаңалық емес.

Ең көкейкесті деген тақырыпты таңдап алып, соны бетке ұстап, сәтсіз өлеңдер бастырудың күні бүгінге дейін созылып келе жатқанын дәлелдеу үшін 1986 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Айдын-шалқар» жинағына үнілейік.

Ғасыр бойы бүлк етпей,
Қойнын ашпай жатқан жон,
Күннің көзі жылт етпей,
Жібімейтін қатқан тоң.

Колхозды ауыл жастары,
Тынға жасап шабуыл,
Таза жыртып тастады,
Жасыл майса -- егіп гүл.

¹ Мәйліни Б. Шығармалар, 5 том ҚМКӘБ, 1963, 263-бет.

² Есенжанов Х. «Ақ жайық», 2-кітап, 1968, 16-бет.

³ Жүнісов С. «Ақан сері», 2-кітап, 1977, 237-бет.

Думан-қырда, сай іші,
Жеңіспен туды қадады,
Теңіздей толқып, майысып
Көк егіс жапты даланы.

Комбайн менен қыrmанды,
Баптай бер, колхоз, баптай бер,
Көзіңмен атыр боз таңды,
Мол астықты қаптай бер (167-бет).

Міне, осы толық келтірілген Қабыш Молдақашевтың «Тыңға шабуыл» өлеңінде не жаңалық, не көркемдік бар? Шығармада колхоздағы ауыл жастарының тыңға шабуыл жасағаны, таза жыртқаны — бәрі, әйтеуір баяндала берген. Мұны өлең жолдары дегеннен гөрі ұйқасқа құрылған есеп мәліметі десе, орынды болар. Сонымен қатар «егіп гүл» тіркесі түсініксіз. Тың игеру кезінде басты негізгі күштің бидай егуге жұмсалғанын еске алсақ, тап осы арада гүл егуді айту неге керек деген сұрақ туады.

Одан кейінгі қырдағы думан да әсер етпейді. Себебі біз автор тамсануынан басқа думан дерлік еш думанды көрмейміз, тек сол сөзді естумен тынамыз. Өлеңнің соңғы шумағында ақын колхозға «комбайн мен қыrmанды... баптай бер» деп тілек білдіреді. Еш дайындықсыз, тікелей айтыла салған бұл ойлар да әсерсіз, солғын шыққан. Қ. Молдақашевтың екінші бір өлеңі де осындай жалаң үгітпен аяқталады:

Ақ бидай — ақ бауырсақ,
Дастарханның көркі сол,
Бауырсаққа толсын қап,
Көл-көсір дәулет ие бол! (168-бет).

Сол жинақтағы екінші бір автор Жайлаубай Қазиевтің «Дала әні» өлеңін де толық берейік:

Диканның толастамай аттанысы,
Теңіздей тербеледі ақ тарысы.
Кезеді дән мұхитын комбайндар,
Даланың ақ маңдайлы мақтанышы.

Тынбайды мотор үні ән салудан,
Бір адам кетер емес дән тауынан,
Апыр-ау, жаралған ба соның бәрі,
Егінші еңбегінің аңсауынан!

Дән моншақ қыз мойнына такса қырдан,
Тасып бір дариядай жатса қырман.
Ақ алтын Ақтөбенің маржандары,
Отанның қамбасына ақтарылған.

Самал жел толқындатып аймалашы,
Ақ теңіз — ауылымның айналасы.
Жайқалған алқабында ел ырысы,
Ақтөбем — ән қаласы, дән қаласы! (238-бет).

Шығарманың алғашқы тармағында баяндалған диқан­ның аттанысы толастамауы тым жалпылама, есеп ретінде беріле салуымен әсерсіз, солғын естіледі. Сонымен қатар мұнда шумақ ішіндегі тармақтардың өзара байланысы, біріндегі ой-сезімді екіншісі дамытуы, үндесуі жоқ. Егер алғашқы екі жолды бір сөйлем ретінде оқысақ (кітапта солай беріліп те тұр), диқанның аттанысы толастамауынан да ақ тары теңіздей тербелген боп шығады. Бірақ мұнда әрі, жоғарыда айтқанымыздай, бірінші жолдағы ой үстірт баяндалуымен де сендірмейді, әрі соның салдарынан да екінші жолдағы сурет еш дайындықсыз өз алдына оқшау қалған. Астық көлемін білдіру үшін ақын екінші тармақта «теңіздей» сөзін қолданса, үшіншіде де оп-оңай «мұхит» сөзін ала салған. Тек «Мұхит» сөзі алдында «кезеді» сөзі берілуі нәтижесінде екі сөздің біріндегі ұғымды екіншісі дамытпақ түгіл тежей­тінін ақын аңдамай қалған. Егер «дән мұхиты» болса, шын мұхитқа пара-пар болса, оны кезу оңай еместігі өз алдына, құр кезуде поэзияда жырға қосарлықтай айқын сурет, әдемілік бар ма? Екінші шумақтың екінші тармағы да сөз арасында, үстірт баяндалған мәлімет жолдарын еске салады. «Бір адам кетер емес...» дегеннен гөрі олардың қалай, қаншалық жұмыс істегенін нақты ашарлық бірер деталь берілсе, анағұрлым ұтымды болмас па еді? Міне, осындай арзан, жеңіл тамсанулардан кейін ақынның туынды соңындағы орынды шалқулары да оқырман тебіренісін туғызбайды.

Тақырып тарлығы да алдымен өзіндік арна таппаудан туады. Айталық, ақын қай тақырыпта жазбасын, әйтеуір асқақтамауы керек, әйтеуір ойшыл, әйтеуір кеңпейіл, немесе әйтеуір сыршыл да болмасын — соның бәрінде ол өзінше ойшыл, сыршыл, кеңпейіл болсын. Ақынның дара көңіл-күйі ұсақтауға әкелмесін. Тамшының бұлаққа, бұлақтың өзенге, өзеннің дарияға құятыны тәрізді, ақынның әр өлеңінде оның өзіндік «менімен» қатар сол меннің жалпы адамзаттық сезімге көтерілуі шарт. Екі ақынның өлеңін алып қарасак:

...Атырау елі,
Қос жанарымсын ғой Абылым мен Ақтандай,
Бұл күнде сенің басыңа қонған бақ қандай
Ақтымық кеште алаулайсың-ау малынып әбден ақ нұрға,

Бабамның өшкен іздерін аршып жаткандай.
Мұнаралардың басынан сонда алты кыр асып кұлайды ән
(Бүрк ете қалған кұдірет еді бұ қайдан?)
Ғасырлар бойғы жоғалтқандарыңды қайтадан жинап
алдың сен,

Дария жасап мұнайдан!

(Меңдекеш Сатыбалдиев. Атырау елі.)

«...Оқушы еді, кеткендей наданда өші,
Кім ойлаған қалар деп табанда өшіп?! —
Дейді ағасы күрсініп, — бала кезден,
Өнерлі еді,
Әнші еді,
Амал нешік?!
«Жасыратын түгі жоқ,
Ел де,
Мен де,
Тек соны аңсап шөлдеуші ек шөлдегенде, —
Дейді бір қыз — жігіттің төресі еді,
Жүрек тыныш соқпайтын ол дегенде».
Тізімнен бір сызылып тасталғандай,
Ілгері емес,
Тек кері басқан қандай!
Енді ол жайлы айтады ел өткен шақпен,
Тіріні емес, —
Марқұмды еске алғандай.

(Қадыр Мырзалиев «Бір жігіт»).

Бастапқы өлеңнің тақырып аумағының кендігі өзінен-өзі көрініп тұр. Ақын өз елін, жерін, оның өткенін, қазіргісін шырқау биікке көтеріп, шабыттана жырлай білген. Кейінгі өлеңді қалай бағалаймыз? Әрине, мұнда бүкіл елдің қамы, болашағы жөнінде кен қамтып ой өткеру жоқ. Сырт қарағанда ақын тақырып аясын ұсақтап, жеке бастың көңіл-күйін қазбалаумен шектелгендей боп көрінуі де мүмкін. Әйтсе де бұл туындысында да суреткер «тақырып тарлығын» жеңе алған. Қадыр сабырлы, байыпты мәнермен-ақ бір адамның трагедиясын ашып отыр. Қынжыла отырып қабақ шыту, аяу, ренжу — бәрі де бар. Жұрттың бәрі араққа салынып сонша төмендеп кетпеген болар, бірақ бүгінді емес өткенін тамсана айтуға күштар адамдар аз ба? Бұл біреуде мол, біреуде аз болса да, жиі кездесетін жәйт. Демек, өлең «Бір жігіт» деп аталса да, көптің «әттеген-ай» деген тұсын тап басып, біреуді ыңғайсыздантып, енді біреуді езу тартқызып өтеді. Өлеңді оқыған әр оқырман кұрбыларының ғана емес, өзінің де өткені мен бүгінгісі туралы ойға кетеді. Сөйтіп өлең бір адам өмірін, өзіндік өкінішін бере отырып, мындардың сезіміне қозғау салады.

ЛИРИКАДАҒЫ СЮЖЕТ МӘСЕЛЕСІ

Бізде эпостық, драмалық шығармалар сюжеті көбірек сөз болады да, лирикалық туынды сюжеті аз қарастырылады. Алдымен, лирикалық шығармада сюжет бар ма, жоқ па деген сауал туатыны анық. Белгілі зерттеуші Зейнолла Қабдолов әдебиет теориясы оқулығында: «Сюжет кез келген көркем шығармада бола бермейді»,¹ — дейді де, оған мысал ретінде лирикалық шығарманы алады.

Лирикада сюжет бола бермейтіні туралы пікірдің орыс әдебиетінде де, казак әдебиетінде де кең тарағанын атай отырып, дегенмен бұл мәселенің әлі де түбегейлі шешіліп бітпегеніне назар аударғымыз келеді. Алысқа бармай-ақ, әдебиет теориясы оқулықтары авторлары: Г. Л. Абрамович, Л. В. Шепилова пікірлеріне үнілсек, бұл мәселе қақында басқа да тұжырымдар бар екенін көреміз. Л. В. Шепилова: «Эпос пен драмаға қарағанда, лирикалық шығарма сюжет өрістеуінің басқаша түрімен сипатталады»², — дейді де, «сюжетсіз» делініп жүрген біраз өлеңдерді келтіріп, онда да өзіндік сюжет бар екенін дәлелдейді. Г. Л. Абрамович: «Қағида бойынша, лирикалық шығармаларда оқиғалар жүйесі болмайды. Бұл бірақ олар сюжетсіз дегендік емес. Онда да сюжет күрес пен даму үстіндегі әсерлену, ой, сезім қозғалысы ретінде көрінеді»,³ — дейді.

Талас жоқ, эпос пен драмада сюжет қандай болса, лирикада да сондай деп айтуға болмайды. Лирика сюжетінің өзіндік ерекшелігі бар. Тіпті, лириканың өзін шартты түрде «оқиғалы», «оқиғасыз» деп бөлгенде, оның әрқайсысының өзіндік сюжет ерекшелігі бар екенін ұмытпау лазым.

Эпоста адамдар қарым-қатынасы неғұрлым кең алынады да, ол қатынастың туа бастауы, биігіне жетуі, аяқталуы — бәрі қамтылады. Ал лирика соның бәрін алмайды, көбіне, үнемі дерлік, соның бірер сәтін бөліп көрсетеді. Бірақ осы орайда мына жәйтті еске алған жөн. Лирикада адам көңіл-күйінің бірер сәті бөліп алынғанда, ол өзіне дейінгі және кейінгі шақтармен мүлде байланыссыз, шорт кесіліп алынбайды. Сол алынған «сәтке»

¹ Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар, 2 том, 1983, 181-бет.

² Шепилова Л. В. Введение в литературоведение, М., 1968, стр. 265.

³ Абрамович Г. Л. «Введение в литературоведение», М., 1970, стр. 133.

бұрынғынын да, кейінгінің де аз да болса ықпалы, шарпуы тиіп тұрады.

Лирикада бір адамның ғана сезімі беріледі дегенде, ол да мүлде өз алдына, оқшау алынбайтынын ескеруіміз қажет. Лирикалық қаһарманның дейміз бе, ақындық «меннің» дейміз бе, өзіндік сезімі бейнеленгенде, оның басқа адамға қалай қарайтыны да қоса алынады. Көп ретте ол өз сезімін жария етумен қатар екінші бір адамға деген көзқарасын, сезімін (не сүйсінуін, не безінуін, кейде екеуінің де әсерін қатар қабылдап, бір мезеттің өзінде көп көзбен қарауын) қоса береді. Әрине, бұл бір өлеңде екі адам тең дәрежеде бірдей ашылады, екі образ пайда болады дегендік емес. Онда бір адам, лирикалық қаһарман, неғұрлым кеңірек (лирика мүмкіндігі аясында) ашылса, екінші адам әрі лирикалық қаһарман әсерін қабылдап, әрі соған аз да болса ықпал етіп, тек жеке сипаттарымен көрініс береді. Демек қарым-қатынас жан-жақты, толық емес екен деп, оның әрі шағын, әрі өзгеше түрін жоққа шығаруға (көлемі шағын болса да, лириканың айтары мол екені өз алдына) бола ма? Біздіңше, сол шағын», «әлсіз» дегендерді де ескеру керек.

Сөйтіп, лирикада бір адамның бірер сәттік бірер сезімі ғана алынғанда да, ол тарс оңашаланған, томағатұйық дербес қалмайды. Оның үстіне бір кезде көркем әдебиетте жанрлардың аралас жатуы (ауыз әдебиетінде), кейін (жазба әдебиет дамығанда) жанрлардың дамып, ірге бөлісіп, әрқайсысының жеке отау тігуі басым болса, бұл сол кейінгі күйде, сол қалыпта қала беру дегендік емес. Әр жанрдың өзіндік ерекшелігін сақтай, дамыта отырып, басқа да жанрлар әсерін мол қабылдайтынын, сол арқылы күрделене түсетінін біз, әсіресе, әдебиеттің соңғы 25—30 жылдық дамуынан жиі көріп жүрміз. Лирикаға драма әсері, драмаға эпос әсері тиюі, жекелене отырып жақындасу, жақындаса отырып даралану, — міне, осындай «күрделілік» әдебиет теориясы мамандарына соны міндеттер жүктеп отырғаны айқын. Ол кез келген «бар» деген ұғымның ішіне аздаған «жок» араласуын, «жоққа» шыжымдап «бар» енуін, — демек «бар» мен «жоқты» тек қайсысының басым түсуімен ажырату міндетін де жүктейді. Міне, мұның бәрі әдебиет дамуы белгілі теориялық үлгілерге сыя бермейтінін, теорияның икемделіп, сол өрлеуге ілесіп отыруға тиістілігін дәлелдейді.

Белгілі бір адам өмірін лириканың кең қарастыру

мүмкіндігі бар десек, соның бір үлгісі — Қадыр Мырзаліевтің «Көңтері» өлеңі:

Ағайындар,
Кұлақтарың тосындар.
Жырыма жыр,
Сырыма сыр қосындар...
Мінез-кұлқы ақша бұлттан жаралған
Үлбіреген жаны нәзік досым бар.
Барлық пәле түсінбеуден басталар.
Бет орнына бояуы мол маскалар...
Нәзіктігін жасықтық деп,
Өмірде
Істеместі істейді оған басқалар,
Оған нұрын түсірмейді жарық үй.
Жаны жүдеп, жүреді ашып әрі ми.
Момындарға бәрі батыл, бәрі еркін,
Момындарға бәрі кожа, бәрі би.
Болмаса да дұшпандығы,
Қастығы,
Болмаса да басбұзарлық,
Мастығы,
Содандай-ақ кемістігі жұмыстың,
Қысып-қысып алады оны бастығы.
Неткен шыдам!
Неткен темір төзім ең!
Қате тауып дұрыс айтқан сөзінен,
Той-думанда ұшып түскен күкірттей
Өртейді оны долы әйел көзімен.
Қиын екен табылмаса ер теңі,
Ойлантады мені достың ертеңі.
Жаны қандай нәзік болса Адамның
Тәніне оның сондай қажет көңтері!

Әрине, өлеңде анау айтылды, демек сондай екен деп, онда жазылғанның бәріп сөзбе-сөз ұғындыру дұрыс бола бермейді. Әйтсе де ақынның бір адамның бір сәттік көңіл-күйін алмағаны, қайта оның бүкіл өмір жолын жинақтап бергісі келуі анық. Өлеңде әрі бір адамның бүкіл өмір жолы бар да, әрі оны ақындық «меннің» бір сәттік сезімі көзімен бағалауы бар. Көңтері адам өмірін қанша кең алса да, ол өлеңді «адам көңіл-күйінің бір сәтінің айнасы» деуіміз де болған жәйттерді емес, соны кімнің қалай қабылдауын басшылыққа алудан туып отыр. Сөйтп біз мұнда көңтері адам өмірі кең алынуын емес, соны лирикалық қаһарманның бір сәтте еске түсіріп шығып, әсерленуін бірінші орынға қойып отырмыз. Сонда көңтері адам образы жасалып тұрма, жоқ, оған кең көзбен қарай білген лирикалық қаһарман бейнесі жасалып тұрма? Біздіңше, екеуі де бар. Әйтсе де ең бастысы сондай көңтері адам болуы емес, соны кең түсіне білген лирика-

лық қаһарманның ізгілігі. Біз «көңтері» арқылы да лирикалық қаһарман сезімін, ізгілігін тамашаладық. Бірақ осылай талдаумен шектелуге бола ма? Әрине, болмайды. Демек авторлық «мен» сезімін тамашалаумен бірге, соның көмегімен жеткен екінші адамға да назар аударамыз. Лирикалық қаһарманның «көңтеріні» өзінше түсінуі, түсіндіруі бар да, сонымен қатар «көңтерінің» дербес бейнесі, ерекшелігі бар. Бұл оқырманның өзіндік білім сезім ерекшелігіне сай, акын айтпақ болған идеядан кең объективтік идеяға жетелейді. Рас, лирикалық қаһарманның «көңтеріге» қалай қарайтыны бар, ал «көңтерінің» оған жауап беруі жоқ. Бірақ оның есесіне «көңтерінің» әсері, лирикалық қаһарманды биік сезімге жетелеуі бар. Бұл өленде сонымен қатар адамдар қарым-қатынасы аз да болса даму үстінде беріледі. «Көңтеріге» бастығы ұрысқанда туған лирикалық «мен» тебіренісі мен оны әйелі жақтырмаған сәтте туған толғаныстар бір емес. Кейінгіде алғашқы сезім биіктей түскен. Демек бұл да «сюжетті» өлең дегіміз келеді. Оның үстіне лирикалық қаһарман сезімі тек бір қырымен көрінеді дей алмаймыз. Онда құрметтеу, бағалау, аяу сезімдері қатар өрілген. Әрқайсысын бөліп қарастыру мүмкін емес, тек бірлікте алғанда ғана түсінуге, түсіндіруге болады.

Лирикада да бірнеше адам образы қатар алынуы мүмкін. Бірақ ол тағы да онда көп образ болуына (олай етсе, эпосқа айналғаны ғой) әкелмейді. Мұқағали Мақатаевтың «Ат суара барғанда жылғаға мен» өлеңін толық келтірейік:

Ат суара барғанда жылғаға мен,
Ашаң жүзің ашылып, бір қарап ең.
Құлағыңда ай-сырғаң дір-дір етіп,
Енді үзіліп кетердей тұрған әрең.
Қимыл сайын майысып бос буының,
Асылып тұр арқаңа қос бұрымың.
Құла бесті құлағың тіге қалды,
Қыз көрмеген мақұлық оскыруын!
Жақындатпай жаныңа үрікті кеп,
Тарпаң неме тулап тұр бүлік тілеп.
Жолбарыстай атылып тізгінді алдың,
Жігіт жүрек қыз едің, жігіт жүрек.
Тарпаң неме тайсалды қуатыңнан.
Құлай түстім қасыңа құла атымнан.
Ерге қондың,

жөшелдің кең далаға,
Артыңда тек шаң қалды шұбатылған.
Құла сайтан барады оқтай ағып,
Шыт көйлегің алаулап оттай жанып.
Әудем жерге жеткенде бұрылдың да,

Қол бұлғадың артына тоқтай қалып,
Кім болды екен жолыңды торып жүрген
Біреу барды қасына торы мінген.
Тентектердің өзімдей бірі ғой деп,
Әйтеуір жақсылыққа жорыдым мен.
Күйын боп қырға тарттың екеуің де,
Құла кетті торының жетегінде.
Құмды, құшып,

дәрменсіз қала бердім,
Қуатым жоқ еңсемді көтеруге,
Айналамда дүрлікті ауыл болып,
Адастырдың басыңа бағың қонып.
Күйын болып жылгадан бастадың да,
Сардалада жоғалдың сағым болып.
Қидым саған құла аттын тұяқ күшін,
Қарғамаймын,

демеймін ұяттысың,
Сағым болып алыстап кеткеніммен,
Самал болып оралатын сияқтысың.
Серігіңмен сен асқан жұмбақ қырдан,
Жұмбақ қырдан — жүрекке мұң қаптырған.
Сағым жүрсе, телмірем сен екен деп,
Жете алмай орамалын бұлғап тұрған.

Мұнда шартты түрде бөліп қарастырсақ, лирикалық қаһарман және қыз бейнесі бар. Сонымен қатар алдымен лирикалық қаһарман, кейін қыз мінген ат та өзіндік белгі, әрекеттерімен көрінеді. Ал қыздың қасында кеткен екінші бір жігітті анық көрмейміз. Тек қыз екеуінің «күйын боп қырға» тартуынан оның, әйтеуір тегін, осал еместігін байқаймыз.

Алдымен атқа назар аударайық: қызды көргенде, құлағын тіге қалуы; қыз жақындағанда, оскыруы, үркуі; қыз тізгінді алғанда, тайсалуы; шаба жөнелгенде, артында тек шұбатылған шаң қалуы, т. б. Міне, аттың біраз ерекшелігін байқадық. Бірақ атты көрсету ақынның дара мақсаты емес екені де белгілі. Ат әрекетін, қимылын өрнектеу де лирикалық қаһарман сезімін ашуға бағындырылған. Мәселен, ат үріккенде, «қыз көрмеген мақұлық оскыруын» деуінен-ақ лирикалық қаһарманның қызды ұнатқандықтан да, үркүді қаламайтыны байқалады. «Тарпаң неме» сөзі екі рет беріледі. Алғашқыда атты жазғыру мәнінде айтылса, кейінгіде, «ә, бәлем, басындырмайтын мықтыға кездестің бе» дегендей мысқылдау, қызықтау әсері басым. Ат шаба жөнелгенде, «құла сайтан барады октай ағып» деп, оның жүйріктігіне деген ризашылығымен қоса, қыздың тез алыстауын қаламауы да байқалады.

Қыз бейнесі ше? Алдымен оның ашаң жүзін көреміз. Іле қыз құлағындағы сырғаның үзіліп кетердей әрең тұр-

ғанын, дір-дір етуін тамашалаймыз. Одан әрі «бос» буынының қимыл сайын майысуы, қос бұрымының аркасына асылуы (асылғанына қарағанда ұзын ғана емес, салмақтылау, жуандау тәрізді) беріледі. Онда тек қызға тән көріктілік, қимыл орайластығы ғана емес, сонымен қатар жігітке тән батылдық, ептілік те бар: «жолбарыстай атылып тізгінді алдың».

Лирикалық қаһарман ше? Қызды ұнатуын ат әрекетін баяндауы тұсында ғана емес, өлеңнің өн бойынан көреміз. Лирикалық қаһарман сезімі даму үстінде беріледі. «Ашаң жүзің ашылып» — бұл қыз бейнесін ғана көрсетіп тұрған жоқ, сонымен қатар жігіт сезімін, тесіле қарауын, әйгілеп тұр. Сырғаның үзіліп кетердей боп көрінуі де жігіттің әдемілікті қалай танығанын паш етеді (расында, сырға үзілейін деп тұрған жоқ қой). Қызға атын ұсынып, құлай түсуі ше? Жігіт құмартуы өсе түсуін әсіресе «шыт көйлегің алаулап оттай жанып» жолы аша түседі. Қыз көйлегінің лирикалық қаһарманға ерекше көрінгені сондай, ол тек оттай жанып (оттай жанса да, осал емес) емес, «алаулап оттай жанып» көрініс береді. Ұнататыны сондай, қыз басқа біреумен кеткеннен кейін де, ол кеткен жаққа қарай беруі, сағым көрсе, телміруі, — бәрі лирикалық қаһарманның өзіндік сезімін тұлғаланта түседі.

Міне, өлеңдегі қыз кескіні, қимыл-ісі және ат әрекеті өз алдына жеке сурет боп қалмайды. Бәрі өріле, жымдаса келе лирикалық қаһарман сезімінің туу, даму себептерін, барысын шынайы ашу міндетіне бағындырылады. Міне, өлеңде шартты түрде бірнеше образ алынса да, оның бәрі бір адамның, лирикалық қаһарманның, сезімін ашуға себін тигізетіні. Бұл бірақ тек бір адам бейнесі жасалумен тыну емес. Қыз әрекеттері әрі негізгі қаһарманды аша түссе, әрі өзін де есте сақтатып, біршама өз қатысын (лирикалық қаһарманға да, басқаға да) сездіреді. Сонымен қатар адамдар байланысы аз да болса дамуды өткереді. Бұл да лирика сюжетінің өзіндік ерекшелігі болатынын, бір сәті арқылы болса да, адамдар қатысын біршама аша алатынын көрсетеді.

Осы орайда басын ашып алу керек сауалдың бірі — лирикадағы «тартыс» мәселесі. Әрине, тартыс пен сюжет ұғымын бір деп саюға болмайды. Тартыс бар жерде, сюжет те бар екенін, керісінше тартыс жоқтығы сюжеттің жоқтығына дәлел болу мүмкіндігін еске аламыз. Қазақ әдебиеті сынының кейінгі отыз жылдық даму тарихына қарасак, лирикада өзіндік тартыс болатынын ешкім де жоққа шығармайтын тәрізді.

Әдебиет теориясы оқулығында Зейнолла Қабдолов: «Лириканың тартысты және тартыссыз түрлері болады», — деп түйеді.

Әрине, лирикада тартыс бар дегенде, оның эпос пен драмадағыдай емес, өзіндік ерекшелігі мол екенін еске алған жөн. Алдымен, ол эпос пен драмадағыдай неғұрлым өз биігіне жетіп, кең алынбайды. Лирикада тартыстың бар кезеңі емес, бірер сәті ғана бөлініп алынады. Біздің анықтағымыз келетіні — сол алынған сәттің жеке өзін ғана көреміз бе, жоқ, оның бұрынғысы мен кейінгісіне аз да болса жарық түсе ме? Міне, осы тұста өлеңнің «айтпай айту», бірер деталь, ишарат арқылы да көп жәйтті қамту мүмкіндігіне, назар аударғымыз келеді.

Белгілібір сезімнің аз да болса туу, даму барысын көрсету, сөйтіп тартыс арқылы оны Өмірге түсу өлең сюжетін құрудағы елеулі табыс дер едік. Сағи Жиенбаевтың «Сыртта боран ұлып тұр «Өлеңнің фабуласы: сыртта суық боран, іште жаураған төрт бала, ана кірісімен, үй іші жылынып, көңілділік орнайды. Біріншіден, Сағи нақты картина жасай біледі, психологиялық жай-күйді шынайы береді:

Пеш түбінде бүрісіп,
Төрт балапан отыр бойы құрысып,
Бірін-бірі демдерімен жылытып,
Бірін-бірі көздерімен ұғысып.

Екіншіден, Сағи Жиенбаев көп сурет соңынан кетпей, ең жандыларын іріктеп ала біледі. Сырттан кірген ананың киген киімін, жүрісін, сөзін — бәрін қамтып тізе берсе, не болар еді? Жоқ, Сағи соның ішінде оның «етек-жеңін түрініп» кіргеніне назар аударады. Осы бір жолдың өзі ананың сыртта да қарбалас жұмыста болғанын, бәріне үлгеріп жүрген тынымсыз жан екенін сәтті аңғартпай ма? Үшіншіден, С. Жиенбаев психологиялық жай-күйдің бір мезетін ғана емес, бірер мезетін дамытып беруге шебер. Екінші шумақта төрт баланың бүріскенін айтса, үшіншіде «бір-біріне жабысады төртеуі», — деп береді, төртіншіде боранның да үдеуін, балалардың да халы мүшкілдене түсуін көреміз:

Долы боран жыны ұстап,
Дүниені тұншықтырып тұр ұстап.
Бір уыс боп бара жатыр төрт бала
Бір көрпенің төрт шетінен уыстап.

¹ Қабдолов З. «Сөз өнері», 1976, 332-бет.

Төртіншіден, шалқуға, шарықтауға С. Жиенбаев та қарсы емес. Бірақ ол лирикалық қаһарман сезімін өз жағдайына сай шынайы қалпында алып, өз мүмкіндігіне сай өрлете келіп, заңды биігіне жеткізіп барып, шалқуды жақсы көреді:

Көк жиектен күн қарап,
Дүниені тұрғандай бір гүлге орап,
Көктем шығып келе жатты кенеттен
Бұрыштағы мұз-қыраулар сырғанап.

Тартыс туралы сөз болғанда, әдебиеттің басқа тектері тәрізді лирикада да қиындықты жеңілдетпей көрсетудің мәні үлкен дегіміз келеді. Мақсат, әйтеуір қиындық атаулыны үйіп-төге беру емес екені белгілі. Қарапайым адамның көппен бірге көрген қиындықтарын объективті, шынайы бейнелей білу бар да, әйтеуір болуға тиіс деген қиындықты құрастыра беру бар.

Лирикада бір адамның өз ішінде жүруі мүмкін тартысты, «ішкі тартысты» берудің де мәні зор. Ұлықбек Есдәулетовтің «Психологиялық портрет» өлеңін алайық:

Өзін-өзі ұнатпайтын бір адам
Өзін-өзі іштей мінеп, сынаған.
Жардың түбін үңгіп жатқан толқындай
Жегі сезім жолдас болып жүр оған.
Бірі шалып,
Бірі демеп — құласа,
Ішінде оның қос толқын жүр ұласа.
Өзін-өзі сынағанда серпіліп,
Шамданады ол басқа біреу сынаса.
Ішінде оның қос сезім бар арбасқан,
Бір-бірінің жағасына жармасқан.
Кейбір шақта ұқсатады ол өзін
Жап-жасыл, жас самырсынға қар басқан.
Шөп жұлып ап тротуар жігінен,
Иіскеп кейде көз ілмейді ол түнімен.
«Аңсар болсаң аулыңа қайт!..» — дейді
Жақын бір үн жүрегінің түбінен.
«Қала жақсы, қайтпа, — дейді басқа үн, —
Сен жыр үшін аулыңды тастадың»,
Қос кеменің құйрығынан ұстап ап
Ол жүзгендей тіршілікте қас қағым,
Ол сүйе де, қуана да біледі,
Нәп-нәзік те, қатал оның жүрегі.
Абайсызда айтпас сөзді айтып қап,
Өз арынан жаза тартып жүреді.
Ол жасынан қатыспаған аз бәйгі,
Ілуде озып, көбіне-көп озбайды.
Сәл мақталса өзіне-өзі ырза боп,

Өз бетінен өзі сүйе жаздайды...
Кашқан кім бұл басталмастан төбелес,
Сасқан кім бұл асқынбастан ерегес?
«Сол — өзінсің!» — дейді маған бір дауыс,
Басқа дауыс дейді маған:
«Сен емес!»

Өлең құндылығы неде? Адам жанындағы екі ұдай сезімді, арпалысты жеңілдетпей, өз қалпында өрістетіп беруінде. Ең соңында белгілі бір сезімнің жеңуі, салтанат құруы да жоқ. Өмір күрделі, соған сай адам сезімі де сан қырлы. Демек шешіліп бітпеген, бітпейтін мәселелер де болады. Ақын, міне, соған назар аудартады. Біз лирикалық қаһарманды өз биігіне жетпеген қалпында танып, оның өзіндік қиналысын, мазасыздануын көреміз. Сол ақындық «меннің» өз биігіне жете алмай, арпалысуының өзі ой салады. Міне, әдемі сезім бар қиындықты оп-оңай шешкізе салумен тумайды. Қайта, сол жетпеген асуларды аңғартып, соған деген өзіндік ұмтылысты беру арқылы да небір жылы сезімдерді балалатуға болады.

Осы орайда мына бір мәселеге назар аударғымыз келеді. Бізде, қазақ әдебиеті сынында, әдебиеттегі белгілі бір табыстарды сөз еткенде, әр көрсеткіштің қайнар көзі, бастауы әріде жатуы мүмкіндігін ескере бермейміз. Осыдан келіп әдебиет дамуындағы белгілі бір жетістіктер тек кейінгі жылдары өзінен-өзі пайда болып, тосын, оп-оңай орнай қалған тәрізді боп көрсетіліп жүр. Әдебиеттегі дәстүр ролін ешкім де жоққа шығармайтын тәрізді. Бірақ бүгінгі әдеби процесті сөз еткенде, көбіне дәстүр туралы жалпылама айтып, нақты аша алмай жүрген жайымыз да бар. Мұның бәрі өз алдына бір үлкен жұмыс екенін ескерте отырып, осы арада тек бір жәйітке тоқталып өтпекпіз. Ол әдебиеттің басқа да жанрлары тәрізді лирикада да адам жан-дүниесіндегі күрделі сезімді тереңдеп ашу дәстүрінің де ертеден басталғаны. Сөз жоқ, қазақ әдебиеті Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін жаңа арнаға түсіп, тез қаулап дамыды. Бүгін ол Одаққа ғана емес барша әлемге танымал кемел әдебиеттің біріне айналып отыр. Бұл бірақ бұрын, айталық ХІХ ғасырда, әдебиет дамуы тоқырау үстінде, немесе төмен, балаң дәрежеде болды дегендік те емес екені белгілі. Алысқа бармай-ақ шығармалары кейінгі кезде кеңірек зерттеле бастаған ақындардың бірі Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің 1880 жылдар шамасында жазылған «Жарты нан хикаясы» өлеңін

алайық. Суреткер бұл өлеңінде өмірдегі келеңсіз көріністерді жалаң тізіп, сырттай төпеп жамандаудан аулақ. Ненің жаман, ненің жақсы екенін құр таныстырып, салыстырып берулердің, жалаң баяндаулардың әсері кем болары белгілі. Ақын өз ойларын құр баяндап айта салмайды, өз жасаған шынайы образдар арқылы ұтымды, әсерлі етіп жеткізе білген. Өлеңде сандықтан шыққан айдаһардай соншама алып, үрейлі болуы, өзіне жақсылық жасаған адамды жұтпақ боп төнуі, — бәрі бірден оқырман назарын баурап алады. Өмірде өзге түгіл өзіне қолғабыс еткен адамға да опа бермей, қайта оған қастық қылуға даяр адамдар бары еске түседі. Сондай қысылтаянда қалған адамға бұрынғы құдайға жасап келген құлшылығы: отыз күнгі оразасы мен бес уақыт намазы, — еш қайран жасай алмағаны сөз болады. Сонымен қатар ақынның өткен ғасырдың өзінде адамдарды тек ақ, қара деп бөліп, оған не сырттай сүйсінумен, не одан мүлде безінумен шектелмейтіні байқалады. Адамдардың не бірыңғай аппақ ұнамды, не бірыңғай қап-қара жағымсыз боп келе бермейтінін, қайта бір адамда әрі оң, әрі теріс сезімдер қатар өмір сүріп, арпалысқа түсуін тап басу өткен ғасыр түгіл қазірдің өзінде әр екі ақынның бірінің қолынан келе бермейтіні де өткендегі табыстарға мұрын шүйірудің орынсыздығын дәлелдесе керек.

Мәшһүр-Жүсіп табысы сонда: ол сол өткен ғасырда-ақ бір адамның өз ішінде болуы мүмкін кереғар сезімдердің даму заңдылығын шынайы өрнектей білген. Ақын сол өлеңінде өмірде бөтен күш, бөлек адам, зұлымдық иесі — «айдаһар» болуымен бірге, әр пенденің өз «айдаһары» болуы мүмкіндігіне алып келеді. Кезінде біреуге қамқор боп, жарты нан беруі сол адам үшін әрі құптарлық, әрі айыптарлық іс боп алынады. Бұл да қарапайым адам санасында орын алған, орын алуы мүмкін аздаған қалыстыққа да суреткердің шүйіле үңілуінен туған. Адам сезімінің көп қырлы екенін, ішкі қайшылықпен күресу мәнін көрсету арқылы ақын қаһарман жан дүниесіне түкпірлей тереңдеу үлгісін де көрсеткен. Ақынның «Сәйгелді, сона, бөгелек» деп аталатын екінші бір өлеңінде алдымен халықты езіп, қанаушы сәйгелді, бөгелек тәрізділерге өріс беретін аңқаулық, надандық сыналады. Сөйтіп ақын жауыздықпен адамгершілік арасындағы қайшылықты, кереғарлықты ашумен; жауыздың жауыз, ізгінің ізгі екенін бейнелеумен шектелмейді. Жауыздық басты кесепат

емес. Жауыздың жауыз екені онсыз да белгілі. Басты қателік, трагедия сол жауыздыққа жол беруде, сенгіштікте жатыр дегенге саяды ақын. Міне, сондықтан да сәйгелді, сона, бөгелекті сол кезде елді алдаған, жеген кожа, молда деп қана қарау біржақтылық, үстірттік болар еді. Өмірде қас пен досты айырмай, жәдігөйге ұйып, кеш опық жеп, күйзелушілер бар да, әдемі сезімнің бірі сенгіштікті пайдаланып тайрандаушылар бар екені белгілі. Міне, бұл іспетті табыстар, белгілі бір құбылысқа көп көзбен қарау үлгілері, адам көзқарасы, сезіміндегі екіұдай қалыпты, ішкі арпалысты ашу талаптары бүгінгі әдеби процесті кең қамтымақ болушыларға көп міндеттер жүктейтіні анық. Ол қашан да әдебиет дамуындағы дәстүр ролін екінші, үшінші қатарға ығыстырудың орынсыздығын көрсетеді.

Тартыс дегенді міндетті түрде адамдардың екі дай боп сарт-сұрт соғысуы деген ұғыммен шектемеу керек. Сол тәрізді адамдар қарым-қатынасы дегенде, олардың бір-бірін не ұнатуы, не ұнатпауы деп біржақты алуға болмайтыны да белгілі. Кейде екі адам әрекеті қатар берілгенде, олар бір-біріне тура тіл қатпаса да, не қолдау, не қарсы келулері жоқ болса да, белгілі бір қарым-қатынаста көріне алады. Демек ондай өлең де нағыз сюжетті туынды дейміз. Талапкер ақын Жамау Бұхарбаевтың «Мамырда, біздің ауылда» өлеңін қарастырайық:

Сағыныштың саздарынан аумаған,
Жыл құсының қанатынан саулап ән.
Аққу бұлттар алма ағашқа ұя сап
Гүл боп кетті ақ нәсерлер жаумаған.
Тастағандай ақ білекке күй бөлеп,
Сылаң ару, сылқым дала күйде ерек.
Талма түсте тыншымайды ақ әже,
Күн шуаққа немересін сүйрелеп.
Осы үйдегі күллі бакыт патшасы,
Жетпістерге тіреген шал ат басын.
Сері шағын мамырдағы есіне ап,
Жымияды жерге соғып шақшасын.

Көктем, көктем...
Киік арман, бал арман.
Бакытты ғой жеткен, іздеп таба алған,
Өз-өзінен қымсынады бойжеткен,
Ұқтырып ап ұры сырын жанардан...
Сағыныштың саздарынан аумаған,
Жыл құсының қанатынан саулап ән.
Май тамызып, жатыр біздің қырдағы,
Қызғалдаққа, қызыл өртке лаулаған.

Бұл өлеңде көктем кезіндегі үш адамның сезім, әрекеттері жарыстырыла, салыстырыла беріледі. Мәселен, ақ әже тыншымай, күншуаққа немересін сүйрелесе, шал «сері шағын... есіне ап» жымияды; бойжеткен болса, жанарынан сырын ұқтырып ап қымсынуда. Міне, әсем көктем аясындағы үш адам, үш түрлі сезім және әрекет. Олар бір-бірімен не лебіздесіп, не айтысып, не құптасып та тұрған жоқ. Бірақ бұлар бір-бірімен мүлде қатыссыз алынған ба? Осы үшеуі әсем көктем аясында қатар көріну арқылы да бірін-бірі толықтырып, біріндегі әсемдікті екіншілері биіктетіп, бір бүтін құрап тұрғаны аян. Оның үстіне бұл үшеудің әрқайсысында тартыстың туу, өршу сәті берілмесе де, биігіне жеткен кезі бар. Сол биіктің мұнарасынан соған дейінгі шақтардың елесі жалт етпей қалмайды. Мәселен, бойжеткен әрекеті сырын ішке жасырғысы келуді, жасыра алмауды, сол арқылы екіұдай сезім арасында аз да болса тартысты өткеруді де, басқа біреумен қарым-қатынаста болуды да аңдатады. Міне, мұның бәрі осы өлеңде «өзіндік» тартыс та, «өзіндік» сюжет те бар екенін дәлелдесе керек. Қайталап айтамыз: эпос пен драмадағыдай оқиғалар жүйесі бар, адамдар қарым-қатынасын кең қамтыған сюжет емес, лирика мүмкіндігіне сай «өзіндік» сюжет, лирика сюжеті.

Жоғарыда талдаулардың бәрінен тек айқын сурет, сәтті детальдардың өзі жеке-жеке тұрып өлеңге жан бере алмайтынын көрдік. Не бір нақты көрініс әрі белгілі бір құбылысты дәл танытумен бірге, әрі лирикалық қаһарманның өзіндік сезімінің шарпуына бөленіп, соның айнасы болу керек. 1986 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Айдын-шалқар» жыр жинағындағы Мүтәллап Қанғожиннің «Боранда» өлеңі — соның айғағы:

Боран ұйытқып,
Соғыс жылы қыс қатты,
Ауыл тау-тау қар астында қыстапты.
Жер астынан тесіп шыққан суырдай,
Әрең шықтық... ойыңды да қысқарттық.
Биылғы осы қысыңнан да аспады,
Ағай салған қора кирай бастады.
Ала сиыр ажалсыз-ау бейшара,
Қора астынан сытылып кеп кашқаны.
Жылайды апам ала сиыр аман деп,
Несібеміз үзілмепті, балам, деп.
Мен де шексіз қуандым-ау сол күні,
Той болғандай қан майданнан ағам кеп.

(24—25 б.)

Байқап отырғанымыздай, шағын өлеңде тек қыс қатты болғаны, кора құлауы, ала сиыр аман қалғаны жай баяндала салмайды. Сол көріністердің бәрі лирикалық қаһарман сезімін ашуға септігін тигізуде. «Жер астынан тесіп шыққан суырдай» баламасы әрі соғыс кезіндегі ауыр халді елестетсе, әрі дала жағдайын кең білетін ұлан танымынан хабар береді. Ойынды қысқарту қиындықтың бір салдары болса, кора құлауы жағдайды одан әрі сүмірейте түскені анық. «Ажалсыз-ау бейшара» сөзі лирикалық қаһарманға ғана емес, екінші бір лирикалық бейне, анаға да, лайық. Одан әрі ала сиыр аман қалуына байланысты туған лирикалық қаһарман қуанышы берілмес бұрын ананың соған жылауы, «несібеміз үзілмепті, балам» деуі беріледі. Бұл жылау әрі өсе түскен қиындыққа (кора құлауы қосылуы) қайғыруын, әрі сиыр амандығын шүкірлік етіп, өзіндік «қуануын» да қоса қамтиды. Несібе үзілмеуін айтуы тұсында ананың қажымастығы, барды қанағат ете білуі байқалады. Ал бұл деталь әрі ана бейнесін ашуға ықпал етумен қатар, әрі лирикалық қаһарманның өзіндік қуанышын тудыруға, дамытуға себепкер боп тұр. Міне, мұның бәрі әр сурет, әр көріністің алдымен лирикалық қаһарман сезімін ашуға, сонымен байланысты белгілібір құбылысты танытуға қабат қызмет етуін дәлелдейді.

Әрине, бұл айтылғандармен де лирика сюжеті мәселелері толық шешіліп бітпейтіні белгілі. Бір мәселеге баса назар аударғымыз келеді: бүгінгі «жоқ» деп жүргенімізде аздаған «бар» кездессе, сол «аздың» сыр-сипатын, ерекшелігін аша білуіміз керек. Асылы, әдебиет үшін ұсақ-түйек мәселе жоқ.

ЛИРИКА КОМПОЗИЦИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көркем шығарма композициясы, оның ішінде лирикалық туынды құрылысы қақында түйінделген тұжырым, қағидалар ішінде белгілі зерттеуші Мырзабек Дүйсеновтың мына бір пікірін бөліп көрсеткіміз келеді: «Сюжетті, оқиғалы шығармалардың композициясын ажырату қиын емес. Ал лирикада оқиға болмайды, сюжет те бола бермейді. Сонда лирикада композиция бола ма? Болса, оны қалай ажырату керек? Бір мезеттік сезімді, жылт еткен бір көріністі, бір ғана ойды беретін,

белгілі бір құбылысқа ақынның (лирикалық геройдың) көзқарасын танытатын лирикалық өлеңде де композиция болады. Және де лириканың сәтті шығуының басты бір шартты себебі осы композицияға тікелей байланысты. Лирикалық өлеңдегі композиция айтқалы отырған ойды, бергелі отырған сезімді, суреттегелі отырған құбылысты, танытқалы отырған көзқарасты шашыратпай, бытыратпай жүйе-жүйесімен ықшам, әсем жеткізе білу. Бұл ақындардың шеберлігіне, өзінің даралық стиліне байланысты»¹.

Сондай-ақ көркем лирика табиғатын зерттеп жүрген Тұрсынхан Әбдірахманова пікірі де осы ойды дамыта түседі: «Сөйтіп, лирикалық туындының құрылысы — шығарманың тақырыптық мазмұнының, фонетикалық, синтаксистік жүйелерінің белгілі тәртіппен, сөздің мағынасы жағынан табиғи заңдылықтарды сақтай отырып орналасуының жиынтығы»².

Әрине, қазақ әдебиеттану, әдебиет сыны ғылымында композиция туралы айтылған пікірлер аз еместігі; шығарма идеясы неғұрлым шынайы, әсерлі берілуі үшін композицияның белсенді роль атқаратыны — бәрі белгілі. Дұрыс қағидаларды тізіп, біліп қою бір басқа да, соны қолдану, дамытудағы нақты ізденістерді саралау бір басқа. Біз бұл шағын еңбегімізде ақындардың лирикалық композициясын құрудағы кейінгі жылдардағы ізденістеріне: жетістіктері мен кемшіліктеріне шолу жасауды мақсат еттік.

Лирика композициясы дегенде, алдымен өлеңнің бірінші тармағына, шығарманы бастай білуге, назар аударғымыз келеді. Алғашқы тармақ — ол әйтеуір бастапқы боп алына салған жай бір сөздер жиынтығы емес. Бірінші жол бүкіл өлеңге бағыт берерлік, ұйымдастырушылық, жетекшілік қызмет атқарады. Шығарманың тақырыбы, автордың айтпақ болған өзекті идеясы, ақынның дербес стилі, — бәрі осы алғашқы тармақты негіздейді. Алғашқы тармақ өлеңнің идеялық, тақырыптық қана емес (соны әсерлі, шынайы беру үшін де), фонетикалық бірліктің де негізін қалайды. Өлең рухын, тынысын, саздылығын, — бәрін ұйымдастырушы сол.

Белгілі ақын Сырбай Мәуленовтің «Сұхбат кешінде» өлеңі былай басталады:

¹ Азаматтық әуен. «Уақыт және қаламгер», 1974, 177-бет.

² «Қасым Аманжоловтың поэтикасы», 1976, 234-бет.

Ағатай, деп алдан шыға келгенде,
Қандай сыйды тартсам екен сендерге.
Құяр едім барлық нұрды аямай
Құдіреттей күнім болса кеудемде.

Міне, осында лирикалық қаһарманның белгілі бір топқа деген өзіндік жылы сезімін беруде бірінші жолдың: «Ағатай деп алдан шыға келгенде» ролі зор. Бастапқы жол, оның ішіндегі алғашқы «ағатай» сөзінің өзі-ақ ерекше бір жақындық, жылылық, өзімсініп еркелеуді, т. б. әкетіп, сол арқылы бүкіл өлеңдегі бар сурет, детальдарға өз шұғыласын себездеуде. Соның нәтижесінде шығармада жасандылық жоқ, табиғилық басым. Сөйтіп алғашқы тармақ шығармадағы бар толғаныс, көріністерді біріктіріп, біртүрлі жылытып тұр.

Танымал ақын Мұхтар Құрманалиннің «Гүл» өлеңі — қазақ совет поэзиясы антологиясына енген, демек ең сәтті деп саналатын туындыларының бірі:

Өжет жандай өмір үшін күресіп,
Тереземнің алдында тұр гүл өсіп.
Күні-түні сықырлайды сыртта аяз,
Іздегендей кіретұғын бір есік.

Киіп алып ақша қардай сәлдесін,
Қытымыр қыс қояр емес әуресін.
Елең қылмай бірақ оны қызыл гүл,
Күлімдейді көріп күннің сәулесін.

Тіршілікте сұлулықты азық қып,
Жүрсек-тағы сырын оның аз ұқтық...
Қатар өмір сүре береді екен-ау,
Қайыспайтын долы күш пен нәзіктік.

Суреттің бір қанатына қар, суықтық атаулыны жинақтап, екінші жақта әсемдік, нәзіктік символы гүл өсуін бейнелеу арқылы ақын қиындыққа беріспеген әдемілік салтанатын біршама аша алған. Әйтсе де өлеңнің осындай жетістігін, бар сурет, детальдар тұтасып кеп берген әсерін, бұзып солғындатуға ғана қызмет етіп тұрған бір тармақ бар. Ол — өлеңнің бірінші жолы. Салған жерден «өжет жандай» деп жалаң мадақтау, «күресіп» деп жар салу әсерлі боп тұрған жоқ. Қайта бастапқы бұл мадақтау кейінгі жолдардағы табиғи көріністер мәнін аз болса әлсіретуге ықпал етуде. Демек бұл жол ұйымдастыру, бағыттау былай тұрсын, қайта бөгет жасап, шынайылыққа емес жасандылыққа бастауда. Демек мұның бәрі неғұрлым биік ойды өлең со-

нына сақтау тәрізді қарапайым қағиданың өзін, дамытуды, дұрыс пайдалана білмеуді көрсетеді.

Өленді дұрыс бастай алмау, ойдағы ой-сезімді дамытып бере алмау кемшілігі тек жас ақындарда кездеседі десек, біржақтылық болар еді. Көптен жазып жүрген ақын Өкім Жайлауовтың әлеби журналда басылған (демек бұл да көптің бірі емес деген сөз) «Сен едің» өлеңін алайық:

Байытып

әсем сезімге,
Үйретіп берік төзімге,
Ардағым болған сен едің,
Албырт та аңғырт кезімде.
Үміттің отын жандырып,
Жанымның мейірін қандырып,
Бақытым болған сен едің
Үйіме менің сән кіріп.
Қыл өтпей екі арадан,
Қайырыммен әр кез қараған,
Қамқорым болған сен едің,
Күніме қиын жараған.
Аспай да таспай сабадан,
Артық та кетпей шамадан,
Серігім болған сен едің.
Сенімді досқа санаған.
Сезбеген ешкім себебін,
Кейде бір көшкін сең едің.
Өмірдің ғұзар басында
Өркенім болған сен едің.
Жебейтін кезде жебедің,
Демейтін кезде демедің.
Осынау жарық дүниеде
Сыйынған кісім сен едің.
...Жүрекпен жүрек үндесіп,
Сырымды жұмбақ мың шешіп.
Қимасым болдың сен менің,
Қайда да бірге күн кешіп.

Сөйтіп өленде лирикалық қаһарман өз сүйіктісін бірінші шумақта «ардағым» десе, екіншіде «бақытым», үшіншіде «камқорым» деді де, одан кейін «серігім», «өркенім», сыйынған кісім», «қимасым» баламаларын қолданады. Сүйіктісін бірер қылығымен, әрекетімен нақты көрсетпей, біресе «ардағым», біресе «өркенім» деп сырттай тамсана беру арқылы ақын не ұтты? Аз да болса сүйіктісінің өзіндік күлкісін, сөзін естіртпеу, оның кескінін елестетерліктей бір де бір сурет, деталь кіргізбеу, — бәрі де лирикалық қаһарман тебіренісінің табиғи өрнектелмеуіне әкелген. Сөйтіп болуға тиісті, болған

делінген белгілі сезімдерді тізіп, жалаң тамсанулар сезім шынайылығын, әсерлігін көп жүдетіп тұр.

Бақыткерей Ысқақовтың «Шалдар» өлеңі де назар аударарлық сәтті туындылардың бірі:

Ескерткіш қашар едім қаласаңдар,
Әр үйде жанып тұрған дара шам бар.
Аппаксыңдар әрқашан немереге,
Десе де кемпірлерің: кара шалдар.
Кешкілік қырға шығып ат тұсауға,
Шөп орып әкелесің жас бұзауға.
Ырыс мол төрімізден айрылардай
Қорқамыз әлі күнге бас ұстауға.
Шақшасын анда-санда жамбасқа ұрып,
Шертеді билер сөзін малдас кұрып.
Өткен ғасыр ішінен бабасының
Асыл ойын бүгінге жалғастырып.
Сыпырып қонақ үйдей қора жайды
Баптайды соғымына кара тайды.
Ашуланса бетіне келу қиын,
Онда ол құдайын да аямайды.
Көңіл-кұсын биікке шалқытады,
Аңыз-жырмен дененді балқытады.
Еркелетіп көршінің кішкентайын
«Әжеңді алып кетем» деп қорқытады.
Кәрілікке демейді ол бой ұрайын,
Түнде жүрсе біледі ойдың сайын.
Бір шал маған үйретсе құс салуды,
Бір шал маған айтады қойдың жайын.
Қалжың, ойын бүгінде ең дос сыры,
Сәлем беріп барып қайт қол бос күні.
Сүйенген ақ таяққа кара шалдар —
Қазақтың жазылмаған өлмес жыры.

Лирикалық қаһарманның ақсақалдарға деген өзіндік сезімі де, шалдардың өзіндік жақсы мінез, қылықтары да, — бәрі өлеңде тәп-тәуір өрнектелген. Алайда осы сәтті туындының әсерін солғындатуға ғана қызмет ететін олқылықтар жоқ емес. Ол — өлеңнің дұрыс басталмауы, біраз деталь, суреттердің өз орнын таппауы. Өлеңнің бірінші жолы: «Ескерткіш қашар едім қаласаңдар» — әрі дәлелсіз, әрі одағай қалып тұр. Екінші жол да сөз арасында жадағай айтылып, оқырман есінде қалмай, өте шығады. Үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы жолдардағы суреттер шынайы. Тек осы тұста «шөп орып әкелесің жас бұзауға» деп жалпы айтқанша, «шөп орып, бүкшендейсің, жас бұзауға» десе, сурет ұта түспес пе еді деген ой келеді. Шалдар шөп орғанда, жас жігіттердей ширақ қимылдай ма, әлде жас ерекшелігіне сай аздап болсын қиналуды байқата ма? Оқыр-

ман сол аз да болса қиналуды, қинала тұрып, білдірмеуге тырысқан өзіндік тырбанысты көргесін де, қажырлы қарттарды қызықтай түспес пе еді? Бүкшендеуді ме, әйтеуір өзіндік бір әрекетті (тек «бүкшендеді» сөзімен беру керек демейміз) бергеннен кейін, орылған шөпті ауылға әкелуін тәптіштемеуге де болады. Көркем шығармада, оның ішінде әсіресе лирикада, адамдардың бар әрекетін тізбей-ақ, оның ең өзектісін бөліп көрсетсе, ұтымды болары белгілі. Сонымен қатар екінші шумақтың бастапқы жолдарында шалдардың қайраттылығын (бұзауға шөп оруын) көрсетісімен, келер тармақтарда лирикалық қаһарманның бас ұстаудан қорқуын беру дәл сол араға лайықты болмай тұр. Шумақтың үшінші, төртінші жолдарындағы ойлар өз алдына одағайланып тұрмай, бастапқы тармақтардағы ойды дамытуға қызмет етсе, көп ұтар еді. Сондықтан да сол шумаққа лирикалық қаһарманның бас ұстаудан қорқуын енгізгеннен гөрі шалдардың түнде жүрсе де, жер жағдайын жақсы білетінін, бөгелмейтінін, сол арқылы тағы да қайраттылығының бір белгісін танытатын жиырма бірінші, жиырма екінші жолдардағы детальды әкелген дұрыс болатын тәрізді. Сонда шумақ тұстасымен шалдар қажырлылығын, қайраттылығын ашуға арналып, белгілі бір ойды өз биігіне жеткізіп берер еді. Бұл сонымен қатар келер шумақтарда шалдарды басқа да сипаттарымен аша түсуге, ең бастысы, бір шумақтағы ойды, келесіде орынсыз қайталамауға жол ашар еді. Сондай-ақ төртінші шумақтың басындағы қора жайды сыпыруы, соғымына қара тайды әзірлеуі, сол арқылы тынымсыздығы, еңбексүйгіштігі танылғаннан кейін, шумақ соңында оның ашуланған сәттегі ерекшелігін беру де өз орнын таппай жүдеп тұр. Біздіңше, ол да өзіне үйлес суреттер арасында келуге, сөз арасында елеусіз кетпей, жеке отау тігуге, сұранып тұрған деталь. Міне, осындай жеке-жеке алғанда әдемі суреттердің өзінің дұрыс орналаспауы болмаса, суреттер арасындағы үндестік, бірлік сақталса, өлең бұдан да көркем, әсерлі бола түсер еді.

Өлеңдегі жеке суреттер, жеке ойлар ондағы негізгі идеяға қызмет етсе ғана, немесе сонымен үндес алынса ғана сәтті. Әйтпесе әйтеуір дұрыс боп көрінген, бірақ өзекті сарыннан оқшау тұрған жеке детальдар да біраз ақау бола алады. Көптен жазып келе жатқан белгілі ақын Аманжол Шамкеновтың антологияға енген, «сәтті» саналған өлеңін толық келтірейік:

Теңізге бардым, арбадым,
 Куатын кайтып алсам деп,
 Жайлауға бардым, аунадым,
 Кымызын қалай таусам деп.
 Далаға бардым, жүгіндім,
 Кендігін жанға жисам деп.
 Көлге де бардым, үңілдім.
 Көзіме көркін күйсам деп.
 Шыңға да шықтым шарқ ұрып,
 Өзгеден биік болсам деп.
 Көкке де ұштым талпынып,
 Калаған жерге қонсам деп.
 Ат жарыс көріп тұрдым мен
 Өзгеден озып кетсем деп.
 Келер бір күнді кудым мен
 Өзгеден бұрын жетсем деп.
 Дүниенің жаңа бір сырын
 Өзгеден бұрын білсем деп,
 Ойлаймын, жұртым, бұл шыным,
 Тек алда ғана жүрсем деп.
 Жамандық болса жарып өт!
 Жақсының бәрін жағалап,
 Сабыр ет, жүрек, сабыр ет!
 Адамда бар ма қанағат?
 Ойлаймын, мен де ұрпаққа
 Өзімше жеміс ексем деп.
 Кыска ма, әлде, ұзақ па?
 Дүрілдеп, шіркін, өтсем деп!

Өлеңдегі негізгі идея лирикалық қаһарманның өзге-ден озсам, жемісті еңбек етсем деген ойымен тығыз байланысты. Лирикалық қаһарманның бұл талабын бейнелеу үшін ақын оның теңізге, жайлауға, далаға, көлге баруын, шыңға шығуын, көкке ұшуын, ат жарысын көруін алады. Сонда ол теңіздің куатын, жайлаудың қымызын, даланың кендігін, көлдің көркін т. б. өзіне қотарып алғысы келеді. Лирикалық қаһарманның далаға барғанда жүгінуі, көлге үңілуі, шыңға шарқ ұрып шығуы біршама сәтті.

Қадыр Мырзалиевтің бір өлеңі былай басталады:

Орман, орман,— сыңсып тұрған ой қалың,
 Түнде нұрын құйғанменен ай — ханым.
 Жықпыл-жықпыл адам жаны тәрізді
 Сәуле өтпейтін түкпірі бар тайғаның.

Одан әрі сол орман қалыңдығын, онда жүру қиындығын, қорқыныштылығын бейнелейді де, ақын қызықты өлеңін былай аяқтайды:

Таба алмайсың онда жолдың төтесін,
 Үрейленсең,

Түбіңе өзін жетесін!
Үңіліп көр адамдардың ойына,
Көрем десең джунглидің көкесін!

Бақсак, орманға тәнті ету, оның қалың, қорқынышты екенін тамашалау, — бәрі адамдар ойының да сол орман тәрізді күрделі екенін ашу үшін керек болып тұр.

Осы іспеттес сәтті ізденіс үлгісі Ұлықбек Есдәулетовтың «Іздеу саламыз» өлеңінен де көрінеді. Өлеңде газет арқылы жоғалтқан туыстарын іздеушілер әрекеті беріледі де, ең соңында туыс қана емес, ар-ұятын жоғалтушылар болатынына назар аударылады:

Егер сен жоғалтсаң,
Ар мен ұятты.
Ізде оны анады
Іздеген сияқты,—

деп түйеді ақын. Міне, мұнда да алғашқы әсерлі суреттердің бәрі жымдаса келе кейінгі тың ойды алақанға сап аялап, биіктетуге қызмет етуде.

Өлең композициясына мән бермеу елеулі кемшілік. Дамып келе жатқан негізгі идеяны бөгеген, уақытша болсын басқа арнаға түсірген, көлденең эпизодтар, басы артық детальдар енгізу үлкен мін. Дәлелсіз, көрсетусіз жай беріле салған, арзан айтылған жеке тармақтар туралы да осыны айтуға болады. Қысқасы, лирика композициясын құруда да қазіргі қазақ совет поэзиясында жинақталған тәжірибе аз емес. Әдеби сын міндеті сол бай тәжірибені қорытып, жақсылық, жаңалықты дер кезінде байқап, түрлі олқылықтарды мезгілінде шаншып отыру.

ПОЭЗИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ

Кез келген тақырыптың өзіндік ерекшелігі, қиындықтары да болатыны белгілі. Сол тәрізді көркем әдебиетте, оның ішінде лирика жанрында, табиғатты бейнелеуге қойылар талаптарды қарастырсақ, онда жалпы өнерге тән ортақ заңдылықтар мен қатар өзіндік ерекшеліктер де аз еместігін байқаймыз. Мәселен, С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы: «Ырғалған көкке бойлап қарағайы, (Қасында көк желекті аппақ қайың», — тармақтарында бір ғана «көкке бойлап» тіркесінің өзі-ақ Көкше бойында қарағайдың биік боп өсетінін (аласа болса, көкке бойлай алмас еді ғой) жи-

нақтап беріп тұр. Бұл үзіндіде сондай-ақ «ырғалған» сөзі арқылы бейнеленген қарағайдың әдемі тербеліс-қозғалысы да бар. Қарағай келістілігі жеке дара алынбайды. Ол тау заңғарлығымен, өзен-көл суы молдығымен, қаршыға үнінің тау жаңғыртуымен, Адақ мергеннің кесек тұлғасымен, т. б. үндеседі. Бәрінде де біртүрлі ірілік, мықтылық және көркемдік салтанаты бар. Сол ажарлы, айқын көріністер бір-бірімен септесе келе Көкшенің әсем табиғатын және оны мекендеген адамдардың тән көріктілігіне орайлас жан сұлулығын жарқыратып ашуға қызмет етеді. Міне, бір «ырғалған», «көкке бойлап» тіркесі қанша идея, қанша мәнге ие боп тұр? Осы орайда сұрақ туады. Сәкен қарағайдың неге тек толыса өскенін, биік екенін ғана бөліп бейнелейді? Қарағайдың басқа сипат-ерекшеліктері аз ба? Немесе қайыңның көк желегін және аппақ екендігін ғана екшеп алғаны қалай? Қайыңның да биік екенін неге айтпайды? Көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда, құбылыстың бәрін қамту міндет еместігі, шығарманың негізгі идеясына сай, оның ең жиі кездесетінін, ең мәндісін іріктеу қажеттігі осы тұста тағы еске түседі. «Көкке бойлап» өскен қарағайдың қасынан көрінген қайыңның да аласа еместігі онсыз да байқалып тұр емес пе? Қарағай ырғала, биік өскен жерде қайың қалыс қалуы мүмкін бе? Егер қайың үшін ылғал жеткіліксіз болса, қалай ол көк желекті болады? Сөйтіп ақын алғашқы тармақты қарағай пішініне (биіктігіне, толыса өсуіне) арнаса, екінші тармақта тек түс, рең әдемілігіне назар аударған. Сонда қарағайдың пішін толықтығы мен қайыңның түс, рең әдемілігі бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі дамытып, ажарлап тұр. Демек ана жерде сондай тұрпатты тау бар, мына тұста мынаған ұқсас бұлақ ағып жатыр деуменен табиғат лирикасы жасалмайды. Онда да жинақтау мен даралаудың әсем гармониясы, ұсақ-түйек атаулыдан кашу, неғұрлым заңды, мәнді құбылыстарға баса назар аудару тәрізді көркем өнерге тән ортақ заңдылықтар басшылық етеді.

Жас талапкер Бслат Асановтың әдеби журналға басылған, демек көп туындысының бірі емес, іріктелген, сәтті шығармасы саналарлық «Тоғайда» өлеңін толық келтірейік:

Жапырағы жайқалып,
Иісі аңқиды шиенің.
Ұйқы-тұйқы көделер
Шудасындай түйенің.

Қандай ғажап көрікті
Жасыл нудың арасы.
Лағы мен еліктің
Аңқаулығын қарашы.
Бір-біріне қарайды,
Емірене жаласып...
Мылтық емес тоғайға
Фотоаппарат ала шық!

Өлең «Тоғайда» деп аталған, демек шығармадан алдымен тоғай ерекшелігін, мәнін, сұлулығын ашатын суреттер іздеуіміз заңды. Ал бұл өлеңде ақынның басты назары тоғай үшін алдымен айтарлықтай емес, екінші, үшінші қатардағы дегендей суреттерге ауып кеткен. Тоғайда көде бары рас, шөптің бұл түрі мәнсіз дегелі отырғамыз жоқ. Бірақ ашық дала болса бір сәрі, тоғай туралы жазған шақта басқа ештеңе жоқтай кәдеге мән беру төңірегiнен шықпауымыз қалай? Одан кейінгі тармақтардан да тоғай мәнін, ерекшелігін ашарлық жанды суреттер таппадық. «Жасыл ну» тек тоғайда емес, ағашсыз жерде де кездеседі емес пе? Оның үстіне ақынның «қандай ғажап көрікті» деп тамсануы, баяндауы ғана бар, ал көрсетуі жоқ. Сәкен Сейфуллиннің қарағайды, қайыңды көрікті, ғажап деп тамсанбай, «ырғалған», «көк желекті» суреттерімен салғанын тағы қайталап еске салғымыз келеді. Елік туралы да соны айтар едік. Біріншіден, еліктің аңқаулығын баяндау бар да, нақты таныту жоқ. Екіншіден, бір-біріне қарауы да жалпылама берілген. Себебі енесінің лағына, лақтың енесіне қарауын бейнелегенде, әрқайсысының өзіндік қимылы, өзінше «қарауы» болады ғой. Мәселен, Абайдың «Жаз» өлеңінде:

Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып ыңкылдап.
...Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап,—

деген жолдардағы түрлі суреттерді бірдей етіп алып, тек құлын-тай емес, ат, айғыр, биелер де сол сәтте «айнала шауып бұлтылдап» жүр десек, не болар еді? Онда өмір құбылысы ерекшелігін: тыныштық жағдайда көбінесе тойынған ат, айғыр, биелер қимылсыз тұратынын, ал құлын-тайлар неғұрлым мазасыз екенін, өйткені тынымсыздық құлын-тайдың жүйрік, қайратты боп өсуі үшін қажеттілік екенін, ескермеген болар едік. Сөйтіп табиғат құбылыстарын екшеп, жіктеп, жинақтап және даралап

алмай, тек көзге іліккенді тізе беруден нағыз көркем туынды тумайды демекпіз.

Табиғат құбылысын нақты деталь, шынайы сурет, үндес көріністер арқылы суреттеу бар да, жеке бір шартты, абстрактылы сурет жетегінде кету бар:

Келдің бе, көктем,
Көктемім менің келдің бе?
Асыға күттім,
Аңсата бердің сен мүлде.
Қуанттың жанды, жабырқап бір сәт калып ем,
Бөлмеме менің, ақ шуақ болып ендің де
Бұр болып келдің,
Бұтақтарына талдардың.
Сыр болып келдің,
Көздерден нұрлы аңғардым...
Ініммен бірге шаң-шаң боп ойнап жүретін,
Көрші қыз қалай өзгерген бүгін, таң қалдым.
Ән болып келдім,
Бал таңдайына бұлбұлдың,
Сән болып келдің,
Шикандай жерді гүл қылдың,
Өз иісің сіңген көк майсаңа жата қап,
Қуанғаным шығар,
Жынданғандай бір күлдім...
Жандыны қойшы, жансызға бүгін жан бітіп
Құстардан ағаш қол соғады ән күтіп.
Жалт ете қалған ботаның мәлдір көзіндей,
Мөлт ете калып,
Көрінбей кетті таңғы шық.
Ауаны айтшы!
Аңқыған иісі, бал дәмді.
Шабытка мініп,
Бұлақ та әнге салған-ды.
Қызылды-жасыл киініп қыздар шыққанда,
Жасаурап көзі, ауызын ашып шал қалды... -

(Рахымжан Өтегеновтың «Келдің бе, көктем» өлеңі).

Толық келтірілген бұл туынды айтуға тұрмайтын онша сорлы да емес. Алғашқы аяқ алысынан-ақ шығарма авторынан үлкен үміт күтуге болатыны да аңғарылады. Өлеңде көктем келгеніне ақын қуанышы біршама сәтті ашылған да. Әйтсе де ақын көбіне құбылысты дәл, айқын бейнелеу орнына, шартты, бұлдыр көріністер, жалпылама айту жетегінде кеткен. Өлеңде көктемнің бұлбұл таңдайына ән боп келуі, ағаштың құстардан ән күтуі, бұлақтың әнге салуы айтылады. Көктемде бұлбұл, бұлақтың ән салатыны, ағаштың ән күтуі, — бәрі орынды. Бірақ олардың бәрі әйтеуір әндетпейді ғой: бұлбұл бұлбұлша, бұлақ бұлақша үн қатпай ма? Айталық, бұлбұл тамылжытып сайраса, бұлақ сылдырлап

(не басқаша) ақса, әрқайсысының өзінше «әндеткені» емес пе? Әйтеуір әндетеді деген жалпы буалдыр түсініктерден гөрі, жан-жануар, табиғат құбылыстарының әрқайсысының өзінше «әндетуі» әдемі емес пе?

Адамдар ежелден табиғатты образды түрде қабылдаған. Кеше де, бүгін де, ертең де: «Жер айналып кеткендіктен, Күн қозғалмай, өз орнында қалып, көрінбеді, не көрінді», — дегеміз жоқ, «күн шықты», «күн батты», «күн сығалап қарады» деп жүрміз. Кей ақындар күнді, тіпті, жымындатып қойса, оған да тәнті боламыз. Сондай суреттерден адам сезімінің ізін, табиғатқа белгілі бір сезім көзімен қарау салтанатын, танып, тамашалап келдік, тамашалай береміз де. Белгілі ақын Максим Танк:

..Солнце разбудило поутру
Сойку, и кукушку, и синицу.
Только травы крепко спят в бору
Обойди их — сладкий сон им снится, —

деп жазыпты. Әсіресе, соңғы суретке, шөптің тәтті ұйқысы, түс көруі болатынына, сенбеу, әсерленбеу мүмкін емес.

Табиғат көріністерін бейнелегенде, нақтылық, дәлдік және оны жандандыру табиғи ұштасқан кезде ол суреттер әрі табиғат әдемілігін ашуға, әрі лирикалық қаһарман көңіл-күйін, қуанышын т. б. жайып салуға қызмет етеді. Несіпбек Айтовтың «Түнгі сурет» өлені — бұған айқын дәлел.

Әдейі қолмен әкеп қойғандайын,
Шыңға кеп сүйей қалса ай маңдайын,
Жамырап шыға келер қарсы беттен,
Ақ нұрға алақанын жайған қайын.
Тау іші тына қалып сілтідейін,
Сырғиды қараңғылық бұлты кейін.
Төменге себезгілеп түскен сәуле
Тиеді тас түнекке түрпідейін.
Көрініп бірте-бірте сай табаны,
Көңілің алабұртқан жай табады.
Іркіліп қараңғылық қара судай,
Қайсыбір қалтарыста шайқалады.
Сияқты сөз бергендей алаша таң.
Қарайсың айналаңа балаша таң.
Түскендей иығынап алып таудың,
Кенеттен сыпырылып қара шапан.

Қарсы беттен «жамырап» шығуынап танылған қайын жиілігі, көптігі, сай табанына жоғарыдан жарық түскен-

де, қараңғылықтың іркіліп, қара судай шайқалып көрінуі, — бәрі нақты, әдемі суреттер. Сол нақтылық пен қатар мұнда табиғат құбылыстарын жандандырып көрсету талабы да бар: айдын шыңға маңдайын сүйеуі, қайыңның ақ нұрға алақан жаюы.

Нармахан Бегалиев 1981 жылы шыққан «Жотадағы жал» жинағында сурет қызығына түсіп, табиғатқа өз сезімін күштеп таңуға жиі барады екен:

Сарытап жапырақ бүрсендеп,
«Сәуірге жетіп өлсем» деп,
Жалғызын күткен анадай,
Тұрады ылғи кемсендел,
«Сәуірге жетіп өлсем» деп. (3 б.)
Көленке көлбеу сайға ығып,
Ойлылық қонып ойпаңға,
Шәйқурай шаңнан шайлығып,
Жай ғана басын шайқауда.
Жусан шаршайды
Шаңқан шабыт шалдырмай
шаршағанымдай.

Аңызак сусын аңсайды,
Ақтарыла мен сені аңсағанымдай, (13—14 б.)

Осындағы сарытап жапырақтың бүрсендеуі, тіпті кемсендеуі, шәйқурайдың бас шайқауы, — бәрі біршама конымды суреттер. Бірақ сол шумақтардың өзінде ақынның табиғат құбылыстарын өз қалауына күшпен бағындыруы, қолмен июі, сөйтіп жасандылыққа ұрынуы, табиғаттың объективті заңдарын елемей, тым баса көктеуі де бар. Ойпаңға ойлылық қонды, жусан шаршады деген көңілге қонбай-ақ тұр. Табиғатты жандандырып бейнелеу көп ретте әдемі-ақ, бірақ оның да орыны, шегі бар дегіміз келеді. Ақын табиғатты өз түйсігіне, тілегіне сай не бермеуі керек; оның өз заңдары болатынын ескеруі қажет; табиғаттың біршама өз дербестігін сақтауына орын қалдырғаны жөн.

Табиғатқа ақыл тоқтатқан білімді, ересек адам көзімен ғана емес оны ерекше ғажап сыр көрген бала көзімен, аңқау көзбен қараудың да өз мәні, орындылығы бар. Табиғатқа ерекше көзбен, бала көзімен, аңқау, сенгіш көзбен қарағанда, ондағы әр құбылыстың нақты берілуі, көріністердің сол адамның көру-сезу ерекшелігіне сай алынуы — бәрі әдемі үндесуі шарт. Сонда табиғат көп қырымен кең ашылып, ажарлана, құлпыра, жандана түседі. Сәрсенбі Дәуітовтың «Көктем — күн қызы» өлеңінде қыс, күз, жаз, көктем туралы халық аңызы орынды пайдаланылады. Сонда ананың тасба-

уыр, соғысқұмар кіші баласы қысқа айналады. Сол тұстағы сурет — деталь да қатыбас кенже ұлдың, қыстың, ерекшелігіне сай, соның дара сипатын ашуға лайық берілген:

4-3-22 №18 ч. V. 1979.
2-55

Ал аязы — ала мерген
Арық-тұрақ малды атқан.
Мұздан қақпақ жаба салып,
Суды-дағы тоқтатқан.

Осындағы суық әсерінен су қатуын бейнелегенде, «мұздан қақпақ жаба салып» деуі — табиғатқа ерекше, ғажап, сенгіш көзбен қарау нәтижесі. Сондай-ақ өмір — көктем несі қызға, берілген үлес те осы ерекше көзбен қарау жемісі:

Көктем қызға берді анасы
Аралауға орманды.
Махаббатты қиялдауға
Сыйлапты аппақ арманды.
Уыстауға құшақ-құшақ
Төбелерге гүл берген.
Аспан астын жырлатуға
Алуан сазды үндермен.

Құбылысты тап басып, дәл беру ғана емес, оны өзіндік бір ойнақылықпен бейнелеудің де мәні зор. Сәрсенбі Дәуітовтың «Туған жер» өлеңі былай аяқталады:

Шалғыннан бөліп, омырауын беріп сүйенген,
Жұлжиды гүлді, еркелей ме екен жиен — жел?
Шалқалап барып, шамырқанып барып құлайды,
Серпіліп тұрып, қанталап жүзі жылайды,
Қымбат-ау, шіркін, тамырын жайған сүйем жер!

Осы шумақтағы жиен-желдің гүлді жұлқуына арнайы назар аударғымыз келеді. Мұнда сурет дәл берілуімен қатар ақын көңіл-күйінің өсуі, өзін еркін сезінуі, еркелеу, ойнақылық әсері де бар. «Еркелейді» деп қадап айтып, табиғат құбылысын белгілі бірқалыпқа салудан гөрі, «еркелей ме екен» деу арқылы табиғат мүмкіндігін, ерекшелігін кеңейте түскен. Біз де ойланамыз: еркелей ме екен, еркелемей ме екен? Сұраққа кесіп жауап беруден де оның осылай сан қырлы күйінде қалуы шығарма әсерлілігін арттыра түседі.

Табиғаттың белгілі бір құбылысын алып, содан адамға ой саларлық идея өріп шығару орынды. Бірақ ақын ойы мазмұнды, әсерлі болу үшін де табиғат көрі-

нісі өзіндік қайталанбас ерекшелігімен ұйытып алуы керек. Табиғат құбылысын бейнелеуде нақтылықтың жетіспеуі сол көрініс әсерін қабылдаушы лирикалық қаһарман сезімінің жете ашылмауына ықпал етеді:

Көктем құшып, тұрғанда әлем қуанып,
Құлпырдың да сола бердің қуарып,
Өнуіне, өлуіне бір ғана,
Көктем таңын кетпек пе едің куә ғып?
Ғашық күннің шығуы мен батуын,
Кәп тосуға жетпеді ме батылын?
Өзің-дағы қалдың ба әлде байқамай,
Өлерінді, соларыңды ақырын?!
Кас қағымда қураймын деп тым жылдам,
Кейпінді мен көре алмадым қынжылған.
Күліп тұрып, өліп кеткен ерсің бе,
Босағанда көк мұз — бұғау, шынжырдан?!
Токта, токта өскен ойды азық қып,
Ақынсың ба, өлеңінді жазып біт.
Құмар болып аптапка, сол аптаптап
Мерт бола ма сұлулық пен нәзіктік?!

(Қабылхан Күзембаев. «Бәйшешекпен сырласу»).

Міне, өленде сырт қарағанда ой да, сезім де жеткілікті тәрізді. Бірақ басты идея, ғұмыры қысқалыққа қынжылу, өткінші әрекеттен де өмір сүюшілік ізін көру идеясы жете берілмеген. Себебі не бәйшешек құлпыруын, не солуын нақты көрмегесін, оның тез өсіп, тез өлуін тек баяндау арқылы естігесін, онша әсерленбейміз.

Танымал ақын Серікбай Оспановтың «Қос қарағай» өлеңінде катар өскен қос қарағайдың бірі кесілгені, соның лирикалық қаһарманға көп ой салғаны баяндалады. Демек өлеңнен алдымен қос қарағайды елестетерлік нақты деталь-суреттер іздеуіміз заңды. Ал, бірақ осы бір тым ұзақ он шумақтық өленде, қарағайды дәл бейнелеген бірде-бір сурет жоқ дерлік. Тек өлең басталымында қарағайды жел тербегені айтылады, оның өзінде де сол ағаштың өзіне тән емес, әйтеуір бір қозғалыс болғанын сырттай баяндау ғана бар. «Өзіндік тербелісі несі?» деген таңырқау туғызбас үшін анықтай кетейік: жел соққанда, қарағай мен шіліктің, немесе толыса өскен қарағай мен жас талдың тербелуі бірқалыпта, бір сипатта болмайтыны белгілі. «Ақын өз сезімін күйтесе болды емес пе, қарағайды дәл, кең бейнелеу неге керек?» деуге де болар. Біріншіден, біз де ақын қарағайды жан-жақты түк қалдырмай сипаттап берсін деп отырғамыз жоқ. Екіншіден, өлеңдегі негізгі идея қос қарағайдың бір сыңарының орынсыз кесілуіне бай-

ланысты болғандықтан, біз не кесілгеніне дейінгі, не кесілгеннен кейінгі қарағайдың қалпын берерлік бір-екі детальдың өте қажет екенін айтып отырмыз. Ал оның орнына өлеңде қарағайдың бір сыңары кесілуіне деген лирикалық қаһарман наразылығы тізіле берген:

...Жалғызсың,
Енді неге жетер күшің,
Өмірден жабыркаумен өтермісің?
Сыңарынан айрылған аққудай боп,
Морт сынып,
Жерге құлап кетермісің?!
«Құдайға» керек пе еді құлағаның,
Осы ма еді өмірден сұрағаның?
Шерт сырыңды,
Екеуің ұлы ма еңдер,
Емшегін еміп өскен бір ананың?!
Қалдым-ау сансыз ойға қамалып мен,
Екеуіңнен нәр алып,
Жаралып па ем?!
Қос қарағай, қосылған арман ба едің,
Жоқсың бірің..
Жоғалған балалық па ең?
Сені көрген ақыннан жыр ағылған,
Арылар күнің бар ма, сірә, мұңнан?!
Қос қарағай..
Бұл күнде бірің жоқсың,
Көз жазып қалдың қалай сыңарыңнан?!..

Сан қайталап сырттай егілуден де қарағайдың әсемдігін, ерекшелігін танытатын бірер нақты сурет әсерлі болар еді. Айталық, С. Сейфуллиннің «Ырғалған көкке бойлап қарағайы» деген бір ғана тармағынан кейін сол қарағайдың мерт болуы берілсе, не болар еді. Оқырман әрі ырғалған, әрі көкке бойлаған (әйтеуір бір болған, болуға тиістіні емес) қарағайды қимай тебіренер еді. Үңіле қарасак, ырғалған қарағайға тура ешкім тиіспесе де, соның маңында асқан сұлу қалмақ қызы өз мұңын шағады ғой. Сонда «аш белі көк шыбықтай солқылдаған» қызды өзі сүймеген, бөтен адамға беруге кім қияды? Демек қыздың жан сұлулығы, тән сұлулығы ғана емес, алдында ғана көрінген табиғат әсемдігі де, оның ішінде қарағайдың ырғалуы да, әсемдікті аялау сезімін өрбітіп, сол арқылы оқырманның қызға деген жанашырлық сезімін арттыруға қызмет етпей ме? Міне, көп жалаң баяндаудан, айқайлап сөз тоғытудан, күрсіну мен «дірілдеулерден» біраз тұста бірер детальдың, бірер нақты көріністің асып түсетініне бір дәлел — осы.

Асылы, табиғаттың белгілі бір құбылысын танытуды мақсат етіп, сол көздегеніне жете алмау елеулі кемшілік дер едік. Көптен жазып жүрген Өкім Жайлауовтың әдеби журналға басылған «Ұлпа қар» өлеңін оқып көрейік:

Әлгіде

 қар жауғаны,
Аспан жүзін қабартып
Айналаны, ауланы
Ажарлаған ағартып.
Аппақ ұлпа үйілген,
Ағаштарды
 тұр көміп.
Талдар төмен иілген,
Жас келіндей
 бүркеніп,
Сұлу қайың сыланып,
Лағыл моншак тағынған,
Жасыл шырша қыналып,
Қысқы әлпетін сағынған.
Қар жамылған қарағай,
Ұшар басы жалтылдап.
Суық күнге қарамай,
Адамдар жүр жарқылдап.
Көшелер де жасанып,
Әдемілеп киінген.
Алматы — ару жасарып,
Көркіне көз сүйінген...

Көріп отырғанымыздай, өлең алғашқы ұлпа қарды, қар әсерімен өзгеріп, әсемденген қаланы жырлауға арналған. Ұлпа қар бейнесін біршама елестетеді де. Бірақ суреттердің дәл еместігі, сәйкеспейуі, сырттан жапсырылған жасанды ойлар кіріп кетуі — бәрі өлеңді ақсатып тұр. Мәселен, бесінші, алтыншы тармақтағы суретті алайық. Қар қайда үйілген: жер бетінде ме, жоқ, ағаш бұтақтарында ма? Жер бетіне үйілсе, онда ағаштарды «көміп» тұрғаны қалай? Қар қанша көп болса да (елде жоқ, күнде жоқ, бір қар аттанысы боп кетпесе), ағаштың түбін көміп, ұшар басы болса да, көрініп тұрмаушы ма еді? Мүмкін ағаш бұтақтарына үйілген болар. Онда да ағашты мүлде жауып, қар көмуі сенімсіз. Сөз жоқ, «көміп» сөзін қолдану арқылы ақын қар көптігін білдіргісі келген. Бірақ қар көптігін айтам деп, сурет дәлдігін, шынайылықты ескермеген. Көму сөзінің негізгі мағынасы жартылай ғана жабу емес, мүлде жабуға байланысты екенін ұмытпағанымыз жөн. Әйтпесе «қызды-қыздымен» «көму» мағынасы өз-

гере келе «ашу» мағынасына барып ұласып жүрмесін. Үшінші шумақтағы қайындардың лағыл моншақ тағынуы орынды. Бірақ ізінше жасыл шыршаның қыналуы қалай? Ағаштардың бәрі қар жамылып, жуандап, зорайып кеткенде, жалғыз шыршаға қыса тартып буынып, жіңішкерердей не күн туыпты? Мүмкін шыршаның жоғарғы жағында бұтақтар қалың боп, қарға бөленіп ажарланып, ағарғаннан кейін, жалаңаш етегі, діңі сидиып көрінгені ме? Әйтеуір сурет айқын емес, түсініксіз. Оның үстіне сол сәтте жасыл шыршаның қысқы әлпетін сағынғаны қалай? Мұнда іздеп сағынарлық ештеңе жоқ, қайта қыс белгілерімен емін-еркін қауышып тұр емес пе? «Адамдар жүр жарқылдап» жолы да тым жеңіл, арзан. Адамдардың бәрі жарқылдап жүр деп үстірт баяндап өткенше, әйтеуір кіріскен екен, сол адамдардың әр тобының өзіндік қуанышын даралап, бірер деталь арқылы аңдатып өтуге болмас па еді? Мәселен, балалардың шуылдап, беттері қызарып, қар атысып ойнауы, бойжеткендердің сыңғыр күлкісі, қартаң адамдардың құлап қалмас үшін аяғын байқап басуы, сабырмен езу тартуы, т. б. Өлендегі бесінші шумақ қар жауғаннан кейінгі қала әдеміленуін бейнелеуге арналған. Тағы да үстірт баяндау, суретсіздікке тап боламыз. «Жасанған» дейді. Қалай жасанған? Қалай әдемілеп киінген? Көктемде де жасанады ғой, бұл өленде қыста да жасанды деп беріліпті. Демек қыста жасанудың өзіндік өрнегі болмаушы ма еді? Міне, осындай олақ суреттерден кейін өлең соңында «қызық қой қыс кезі де» деген лирикалық қаһарман тамсануы оқырманға еш әсер етпейді. Себебі оқырман қыстың әдеміскенін де, қызық екенін де көрген жоқ, тек естіді.

Табиғат құбылыстарын нақты көрсетіп қою да жеткіліксіз, адам сезімін даму үстінде бейнелеу тәрізді табиғат көріністерінде өзгеріс, өрбу барысында суреттеудің мәні зор. Асқар Егеубаевтың «Қара күз» өлеңінде лирикалық қаһарманның өз сүйгенімен үш кездесуі берілген. Үш душарласуға да тұтастық беріп, үш жауын өрнектелген. Үш жауын, үш жүздесу, үш түрлі көңіл-күй — бәрі бір-бірімен жарыстырыла, дамытыла алынған. Өленде алдымен лирикалық бейнелердің әлденеге ренішті болған екінші бір түйісуі сөзі болады. Сол тоқайласу үстінде лирикалық қаһарман алғашқы қауышуды еске алады. Екінші жолығуда, әйтеуір бір реніш бар: «Түксидік қабақ қарысып». Соған сай табиғат құбылысы, жауында да, біртүрлі ауырлық, салқындық

сезіледі: «Сытырлап ине-қамшылар, // Осады өші қалғандай». Ал бұрын ше? «Бір кезде осы тамшылар, // Сезілуші еді-ау маржандай». Ол аз десеңіз: «Бұндайда бұрын жарысып, // Билеуші ек нөсер астында». Ал соңғы жолығуда олардың тағы да бір-бірінен алыстағаны байқалады. Бірақ бұл салқындау мен алғашқы кірарзу бір емес. Екінші душарласуда, алғашқы реніш кезінде, өткендегі жақсы сәттерді аңсау, соған асығу басым болса, бұл жолы өткеннің қайта келмесіне мойын сұну әсері де бар:

Ал бүгін соның біріне
Сенбейтін халге жеттік пе?
Көк нөсер күздің піріне
Пенде боп біздер кеттік пе?

Әйтсе де алыс кетудің азапты болғанын танытуда басты салмақ тағы да табиғат еншісіне тиеді:

Күмілжіп көше бұғады,
Көгілжім мұнар төңірек.
Күзгі өзен үні шығады
Күркіреп емес, еңіреп...

Ең алғашқы ұшырасуда жаңбыр тамшылары маржандай болса, екіншіде, кіділену сәтінде, инедей осса, бұл жолы тым ауыр да емес тәрізді, бірақ өткінші де емес, ұзаққа созылғаны көрінеді:

Қымтана түсіп налыдық,
Шытады күз де қабағын.
Жеті күн нөсер сабылып,
Жеткізді жаңа хабарын:

Мамығы қайтқан құстардың,
Қалықтап жатты бақтарға...
Мекені нөсер шақтардың
Оранып жатты ақ қарға.

Ал лирикалық бейнелер ше:

Пана боп құйттай қол шатыр,
Оралып өттік қақтарды.

Міне, мұндағы тоңырайысу әйтеуір болған, болуға тиісті емес, тек есейген, көпті көрген сабырлы адамдарға тән өзіндік реніш болуымен де шынайы, әсерлі. Сөйтіп бұл туындыда әсерлілік кілті адамдар сезімін шынайы даралап беруде ғана емес, сонымен қатар табиғат құбылыстарын нақты өрнектей білуде екені көрінеді.

Бір түрлі дерлік табиғат құбылысын лирикалық қаһарманның үш түрлі қабылдауы — өлең идеясын дамытып, әсерлі беруде басты роль атқарып тұр.

Әрине, табиғатты бейнелеудің қыр-сыры бұл айтылғандармен еш шектелмейді. Бір мәселеге баса назар аударғымыз келеді: ол — табиғатты бейнелеуге де үлкен дайындықпен келу қажеттілігі.

МАХАББАТТЫ ҚАЛАЙ ЖЫРЛАП ЖҮРМІЗ?

Бүгінгі жастар поэзиясында махаббат — кең жырланып жүрген мәнді тақырыптың бірі. Махаббатты жырлауда жинақталған тәжірибе мол екенін, бай дәстүрді қазіргі жастардың қалай дамытқанын ашу үшін алдымен осы тақырыптың игерілу тарихына қысқаша шолу жасағымыз келеді. Махаббатты жырлау сонау көне заманнан, ауыз әдебиетінен басталатыны белгілі. Мәселен, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында ғашығын іздемек болған баласына анасы: «Сансыз жылқын, сан қойын қалды артыңда, // Кімге тастап кетесің, Қозы Көрпеш?» — десе, ұлы: «Сансыз жылқы, сан қойым қалса артымда, // Бір күнде қырылса да керек емес» — деп жауап қатады. Міне, мұнда Қозының махаббат үшін ештеңеден тартынбауы, дүние бетіне қарамауы, бірбеткейлігі біршама ашылған. Сондай-ақ Қозының одан әрі жол азабына шыдауы, қауіп-қатерден сескенбеуі — бәрі де махаббатқа деген шексіз құштарлықты танытады. Осы орайда ұнамды қаһарманның сүйгеніне деген шексіз құштарлығы, асқан төзімділігі, ерен ерлігі ерте заманда шығыс елдеріне кең тараған. «Бозжігіт», «Сейфүлмәлік», «Таһир — Зухра», «Жүсіп — Зылиха», т. б. хикая-дастандарына өзек болғанын еске алу орынды. Сөз жоқ, бұл туындыларда қиындықты беруде де, қаһармандардың сол кедергілерді жеңу процесін бейнелеуде де әсірелеу, шарттылық орын алды. Мәселен, «Жүсіп—Зылихадағы» Зылиханың ғашық жарынан лебіз тосуы, оны күтуі бірер күн, бірер ай, бірер жыл ғана емес, ондаған жылдарды қамтып, жас қыздың соқыр кемпір болуына дейін созылады. Міне, соншалық шексіз құштарлық, асқан шыдамдылыққа негізделген ерекше махаббатты бейнелеуде әсірелеудің де ролі зор екенін көреміз. Мұндай әсірелеу үлгілерінің ешқашан да ескірмейтіні белгілі. Бұл бірақ тек әсірелеумен, тек ерекше адамдардың айрықша биік сезімдерін жырлау-

мен шектелу керек дегендік емес. Қазақ жазба әдебиетінде реализм әдісі дамып, кемелдену барысында махаббатты бейнелеуде де өзгеріс, ілгерілеулер көрініп отырды. Мәселен, Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінде, әйтеуір ерекше биік, жалпы болуға тиісті махаббат емес, оның қарапайым адамға тән «өзіндік» түрі өрістейді:

Таймандамай тамылжып,
Бір суынып, бір ысып,
Дем ала алмай дамыл қып,
Елең қағып, бос шошып.
Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі.

Осы өлеңінде суреткер сонымен қатар адам сезімін ашуға дайындық ретінде табиғат әсемдігін пайдалану шеберлігін танытты:

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Сөйтіп, көркем табиғат аясында, зейнеттілікке зейнеттілік үстеп, өзіндік сезім, әрекет арқылы нақты өрнектелген махаббат сезімі әрі әдемілігімен, әрі қайталанбас дербестігімен оқырманды баурап алады.

Сәкей Сейфуллиннің 1915 жылы жазған «Жазғы түнде» өлеңінде мынадай жолдар бар:

Тоймаймын тағы сүйдірсең,
Құшақтап оттай күйдірсең,
Деміме қосып деміңді,
Балаша айтқан сөзіңе,
Қаттырақ қысып өзіңе,
Еркелеуші ең бұралып
Қалжың ғып жауап қатқанда,
Бозарып және сарғайып,
Біртіндеп көкке нұр жайып,
Талауранып қызарып,
Адырлы таудан бері асып,
Шапақтап шеттен нұр шашып,
Қайтушы ек талай ауылға
Атқанда таң, атқанда!..

Міне, бұл үзіндіде лирикалық кейіпкерлер (жігіт пен қыз) өмірінің бір сәті қарастырылған. Өзіндік сезім, қимыл-әрекет, мінез, қылық — бәрі де нақты берілуімен де әсерлі. Әсіресе қыздың еркелеп бұралуының өзі махаббат әсемдігі туралы жалпылама айтылған

нуі оңай емес. Назар аударайық: тегенедегі қымыз сапырылуы емес, тіпті одан анағұрлым көлемді өзен-көл астан-кестен болуы да емес, теңіз қозғалысы. Толкынның қатты тулағаны сондай, әншейінде тапжылмайтын, көтеріп қозғау мүмкін емес делінетін, соншалық салмақты шың-құздың өзін шайқалтады. Лирикалық қаһарманның «қып-қызыл өрттің ішінде» жүруі де қиындықты тұлғаланта түседі. Бәрі де бұдан артық не қатер керек еді дегізгендей. Сондай сүргіннің ішінде жүрген лирикалық қаһарман не ойлайды? Лирикалық қаһарман махаббатының биіктігі, айрықшалығы соншалық, ол тербелген теңізді, шайқалған шың-құзды, қып-қызыл өртті кеше жүріп, қауіп-қатерден, өлімнен қалай құтылуды емес, алдымен өз ғашығын көруді армандайды. Сөйтіп лирикалық қаһарман шеккен кесек ауыртпалықтардың бәрі септесе, тұтаса келе оның махаббатының ұлылығын жарқыратып ашуға қызмет етеді. Демек махаббат сезімін шынайы, әсерлі бейнелеу үшін сол жолдағы қиындық салмағын жете ашу керектігі де осы өлеңде айқын көрінген.

Шамамен елуінші жылдардың орта тұсынан бастап, асқан қайратты, кесек әрекет иелерінің ғана емес, әдеттегі көптің бірі, қарапайым жандардың өзіндік табиғи махаббатын жырлауға ден қою өсті. Махаббатты жырлау жан-дүниесін жан-жақты ашу талабына бағындырыла бастады. Мұны біз соңғы отыз жылда жазған: Ә. Тәжібаев, Қ. Бекхожин, С. Мәуленов, Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, Т. Әбдірахманова, Ф. Оңғарсынова, Т. Айбергенов, К. Ахметова, т. б. өлеңдерінен анық көреміз. Міне, мұның бәрі бүгін махаббат тақырыбын жырламақ болған жас талапкерге алдыңғы бай дәстүрді қалай игеру, қалай дамыту талабын қоятыны анық. Бүгінгі жас ақындар поэзиясына қарап отырсақ, игі дәстүрді жаңа биікке көтеру үлгілерін де, жеткен белестің өзіне иек арта алмай, кері кету, қияс қалу фактілерін де көп кездестіреміз. Иә, сонымен, қазіргі жастарымыз махаббатты қалай жырлауда? Назар аударарлық жетістіктеріміз, жиі байқалатын кемшіліктеріміз қандай? Аға сыншы Мұхамеджан Қаратаев «Жалын» альманағы бетінде жас талапкер Гүлнар Өмірзақованың «Сағынышым» өлеңі туралы: «Өлеңге мінез керек. Ол ешкімге ұқсамайтын мінез болуға тиіс. «Сауыт киген Күртқадай құрсаулымын» деп қазақ қызы айтқаны қандай жарасымды. Ұлттық колорит дегеніміз осы», — деп жазған екен. («Жалын», 1, 1985, 17 б.).

Үлкен ғалымның жаңалық дәнін, ерекшелік мәнін ашқан пікірін құптай отырып, сол өлеңдегі мына бір шумаққа назар аудармақпыз:

Тұрақтылық
Бағытыма ұстармын
Шырақ қылып,
Айып етпе,
Бір кеште жан досыма
Сүйем дедім,
Мен сені жылап тұрып
Осы дедім,
Мәңгілік тұрақтылық.

Тек «күйдім», «сүйдім» сөздерімен лирикалық қаһарман сезімін жалпылама баяндай бермей, оның бірер әрекет, сөзі, бір досына жылап тұрып сүйетінін ақтаруы арқылы танытуы, бір қырлы емес, бірнеше сырлы күрделі сезім бетін аңғартуы, соншалық әсерлі.

Ал Мылтықбай Ерімбетовтың мына өлеңі ше:

Сен күлсең — ән мереке жалғасындай,
Түнерсең — қайғы бұлты жармасқандай.
Сөйлесең — ой-қиялым алға асқандай,
Үндемесең — мұз қысып, қар басқандай.

Мен — қайыққа, ұқсайсың кемеге сен, —
Саған ұқсап мұхитпен ерегесем!
Адам болып қуанам — сен елесең,
Жағадағы балықпын — елемесең.

Сен — ормансың, секілді алып қорған,
Сұлу күнсің — жиекке барып қонған.
Бұлбұлыңмын — тобынан қалып қойған,
Сайратуға торыңа салып қойған.

Жүрегімнің баса алмай бір аптығын
Жүгінемін бостандық сұрап бүгін.
Сен сүймейсің, мен болсам — құлап күнім
Түн түнекте қалатын сияқтымын.

Аспан күлін, жайнаса гүлдер біткен,
Соның бәрі мен сені сүйгендіктен!
Өзінді ойлап өткіздім түнді ерлікпен,
...Ал таңертең: «Тойыма келіп қайт», — деп
Шақырыпсың жайымды білмей тіптен.

Сөз жоқ, өлеңде сәтті баламалар, сезімнің жылт еткен әсерлі сәттері баршылық. Алайда әдемі баламаларды тоғыту үнемі орынды бола бермейтінін, біраз ретте сезімді шынайы, дәл бейнелеуден аулақтатуға қызмет етуі мүмкіндігін осы орайда еске салғымыз келеді. Мәселен, лирикалық қаһарман масайрауын ән-ме-

реке жалғасуы, ой-қиялы алға асуы, адам болып қуануы, т. б. жете ашып тұрған жоқ. Сондай-ақ лирикалық қаһарман қайғыруын, қиналуын «қайғы бұлты» жармасуы, мұз қысып, қар басуы да толық көрсете алмайды. Себебі әр адам қуанса, не қайғырса, өз мінезі, жас ерекшелігіне т. б. сай тек өзінше жадырауы, не мұңаюы мүмкін. Сабырлы адамның шаттануы мен мазасыз, елгезек жанның насаттануы бір еместігі, үмітшіл мен уайымшылдың жайрандауы түрліше болатыны белгілі. Міне, осындай әр түрлі, өзіндік дара сезім орнына жалпылама сезім алынуы лирикалық қаһарман жандүниесін ашуға елеулі тосқауыл тудырған. Сол себептен де лирикалық қаһарманның ғашығын алып қорған секілді орманға, «жиекке барып қонған» күнге балауы жеке алынғанда әсем боп көрінсе де, шығармадағы негізгі, басты идеяны ашуға, дамыта түсуге септігін тигізбей, өз алдына оқшау, жырақ қалып тұр. Міне, мұның бәрі өлеңдегі сәтті делінген балама, детальдардың мәні жеке алынғандығы әсеріне емес, өріле, қанаттаса келе көтерген жүгіне қарай өлшенетінін көрсетеді.

Әрине, бар жерде бірдей нақтылық керек демейміз. Біраз ретте тәптіштеу ұсақтауға, жинақтау салмағын жеңілдетуге де ұрындыруы мүмкін. Мәселен, Аман — Ғали Ербозовтың «Сенің отың» өлеңінде: «Бір мұңайдым, бір күлдім, бір егілдім» тармағы бар. Осы тармаққа шүйіліп, әйтеуір мұңаю, күлу, егілуді тізе бергенше, қаншалық қапаланғанын, қалай күлгенін, не егілгенін неге жете аспаған демейміз. Себебі мұнда ең мәндісі, керегі: мұңаю, күлудің қай түрі екендігі емес, олардың алма-кезек ауысуы арқылы толғаныс күрделілігі, сезім сапырылуы өрілгені.

Әйтеуір тауып айту, құр сырты жылтыр теңеу, баламаларды тізуге құмарту өлең салмағын арттырмайтынына көз жеткізу үшін 1983 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Жыр — бесік» жинағындағы екі ақын өлеңінен үзінділер берейік:

Сөздерің сенің балдай-ау,
Сүрінткен көзді от мүсін,
Қызарып піскен алмам-ау,
Үзіліп кеткен жокпысың.

(Алпысбай Мұсаев)

Тірлікті шаттандырып, тәтті ән қылып,
Артушы едік ататұғын ақ таңға үміт.
Нәзік ең өзің өскен қыр гүліндей,
Ерке едің бұлақтардай аққан күліп.

(Қаржау Оразбаев)

жатқан күрең тұлпарға балау қандай әсерлі?! Ол аз десеңіз, шапқылап келе жатқан тұлпардың (яғни күннің) «тұяғының астында» «ақ бұлақтың» ойнауына қараңыз! Мұндай ғажап сезім тек бір көргенге, үстірт қарағанға ғана «анайы» боп көрінуі мүмкін. Ал, шындығында мұндағы «анайы» тәрізді боп көрінген көріністер анайылыққа емес, шын әсемдікке; ластық, ұятсыздыққа емес, тазалыққа, жақсылыққа бастап тұр. Демек бұл ақынның махаббатқа көп көзбен қарап, оны сан өткелде тексеру талабынан туған, махаббатты жырлау өрісін кеңейткен сәтті туындысы деп білеміз. Сонымен қатар осы өлең «махаббатты жырлауда төсек атаулыны енгізбе» деп біржақты шектеу қоюға болмайтынын дәлелдейді. Ақын нені жазса да ерікті. Қалай, не үшін жазды? Міне, басты мәселе осында жатыр. Жоғарыда ақын тек төсекқұмарлықты дйттеді ме, жоқ, соны арқау ете отырып биік шынайы идеяға қарай жетектеді ме? Біздіңше, биік идеяға өзге жолмен, өзінше жеткізуімен де ақын көп ұтқан. Әрине, бұған қарап осы саладағы ізденістердің бәрі сәтті деп енжарлануға да хақымыз жоқ. Расында, қауіптенсе, қауіптенетіндей орашолақтықтарымыз да кездеседі:

Бетіңменен бастың келіп бетімді,
 Жымиясың сикыр сырмен не түрлі.
 Кейде бейнең зәулім аспан төріне —
 Жұмақ жаққа шақыратын секілді.
 Өзіңменен бір келіп пе ем үйге мен? —
 Дым түсінбей өзді-өзінен күйді өлең.
 Аймалайсың,

тайғанайсың төсімде,
 Үнсіз-түнсіз түк жылаусыз күйменен.
 Сәлден кейін қалғың келмей жекпе-жек,
 Құшағымнан сусып шықтың бөп-бөлек.
 Құлап түстім төсегімнен,

шыңғырып
 Ұмтылғанда кетпе, кетпе, кетпе деп...
 Өңім тұрмақ түсім арқау өлеңге,
 Аурумын ба, саумын әлде... — мені емде.
 ...Есім жинап орынымнан тұрғанда,
 Ай сәулесі аунап жатты еденде.

Сөз жоқ, толық келтірілген осы өлеңде жас ақын Светқали Нұржановтың өзіндік сәтті ізденісін танытатын суреттер аз емес. Лирикалық кейіпкер әрекеті мен сезімі арасында кереғарлық байқалуы (аймаласа да, «үнсіз-түнсіз, түк жылусыз күйменен» болуы) адам сезіміндегі күрделілікке жан-жақты қарау талабын аң-

датады. Әйтсе де ақын осы өлеңінде тек қызықтау, құмарту аясынан шыға алмай қалған тәрізді. Лирикалық кейіпкер сезімі мен әрекетіндегі кереғарлыққа назар аударып, сәтті бастаған ізденісін ақын өз биігіне жеткізе алмаған. Лирикалық қаһарманның, әйтеуір «аурумын ба, саумын ба» деп дағдаруымен, ес жиғанда, еденде ай сәулесі аунап жатуымен өлең аяқталуы сезім қайшылығын жете ашуға емес, әйтеуір бір бұлдырлыққа бастап тұр. Оның үстіне біршама әсем суреттер арасындағы «тайғанайсың төсімде», «қалғың келмей жекпе-жек» детальдары біртүрлі ынғайсыз да анайы. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген мақалды тап осы көріністерге арнауға болады.

Махаббаты бейнелеуде де өмірді қиындықсыз алу, тек жетістіктерді тізумен шектелудің зиянды екенін ұмытпаған жөн:

Сен тілейсің маған дәйім жеңісті,
Мен тілеймін саған күнді жемісті.
Сен ойлайсың менен артық жар
жоқ деп,

Мен ойлаймын сен ғана деп келісті.
Екеумізді епсіздермен, ептімен —
Теңей алман
Тексіздермен, тектімен.
Мені саған, саған мені махаббат
Таныстырған, табыстырған деп білем.
Сен де солай деп ұғасың, асылым,
Білем ғой мен, бізде сыр жоқ
жасырын.

Біздер жалғап тұрмыз, жаным,
Кешегі
Және ертеңгі махаббаттың ғасырын!

(Төлеген Берішбаев)

Ерлі-зайыптылардың тату-тәтті өмір сүргенін кім мақұлдамайды? Әйтсе де тату-тәтті тұрғанда да әр адамның өз мінезі, көзқарасына сай өзіндік ерекшелігі болатынын, түрлі өзіндік «қиындықты» аттап өте алмайтынын ескермеу сезім шынайылығын көп жұқартқан. Шығармада нағыз табиғи «өзіндік» махаббат емес, болуға тиіс делінген жалпылама махаббат ұғымы ғана бар. Демек тууы ықтимал тартыс атаулыға жолатпау лирикалық қаһарман сезімін, өсу жолын т. б. ашуға елеулі тосқауыл тудыра алады.

Лирикалық қаһарманның махаббатқа байланысты қапалану, қайғыру, өкіну, ашыну, жылау, т. б. сезімдерін, бір сөзбен айтқанда, мұңаю сезімін жырлауға қа-

лай қараймыз? Бір кезде «мұң» атаулыға секемалдана қарау да болмады емес. Сөз жоқ, адамды тек қуанған сәтімен ғана емес, қайғырған шағымен де алып жан-жақты қарастыру талабы әдебиетте бұрын да, тіпті көне заманда да кездеседі. Бірақ ол бар кезде біркелкі биік дәрежеге көтерілмегені, кейін де реализм дамуына, түрлі жағдайға байланысты пісіп, толысу жолы, сатылары болғаны белгілі. Алысқа бармай-ақ, соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта да «тартыссыздық» теориясының зиянды ықпалы болғанын поэзия зерттеушісі, ғалым Әбділда Тәжібаев орынды көрсеткен: «Социалистік қоғамда негізгі бірікпес қайшылықтар, яғни тап қайшылғы жойылғандықтан, әдебиетте де конфликт қосыла жойылады дейтін үстірт ғалымпаздық әдебиет ғылымына, ол арқылы әдебиетті өз қолдарымен жасаушылар еңбектеріне жаман әсерін тигізбей қалмады. Соның салдарынан лирикалық өлеңдерде, көбінесе сыртқы портреттер, табиғаттың да сыртқы көріністері басымырақ суреттеліп, адамның ішін ашу «орынсыз қазбақтау» сияқты қабылданатынды шығарды»¹.

Адамның күйзелу сәтін алу оқырманды тек қапалануға, уайымшылдыққа шақырады деп бір жақты түйін түюге болмайтыны анық. Тек серпіліс емес, егілу де қуанышқа қызмет ете алады. Қайғы арқылы шаттықты сақтауға үйретерлік өлеңдер де аз емес. Сонымен қатар жалаң насаттану, не бірыңғай желіну емес, олардың аралас келуін бейнелеу де өлең өрісін, өмірді қамту аясын кеңейтуде:

Қоштасайын өзінмен күліп тұрып,
Жанарымнан бір тұнық сыр ұқтырып.
Өкпелеймін несіне, бәлкім сені
Өзге бір жан жіберер ұмыттырып.

(Шәмшия Жұбатова)

Лирикалық қаһарманның іштей онша енжар еместігі («жанарымнан бір тұнық сыр ұқтырып») сырттай сыр бермеуге тырысуымен («күліп тұрып») қатар берілген. Әрі күлу, әрі толғану, — осы сезімдер астасуынан барып, шынайы да өзіндік сезім өріледі. Мұнда қаһарманды не ренжу, немесе күлкісімен ғана алсақ не болар еді? Лирикалық қаһарман сезімі бір қырымен ғана үстірт алынуымен де солғын тартар еді.

¹ Шығ. жин., 4 том. «Жазушы», 1981, 256—257 б.

Лирикада мұнның бәрі езілу еместігін, масайрау атаулы таза қуаныш бола бермейтінін ескеру керек. Қадыр Мырзалиевтің мына бір өлеңі ешкімді де селқос қалдырмайды:

Адамдардың жұмбағы мен сыры қандай
көп еді!
Өзің кейде өзің болмай, басқа болғың
келеді!
Мен білмеймін өзгере ме, өзгермей ме
шын асыл,
Кейде тіпті ащыдан да, тұщыдан да
шығасың.
Кейде әңгімең жараспайды жақын деген
жанмен де.
Айта-айта жалығасың ең әдемі әннен де!
Жоғалғандай жалын жастық бермейтұғын
оты ырық,
Кейде тіпті зерігесің қыздармен-ақ
отырып,
Сарқылғандай сенің үшін дүниенің
қызығы.
Баяғыдай етпейді әсер алма беттің
қызылы.
Бұрынғыдай ықласпен ішпейсің дос
сырасын.
Біреулермен сөйлескенде қалғып-мүлгіп
тұрасың,
Ондай кезде емдеу сені мүмкін емес
дәрімен,
Өзіңе өзің ұнамаған жаман екен бәрінен!..

Осы өлеңге қарап лирикалық қаһарман әдемі әндерден, қыздармен отырудан жалыққан екен, т. б. деп сөзбе-сөз түсіндіруге болмайтыны анық. Рас, өлеңде шаршау да, уайым да бар. Бұл бірақ қапалану, титықтауға жетелейтін туынды да емес. Жас ерекшелігіне, көңіл-күйіне сай бұл зерігу (егер зерігу деп атасак), «қалғып-мүлгу» — уайымға емес, өмірдің көп қырлы екеніне ден қойып, соны тамашалауға алып келеді. Сөйтіп бұл шығарма мұңаю да емес, шаттану да емес, бәрінің әсерін «өзінше» қабылдаған өзіндік тебіреніске, жастық шак, кәрілік, өмір мәні, ерекшелігі туралы толғанысқа жетелейді.

Әйтсе де «мұнның» да «мұңы» бар:

Ол кездерде қасымда сен бар едің,
Сен болған соң — мен биік қонған едім.
Ызғарлы суықтарда тоңбап едім,
Ып-ыстық назарыңмен қорғап едің.
Бұл кездерде сен жоқсың,

Сені аңсаймын,
 Жаңа бір қиығындай балауса айдың.
 Кім білсін қай қиырға қанат жайдың,
 Сені аңсаймын, қайтейін, сені аңсаймын.
 Білдік пе болашақтың не боларын,
 Қай сағат, кім біледі болар қай күн,
 Білмеппіз сол қызықтың жоғаларын.
 Сен жоқсың,
 Жүрегімде тұрсың бірақ
 Бал-шырын сағыныштан сусын құрап.
 Жыл өтті.
 Айлар жатыр дүркін құлап,
 Моншағы өткен күннің жүр сылдырап,
 Амал не,
 Көре алмаймыз, жүрсің жырақ...

(Рахметолла Нұрпейісов)

Жолықтың жиырмадан асқанымда,
 Бір сезім шымыр еткен қас қағымда.
 Ақтарып арманымды айта алмадым,
 Сол сәтте өзімді-өзім жасқадым да.
 Өзің деп ойласам да, асыл бағым,
 Мен енді қиялыңда, қасыңдамын.
 Батылым бармайды рас, жылдар өтті,
 Бұл күнде өзге ошақтың басындамын.
 Сезер ме кейін серпер қолды күшті,
 Өзіңе қиял құсы толқып ұшты.
 Қос поезд тоғысатын сәттердей-ақ,
 Ендігі жолығар шақ қорқынышты.

(Мінуар Әкімханов)

Міне, жоғарыда келтірілген екі өлеңде лирикалық қаһарманның өз сүйіктісінен айырылып қалғаны, соны уайымдауы бар. Біз мұңаюға қарсы емеспіз (мұңаюдың керек жері көп екенін жоғарыда айттық). Бірақ екі өлеңде де дербес, шынайы емес, жалпылама мұң алынған. Лирикалық қаһарманның жас ерекшелігіне, көзқарасына, мінезіне сай өзіндік қапалануы емес, әйтеуір бір күйзелуі үстірт баяндала беретін мұндай туындылардың оқырманды баурай алмайтыны белгілі.

Басқа тақырыптар тәрізді махаббатты бейнелеуде де сурет дәлдігінің, әсемдігінің мәні зор.

Жас ақын Баян Анарбековада да келісті, көркем жолдар кездеседі:

Ақ қырау талдарға қонақтап
 тұрғанда ауылдан хат келді:
 «Бұла қыз, ақ қардай бол аппақ,
 Жанымның жалауы — ақ белгі...»

Ал, бірақ өлеңнің бастапқы шумағы қақында мұны айта алмас едік:

Қарайлап күткенім осы еді,
Хат келді азырақ кешігіп.
Мерейім сәт сайын өседі,
Сезімім жібек боп есіліп.

Кешігіп келген хатты алу кезіндегі лирикалық қаһарман қуанышын бейнелеу үшін «мерейім сәт сайын өседі» деп алу орынды боп тұр ма? Сүйгенінен хат келгенде, жүз адамның жүз түрлі қуанатынын қайталап айтумен қабат сол сан қырлыны өрнектеуге соншалық сөздер сұранып тұратынын да еске салғымыз келеді. Айталық, лирикалық қаһарман қуануын нақты ашу үшін: жайнаңдау, жайрандау, масайрау, насаттану, арсалаңдау, шаттану, шалку, серпілу, лепіру, ойнақтау, албырау, далию, мәре-сәре болу, т. б. сөздерінің бірін алған тиімді ме, жоқ, дәлдіктен гөрі жалпылама айта салу жөн бе? Немесе, осы өлендегідей «сезімім жібек боп есіліп» ұтымды ма; хатты ашарда қолы дірілдеуі, жүзіне қан тепсінуі, көзіндегі қуаныш жарқылы, өзіндік бір жылы лебізі дегендей т. б. сезімін, әрекетін нақты көрсету қолайлы ма? Біз бар жерде бірдей осылай кескіндеу керек дегелі тұрғамыз жоқ. Әйтсе де осы орайда лирикалық қаһарман сезімін шынайы да әсерлі беруге бөгет тудыратын бір кемшілікке баса назар аударғымыз келеді. Ол — лирикалық қаһарман сезімін, іс-әрекетін шынайы да дәл суреттеу орнына әйтеуір бір балама, теңеу жетегіне ере беру. Кез келген балама өлендегі негізгі идеяны ашуға себін тигізсе ғана жемісті болатынын да қайталап еске салуға тура келеді. Нақтылық, дәлдік, әйтеуір бір дара мақсат емес, лирикалық қаһарман сезімін шынайы бейнелеуге бастайтын өзекті арналардың бірі. Біздіңше, жас ақын осыны жете ескермеген.

Махаббатты бейнелеуде де шығарма композициясын дұрыс құра білудің де мәні үлкен.

Көз алдымда кірпігің дірілдеген
Жасырғандай тұңғық сырын менен.
Қандай әсем жыр жазам,
Көремісің,
Сені сүйген жүрекпен бүгінде мен!
Сағынышқа өртенген кезім менің,
Көкіректе отым бар,
Көзімде — мұң.
Аяулым-ау, кеудемде ұя салған
Ең алғашқы қарлығаш — сезім бе едің?
Шақырады көп арман ақынды алға,
Жүрегімде жазылған атың қалған.
Махаббаттың кішкентай қарлығашы,
Ұмытуға өзінді
какым бар ма!.. (Қасымхан Бегманов)

Өлеңнің алғашқы тармағындағы: «кірпігің дірілдеген» деталы орынды. Ал, осыған шумақтың үшінші, төртінші жолдарындағы лирикалық қаһарманның әсем (әсем екенін қайдан көрдік деу өз алдына) жыр жазып жүруі үйлесіп, біріндегі ой-сезімді екіншісі шынайы дамытып, тұр ма? Лирикалық қаһарман сезімін ұя салған қарлығашқа балауда да сәттілік бар. Бірақ осы сәтті деталь арқылы туындаған сезім де дамытылмайды. Ақын өлеңнің соңғы шумағының екінші тармағында лирикалық кейіпкерді ұмытпауын айтады да, шумақтың төртінші жолында да соны орынсыз қайталайды. Сондай-ақ үшінші шумақтың үшінші жолындағы «махаббаттың кішкентай қарлығашы» тіркесі әрі одан бұрынғы сәтті баламаны орынсыз қайталау да, әрі ең соңында артық қолданылуы арқылы бастапқы бірер келісті детальдар мәнін төмендетуге ғана сеп болған. Сөйтіп әр шумақ композициясын дұрыс құра білмеу, әр детальдың шумақ ішінде ғана емес, өлең құрылысында алатын орнын дәл белгілей алмау, дамытуды дұрыс пайдалана білмеу шығарма идеясын солғындатып, қожыратып жіберген.

Лирикалық қаһарман сезімін өмір сүрген ортасына, жас ерекшелігіне, мінезіне т. б. сай шынайы өрнектеу, жинақтай отырып даралау орнына оны «сәтті» боп көрінген түрлі баламалар ығында қалдыру орынсыздығына Исатай Дүйсебаевтың мына бір өлеңі де айқын дәлел:

Шырайлым, шыңнан ұшқан шуақпысың,

Бір сезім жүрегімде гүл атты шын.

Бір сезім жүрегімді жылатты шын.

Білдің бе,

Махаббаттың қуат-күшін.

Білдің бе,

Махаббаттың қуат-күшін.

Шырайлым, бір секундқа шыдап түсін.

Сен шығарсың арманым алыстаған

Сен шығарсың шыңдағы бір ақ құсым.

Ақ махаббат — ақ уыз, арайлы таң,

Көз жазайын көркіңнен қалай, қалқам

Қайда жүрсең аман жүр аққу мүсін,

Ақ жүректі жолыңа қарайлатам.

Қалқам, мерген аз емес, олжасы көп,

Қаңғып тиіп кетпесін қорғасын оқ.

Қолды бұлғап, қайтейін, қала бердім,

Қыз құдайы — Афродита қолдасын деп...

Көріп отырғанымыздай ақын өз сүйіктісін біресе «шыңнан ұшқан» шуаққа (шуақтың күннен, не айдан құйылмай, шыңнан ұшуында не өзгешелік, не әсемдік

бар демей-ақ қояйық) теңестіреді. Алғашқы шумақтың екінші жолы жүрегінде бір сезімнің «шын» гүл атқанын, үшіншісі сезімнің «шын» (тағы да өтірік емес) жылатқанын баяндауға арналған. Екінші шумақта лирикалық қаһарман сүйіктісі алыстағы арман, шындағы ақ құс деп бағаланса, үшіншіде «ақ махаббат» «ақ уыз, арайлы» таңға балаңады. Осы балама суреттердің бәрі жеке-жеке алынғанда біршама келісті. Бірақ олар нықтаса келе шығармадағы өзекті идеяны дамытып, аша түсуге қызмет ете ме? Жоқ, әрқайсысы өз орнында ғана жарқырап, өз көрінімінде бір елес беріп, ізінше ұмытылып, бірі екіншісіне жарық түсірмей, елеусіз, оқшау қала бере ме? Біздіңше, суреттер септесуінен гөрі олардың кірікпеуі, әр тұста шашырап қала беруі басым тәрізді. Міне бұл да әйтеуір «әдемі» делінген баламалар тізумен шектелудің пайдасынан да зияны басым екенін дәлелдей түседі.

Адам сезімін тереңдеп, шынайы ашуға бағындырылса ғана әр ізденіс, әр «сәтті» делінген деталь өз жемісін бермек. Онсыз құр тер төгу, үзіліп, елжірегенін қайталап айта беру; әйтеуір «жарқ еткен» баламаларды тоғыта беру,— бәрі де көздеген биікке жеткізе алмайды.

ӨЛЕҢ ЖҮГІ — АУЫР ЖҮК

(1986 жылғы жинақтарды оқығанда)

Қазақ совет лирикасы қандай табыстарға жетті. Ілгері басуына бөгет қандай олқылықтары бар десек, баспадан 1986 жылы жарық көрген бір топ ақындар өлеңдерінен де көп жәйітті аңғарамыз. Сөз еткелі отырған жинағымыз «Жолайырыққа»: Бақыткерей Ысқақов, Гүлжауһар Сейітжанова, Аманжол Қанафин, Мәди Қайыңбаев, Хасенхан Талғаров туындылары топтастырылыпты. Осы қомақты кітаптың үстіне жеке шыққан үш жинаққа қоса назар аудармақпыз. Ол: Ақылбек Шаяхметовтың «Тыңда туған», Өмірбай Сәуірбаевтың «Өмірсерік», Нұрғожа Оразовтың «От кешкен балалық» жинақтары. Міне, бұл авторлардың алды кемел жасқа келіп, елуден асса, соңы — тұңғыш жинағын кеше ғана ұсынғандар. Алдымен айтарымыз: бір кездегі оқуға мүлде келмейтін сүреңсіз жинақтардың бүгін жоққа тән екендігі. Қай жинақты ашсақ та, ақындардың өзіндік талпынысы, ой-сезімдері бар екені байқалады. Әйтсе де жылт еткен

жақсы сезімдердің көбі өз биігіне жете алмай жатқанын да айтуға тиіспіз.

Сөз жоқ, қазіргі ақындарымыз бір кездерде белең алған көпсөзділіктен, үстірт баяндаулардан көп арылып, суреттеу амалдарын байыта түсуде. Бақыткерей Ыскаковта мынадай жыр жолдары бар:

Қайынды...
Мамыр айы — жасылданып,
Қыр төсі қызғалдақтан жатыр жанып.
Майысып самал желмен тербеледі,
Тал терек саусағына асыл тағып.

Міне, қызғалдақтың түсі қызыл деп хабарлаумен тынса, ол өмірдегі барды енжар, сүлесок баяндай салу болар еді. Ал, мұнда гүл түсіне қоса ақынның оған деген өзіндік күштарлығы қоса өрілген. Өлең сонысымен де ерекше әсерлі. Мұны біз тал теректің саусағына (жай бір бұтағына емес) асыл (жай бір жапырақ емес) тағуы туралы да айтар едік.

Мәди Қайынбаевтың «Түнгі поезд» өлеңінде де өзіндік өрнектер баршылық:

Түксиген шалқак тауды орай,
Ойпаңға біткен көкті орай,
Ышқынып... жүйткіп тоқтамай,
Жағалап келді айнадай,
Солкылдап шойын балғадай,
Заулады поезд... заулады-ай!!

Міне, мұнда әйтеуір бір тау, ойпаң, көл алына салмаған, әрқайсысының өзіндік сипаты бірер детальдар арқылы нақты бейнеленген. «Түксиген» сөзі арқылы түнгі қараңғылық сипаты, таудың біршама биік екендігі «шалқак» сөзі арқылы оның тік еместігі көзге ұрады. Сондай-ақ көктің тек ойпаңға бітуіне әрі ойпаң жердің түнде неғұрлым көгеріп көрінуі, әрі жартылай қуаншылық жайлаған Қазақстан жағдайында өсімдік атаулының тек сол тұста өсуі мүмкіндігі — бәрі жинақталып берілген. Ақын көлді суреттегенде де, оның бар қыр-сырын тәптіштеуге ұрынбайды, түнде айнадай боп көрінуін бөліп алады. Алдымен түксиген түсті көрген оқырман, іле оған жарыстырыла алынған көк реңді көз алдынан өткізеді, содан кейін барып неғұрлым жарығы мол ашық бояуды, айнадай боп көрінуді тамашалайды. Бұл айнадай боп көріну кейінгі шумақтағы таң алдындағы қараңғылықтың өзіндік ерекшелігін ашумен үндестікте, бірлікте алынуымен де әсерлі. Міне, ақын құбылыстың

бар сырын қамтымын деп, көпсөзділікке, боссөзділікке ұрынбай, оның өз сезіміне қозғау салған қырларын ғана екшеп ала білген. Сонымен қатар табиғат суретін салу өзіндік дара мақсатқа айналмай, ақынның өзіндік сезімі шарпуына бөленсе ғана, әсерлі болмақ десек, бұл туындыдан да соны көреміз. Көлдің айнадай боп көрінуінен, поезд жүйткүінен, заулауынан және солқылдауынан тек түнгі көрініс, жай-күй ғана емес, лирикалық қаһарманның қалыпты, жадыраңқы көңіл-күйін де аңғарамыз. Бұл жадыраңқылық шығарманың кейінгі бөлігінде өрістеген бір арудың жылауына, көңіл-күйі мәз еместігіне, карама-қарсы реңк береді. Демек кейін жота көрсеткен жылау тұсында табиғаттағы әсемдік пен лирикалық қаһарманның қоштанған көңіл-күйінің мәні арта түседі. Бейтаныс әйелдің жылауы сол әсемдік аясында әрі аяныш тудырады, әрі өмірдің тек қайғыдан тұрмайтынын жырлаған зейнеттілік шарпуына бөленеді. Сол арқылы зейнеттілікке қол созу, қайғыға берілулермен күресу идеясын себездейді. Міне, табиғат ерекшелігін, лирикалық қаһарман көңіл-күйін шынайы бейнелеген бұл жолдар «өмір — әсем, көркемдікті бағалай біл» тәрізді жалпақ ақылдан анағұрлым әсерлі болуымен ерекшеленеді.

Сонымен бірге ақындардың бұрын көп шиырланған таныс арналарды қуалай бермей, тың, тосын тақырыптарға жиі барып, өзіндік соны ой түйюлері де құптарлық. Гүлжауһар Сейітжанова «Ана, нәресте және хрусталь» өлеңінде бір дүниеқор ананың хрусталь сындырған қызына ашулану үстінде қолындағы балтасын сілтеп қалғаны сөз болады. Әрине, балта сілтеу жиі кездесетін шындық емес, оқшау оқиға. Бірақ сол оқшау жәйіттің өзі өмірде жиі ұшырасатын тоғышарлық, дүниеқорлық белгілерінің дами келе қаншалық асқынуы мүмкіндігін танытатын шындық боп алынуы шығарма әсерін арттыра түседі. Рас, қымбат затты баласы абайсызда сындырып алғанда, бар әйелдің қолында балта бола қоймасы, болса да жұмсай бермейтіні анық. Бірақ дүниеқорлық дара мақсатқа айналғанда, ол ең бір қимас жақыннан, достан алыстатпай ма екен?! Міне, өлеңдегі өкінген ана мен кемтар болған бала қиналуын көрген оқырман осындай сауалға жүгінері сөзсіз. Жақсы өлеңге қандай туындыны жатқызамыз дегенде, алдымен оқырман жан-дүниесіне із қалдыратын шығармаларға ден қою керектігіне осы орайда қайталап назар аударғымыз келеді.

Хасенхан Талғаровтың «Мен алмас қылыш едім» өлеңі де бұл талапқа толық жауап бере алады:

Мен алмас қылыш едім,
Елеусіз тұрған бір жерде.
Қайрауын таппай жетілмес,
Салсаң да тасқа кетілмес.
Басына күндер туғанда,
Абайсыз жауын ұрғанда,
Қайрылып соған сарт етіп,
Желкесін қиып түсетін,
Серік боп саған жүретін
Қатыгез сондай күндерде.
Ал, жай кездерде —
Теріңе іліп тастасаң,
Күзетіп соны тұрғаным.
Болады маған үлкен сый
Аяқпен мені баспасан.
Бірақ есіңді жиып алған соң
Қайрылып маған көз салып,
Мойныңды досым, бұрмадың.
Мен алмас қылыш едім,
Батырлар үшін соғылған.
Кекке суғарылып,
Ананың сүтіне малынған,
Жаралып едім жалыннан.

Міне, осы туындыда Махамбет Өтемісов тәрізді қазақ жазба әдебиеті өкілдерінің суреттеу тәсілін дамытып қолдануы арқылы да Хасенханның өзіндік жол салуы, қысқасы, бейнелеу әдіс-амалдарын түрлентуге күш салуы кімге болса да ой салғандай. Ақынның өзін алмас қылышқа балауы, тіпті қайрауын тапса, жетілетіні, тасқа салса, кетілмейтіні де бұрын сан айтылған деуге болады. Бірақ қылыштың, қылыш арқылы көрінген лирикалық қаһарманның, «есіңді жиып алған соң... мойныңды... бұрмадың» деуі, өлең соңы қылыштың, сол арқылы лирикалық қаһарманның, ерекше сипаттарына ден қойғызуы — бәрі өзіндік тың сезімдерге жетелейді. Өзіндік өкпе, наз білдіруден кейін естілген қылыштың батырлар үшін соғылғаны, кекке суғарылғаны, ананың сүтіне малынғаны, жалыннан жаралғаны ерекше әсерлі. Бұрын жеке-жеке шаң беріп келген таныс баламалардың өзі тап осындай үндестікте, бірлікте алынғанда, өзгеше, тың сезімдерге өріс береді екен. Осы тұста айтқымыз келгені: кілең бір немесе бірер машыққа, тіпті модаға енді делінген, ең тамаша дәстүр, әуендерге еліктеумен шектелмеу керек. Ақынның суреттеу әдіс-амалдары бірсарынды болмай, қилы-қилы боп келсін (әрине, бар түрлішені біріктіруші ортақ жәйітті, стиль құдіретін ұмытып отырған жоқпыз)!

Мұның бәрі аталған ақындардың іздену үстінде жүргенін танытатын жекелеген жетістіктер. Ал, осы ақын-

дардың өздерінде қадау-қадау кемшіліктер ұшырасуы, ол олқылықтардың тек аталғандарға ғана емес, қазақ поэзиясында өнімді еңбек етіп жүргендердің біразына тән болуы кімді болса да елендетпей қоймайды.

Жалпы қазақ поэзиясының жалпыламалықтан, үстірттіктен арыла бастағанын мойындау олқылық атаулы өзінен-өзі кұри қалады дегендік емес. Басқа саладағы еңбек иелері тәрізді творчество адамдары ешқашан да: «Біз жетіліп біттік, бізде ешқандай кемшілік жоқ» дей алмасы анық. Себебі қай кезде болса да таланттылармен қатар белгілі бір кезеңде дарынды боп көріне алған талантсыздар өмір сүруі өз алдына, мықты дегендердің өздерінің тың тақырыпты игере алмауы, тәжірибесіздігі, тоқмейілсуі, т. б. салдарынан түрлі қателікке жол беруі кездесетіні сөзсіз. Демек үстірттік, қарадүрсінділік тәрізді ағаттықтар бұрын да болған, қазір де бар, ертен де мүлде өше қоймайтыны белгілі. Тек әр кезеңнің өзіне тән ерекшелігі бар десек, қазіргі жалпыламалық, жадағайлықтың жалаң алынбай, ара-тұра жылтыраған әлем-жәлем тағынып, сырт қарағанда онша байқалмай тұратынын ескерген жөн. Қанша әшекейлесе де, ішінара шаң берген шартты жетістіктердің өзі (жекелеген жетістіктер деуге тұрарлық болғанда да) шығармадағы елеулі олқылықты бүркей алмайды:

Мөлдіреп қара көзің,
Сыр тұнған жанарыңда.
Сабырлы айтқан сөзің,
Әр тұлғаң көз алдымда.
Асылым, ардағым ең,
Жібектейі мінезің бар.
Көзіңнен аңғарып ем,
Жалынды жігерің бар.
Арманың заңғар биік,
Жетерсің ерлігіңмен.
Ақ иұрын таңдар құйып,
Бөлдерсің жерді гүлмен.
Туған жер: аянбастан,
Деуші едің,— терім төксем,
Бейбіт күн — арайлы аспан,
Жігерлен, еңбек ет сен...

(Хасенхан Талғаровтың «Жалынды жігер» өлеңі).

Рас, өлең сәтті басталған тәрізді: алғашқы жолдардағы қара көздің мөлдіреуі, жанарға сыр тұнуы. Бірақ сол шумақтың өзіндегі үшінші, төртінші тармақтар бұл әсерді дамытып әкете алмаған. «Сабырлы», «өр тұлғаң» сөздері мен сөз тіркестерінде не салмақ бар? Оның сөз

айтқан сабырлылығын, өр тұлғасын қара көздің мөлдіреуі тәрізді елестете алмауымыз өз алдына, бұл сөздерде еш эмоциялық бояу жоқ. Соның салдарынан мөлдіреген қара көзді тамашалаған оқырман өр тұлғаға назар аудармай өте шығады. «Асылым, ардағым» сөздері соның кебін киген. «Жалынды жігерің бар» жолы үстірттіктің ең бір биік жотасы тәрізді. «Арманың заңғар биік» тармағы жалпылама, жалаң айтылуымен, дәлелденбеуімен, еш эстетикалық, эмоциялық жүк артпауымен назар аудармайды. «Бейбіт күн — арайлы аспан» жолы да сол тәрізді солғын тартқан. Сөйтіп әр шумақтағы түрлі ой-сезімдер үстірт баяндалып, әр жерде ұмытылып қала береді де, өлең соңында қайталап берілген «жалынды жігерің бар» қорытындысының дәлелсіз, елеусіз калуына әкеледі.

Қазақ поэзиясында жиі кездесетін бір кемшілік: белгілібір сезімді, не құбылысты тым атүсті, тез, дәлелсіз баяндай беру. Ақылбек Шаяхметовтің «Тіршілік» өлеңі былай басталады:

Қайтты бір шал ауылда,
Туды сәби қалада.
Әйгілі жан қауымға,
Жақтамауға бола ма?
Қайтты бір шал ауылда
Туды сәби қалада.
Тына қалды дауыл да,
Қуанбауға бола ма?
Батыс жақта кеш батып,
Шығыс беттен күн шықты.
Бір алма ағаш гүл атып,
Бірі курап, тыншыпты.

Біреудің өмірден кетуін, екінші біреудің дүниеге келуін жарыстыра алу арқылы небір әсем ой түюге болады. Алысқа бармай-ақ, Қасым Аманжоловтың «Советтік менің өз елім» өлеңінің бастапқы шумағын еске алайық:

Өмірге ендім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден:
Жетімдік тағдыр жетті ептеп,
Қабағын жаба түксиген.

Суреткер ақын өмір мен өлімді жалаң баяндай салмайды: «еңбектеп», «шалқалап» сөздерін бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы тың әсерге дайындайды. «Еңбектепте» тырбаныс түрінде болсын қимыл, әрекет нәти-

жесі, өмір артықшылығы салтанаты жатса, «шалқалапта» әрі еңбектеуге қарама-қарсы көрініс (еңбектеуде бет жерге қараса, мұнда аспанға бағышталған), әрі қимылысыздық (әкесінің өзі шалқалап шықпағаны, оны біреулер көтеріп бара жатқаны) нақты бейнеленген. Біз еңбектеуді қызықтаймыз да, шалқалауды ұмыта алмаймыз. Ал Ақылбек өленінде ше? Ақылбекте тууға деген қуану, өлімге деген күйзеліс жоқ, бәрі жай әншейін хабарлана салған. Алғашқы жолдар жай мәлімет беруге құралған соң, кейінгі «қуанбауға бола ма» тармағы окшау, әсерсіз қалып тұр. Ақынның қуанғаны (егер қуанса) бұлай жалаң айтылмай, не сәбидің балғын жүзін, нұрлы көзін т. б. тамашалатса, қуану, сүйсінулер өзінен-өзі тумас па еді?! Ә. Тәжібаевтың «Толағай» поэмасында балаға деген қуаныш (ата-ана қуанышы) қалай өрнектелген еді:

Үштен төртке жетті жасы,
Туған айдай екі қасы,
Ақ тістері ақ меруерттей,
Қос жұлдыздай көз жанары.
Қос бетінің тамып қаны,
Жалындайды жанған өрттей.
Тым ерекше, тұлға пішін,
Өлшеп болар емес күшін,
Қуанышты ата-анасы...

Міне, мұндағы туған айдай қасты, ақ меруерттей тістерді, жұлдыздай жанарды, жанған өрттей жалындап, қаны тамғандай бетті ұмыту, оған сүйсінбеу мүмкін бе?! Бұл кескіндеу ақын үшін өз алдына дербес мақсат болмағанына, ол суреттердің бәрі септесе, тұтаса келе кейін Толағайды өлімге қимау сезімін дамытуға қызмет еткеніне де көңіл бөлейік. Сонда бала тууына, өсуіне деген қуанышты жалаң баяндаудан гөрі осылай нақты өрнектеудің артықшылығы таныла түспей ме?! Әрине, бұл арқылы біз А. Шаяхметовқа тек сол суреткерлерге ұқсап жаз дегелі отырғамыз жоқ. Бірақ өлеңнің өзекті идеясы өлім мен өмірді қарама-қарсы қоюға байланысты болса, әрқайсысының ерекшелігін бірер деталь арқылы болса да, нақты көрсетпейінше өз ойыңды әсерлі жеткізе алмайсың дегіміз келеді. Мұндай үстірттік үшінші шумақтағы күн батуы мен таң атуы, бір алма ағаштың гүл атуы мен екіншісінің қурауы туралы баяндауларынан да көрінеді. Таң атуы, алма ағаш гүлдеуі бірер сурет арқылы болса да нақты бейнеленсе, олардың әсемдігінің өзі үлкен тебіреніс көзі бола алар еді. А. Шаях-

метов болса, өлеңнің келер жолдарында да осы жалаң баяндау үлгісін жалғастырады. Тек шығарманың соңғы жағында мынадай бір әдемі көрініс бар:

Бұлтын қуып күдіктің,
Отын жағып үміттің,
Арманындай жігіттің
Келе жатты күліп күн.

Бұл шумақ бізге ұнады. Бірақ сегіз шумақтан тұратын өлеңнің бір шумағындағы сәттілік шығарманы, негізінен алғанда, сәтсіздіктен құтқара алмаған. Өлең былай аяқталады:

Болмасын биік бәйтерек
Өзім еккен бір шыбық.
Жалғаспасақ қайтер ед?
Жаса, жаса, тіршілік.

Біздіңше, өлең жетінші тармақпен бітсе, көп ұтар еді. Күдіктің бұлтын қуып, үміт отын жағып, күннің күліп келе жатуымен шығарманы аяқтау, сол арқылы осы көрініске баса назар аударту өлең жүгіне біраз салмақ қосар еді. Ақын бірақ өзінің жеке бір сәттілігін түсінбеген де, сегізіншіде тағы да жалаң ұранға, жасандылыққа түсіп кеткен. Бұдан біз Ақылбектің суреткерлік мүмкіндігі бар екенін, тек оны орынды пайдалана алмайтынын көреміз.

Мәди Қайыңбаевтың «Қиіктер» өлеңін толық береміз:

...Арқамда рюкзагім несіп берер,
Сағыныштан санамда көшіп нелер.
Аяңдаймын, жолымды кесіп өтіп
Аптаптай алкымы іскен кесірткелер.

Көкжиек аспанменен нықтасып,
Солықтайды... бозаңдар күйік басып.
Көк мұнарға бөгілген төбелерден,
Күнге қарай барады қиік қашып.

Алыстан мен соларға бола келдім,
Іңкәрлігімді арқалап ала келдім,
Бірақ олар алдымды орап өтіп,
Күміс шаңға көміліп қала бердім...

Міне, өлең «Қиіктер» деп аталғаннан кейін, шығармадағы негізгі идея да соны тамашалауға байланысты болған соң, аталған жануарлардың не бір әсем белгісін, не бір өзіндік қимыл-әрекетін көруіміз керек қой. Ал мұнда қиіктердің аты бар да, заты жоқ. Қиік тұлғасы,

реңі, қимылы, т. б. нақты көрінбегеннен кейін, лирикалық қаһарман тебіренісі, іздеп келгенін айтуы, — бәрі әсерсіз.

Нақтылықты да біржақты ұғуға болмайды. Мәселен, табиғат туралы жазғанда, оны бейнелеу үшін өлеңге, әйтеуір бір суреттерді тоғыта беру керек деп санайтындар жоқ па?! Хасенхан Талғаровтың «Қабырға өзені» өлеңін тұтас алайық:

Қабырғалы өзені —
Асығып тез ағады.
Бағындырған өз елі
Малын сонда бағады.
Жағасына үй тігіп,
Отырады жаз күні.
Домбырадан күй төгіп,
Қыздың келер назды үні.
Әсем әнге бөленген,
Маужырап тұр айнала.
Тербетілген өлеңмен
Дархан неткен бай дала.
Самал есіп, маңдайдан
Сипайды кеп ақырын.
Қуанбайды қандай жан
Еркелетсе ақынын.
О, Қабырға өзені,
Көңілім тасып бір қалды.
Жас құрағың секілді
Жан сырым да ырғалды.
Толқып кеттім көрген соң,
Толқыныңмен бірге ақтым.
Шабыт өзің берген соң,
Шаршамастан зыр қактым.
Торғайдың бір өзені
Тынбай ағып жата бер.
Сенсің — өмір өзегі,
Өзіңнен нәр татады ел!

Шығармада біраз көрініс бар, тек соның негізгісі жоқ. Өлең тақырыбы «Қабырға өзені» болғаннан кейін де, біз әр өзен жағасында, тіпті өзенсіз де кездесетін, әйтеуір бір көріністерді емес, алдымен Қабырға өзені ерекшелігін ашатын суреттер іздеуіміз заңды. Айталық, Қазақстанда арнасы кең өзендер (Сырдария, Ертіс), арнасы тар, бірақ ағысы қатты тау өзендері бар, көктемде буырқанып, жазда тынышталатын өзендер де аз емес. Қабырғалы соның қайсысына жатады? Тіпті, сол негізгі түрлердің біріне жатпай-ақ қойсын (бір түрге жатқызып, класқа бөлейік деп отырғамыз жоқ), бірақ әр өзеннің өз көрінісі, ерекшелігі болатыны анық қой. Ақын да, оқырман да атын алып тастаса, кез келген өзенге қолдануға болатын су-

ретті емес, аз да болса, сол Қабырғалы өзеніне тән көріністерді алдымен іздегені жөн емес пе? Ал бұл өлеңде Қабырға өзені түгіл, әйтеуір бір өзенді көз алдымызға келтірерлік көрініс жоқ. Жаксы, ақынның көрсетпегі өзеннің өзі емес, оның жағасы делік. Даланың басқа тұсына қарағанда, өзен жағасындағы өсімдік пен оған сай тіршілік әлемі де өзгеше болатыны даусыз ақиқат. Өлеңде өзеннің өзі қалай суреттелмесе, оның жағасы да солай көрінбей қала береді. Соның салдарынан екінші шумақтағы тігілген үйді өзен жағасынан алыс көшіріп, кез келген өзенсіз жайлаудан көрдік десе де болады. Әсем ән де бар түкпірде естілуі мүмкін. Қазақстанда самал жел еспейтін жер бар ма? Сонда Қабырға өзенін, не өзеннің маңын ашарлық не сурет қалды? Өлеңде Қабырға өзенін танытуға арналған бірақ белгі бар, ол — өзеннің асығып, тез ағатынын баяндайтын екінші тармақ. Енді қолымызға ілінген жалғыз нышанға үңілейік. Не көрдік? Ақын өзен асығып, тез ағады дейді, бірақ біз одан да ештеңе көрмедік деуімізге болады. Неге? Осындағы «ағады» сөзін алып тастасақ, «асығып тез» жүрді, «асығып тез» сөйледі деген тәрізді сөз тіркесулерін пайдалануға болатыны өз алдына, «асығып тез ағады» — өзен ағысымен жалпы таныстыру ғана боп тұр. Онда өзен ағысына деген ақын сезімі, тебіренісі де, асығып тез ағудың өзіндік көрінісі де жоқ. Мәселен, тау өзенінің асығып тез ағуы мен кең даланы көктей өткен өзен ағысы айырмасы өз алдына, тез ағудың да жер реңіне, су көлеміне т. б. байланысты түрліше болатыны мәлім. Су ағысы түрлерін білдіруге арналған сөздер мен сөз тіркестері молдығын, сол арқылы да қазақ тілі байлығын дәлелдей түсу үшін, поэзия тілі бойынша жинап келген мысалдарымыздың бір тобын ортаға саламыз:

1. Шымырлап іле қайнап құмды кезген, // Қас қақпан ұйық, дойыр, долы безген... (Жансүгіров І. Шығ., I, ҚМҚӘБ, 1960, 193 бет).

2. Жақпарлары ажымға ұқсас Қапшағай, // Ғасырларды аттандырған ол талай; // Телміре тек Ілеге ылғи қараған // Қарсы алдында бұландыған тоқтамай. (Орманов Ғ. Танд., Жазушы, 1967, 289 б.).

3. (Алтайдағы Үлбе өзені атынан сөйлегенде — К. Ж.)
...Қойтасты қағыстырып, допша үйіргем; // Қайратпен малтадай ғып тас мүжігем; ... (Бұ да сонда, 132 б.).

4. Арқырап айқай салған Көксу алып, // Жазыққа шыға келсе үркіп ағып. (Жансүгіров І. Шығ., I, ҚМҚӘБ, 1960, 194).

5. Қар қозғалса белгілі, // Өзен керней жарысар. (Орманов Ғ. Танд., Жазушы, 1967, 80).
6. Лықси кернеп арнаны, // Жөңкіле тартқан толқындар. (Бұ да сонда, 281).
7. Алқынған асау өзеннің // Ағысын аңдап отырмын. (Бұ да сонда, 146).
8. Жыраға — жыра қосылып, // Молайып өзен, көл болған, // Кеңейіп арта, жосылып, // Дария, теңіз — сел болған. (Сейфуллин С. Шығ., I, ҚМКӘБ, 1960, 338).
9. Шу, эне, тауды тарпып шыққан шулап, // Ойнақтап, ырғи, жосыптаудан тулап, ... (Жансүгіров I. Шығ., I, ҚМКӘБ, 1960, 193).
10. Бір тасты бір тасқа ұрып толқын атып, // Соғады жапырыла жарға ырғалып. (Ақсауыт, 2, Жазушы, 1977, 328).
11. Асқардан ақтарыла арқыраған, // Жөкеңнің кім аңсамас балдай суын. (Жансүгіров I. Шығ., I, ҚМКӘБ, 1960, 188).
12. Жапанда жалғыздығын түсінгендей, // Дөңбекшіп теңіз жатты күрсінгендей, ... (Орманов Ғ. Танд., Жазушы, 1967, 147).
13. Ақырған аждаһадай тасқынды өзен, // Сарқырап төмен аққан, шатқа құйып. (Найманбаев Әсет. «Бес ғасыр жырлайды» ішінде, 3 т., Жазушы, 1985, 147).
14. Бауырлаған ағынның // Сумандап суы сылдырайды: ... (Жансүгіров I. Шығ., I, ҚМКӘБ, 1960, 45).
15. Арнаға сыймай аунақшып, // Ағады солай қорқытып; ... (Орманов Ғ. Танд., Жазушы, 1967, 350).
16. Құяды күздан үш бұлақ, // Көк ала толқын сапырып; ... (Бұ да сонда, 274).
17. Қарулы еңбек қолы кеп, // Көлденең тұрып көмейге, // Атаған суды долы деп // Мөңкіте бұрды кернейге. (Бұ да сонда, 387).
18. Бұрқылдап жатқан бойында // Булығып тұрған күш пе екен? (Бұ да сонда, 387).
19. Тынысы самал көк мөлдір // Тоғытып жатыр жан-жағын; // Бұрқырай біткен өңшең бір // Кеудесі толы ақ жалын. Бұ да сонда, 274).
20. Жарасып, жасыл жайлау ортасында, // Арқырайды асау толқын, күшке тола. (Тастанбекқызы Сара. «Бес ғасыр жырлайды» ішінде, 3, Жазушы, 1985, 275).
21. Сол жерде Самар суы сарылдады, // Кекип кейін шапшып арындады. (Торыайғыров С. Шығ., I, Жазушы, 1967, 82).

22. Ананың көкке сауған емшегіндей — // Тұс-тұстан о р-
ғы п бұлақ, ойнақ салып. (Жансүгіров І. Шығ., 1,
ҚМКӘБ, 1960, 234).

23. Жын қаққандай долданып, // Су ж ұ л қ ы н а соғады.
(Бұ да сонда, 210).

24. Қарқындап ағын, шымырлап, // Ш а п ш и д ы толқып
ағады (Сейфуллин С. Шығ., 1, ҚМКӘБ, 1960, 338).

25. Әр таудан өзен а т қ ы п, тулай гүрлеп, // Тастарды
домалатқан құмын сыра. (Сейфуллин С. Шығ., 2,
ҚМКӘБ, 1960, 66).

Қазақ тілінің бай екендігі соншалық: су ағысы түр-
лері бұл келтірілгендермен де шектелмейді. Енді салыс-
тырып қарайық: жоғарыда тізілген мысалдарда су ағысы
қалай нақты көрінген, ал, Хасенханда ше? Біз жинастыр-
ған мысалдарда түрлі жағдайда түрліше аққан ағыс түр-
лерін нақты бейнелеу орын алған да, Хасенханда онымен
жалпылама таныстыра салу бар. Рас, бұл үзінділерде
тек өзен ағысы емес, ара-тұра бұлақ ағуы да, тіпті бір
рет теңіз толқыны көрінісі де топтастырылған. Бірақ сол
сөздердің кез келгенін өзеннің «асығып тез» ағуын беру
үшін де қолдануға болатыны анық. Бұдан не түюге бо-
лады? Өлеңде, әйтеуір бір көріністердің бірінен соң бі-
рін ала беруге болмайды. Әр сурет шығарманың негізгі
идеясын ашуға бағындырылып, басқа көріністермен әсем
үндестікте алынса ғана жемісті болмақ. Табиғат әсемді-
гін танытуда, сол арқылы ақынның ой-сезімін бейнелеуде
әр сөздің өз орнында қолданылуының, сурет нақтылығы-
ның ролі зор.

Сурет шынайылығы кемдігі осал мін емес. Ақылбек
Шаяхметовтың «Көктемгі қар» өлеңін тұтас берейік:

Жауып тұр Қостанайда көктемгі қар,
Секілді төгілген нұр көктен бұлар.
Шіркін-ай, сұлу еді дала қандай,
Үстінде аппақ қардан шекпені бар.

Жаушы, қар, нұрың қара жерге тамсын,
Күні ертең топырақ жарып өсер дәнсің.
Диқанның сені көріп мейірі қансын
Елімнің мандайына бұйырғансың.

Аппақ қар жауған кезде көктен құйып,
Бұл жазық неткен шексіз, неткен биік.
Кең иық, алып кеуде дала жатыр
Үстіне аппақ нұрдан шекпен киіп.

Сөз жоқ, өлең қар жаууын, соған байланысты туған
әдемілікті, ерекшелікті ашуға арналғаннан кейін, оқыр-

манның алдымен сол көріністі танытарлық суреттер іздеуі заңды. Шығармада бірақ қар жаууы жиілігін өрнектеген «құйып» сөзінен басқа сол процесті аша түсерлік белгілер болмауы өз алдына, бір-біріне үйлеспейтін шынайы емес көріністер де баршылық. Біздіңше, даланың «үстінде аппақ қардан шекпені бар» боп көрінуі қар жауып тұрған сәтке емес, одан кейінгі күн ашылған кезге лайық. Себебі қар жауып тұрғанда, кең көлемдегі кеңістік — дала тұтас көріне алмайды, тек маңай, демек даланың белгілібір бөлшегі ғана көзге шалынады. Сол шектеулі орынның өзі күн ашық жағдайдағыдай анық емес, буалдыр, күңгірт тартары да анық. Ал, қар жай, сирек жаумай, құйып тұрғанда жазықтың «шексіз» боп көрінуі мүлде нанымсыз. Жазық шексіздігі ашылуы үшін, қар жаумай, күн ашық болуы керектігі мәлім. «Кең иық, алып кеуде» іспеттес көріністер туралы да соны айтар едік. Поэзияда шарттылық болатыны, көп суреттің сөзбе-сөз түсіндіруге көнбейтіні, т. б. белгілі. Әйтсе де, шарттылықтың да қолданылу аясы, шегі болатынын ұмытпау жөн. Өлең тікелей табиғаттың белгілібір құбылысын қызықтауға арналғаннан кейін, «шартты» делінген, күңгірт, кереғар белгілер емес, сезімге қозғау салатын, шынайы, үйлесімді, әсем суреттер алынуға тиіс.

Лирикалық туындыларда адамның еңбек үстіндегі сезімін беруге талаптану жоқ емес. Бірақ соның көбінде еңбек адамы жалпылама алынады. Ақындарымыз еңбек адамының өзіндік көзқарасын, сезімін, қылығын, т. б. және оған деген суреткердің өзіндік ой-пікірін шынайы өру орнына, «болуға тиіс» делінген ортақ көзқарасты ала салады. Ортақ, дұрыс көзқарастың да әр суреттелуші адам мен суреттеуші акын ерекшелігіне сай өзіндік түрлері болатынын ескермеу лириканы жадағайлыққа, қарадүрсінділікке ұрындырып жүр. Нұрғожа Оразовтың «Тосын теңеу» туындысы — соның бір көрінісі:

Еңбек келген алакеуім ақ таңда,
Штурвалға шығып бара жатқанда,
Қарт комбайнер жалт қарады жұртыңа
«Жүр», — деді ме? Жөнсіз әлде мақтан ба?

— Әлі солай, сол баяғы қалпыңда,
Ұмтылатын ұлы жеңіс қарқынға.
Танкистері тәнті осынау белгіге
«Темір таксын» тізілетін артында, —

Деді мосқал таяу тұрған қарт адам,
(Жолдасына сүйсінуі салт оған).

Таң салқыны жасауратқан көзіне
Қармап жатып қол орамал калтадан.

Штурвалға қонған қыран комбайнер,
Деп жатпады әлдекімге «қолдай гөр».
Көз әйнегін ұшқыштарша түзеп ап
Тартты алға. Тап осылай толғайды ер.

Келді сонда маған тосын бір елес,
Жалтылы мол желқабызды жыр емес.
Кәдуілгі кажыр, қайрат қолдайтын
Көз алдымда басталғандай шын егес.

Алға әкеліп алып майдан алабын.
Комбайнерді танкист пе деп қаламын.
Қолбасшыға ұқсап кетіп кейде ол
Қуырады қалың егіс танабын.

Қабак түйіп талмай қарап алдына
Тас-түйін боп мәнгі солай қалды ма.
Деп те қалам дегбірсіз бір ой келін,
Қанық емес едім қарттың салтына...

Ертеңіне көрдім тағы қартымды,
Соңына ерген «солдаттары» алқынды.
Желбіретіп жалаушасын үдетті ол
Жеңіс күнге жетпей тынбас қарқынды.

Толық келтірілген осынау ұзақ өлеңде еңбек адамы, қарт комбайнер өзіндік көзқарас, мінез, қимыл ерекшелігімен көрінді ме? Біз «жок» дер едік. Қалайша! Бірінші жолдағы «еңбек келген» тіркесі мәнсіз, оқшау тұрғаны («еңбек келмеген» таң бола ма демей-ақ қояйық) өз алдына, екінші тармақтағы қарт комбайнердің штурвалға шығып бара жатуында, одан әрі жалт қарауында не ерекшелік бар? Бізге оның, әйтеуір штурвалға шығып бара жатуы, жалт қарауы емес, тек өз мінезіне, жас ерекшелігіне, әдетіне т. б. тән өзіндік әрекеті керек емес пе? Сонда барып қарт комбайнер өзіндік көзқарас — әрекетімен даралана бастамас па еді?! Екінші шумақтағы мосқал адам сөзі де оның жас ерекшелігіне, біліміне, мінезіне т. б. сай берілмегендіктен де, жасанды естіледі. Бұл сонымен қатар дала жағдайында, комбайн гүрілі соңынан, көзі жасаурап тұрған сәтте айтылатын сөзден гөрі баяндамаға әзірленушінің, не мақала жазушының ұзақ ойлап, қағазға түсіріп сұрыптаған пікіріне көбірек ұқсайды. Төртінші шумақтың соңғы жолындағы «тап осылай толғайды ер» бағасы да әрі жасанды, әрі үстірт келтірілген. Мұндай жасандылық пен дәлелсіздік комбайнерді танкист пе деп қалуы, қолбасшыға ұқсатуы тұ-

сында да жота көрсетеді. Өлең соңында қарт комбайнер қайраттылығын, озықтығын дәлелдеу үшін басқаларды алқындыру да еш нәтиже бермеген. Өлеңде бейнеленген: штурвалға шығып бара жатып, жалт қарау, көз әйнегін ұшқыштарша түзеу, қабақ түйіп, алдына талмай қарау, т. б. суреттерінің бәрін тек қарт комбайнерге емес, кез келген еңбек адамына тіркей беруге болатыны анық. Жалаң мақтау мен жадағай тамсанудан басқа түк те қалған жоқ. Осы іспеттес кемшілік Мәди Қайыңбаевтың «Дала ерлері» өлеңіне де тән:

Бүгін шалқып сөйлейтін текті күнім,
Дарқан дала шаттықтың төкті күйін!
Сыр бойына қашанғы әдетімен
Сарала күз бақыт боп жетті биыл.
Ерлік жайлы ел сөзі қозғалғанда,
Қызыға көз тігеміз озғандарға!
Жыр төгілер бұлқынған жүрегіңнен,
Тиек болып тіліңе топжарғандар!
Қыр кемесін күн-түні дүбірлетіп,
Ұйқы қашып, ел үшін тыным кетіп,
Күресті олар аянбай, жігерменен,
Туған жердің кеудесін дүбірлетіп!
Дала... дүбір кернеген қандай керім!
Еңбек әні...
Ән мен нан жалғайды өмір
Уыстаймыз бұл күнде біз күрішті —
Дәнге айналған диқанның маңдай терін!

Рас, бұл шығарма тақырыбы одан бұрынғыдан біраз өзгеше. Мұнда автор лирикалық туынды аясында бір еңбек адамы бейнесін жасауды емес, дала ерлеріне деген лирикалық қаһарманның өзіндік сезімін беруді мақсат тұтқан. Дегенмен ақынның «бүгін шалқып сөйлейтін текті күнім», «қызыға көз тігеміз озғандарға» т. б. деп шабыттанып, қызығулары еш дәлелсіз, аспанға асылып тұрып қалғандай әсер береді. Дала ерлеріне деген лирикалық қаһарманның өзіндік сүйсінуін де, ол сүйсінерліктей еңбек адамдары ерлігін де бірер деталь арқылы болса да нақты көрсете алмау әсерсіздік, жадағайлық, жасандылыққа кең жол ашқан. Осы өлеңнің сәтсіз шығуына сонымен қатар ұйқасқа мән бермеу де елеулі ықпал еткен. Алғашқы екі шумақта да әрбір төртінші тармақтың бастапқы бірінші, екіншімен (қара өлең ұйқасы бойынша) ұйқаспауы өз алдына, үшінші шумақтың бірінші жолында да, төртіншісінде де «дүбірлетіп» сөзі орынсыз қайталанады (скеуінде де дүбірлетіп үн шығуы сөз болады). Төртінші шумақта екінші жол бірінші, төртінші-

мен ұйқаспай, бөлек қалған. Соның нәтижесінде бұл шумақта бірінші мен төртінші ұйқасуы екінші мен үшіншінің әрқайсысы әр тарапта қалуына бөгет бола алмаған.

Ұйқасқа мән бермеу, оның толымсыздығы бір кемшілік болса, ұйқас қуалау, ұйқас үшін сөздердің мағынасын жүдетуге, тарылтуға бару екінші сала олқылық дер едік. Өмірбай Сәуірбаевтың «Таң шуағы...» өлеңінде мынадай жолдар бар:

Тауға берген иығын дала мықты,
Ата сөзін ұрпақтар саналы ұқты.
Даналықты қадірлеу — салт қашанда,
Қадірлейміз сондай-ақ балалықты.

Біздіңше, осындағы «саналы» сөзі «ұрпақтар» сөзінен кейін тұру арқылы ұйқас үшін белгілі бір қызмет атқарса да, өз орнын жоғалту салдарынан мағынасын біраз көмескілендіріп алған. Соның нәтижесінде ұрпақтардың саналы екеніне онша мән бермей өте шығамыз. Мұндай ұйқас жалғыз-жарым болса бір сәрі. Ақынның тағы бір туындысының бастапқы шумағына зер салайық:

Жарқын өмір құшағын айқара ашып,
Төрт қақпасын даланың байқап ашып,
Көңілдердің төріне кірді көктем,
Асықтастан, жайменен қайта басып.

Осындағы алғашқы екі тармақтағы суреттер қандай әдемі: даланың төрт қақпасы болатыны, оны байқап ашу сендіреді де, тартады да. Ал, бірақ сол әсерді төмендетуге қызмет етіп тұрған бір тіркес бар: ол — төртінші тармақ соңындағы «қайта басып» тіркесі. Қайта басқаны қалай, кейін шегінгені ме, жоқ, бұрын бір жүріп кетіп, енді сол ізбен қайталап өткені ме? Мағына екі ұштылығы өз алдына, тап осы арада соны, қайта басуды, айтудың не керегі бар? «Жарқын өмір құшағын айқара ашып, төрт қақпасын даланың байқап ашып» көңілдердің төріне кірген көктемнің аяқ астынан қайта басуында не ерекшелік, не әдемілік, не қажеттілік бар?

Жеке-жеке алғанда тәп-тәуір саналарлық анықтамалар мен суреттеулердің өз орнын таппаған жағдайда, түсініксіздікке, әсер солғындауына бастайтынын да елеуге болмайды. Тағы да Өмірбай Сәуірбаевтың «Үмітпен өмір сүрем мен» өлеңінің алғашқы шумағы кідіртеді:

Қадамым сайын гүл енген,
Шеңгелді басып шіренген,
Ғазиз де, байтақ даламда
Үмітпен өмір сүрем мен.

Осындағы әр қадамына гүл енген, «шеңгелді басып шіренген» лирикалық қаһарман ба, жоқ, дала ма? Тек дала жүре алмайды, оған шірену қайда десек қана, оның иесі лирикалық қаһарман деуге болатын тәрізді. Бірақ өлеңді оқып келе жатқанда, алғашқы екі жол лирикалық қаһарманның емес, даланың анықтамасы сияқты көрінеді. Егер шумақтың төртінші тармағындағы «үмітпен өмір сүрем мен» тіркесіндегі «менге» жүгінсек, «мен қайда өмір сүремін?» сауалы еріксіз оралады. Сауалға сай, мен қай далада өмір сүремін? «Қадамым сайын гүл енген, // Шеңгелді басып, шіренген, // Ғазиз де, байтақ даламда» өмір сүремін деп, жауап беруге тиіс боп шығамыз. Бұл теріс қисын өлең ұғымын ауырлатып, жеке суреттер мәнін солғындатып, жүдетіп тұр. Бұл іспетті кемшілік те дара еместігін дәлелдеу үшін ақынның тағы бір өлеңіне көңіл бөлу орынды:

Адам бағы не деген шексіз еді,
Ойдың түпкі қайнарын көп сүзеді,
Күпиясы жүректің қалмас қалыс
Аман болса, маңдайда отты көзі,
Өзіндік ой, өзіндік сезімімен,
Ойнақтаған ерекше, көзі күлген.
Аласұрған алақтап түлкі екеш,
Түлкі кетті тамақсау өз інінен.

Біз келтірген үзіндідегі екінші шумақтың басында алынған: «Өзіндік ой, өзіндік сезімімен // Ойнақтаған, ерекше көзі күлген» кім! Лирикалық бейненің бірі ме, жоқ, түлкі ме? Лирикалық бейненің бірі болса, онда алғашқы екі жолдағы сурет аяқталмай, шорт үзіліп қалған. Ал, мұнда бірінші, екінші тармақтағы әрекет иесі анық берілмей, үшінші, төртіншіде түлкі иелік құрғаннан кейін, өлеңді оқып келе жатқанда, бәрін тудырушы сол кейінгі деп табуымызға да негіз аз емес. Онда «Өзіндік ой, өзіндік сезімімен, // Ойнақтаған, ерекше көзі күлген» тармақтарындағы сезім мен әдемі сурет түлкі үшін әрі нанымсыз, әрі ыңғайсыз. Бұлай түлкі байғұстың басындауға қалдырғанша, ақын әр сурет, әр тармақтың өз орнын табуын қадағалауы керек еді.

Қазақ совет лирикасының бүгінгі жетістіктері мен кемшіліктері бұл айтылғандармен еш шектелмейді. Бір мәселе айқын: өлең жүгі — ауыр жүк, қысқа өлеңге де ұзақ дайындықпен, ізденіспен келу керек.

АҚЫН ӨРНЕГІ

«БІР-БІРІНЕ ҰҚСАМАСЫН АҚЫНДАР»

Бір-біріне ұқсамасын ақындар!
Ақын түгіл ұқсамайды жақындар.
Ұқсай берсе бәрін қойып, халайық,
Тек біреуін ап қалуға қақың бар!

Қадыр Мырзалиев.

1972 жылдың басында жарияланған мақаласында Ә. Кекілбаев «Жақсы өлеңдер өте көп, жақсы ақындар неге аз? Бұл сауал әлі күн тәртібінен түскен жоқ»¹, — деп, өте орынды мәселе қозғап өтті. Расында, Ә. Кекілбаев айтқандай «Қазақ өлеңінде осыдан аз ғана жылдар бұрын оқушы қауымның назарын өздеріне айрықша бұрған жас есімдер қазір неге көрінбей кетті, олар бір кездегі беделінен неге айырылып қалды?»² Әрине, жақсы өлеңдер деп жүргеніміздің өзінде де көп кәдік болуы мүмкін. Жақсы өлең көп деп те, аз деп те бір жыл бойы ұлан-ғайыр материал ақтарып дауласуға болады ғой. Бірақ мәселе өлең санын анықтауда тұрған жоқ. Жақсы ақындардың неге аз болатындығының себебін ашу, міне, сынның алдында тұрған басты мәселе осы.

Жасыратыны жоқ, көп сын мақалаларға қарап отырсақ, олар сөз еткен ақындардың бәрі тамаша жазады. Ойшыл да, азамат та, суретшіл де, сыршыл да сол. Енді бір сындарда пәлен ақынның пәлен өлеңі Отан, еңбек туралы айтылған, түген туындысында пафос бар деп, шығарманы тақырыбына қарай бағалап, оның көркемдік қуатын терең аша алмау да аз кездеспейді. Өлең мәнін

¹ Кекілбаев Ә. Өлең көкжиегі, «Жұлдыз», 1, 1972. 205-бет.

² Бұл да сонда.

танытудың орнына өз шешендігімізді тамашалауымыз да көп. С. Тәжіғұловтың әдеби журналда жарияланған мақаласында ақын Х. Ерғалиевтің бір өлеңі былай талданады: «Халықтар достығы, интернационализм рухы советтік ақындардың әрқайсысының да қаламына еркін ілініп жүрген тақырып. Хамиттың осы жинағында «Өнер келді төркіндеп» деген шағын өлең бар. Он бір буынды өлең. Аталған лирикасында ақын қазақ жеріне келген венгерлік достардың өнерпаз өкіліне жылы қошаметін, ықыласын әп-әсем білдіреді. Өлең шағын болғанымен одан ел басына туған кешегі аласапыран, қиямет шақ — Ұлы Отан соғысының елесі, дәуірлер қалыптастырған, ірге тепкен достықтың биік нышаны, сұлулығын көреміз. Соны ақындық «мен» арқылы жақсы жырлайды, оқушысын сендіре жырлайды»¹. Міне, осылай кете береді. Х. Ерғалиевтің күшті ақын екенінде дауымыз жоқ. Бірақ ақынның «Өнер келді төркіндеп» өлеңін сыншының тамсана мактауы бар да, дәлелдеп ашуы, талдауы жоқ. Біз Х. Ерғалиевті емес, С. Тәжіғұловтың сөз нәсерін ғана көріп отырмыз. Пайымды сын еңбектер қызыл сөзге, шешен толғауларға емес, нақты ізденіске құрылуға тиіс.

Әр ақынның өз ерекшелігі болады дегенде біз олардың арасындағы ұқсас жәйттердің бәрін сыпыра кеткелі отырғамыз жоқ. Егер бір топ кемеліне келген ақындар туралы сөз етсек, олардың бір аспан астында тірлік ететінін ескерумен бірге, әрқайсысының кішірек өз аспаны, соған сай өзіндік ай-жұлдыздары, демек әдебиетте жасаған өз бейнелері, өз әлемдері болатынына баса назар аударғымыз келеді.

Айталық, он фотограф бір түрлі фотоаппаратпен бір түрлі фотопленканы пайдалана отырып, бір орында тұрып алдарындағы ағып жатқан өзенді суретке түсірді делік. Сонымен қатар он талантты суретші бір орында тұрып сол өзеннің суретін салса ше? Он фотограф қандай әдемі сурет жасамасын жекелеген өзгешеліктері болмаса, негізінен алғанда, біз бәрінен ұқсастықты, біркелкілікті, әйтеуір өзен ағысын, жағасында өскен талдарды, т. б. көрумен шектелер едік. Ал он суретшінің суретінде өзенге сан көзбен өзінше қарап, түрліше сезімге бөленгендеріне тап болар едік. Біреуіне қарап тұрып біз алдымен өмірдің тоқтаусыздығы жайлы ойласақ, екіншісінде өмір қуанышқа толы екеніне, үшіншісінде адалдыққа,

¹ Тәжіғұлов С. Ақын және бүгінгі шындық, «Жұлдыз», 4, 1972.

төртіншісінде арпалысқа, күреске т. б. баса назар аударған болар едік. Акын да сол суретшілер тәрізді.

Акын стилін дәуір тынысы, заман талабы, суреткердің жеке басының талғамы, таланты, ізденісі, т. б. анықтайтыны даусыз. Нағыз акындардың бір-біріне ұқсамайтынын дәлелдеу үшін біз бес акынның дала туралы жазған өлеңін салыстырайық. С. Сейфуллин «Далада» өлеңінде:

Акырды асау —
Жаңғырды дала.
Тулады, орғыды асау —
Дүбірлеп күңіренді дала,
Қиырсыз дала...
Орғыды асау айнала
Дүбірледі айдала, —

деп жазады. Міне, февраль революциясынан кейін акын далаға күрескер көзімен қарайды. Бұл революцияға дейінгі көп акындар туындыларынан көрінген бұйығы дала емес, елендеп ұлы дүбірді тосып тұрған, сол дүбірдің әсерін сезген, үміт, күреспен тыныс алған дала. Сәкеннің лирикалық қаһарманы осы далада алты жасар асауды ұстап мініп, ұшыртып жүріп, қатты айқайлап ән салады. Сәкеннің «мені» күреске осылай шығады, күңіреніп, дүбірлетіп, айғайлап шақырады. Бұл — Сәкеннің «мені».

Сол уақытта дала туралы жазған Б. Майлин де осы сарында жазады. Бірақ өзінше толғайды:

Құттықтап бостандықпен жүрген күйді,
Бетіме ескен жел де жылы тиді.
«Өзің би, өзің патша, төресің!» — деп,
Шөп біткен тәжім қылып, басын иді,
Мен бұған бұрынғыдан жаман тастым,
Керіліп, көтеріле аяқ бастым.
Масайрап өз-өзімнен, бойым балкып,
Алдағы сағымданған белден астым.

Бейімбет те тасады, керіледі, көтеріледі. Бірақ Сәкенше ерекше шығандап кетпей, қуанышын іркіп, жай сездіруді ұнатады. Бұл салқын сезім емес, там-тұмдап жетсе де, артында сарқылмас қоры бар, қызуы әріде сақталған үлкен сезім.

Арада көп жылдар өткеннен кейінгі А. Аманжоловтың далаға, туған жерге деген сезіміне қарайықшы:

Шықшы тауға, қарашы кең далаңа
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға,
Ол шетімен бұл шетіне жүгірсең,

Шаршайсың ба, құмарым бір қана ма?
Уа, дариға — алтын бесік туған жер,
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр!
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.

Қасым тебіренісі ерекше: сезімін ішке сақтап, жай сездіру емес, асып төгілу басым; жай құшу емес, қапсыра құшуға құмар; сонымен қатар өзіндік сыр, мұң, сезімталдық та бар.

Қадыр Мырзалиевтің «Дала» өлеңі ше:

Сен кеңсің — ойнау үшін, күлу үшін.
Сен кеңсің — батыр үшін, сұлу үшін.
Келетін сияқты жұрт саған әсте,
Өзінің титтейлігін білу үшін.

Сәкендей өр, асқақ емес, Бейімбеттей тым байыпты да емес, Қасымдай лапылдап өртену де жоқ, бұл — өзгеше сезім. Ақын онша асықпай бір сезіміңізден кейін бір сезіміңізді баурап, жаңа бір ой құшағына алып келеді. Сөйтіп сіз де даланың өткені мен бүгінгісіне кең көзбен қарай түсесіз.

Төлеген Айбергенов те өзінше толғанады:

Түп-түгел құбыламды түстік етіп,
Туған жер, мен сен салған құс түлетіп.
Дүние-ай, қандай жақсы ед табаныңа,
Тұрғаны өз топырағыңнан ыстық өтің.
...Мен сенің ақ төсіңе шаңқай түсте.
Көлеңкем түспесін деп тік тұрамын.

Басқа ақындарға карағанда Төлегенде өзіндік бір нәзіктік, сезімталдық, сергектік басым. Төлеген атпен дүбірлетіп шауып өтпек түгіл, далаға өз көлеңкесін де түсірмеуге тырысады. Туған жер туралы айғайлаудан гөрі оның топырағының ыстығын сезіну тәрізді шетін нәзік тебіреністерге бойлайды. Міне, бес ақын творчествосында бес түрлі дала, бес жүрек соғысы, бес килы сезім тұр. Осы ақындардың мынасы күшті, анасы әлсіз дей алмаймыз. Бәрі — үлкен ақындар. Үлкендікке жеткізіп тұрған — олардың бір-біріне ұқсамай өзіндік арна тапқандары.

Әдемілік көзі әр ақынның өзіндік арнасы болуында екенін дәлелдей түсу үшін біз бірнеше ақынның сағыныш туралы жазылған өлеңдерін салыстырайық. Сәкен Сейфуллиннің:

Өзенді, көлді жайлаған,
Кермеге тұлпар байлаған,
Хабарсыз арам ойлардан,
Сағындым мен аулымды,—

деген өлең жолдарында қиындық асуында шындалып, ел қадірін, бостандық мәнін кең түсінген қаһарманның көп қырлы өзіндік сағынышы бейнеленген.

Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңі — жұрт назарын кең аударған туындының бірі. Неге? Себебі онда лирикалық қаһарманның, әйтеуір болуға тиіс, «ен дұрыс, үлгілі» деген жалпылама сағынышы емес, басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік сағынышы отау тіккен. «Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те, // Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышымен есепте», — тармақтарын алайық. Қаталдық пен сағыныш ұғымын қарама-қарсы қойып, қатыгездіктің де керек жері болуы мүмкіндігін жоққа шығармаса да, сағыныштың ол сезімдердің бәрінен озық, айрықша тұратынын айту, жай айту емес, соншалық әсерлі жеткізу бүкіл өлеңге өз жарығын түсіріп тұр. Өлеңде одан әрі сағынбай барған адам алдынан таулардың «асқақтап» шықпауына тап боламыз. Төлеген мықтылығы сонда: ол таулардың жаны бар адамдардай асқақтап шығатыны болатынына сендіреді. Қарағайдың үмітке, арманға толы болуы да («Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай //, Сағынбай жүрсе қалуы мүмкін жамырасуға жарамай»), келушіні жамырасып қарсы алуы ықтималдығы да лирикалық қаһарман сезімінің ерекшелігіне, күдіреттілігіне ден қойғызады. Кірпіктің көзді қорғаудағы ролі, жіңішке де кіші пішіні, әдебиетте нәзіктік, сұлулық символы ретінде алынып жүргені белгілі. Ал осы кірпік көз төңірегінде қалмай, сағыныш кірпіктеріне айналғанда (сағыныштың көз тәрізді кірпігі болатынына ұйыту өз алдына), соған «ақ жұпар әлем, қыз — өмір» сүйеніп қалғуы қаншалықты әсем! Ол аз болса:

Қазір менің ессіз шөлім басталды
Еш қайнардан қанбаған...
Ей, адамдар айналайын жыр кені,
Менің осы қайнарымнан қанып іш,
Әкем өлген кезінде де бұл мені
Өртемеген сағыныш!
Мен сағынбас адамдармен дос емен,
Сан ағынға келдім,

қазір толған кесе мен.
Жүрмін қазір көрінгеннің баласын
Ұстап сүйіп көшеден.

Әйтеуір бір шөл емес, «еш қайнардан қанбаған» шөлдің басталуы; іле өзінің де қайнарға айналып, адамдарды шөл қандыруға шақыруы; «көрінгеннің баласын» көшеден ұстап сүйі,—бәрі де өзіндік күштарлық шарпуына бөленген дара да күрделі сезім көріністері. Осыншалық шынайы, тебіреністерден кейін барып, лирикалық қаһарманның өзіндік аспандауы (әйтеуір бір аспандау емес), шалқуы қаншалық тартымды:

Ешқашан да менің мынау кеудемде
Ешбір теңіз мұншалықты тасқан жоқ.
Мен бармаған аспан жоқ,
Бәрі мұның биігінен асқан жоқ.

Соншалық тебіреніс, шалқудан кейін ақынның сағынышты көзбен көріп, қолмен ұстарлық, белгілі бір көлемі бар зат тәрізді етіп алып, оның салмақ ауырлығына назар аудартуы да ерекше әсерлі:

Жердегі барлық арбалар,
Вагондар, платформалар
Тарта алармысың жабылып
Осынау байтақ сағынышыммен көшсем мен?!

Міне, мұндай сағынышпен әсерленбеу, оны ұмыту мүмкін емес.

Тұманбай Молдағалиев «Сағыныш» өлеңінде:

Бұдан жиырма жылдай бұрын қайтыс болған баласын,
Келе ме деп сұрағанда, үнсіз толқып қаласың.
— Келеді, апа,— деймін оған жандай-ақ бір кінәлі,
Менің алдап тұрғанымды ол да біліп тұрады,—

дейді. Тұманбай әйтеуір бір ананы сағынбайды, жиырма жыл бұрын хабарсыз кеткен ұлын өлді деуге қимай жүрген үлкен жүрек иесін сағынады, лирикалық қаһарманның ана алдында өзін кінәлі жандай сезінуі де оның сезімін даралай түскен. Міне, бұл да бұлтартпайтын өзіндік ыстық сағыныш, сонысымен де есте қалатын шынайы сезім.

1986 жылы шыққан «Айдын-шалқар» жинағына енген Мүтәллап Қанғожиннің «Ауылды сағыну» өлеңінде де өзіндік өрнектер баршылық:

Ауылымды сағындым... ауылымды
Ауылдағы тентектеу бауырымды.
Ойнақтаған құлынның қоңырауы
Күмбірлей ме, естимін қоңыр үнді.

Күмбірлетіп қара шал домбырасын,
Көкей күйін пернеге кондыратын.
Тәтті әуен бойды алып балқытатын,
Бабамның еске салып мол мұрасын.

Естіледі ызыңы самауырдың,
Шайға отырар мезгілі бар ауылдың.
Күрең шайдың иісі бұрқыраған
Танауымды қытықтар... жанарым мұң.

Соқыр теке ойнайды балалар да,
Балалықты іздеген таба алар ма?!
Қызыл кеште қызарып әзілдейді,
Жеңгейлер құрыш тұлға ағаларға.

Шошалада ұйлығып түтін көшкен,
Шешем ет ысытып жүр кеше кештен.
Бір омыртқа саған деп арнайы ілді,
Сүрдің иісі келеді желмен ескен.

Кеудемде жыр боп сезім ағылғанда,
Шырағы сағыныштың жағылғанда,
Тартып кеткім келеді-ау ауылыма,
Ауылымды өлердей сағынғанда...

(22—23 б.)

Көріп отырғанымыздай, Мүтәллап әйтеуір ауылды сағынғанын жалаң баяндай бермейді, қалай, нені сағынғанын, қаншалық құмартуын,— бәрін нақты көрсетеді. «Ойнақтаған құлынның (әйтеуір бір құлынның емес) қоңырауы» күмбірлегендей болуы (әйтеуір бір естілуі емес); «қара шал» домбырасының да сол құлын домбырасы үніне үндескендей күмбіреуі; самауыр ызыңы (тағы да нақты көрініс, үнге тап боламыз); шайдың түсі де анық көрінуі (күрең); балалардың «соқыр теке» ойнауы (әйтеуір бір ойын ойнады деп хабарлай салу емес); жеңгейлердің «қызыл кеште қызарып» әзілдеуі (мезгілі де, өңіндегі толғаныс ізі де бөліп бейнеленуі), олар әзілдегенде де, әйтеуір бір ағаларға емес «құрыш тұлға ағаларға» тіл қатуы,— міне, бұл суреттердің бәрі лирикалық қаһарманның неге ден қоятынын, қаншалық ынтығатынын кең де шынайы танытуға қызмет етуде. Тіпті, лирикалық қаһарман анасының ұлын сағынғаны да жай айтыла салмайды: баласына деп бір омыртқаны арнайы ілуі, сүр иісінің мұрынға келуі,— бәрі нақты өрнектелген. Осыншалық өзіндік әрекет, ықыластарды тамашалағаннан кейін барып, лирикалық қаһарманның өзіндік сезімін, сағынышын ұмыту мүмкін емес. Бұл Мүтәллаптың сағынышы, өзіндік шынайы, әсерлі сағынышы демеуге хақымыз жоқ. Әйтсе де сағыныш туралы жазылған өлең-

дердің бәрі осындай тебіреніс туғызады дей алмаймыз. Сол жинақ ішіндегі екінші бір ақынның, Қабыш Молдақашевтің, бір өлеңін толық берейік:

Сағынып келсем алыстан,
Туған жердің өр төсін.
Өзендер жатыр жарысқан,
Гүлдерге бөлеп өлкесін!
Гүлдерді теріп бір десте,
Тарту еттім бір қызға.
Кездесіп, өткен бір кеште,
Ұқсатып едім жұлдызға!
Гүлді құшып білегі
Байыпты түрде күрсінді.
Тулады білем жүрегі.
Құлағым шалды дүрсілді!
Өзенді өрлеп көк орман,
Жайқалып тұрды ақ қайың,
Әркімде болар әр арман,
Сағынып күтер май айын!

Міне, мұнда лирикалық қаһарманның «туған жердің өр төсін» сағынғаны айтылады. Бірақ оның қалай, қаншалық сағынғаны нақты ашылмағандықтан да, құр сағындым деуі әсерсіз. Тіпті, лирикалық қаһарманның гүл теруі, сол тергенін бір қызға ұсынуы тәрізді жарасты, игі істің өзі назар аудартпай өте шығады. Себебі оның гүл теруінде де, гүл ұсынуында да өзіндік сезімін танытатын ерекшелік жоқ, құр болған фактіні асығыс баяндай салу бар. Оның гүл тере салуы да (шөп жинаған жоқ қой), әншейін бір зат ұсынғандай гүл бергенін баяндаумен тынуы да өзіндік тамаша сезімді емес, немкеттілікті ғана танытқандай. Бойжеткеннің гүлді құшуында да (қараған емес, гүлді ұстап тұр десек), еш әдемілік байқалмайды. Не гүл әсемдігі, не жігіт сезімі, не қыз сыр-сипаты бірер деталь арқылы болса да, нақты көрсетілмегесін, бойжеткеннің күрсінуі де, оның жүрек дүрсілін лирикалық қаһарманның құлағы шалуы да сендірмейді, әсерсіз, солғын естіледі.

1985 жылы шыққан «Көгілдір көкжиек» жинағына енген Өтеген Оралбаевтың «Сағыну заңы» өлеңінде ақынның мол мүмкіндігін танытқан келісті жолдарды кездестіруге болады. Әйтсе де әсіресе өлеңнің соңғы бөлегіндегі мына тармақтардың сағыныш туралы айтылған белгілі ойларды санамалап өте шығу, құр қайталау боп шыққаны да анық:

...Махаббат оты лаулаған,
Тұрғанда өзің сөнбейді.

Сағыныш деген сел дейді,
Тереңі түпсіз көл дейді.
Тамшыға зәру шөл дейді,
Сағынған мынау жүректі
Туған жер ғана емдейді.
Танакөз — тамшы жанарым.
Торғайы туған даланың,
Жұтуға саумал самалын,
Өлендей кымбат өлкемде
Өзен боп ағып барамын...

(145-бет.)

Әдемілік көзі әр ақынның өзіндік арнасы болуында екенін қайталап айтқымыз келеді. Ақын айтқан ой, сезім жүз жерден тың, соны, әсем болсын, егер ол ақынның өзіндік сезім көрігінде шындалып, өзіндік бедермен нақысталмаса, оның әсері кем болады.

Қасым Аманжоловтың «Дауыл» өлеңін кім ұмытар:

Мен дауылдың ұлымын,
Тұра алмаймын дауылсыз.
Қарсы алуға дайынмын,
Сокса да дауыл дамылсыз.

Қабылхан Күзембаевтың «Дауыл» өлеңінде де келісті суреттер аз емес. Өлеңді толық келтірейік:

Аруағын қозғап айдынның,
Ағынымен ай, күннің,
Дауылым, соқшы, дауылым,
Көтерші қырдан айбынды үн.
Домбыраның басып сағасын,
Сәбидің тербеп санасын.
Дауылым, соқшы, дауылым,
Сілкілеп өмір сабасын.
Сарала қамшы үйіріп,
Сабалақ бұлтты иіріп.
Дауылым, соқшы, дауылым,
Көк нөсер болып құйылып,
Қаусырып құзды қармап көк,
Өртеніп намыс, қайнап кек.
Дауылым, соқшы, дауылым,
Дауылсыз жерде қаңбақ көп.

Жеке өзін оқығанда өлең бізге ұнады. Журналға ба-
сылғанына қарағанда, бұл автордың тандап алған айту-
лы өлеңінің бірі болса керек. Сезім де, ой да жоқ көп
сұйқылтым туындылармен салыстырғанда, бұл, сөз жоқ,
шоқтығы биік өлең. Әйтсе де бір қарағанда келісті өлең
болып көрінгенімен, бұл шығарма оқырманды баурап та
әкетпейді, журналдың келер бетін ашқанда-ақ ұмыты-

лады. Неліктен? Ал Қасымның «Дауыл» өлеңі ұмытылмайды. Бұл қалай? Әлде бір аты шыққан ақынға біз көз жұмып табына береміз де, аты шықпағанға талап қойғышпыз ба? Себебі тереңде жатыр. Қасым жазған өлең жолдарының ерекше әсерлі болатын себебі: ол тармақтар автордың бар ақындық бітімінің бөліп алуға келмейтін асыл сынығы. Дауыл дамылсыз соқса да, оны қарсы алуға дайынмын деген ойды Қасым сөз арасында әншейін айта салмаған. Сол ойын кейінгі өлеңдерінде де, бар творчествосында, өзінше дамытып, өзінше Қасымша, тұлғаланта түсіп отырған:

Айтпақшы, қайда бораның?
Кетейін алып майданға.

(«Орал»).

Қағып-соғып жығар ма,
Оңайлықпен мені өлім.

(«Үстімде сұр шинелім»).

Өзге емес, өзім айтам өз жайымды,
Жүрегім жалын атқан сөз дайында.
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді,
Тербетіп, тұлатып бір қозғайын да...

(«Өзім туралы»).

Міне, бұл өлең жолдарының бәрінде Қасымның күресті аңсауы, тынымсыздығы, жай қайталанбай, дамып, биіктей түсіп ақынның өмірді өз үнімен жырлауын, өз әлемін негіздейді ғой. Тіпті сол «Дауыл» өлеңінің өзінде де «қарсы алуға дайынмын» дегенді айту үшін, дауыл құмарлығын әйгілеу үшін, Қасым аз тер төкпеген:

Шыр айналды шаңырақ,
Сықырлады сырғауыл.
Бұркырады бар аймақ.
Сокты ышқына көк дауыл,
Көшті дауыл керуені,
Ілестім де мен кеттім.
Көк дауылдай кеуделі
Жігіт болдым, ер жеттім.

Міне, осындай тебіреністерден кейін барып Қасым «тұра алмаймын дауылсыз» десе, онысы ерекше әсерлі шыққан.

Біз Қабылханды ірі классик ақынмен қатар алып, неге Қасымша жазбадың дегелі отырғамыз жоқ. Қайта әр ақын өз соқпағын табуы жөн екендігі, Қасымнан үйренсе де, Қасымға ұқсап, сол шеңберде қалмауы қажет-

тігі бәрімізге аян. Бірақ соншама биік сезімдерге иек артады екенсіз, оған белгілі бір дайындықпен келіңіз, асып-тасу өз алдына дербес мақсатқа айналмасын демекпіз. Лирика әсемдігін айғай күші құрамайтыны тәрізді сезімді әйтеуір аспандата беру де шешпейді. Қабылханның өлеңінде жеке бір әсерлі суреттер, сезімдер болғанмен, оны негіздеуші өзіндік жүрек дүрсілі байқалмайды. Сондықтан да «домбыраның басып сағасын, сәбидің тербеп санасын» өлең тармақтары оқырман назарын аудармайды, атүсті, жеңіл айтылған. Соның нәтижесінде де «сілкілеп өмір сабасын» жыр жолы алдыңғы ойларды дамытуға емес, одан аулақтауға, оны тез ұмытуға қызмет етіп тұр. «Өртеніп намыс, қайнап кек» жолы арқылы қанша сезім ерлігін бермек болғанымен, ол Қабылханға ғана тән емес, әйтеуір бір ерлік ретінде тез ұмытылады.

Сөз жок, әр ақынның өзіндік беті, ерекшелігі туралы әңгіме қозғағанда, біз стиль, дербес стиль ұғымдарына тірелеміз. Стиль туралы зерттеулер тарихын, стильдің, дербес стильдің атқарар жүгін айтуды келер кітаптың үлесіне қалдыра отырып, біз әзірге стиль мәніне назар аудартумен шектелмекпіз. Әр ақынның өзіндік беті, ерекшелігі болуының мәніне көз жеткізу үшін осы орайда біраз ақындардың стиль ерекшелігін бірер қырымен болса да ашуды жөн көрдік.

ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ

Қазақ совет поэзиясының негізін қалаушылар: С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов десек, сол алдыңғы толқынның соңын ала жиырмаасыншы жылдардың аяқ шенінде сапқа тұрып, күні бүгінге дейін поэзия көшін бастаушылардың бірі болып келе жатқан кемел акын — Әбділда Тәжібаев.

Ә. Тәжібаев лирикасы қақында нікір айтпаған акын, сыншы кемде-кем. Жекелеген мақалалармен бірге арнайы монографиялық еңбек те жарық көрді¹. Аталған еңбекте акын творчествосы жан-жақты, сәтті қарастырылғанын да атап өткіміз келеді.

Ә. Тәжібаев лирикасы туралы сөз қозғағанда алдымен М. Әуезов пікірі еске оралады: «Сыршылдық шығармалардағы «Сырдариядан» басталған нәзік сезімді, нақыс-

¹ Дүйсенов М. «Ақын мұраты», 1967.

ты күйді әлеуметтік үлкен армандармен біте қайнастырып отыратын, өнімді өлең құрылысы — Әбділданың жаңағы саналған сыршыл өлеңдерінің көбінде көрініп отырады. Ол еңбек адамдарының мал айналасында, сұлу табиғат арасындағы көңіл-күйін жырласа да, өзінің сыршылдығын әлеуметтік іргеден аулақтатпайды. Жеке дара ралық мүлгуге, құр тамашалау қалпына әкетпейді. Табиғат көрінісі, адам тірлігі, еңбек ролі әр кезде ақынның терең сезіммен сүйсініп шертетін саздары болып отырады»¹.

М. Қаратаев ақынның кемелдену жолын саралай келіп: «Отызыншы жылдардың орта шенінде Әбділданың лирикасы нақтылық пен нәзіктікке, сюжеттік пен суретшілдікке ойысып, өзінің өзгешелігі мен жаңа мүмкіншіліктерін ашқаны анық», — деп көрсетеді².

Ш. Елеукенов ақынның кейінгі жылдары жазған өлеңдеріне тоқталу үстінде: «Көп ақыннан Ә. Тәжібаевтың ерекшелігі — ол жайрандаған жанымен, өжет болмысымен, бірде жастыққа тән жеңіл жараланғыштығымен, шапшаң қайтымымен риза етеді» деген пікір түйеді³. Көріп отырғанымыздай, Ә. Тәжібаевтың ақындық беті, ерекшелігі қақында құнды пікірлер аз емес. Әйтсе де ақын ерекшелігі, шеберлігі бұл айтылғандармен де шектелмейтіні анық. Ең алдымен айтарымыз: Ә. Тәжібаев лирикасы туралы жазғанда, оның басқа ақындардан ерекшелігін, өзіндік ақындық бетін ажыратып алған жөн.

Біз қазақ совет поэзиясының даму жолына көз тіксек, алдымен Сәкеннің батыл да қаһарлы, өр де асқақ күрескер «мінін» көрер едік. Ал, сол тұстағы Б. Майлин қаһарманы онша алып-ұшпауымен, өзіндік қарапайым табиғатымен, әдеттегі наным-сенімімен танылады. І. Жансүгіровтың лирикалық қаһарманы көбіне ерекше кесек істерге құлаш ұрып, оқиға, тартысқа арындап араласуымен ерекшеленеді. Қасым Аманжолов та қарапайым адамның әдеттегі іс-әрекетін тәптіштеуден гөрі оның айырықша биік өткелдерде көріну сәтіне баса назар аударады. Ә. Тәжібаевтың да өз арнасы, өз стилі бар. Қарапайым адамның әдеттегі көңіл-күйін, жайын бейнелеуде Ә. Тәжібаевты Б. Майлинге ұқсатуға болар ма еді? Бірақ екі ақында сарын ортақтығы болғанымен, әрқайсысының өз жолы бөлек-бөлек. Б. Майлин өлеңінде

¹ Шығ. жин., 1985, 319—320 б.

² Жыр мен сыр. «Жұлдыз» 3, 1963, 139 б.

³ Елеукенов Ш. Поэзияның алтын дінгегі — адамгершілік, «Жұлдыз», 6, 1976.

күрделі психологизм адамның көзқарас ерекшелігін даралап бейнелеу міндетіне бағындырылған. Ә. Тәжібаевта қарапайым адам сезімі нәзік сезімталдыққа, байсалды толғанысқа астасады. Демек Ә. Тәжібаев сыршыл, ойлы ақын деуіміздің өзі жеткіліксіз. Өйткені түптеп қарасак, нағыз талантты ақындардың бәрінде де сыршылдық, ойлылық болуы жаңалық емес. Жоқ, Ә. Тәжібаев әйтеуір сыршыл, әйтеуір ойлы ақын емес. Ол өзінше сыршыл, өзінше ойлы.

Ә. Тәжібаевтың басты ерекшелігі — ол не туралы жазса да, ерекше биік сезімдерді қуалап кетпейді, көбіне әдеттегі адамның күнделікті іс-әрекеттеріне, сезім толғаныстарына көңіл бөледі. Ақын лирикасының объектісі — ерекше биік тау, айрықша ақылды адам, өртеп, күйдіріп бара жатқан от махаббат емес, өмірде жиі кездесетін көп адамдарға тән әдеттегі сезімдер. Ә. Тәжібаев сол әдеттегі іс-әрекет, ойлардан небір әсемдік, небір жылы сезімдер өрбітіп, оны аспандатып, шығандатпай-ақ, өзіндік ұстамдылық, тартымдылықпен, нәзік сезімталдықпен жай сездіре біледі. Ақынның көп жыл өткеннен кейін, туған жерге оралу кезіндегі сезіміне қарайық:

Келеді әне күліп бір шал қарсы алып,
Тұрмын қарап үнсіз ғана тамсанып.
Осы менің бала күнгі құрдасым,
Осы менің жігіт күнгі сырласым.

Түсін қара, тісін қара өзінің
Қызыл еті қалыңдапты көзінің.
Қоңқақ мұрнын қолмен біреу көтеріп,
Созыңқырап кеткен сынды езуін.

...Сұрт көзіңді деппін оған суланған,
Күлген болам кісідей-ақ қуланған.
Өз көңілімді қайтсем екен қиналған,
Өз көзімді қайтсем екен буланған?

(«Сыр жырлары»).

Өлеңдегі нақты суреттер: «қызыл еті қалыңдапты көзінің», «қоңқақ мұрнын», т. б. — лирикалық кейіпкердің көңіл-күйінің дараланып берілуімен: «күлген болам кісідей-ақ қуланған» т. б. сәтті үндеседі. Лирикалық қаһарманның туған жерін, достарын әйтеуір сүйі, сағынуы жалпылама баяндалмай, оның өзіндік сезімі дәл берілуімен де өлең ұтып тұр. Мәселен, досын көргенде, өзінің сырт сабырлы калпын сақтап тұруы («Тұрмын қарап үнсіз ғана тамсанып») — лирикалық қаһарманның көңіл-

күй, сезім даралығының көрінісі. Лирикалық қаһарманның осы байсалды қуанышы, жылы сезімі өлеңнің өн бойында өзіндік арнамен дамып, тұлғалана түседі.

Бізде қазір шығып жатқан талантты жас ақындар көп, бірақ өз тұлғасымен ерекшеленіп көзге түсетіні аз. Неліктен? Демек бір өлеңді, тіпті жүз өлеңді тартымды жазу да ештеңе бермейді екен. Әр ақын нені айтса да, өзінше айтуы керек. Өлең жазуға себеп те мол, кедергі де көп. Ең үлкен кедергі — біздің көп ақындарымыз белгілі бір сезім туралы, айталық сағыныш туралы жазса, әйтеуір алып ұшып, өртене берсек, діріл қағып, мөлтендей берсек болады деп түсінетін болса керек. (Ол жөнінде жоғарыда да біраз айттық). Ал Ә. Тәжібаевтың «Женеше әні» өлеңінде жеңешенің сағынышы бейнеленген. Мұнда болуға тиісті ортақ сағыныш емес, Ә. Тәжібаев қаһарманының сағынышы дерліктей, өзіндік сағыныш нық көтерген:

Кайным, кайным, есінде ме жеңешен,
Жүдеуші едің құрт-майымды жемесен.
Жаксы үмітті жоғалтқандай болушы ем,
Күніне бір «жеңешетай» демесең...

Ақ алжапқыш байлап берік беліме,
Қара шашым құндыздай боп төгіле.
Отырғанда сүттен қаймақ айырып,
Әніме арнап қоса берем сені де...

Айлар өтті, жылдар өтті — санаймын,
Қайтып жатыр күткендері талайдың.
Келе жатқан алыстағы сен бе деп,
Ұзын жолға ұзақ аңсап қараймын.

Көріп отырғанымыздай, мұндағы лирикалық бейне белгілі бір адамды әйтеуір сағынғанын айтып зарлай бермейді. Жеңешесі де, қайнысы да аз да болса өзіндік сезім-әрекетімен танылады. Құрт-майын немесе, қайнысының жүдейтіні, күніне бір «жеңешетай» демесе, жеңешесінің «жаксы үмітті жоғалтқандай» болатыны — осының айғағы. Сонымен қатар сүттен қаймақ айырып, қайнысын әніне қосып отырған жеңешенің беліне ақ алжапқышты берік байлағаны, қара шашы құндыздай боп төгілгені де сәтті берілген. Лирикалық кейіпкерді нақты көргендіктен де, соған сүйсінеміз. Сүйсінеміз де, ұмытпаймыз. Алыстан келе жатқан біреуді қайыным ба деп «ұзын жолға ұзақ аңсап» қараған жеңеше бейнесі есте қалады. Бұл өлеңде адам сезімі оның көзқарасына, мінез ерекшелігіне сай өрнектелген. Өлең сонысымен де

ерекше әсерлі. Демек, тек эпоста емес, лирикада да адам көңіл-күйінің бір, бірер сәтін берерде де оның көзқарас, мінез ерекшелігін ескерудің мәні үлкен екен. Бұл өлеңнен соны көрдік.

...Толғанып алды-артынды болжап бір кез,
Отырып айтпақ болсаң ақылды сөз,
Өзге емес, өз балаң-ақ асықтырып
Тілейді әңгімеңнің бітуін тез.

Олармен бір кетуге қуатым кем,
Дырдуға жаным қазір етпейді елең.
Қасымда қалтқысы жоқ қалады жар,
Қасымда кәрі жолдас қалады өлең.

Мен «бұлбұл», сен «гүлімсің» деп лепіріп,
Аузымнан шықпайды әлі сөз көпіріп.
Оңаша ойға шомып отырамыз,
Біріміз бірімізді іштей біліп.

(«Ой өлеңі»).

Бұл өлең—алдымен көп адамда жиі кездесетін әдеттегі сезімдерді қозғап, одан үлкен сезім өре білу үлгісі. «Өзге емес, өз балаң-ақ асықтырып» дегенде, талай әкенің қартайған шақтағы көңіл-күйін тап басатыны сөзсіз. Расында, ғашық жарды бұлбұлға, гүлге, ай, жұлдызға балап талай ақын жазды. Бірақ адамдар көбіне аспанға қарай бермейтіні: жер сызын табанымен сезініп, сырт көзге «уақ-түйек» әрекеттермен айналысатыны белгілі. Ә. Тәжібаевтың ақындық күші сонда, ол біреулер үшін «ұсақ-түйек», «керексіз» көрінген елеусіз жәйттерден не бір әсемдікті жарқыратып аша біледі.

Күз басталды, сарғайды,
Қырда қыран самғайды.
Жел жүгірткен жапырақтан
Ұлым көзін алмайды.
...Жел жүгіріп заулайды,
Сарғылт жапырақ аунайды.
Айыра алмай қарайды.
Жапырақтан торғайды.
Күз басталды, сарғайды,
Қырда қыран самғайды.
Ертең өзі-ақ ұстайды
Қуып жүріп торғайды.

(«Әке жыры»)

Осы өлеңде әкенің баласын жақсы көрем деген сөзі ұшыраспайды. Ол жөнінде айғайлап, айғай күшімен, діріл санымен бейнелемекке шарқ ұруы жоқ. «Күз басталды, сарғайды» әншейін жай айтыла салған тәрізді. Мұны

талай ақын айтқан деп мұрын шүйіруге де болатын сияқты. Екінші жол: «Қырда қыран самғайды». Бала ұмтылуға тиісті биіктер бары сәтті аңғартылады. Бірақ бұл бала үшін әлі ерте. Ақын қаһарманы қазір тек «жел жүгірткен жапырақтан» көзін алмайды. Одан артық әрекетке зорлап жетелеу қажет емес. Бала әзірше жапырақ пен торғайды айыра алмай қарауда. Әке де ұлын тұлпарға мінуге, көкке ұшуға үндеп тұрған жоқ (уақыты жеткенде, ол да қашпас). Қазіргі үлкен тілегі: «Ертең өзі-ақ ұстайды. Қуып жүріп торғайды». Қысқасы, әкенің балаға деген тілегі, махаббаты осылайша нақты да әсерлі өрістеген.

Жоғарыда аталған монографиясында М. Дүйсенов: «Ойлы поэзия ғана ой мен сезімнің тартысын тудыра алады. Өйткені ол белгілі бір идеяны, эстетикалық принципті не қолдайды, не оған қарсы тұрады, осыдан келіп лирикалық кейіпкердің характері арқылы — лирикадағы тартыс туады. Әрине, лирикадағы тартыс әдебиеттің басқа жанрларындағыдай сюжеттік ситуация арқылы көрінбей, лирикалық геройдың күйініш, сүйініші, ойы, сезімі арқылы көрінетіні белгілі», — деген пікір айтады¹.

Біз Ә. Тәжібаев лирикасының тартыс құрылымында да өзіндік соны бет барын айтқымыз келеді. Ақын нені жазса да, өмірдің күнгей жағын ғана тамашалап, көлеңке тұсын ұмытудан аулақ. Ақын қашан да күрескер. Ол лирикалық қаһарман көңіл-күйінің белгілі бір сәтін ғана емес, туу, даму өзгешелігін, күрес-тартыстарды бастан өткеруін қоса аңғартып отырады:

Жан берші мұз басқан өзенге,
Тыңдашы оның да жақсы әнін.
Селдетіп тағы бір жөнелсін
Бітпеген былтырғы дастанын.

(«Келе ғой, көктемім»)

Осындағы «жан берші» тіркесі өзінен кейін тұрған «мұз басқан» суретіне карама-қарсы қойылып тұр. «Мұз басқан» — қимылсыздықты, суықтықты жайып салса, «жан берші» соның өзін жылытуға, қимылға көшіруге арналған. Мұз басқан өзенді көргенде, оның алдында берілген «жасартшы жапырағын орманның» жыр жолы әсері де арта түседі.

Ә. Тәжібаев қарапайым адам көңіл-күйіне, жеке адамдар өміріне жіті үңіледі дегенде, оның дара жан-

¹«Ақын мұраты», 1967, 106-бет.

ның ұсақ тірлігі көлеңкесінде қалмайтынын атап айтқан жөн. Ақын лирикада да типтендірудің жемісті өзіндік жолын танытты. Осы орайда тағы да М. Дүйсенев пікірін келтірген орынды: «Лирикалық геройдың характері заман рухын, қоғамның негізгі тенденциясын бере білетін типтік характерге айналуы керек. Міне, осы типтік характерді беруде ақын өзінің тәжірибесін, түсінігін, дәуірдің өскелең тенденциясы тұрғысына бағындыруы керек. Сонда ғана ол өз дәуірінің поэтикалық бейнесін жасай алады. Яғни ақын қоғамның даму заңын, объективтік шындықты тани біліп, өзінің объективтік ойы мен сезімін, түйсігін соған бағындыра, байланыстыра, үйлестіре, қабыстыра алуы шарт. Сонда ғана ақын өз дәуірінің, өзі өмір сүрген ортасының шындығын айтып беруге мүмкіндік алады. Міне, Ә. Тәжібаев лирикасының биік сапасын ақынның субъективтік «мені» мен объективтік шындықтың тұтастық бітім-бірлік табуынан іздейміз. Мұның аты — лирикалық геройдың типтік бейнесін жасау¹.

Ә. Тәжібаев — бүкіл бір ұрпақтың, халықтың атынан сөйлеуде де өзіндік ізденіс, өнеге танытқан суреткер. «Коммунист сөзі» өлеңі — соның бір көрінісі. Өлең жеке адамның, жасы ұлғайғаны байқалған лирикалық қаһарманның, жас ұрпаққа өнеге айтуы түрінде басталады:

Ал, достар, тыңдаңдар үлкенді,
Шашым ақ, үлкенмін көбіңнен,
Сүймеймін сырымды бүркеуді
Сендерден,
әсіресе Лениннен!

Екінші шумақта, ақын өзін, немесе шартты түрде алынған лирикалық «менді», өзіне ұқсамайтын, тіпті қарама-қарсы сипаттағы жарамсақ, өзімшіл жандардан бөліп алады. Сол арқылы ақын өз қаһарманын белгілі бір биіктерге шығаруға дайындайды:

Жүрген жоқ күн көріп шуақтап,
Майланғыш, сайланғыш ебіммен.
Көргем жоқ куларды қуаттап,
Келемін кең маңдай Ленинмен!

Ал үшінші шумақтан бастап ол еңбекші қауым атынан сөйлеуге көшеді:

Есімде,
ұмытпан кашанда

¹ Бұл да сонда.

Жығылған қалалар денесін көтердім
Ойраннан: топырақ пен тозаңнан, балшықтан.
Дарияны жетектеп көшірдік
Бұрынғы бір тамшы тамбаған жерлерге.
Самсаған қалалар, ормандар өсірдік,
Құстың қанаты күйген шөлдерде.

Ал өлеңнің төртінші бөлімін құрап тұрған жалғыз шумақ ақынның бүкіл совет халқы атынан лебіз білдіруінің айғағы:

Жұртты біз сарыға, қараға бөлмейміз,
Сары да, қара да ақпенен тең дейміз!
Адамды қорлатпау, таптатпау борышымыз,
Адамды жыртқыштың жеуіне бермейміз!

Өлең соңында ақынның тағы да «мен» атынан үн беруі әсерлі:

Мен жауап беремін бүгінге,
Мен жауап беремін ертеңге!
Бермеймін дүниені ешкімге
Қолынан от қойып өртеуге!

Мұндағы «мен» сертінің ерекше салмақты естілу себебі неде? Ол ақынның әрі жеке «меннің» көзқарас, мінез ерекшелігін ашуында, әрі оны бүкіл халықтың күрес жолымен сабақтастыруында, әрі «менді» де, «бізді» де өсу жолымен, заңдылығымен шынайы бейнелеуінде дер едік. Сөйтіп ақын әдеттегі адамды қарапайым қалпында бейнелей отырып, оны ерекше, биік істерге дейін жеткізе, өсіре біледі. Ақын ондай өлеңдерінде әсіресе поэзияға етене жақын әсірелеу мен шарттылықты да өзінше қолданады:

Жел сайтан шулатып кернейді, сырнайды,
Құздардың мұздарын қыздырып, ырғайды.
Шұбырта билетіп, жүгіртпек болады,
Төндіріп төменге мың қасірет, мың қайғы.

...Сиқырын ақынның құдайлар білсін деп,
Желді де жырыммен байлаймын тілсімдеп.
Оятып күнді де жіберем ертемен
Қаламның көшесін аралап жүрсін деп.

(«Тауда».)

Міне, ақынның күнді өзі іздеп барып оятуына, желді тілсімдеуіне сенбеу мүмкін емес. Бұған дейінгі ақынның кесек әрекеттері, өр жаны бізді ұйытып алған. Сөйтіп ақын лирикалық қаһарманын қандай биікке көтерсе де, бізді иландыра алады. Сендірерлік күші: лирикалық

қаһарманды дайын биікке апара салмай, оның кездескен қиындықтармен өзінше арпалысуын, арпалыс жолын, аз да болса, аңдата алуында.

Міне, Ә. Тәжібаев — қазақ совет әдебиетінде осындай өзіндік үні, дара жолы бар, кемел ақын.

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ

Әр кемел ақынның әдебиет тарихында алатын орнын анықтау оңай емес. Жұбан Молдағалиев хақында арнайы монографиялық еңбектер болмағанымен, жекелеген мақалалар, рецензиялар да біршама жазылып келді. Әйтсе де үңіле қарасақ, бүгінгі жыр төрінен орын алатын ұста ақынның бірі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Жұбан Молдағалиев творчествосының жете зерттелмеуінің де куәсі боламыз.

Біздің сөз қылмағымыз: Жұбан Молдағалиевтің қысқа өлеңдерінен көрінетін шеберлігі, өзіндік беті, ерекшелігі, т. б. мәселелер. Жұбан Молдағалиев өнер көкжиегінде қыркыншы жылдардың басынан бастап көріне бастады. Бұл кезде қазақ совет әдебиеті негізінен алғанда Одақ оқырманына танымал боп өсіп, есейіп келе жатқан әдебиет еді. Әйтсе де әсіресе поэзия саласында даусыз жетістіктерімен қатар елеулі кемшіліктері де бар болатын. Ол қандай олқылықтар? Поэзия зерттеушісінің бірі М. Дүйсенов сөзімен айтсақ: «20 жылдары қазақ лирикасында өмір диалектикасы мен қайшылығы мол көрініп отырды. Ол кездегі лирикалық поэзиядан заман шындығы жан-жақты көріне бастады, адамдардың қандай қиындықтарға кезіккенін және қандай қиындықтарды жеңе отырып өздерінің жаңара бастаған психологиясын, ойларын, сезімдерін айқын таныта алғанды. Ал, отызыншы жылдардағы қазақ лирикасы бұл бағытын недәуір әлсіретіп алған жайын да жасыра алмаймыз. Өмір шындығын көбіне бір қырынан ғана көрсетуге әуестенушілік лириканың жалпы сапасына әсерін тигізбей қоймайды.

Оқушыны ащыға да, тұщыға да үйретіп, табысқа масаттанбайтын, қиындықтан жасқанбайтын етіп тәрбиелеу — әрқашан да басты шартқа айналуы керек. Сонда ғана лирика оқушы қауымға идеялық та, эстетикалық та тәрбиеші бола алады»¹.

¹ «Уақыт және қаламгер», 1974, 170—171-беттер.

Жұбанның алғашқы өлеңдерінің бірі — 1941 жылы жазылған «Жауынгер хаттарынан» туындысы.

Бәлки, бұл ақырғы хат болуы да,
Кезігіп қалсам, ажал торуына
Әйтсе де «жақсы лепес —
жарым ырыс»,
Сенемін жақсылыққа жоруыңа...
Уақыт тар, көп болса да айтар сөзім
Қош, сау бол көріскенше,
мөлдір көзім
Суретің жүрегімде жүр сақтаулы,
Секілді ескерткіші сол бір кездің.

Не байқалады? Біріншіден, бұл өлең Жұбанның жаңа жаза бастағанын, суреткер ретінде қалыптасып үлгермегенін танытады. Әсіресе екінші шумақтағы ұйқас толымсыздығы, олақтау қиыстырылуы, басқа ақындар өлеңдерінде көп айтылған ойларды қайталау («Суретің жүрегімде жүр сақтаулы»). Әйтсе де бұл өлеңде жаңа Жұбан да бар. Лирикалық қаһарманның өзіндік сенім, мінез, психология ерекшелігі біршама байқалады. «Әйтсе де «жақсы лепес — жарым ырыс», «Сенемін жақсылыққа жоруыңа». Құбылыстың көп қырының ішінен ең өзектісін бөліп көрсету («мөлдір көзім»), қиындықты әлсіретпеу, дәл, нақты бейнелеу («бәлки, бұл ақырғы хат болуы да») нәтижесінде лирикалық қаһарман сезімі кең ашылып, әр сөзі, әрекеті әсерлі боп шыққан.

Ақын қалыптасуы бір күннің, тіпті бір жылдың да ісі емес. Ақынның таңдамалы жинағына енген, 1943 жылы жазған «Атака» өлеңін толық келтірейік:

Сағатын алып жауынгер,
Әр минутын санайды.
Сенімді серік мылтығын
Тағы да, тағы қарайды.
Күткені оның — атака.
Атака — жеңіс жолдасы.
Жеңіске ынтық ерлерді
Басташы, қане, қолбасы!
Атака — ердің тағдыры,
Атакасыз жеңіс жоқ.
Жауынгер соны күтеді,
Жаңбыр болып жауса да оқ.

Сол кездегі өлеңдердің көбі толғау түрінде ұзақ боп келетінін ескерсек, көлем қысқалығында жетістік ізі жоқ емес. Дегенмен солдат сезімі, әйтеуір болуға тиісті жалпы сезім ретінде алынған. Атака алдындағы жауынгердің әр минутын санауы, сағатына қарауы, атаканы күтуі,

жеңіске сенуі, — бәрі біршама жалпылама берілген. Шабуылды екі мың солдат күтсе, әрі бәріне ортақ сезімдер, әрі әр солдаттың мінез, әдетіне сай өзіндік қылығы, толғанысы болатыны белгілі. Тіпті сол әр минутты санағанда да, бір солдаттың байыптылығы танылуы, екіншісінде шыдамсыздық, күйгелектік, үшіншісінде өжеттік, төртіншісінде кинала тұрып қалжыңға әуестік, бесіншісінде уайымшылдық, алтыншысында әрі уайым, әрі елегізу тәрізді түрлі сезімдер қабағат өрбуі ықтимал ғой. Сонымен қатар атака жеңіс парады емес: әр жауынгердің қауіп-қатерлі сезінуі, сәт болса да үрейленіп, сол қорқынышты өзінше жеңуі бар емес пе? Ал бұл өлеңде солдат белгілі бір сезімге жету жолымен, аз да болса қиындықтарды өткеруімен (тіпті қарама-қарсы сезімдер мазалауы да мүмкін) ашылмай, тек жеткен дайын биігінде тұрып бой көрсетіп өте шығады. Соның нәтижесінде лирикалық қаһарманның ішкі сезімі, өзіндік дара бітімі, өсу жолы, т. б. жабық қалады. Бұл — сол жылдары қазақ поэзиясында кең өріс алған «тартыссыз» шығарманың бір үлгісі.

Әйтсе де сол жылдардың өзінде болашақ суреткер Жұбан Молдағалиев көріне бастайды. 1944 жылы жазылған «Сағындым, Жайық» өлеңі — соның айғағы:

Сағындым сені, Жайық, алма бақты,
Өткізгем өз бойында жастық шақты.
Сүйуші ем төңкерілген толқыныңды,
Сылқылдап соғып жатқан жарқабакты.
Суына қармақ салып, ілгем талай
Күмістей жалтыраған ақ шабакты!

Мұнда лирикалық қаһарманның туған, өскен жерге деген сезімі, әйтеуір болуға тиісті делінген қалыпта жалпылама алынбайды. Лирикалық қаһарман алдымен өзен, толқын, балығын нақты елестетеді. Әйтеуір бір толқын емес: жарқабакты «сылқылдап соғып жатқан», «төңкерілген» толқын. Әйтеуір бір балықтар емес: «күмістей жалтыраған ақ» шабақтар. Бұл нақты, дәл берілген суреттер Жайықтың ғана әсем көрінісін өрнектеп қоймайды, ол туған жердің небір асылына үңіле білген ақынның да аскак, нәзік жанын ашады.

Соғыстан кейінгі туындыларының бәрін саралай келгенде, Жұбан Молдағалиевтің басты ерекшелігін байқаймыз. Ол — әр шығармада эпикалық кең тыныс болуы, қысқа өлеңнің өзіне үлкен әлеуметтік мән сыйып тұруы. Соның бір дәлелі — «Жүректер» өлеңі:

Сағынысып көрісеміз достармен,
Қосылады бір көңілге қос дәрмен.
Сүйіседі, сыңғырлайды бокалдар,
Кездесуді қошаметтеп тостармен.

Тебіреніп жүрек сонда тулайды,
Ғашықтың да көкірегінде шулайды.
Мейрамда да, қазада да тынымсыз,
Не жазады, не бір дертпен улайды.

Жүрек қандай балқып тұрған от еді?
Неңдей күштен жаралды екен о тегі?
Ол арқылы қан ғана емес, толассыз
Жер-дүниенің дүмпуілі өтеді.

Жарқылдайды, бұлттанады бұл күнше
Құр аттай боп шыға келер бір күлсе.
Өзіміздің туған Ташкент түгілі,
Сыздайды түү Чилиде жер сілкінсе...

Міне, мұнда жеке адам көңіл-күйі арқылы адамзаттың алдыңғы қатарлы арлы өкілдерінің үні жинақталып берілген. Бокалдардың сүйісіп, сыңғырлауы достар қуанышын нақты бейнелеуге қызмет етеді. Сөйткен «сыңғырлаған» бокалдарды тамашалаудан кейін лирикалық қаһарманның жүрегі «түү Чилиде жер сілкінсе» сыздауы соншалық әсерлі. Сурет айқындығы, сезім дәлдігі, шынайылығы, — міне мұның бәрі лирикалық қаһарман сезімін тұлғаланта түседі.

Құбылыстың аса мәнді сипатына баса назар аудару, оны жарқыратып көрсете білу — Жұбан шеберлігінің негізгі қыры дер едік. «Алма терген Ләйлә» өлеңінің бастапқы бір шумағын келтірейік:

Қыз бетіндей алмалардың қызылын-ай,
Ләйләжан!
Қос жыландай бұрымыңның ұзынын-ай,
Ләйләжан!
Ақ маңдайда қалам қастың сызылуы-ай,
Ләйләжан!
Жалын атқан жанарыңның қызуын-ай,
Ләйләжан!

Біріншіден, алманың көп сипаттары ішінен (дәмі, пішіні, салмағы т. б.) тек түр өзгешелігін (қызыл екенін) бөліп алады. Екіншіден, «қызыл» сөзі алмаларды елестетумен қатар қыз бетін бейнелеуге де қызмет етіп тұр. Үшіншіден, сол қызыл алманы әспеттегесін барып, бұрымның ұзындығын қызықтай түсеміз. Ал бұл қызықтау сызылған қалам қасқа айрықша назар аударуға жетелейді. Мұның бәрі селбесе келе «жалын атқан» жанар-

дың қызуын тамашалауға әкеледі. Сөйтіп алманың қызыл болуы қыз бұрымының ұзындығымен, қыз қасының сызылуымен, қыз жанарының қызулығымен әдемі үндеседі.

Көркем сөзге, детальға ұста ақынның бірі Ғали Орманов еді. Оқуға аттанған баланың қиындық, жадау тұрмыс атаулыдан құтыла қоймағанын, алда әлі де соның зардабын шегерін, бірақ оны жеңер күші де байқала бастағанын, — соның бәрін ақын бір ғана детальмен сәтті меңзеген:

Жарбиған жаман тон-тұмақ
Жабысып кетті үстімде.
Жанайын деген бір шырақ
Жалтылдап кетті ішімде.

Суреттің бір жағында жарбиған тон да, екіншісінде жалтылдаған от тұр. Сырт көзге біріншісі басым сияқты: әрі жарбиған, әрі жабысып кетті. Қандай берік те ауыр, көлемді де ұсқынсыз дегізгендей. Бұл да Ғали шеберлігі: қиындықты жеңілдетпеуі, сол арқылы лирикалық қаһарманды дайын биікке апара салмай, күрес соқпағында шындалу заңдылығын аша түсуі. Ал, бұл лирикалық қаһарманның шынайы да әсерлі бейнеленуіне негіз болады. Әйтсе де екінші сурет сырт көзге әлсіздеу көрінсе де, — лапылдаған, жалындаған емес, тек жалтылдаған шырақ қана, — болашақ күш өз жағында екенін де қоса танытып тұр. Тон қанша жарбиып жабысса да, онда қозғалмау, «барым осы» деп тыну да бар. Ал шырақ аз да болса, «жалтылдап» кетті, демек оның өршуі, ертең-ақ ана жабысқандарды аспанға атуы мүмкін (егер сөзбе-сөз түсінсек).

Бұл дәстүрді Жұбан Молдағалиевтің де сәтті жалғастыруын көреміз. Ана туралы, ана мейірімі хақында жазбаған ақын кемде-кем. «Ана — ұлына камқоршы» дегенді талай қайталап естіп ығыр болдық та. Жұбанда сол ана жайында: «Төніп келген әжімнен қорғағандай», «Мандайымнан кетпейді алақаны», — деген сәтті деталь бар. Ана мейірімділігі сондай, ұлының сәби шағындағы балғын мандайын ғана емес, оның егде тартқандағы әжім үйіруге бейім мандайын да аялап сипауға, ол үшін ара түсуге әзір. Қаншалық таусылмас мол мейірім, қандай жылы да камқор алақан дегізгендей!

Жоғарыда назар аударғанымыздай, суреткер шеберлігінің бір қыры көп суреттің бірінен соң бірін топырлатып тізе бермей, ең жандысын, ең өзектісін іріктеп, ше-

бер қиюластырып қолдана білуі десек, соның бір көрінісі — «Бәйге» өлеңі. Шығармада ақын «Қыз қуудың» қалай басталғанын, қалай өрістеп, қалай тынғанын, — бәрін тәптіштеп тізе бермейді, соны жинақтап танытарлық жанды көріністерді екшеп пайдаланады. Алдымен жігітті ынтықтырардай қыздың көрікті екені бірер детальмен ашылады:

Міне, шықты балғын қыз,
Үкілі аты ойқастап...
Жанарын-ай, жанарын,
Суырғандай жүректі!..

Одан кейін жігіттің «қыз қууды» қалай бастағанын ашатын сурет бар: «Дүрсе қойдым соңынан». Ізінше жігіттің ұмтылып қол созуы, бір құшуға асығуы бейнеленеді. Содан соң барып қыз атының жүйріктігі шаң береді: «Жұлдыз боп ол ызғиды». Ақырында межелі жерден кері оралғанда, қуып жеткен қыздың дәстүр бойынша жігітке қамшы ойнатуы беріледі. Сөйтіп суреткер белгілі бір көріністі қуалап кетпей, одан екінші, үшінші көріністерге жетелеп, бейнелеу объектісін тез ауыстырып отырады. Соның нәтижесінде оқырман біресе қыз өңін, іле жігіттің алабұртқан сезімін, артынша қыз атының жүйріктігін, соңында жігіт бетінің қызаруын тамашалайды. Соның ара-арасында не болғанын, бәрін тәптіштеп жатпайды. Образ ашуға себі жоқ әрекет-қимыл атаулыны автор әдейі қағыс қалдырады. Бұл, біріншіден, сапырылысқан көп сурет соңынан кетіп, оқырман сезімін бытыратып, қожыратудан сақтандырады. Екіншіден, бар жанды суреттерді жарқыратып септестіре келіп негізгі идеяны тұлғаланта түсуге ықпал етеді.

Не бір әдемі сурет жеке тұрып еш әсер бермеуі де мүмкін. Ол көп сурет ішінде өз орнын тауып, өз пернесін дөп басса, әрі басқа бір көріністердің мәнін аша түсіп, әрі басқа детальдарға иек артса, — сонда ғана жемісті, әсерлі болмақ. Мәселен, «Алматы тау өзені» өлеңінің: «Әсем-ақ қой Алматының // Бұландаған тау өзені», — деп басталған тармақтарында лирикалық қаһарманның өзеннен қаншалық қашық тұрғаны дәл айтылмаса да, әйтеуір тым жақын төнбегенін, не биіктен, не алыстан шола қарағанын аңдаймыз. Сөйтіп алғашқы жолдар өзеннің тау аясында қалай көрінетініне («бұландап» созылуына) назар аудартады.

Тау текедей бір ұсталмай
Тастан-тасқа атылады.

Темір тиген хрустальдай,
Шытынайды, уатылады,—

деген екінші шумақты алсақ, онда лирикалық қаһарман-ның өзенге тым таяу келіп көз салуын да байқаймыз. Онда өзен толқынының тастан-тасқа атылуын көреміз, тіпті толқындардың хрустальдай шытынауын естиміз (жақындамасақ, естір ме едік). Сөйтіп бастапқы суретте өзеннің жалпы көрінісі берілсе, кейінгісінде оның ерекшелігіне: ағысы күштілігіне, тез ағатынына үңілу басым. Келесі шумақтарда да өзен ерекшелігі, сипаты ашыла түседі:

Тау бұйырса, сыз бұйырса,
Желе-жортаң желі даяр.
Күз құласа, мұз құйылса,
Сең-сең тасы, селі даяр.

Нақты көріністердің жеке-жеке қалмай жалғаса, жымдаса келіп тау өзенін жан-жақты ашуы өлең әсерлілігін негіздеген. Соның нәтижесінде біріндегі сурет екіншісінің мәнін ашуға, ал екіншісіндегісі бастапқы детальға қайта үңілуге жетектейді. Соның арқасында басқа ақындар өлеңдерінде бейнеленген тау өзеніне ұқсамайтын тек «Жұбанның тау өзені» дегізгендей өзен бейнесі жасалған.

Қазіргі әдебиет сынында «көркем тартыс» ұғымын тек проза, драмаға ғана емес, лирикаға да қолдануға болатыны тәп-тәуір дәлелденді (Ол туралы жоғарыда да біраз айттық). Алысқа бармай-ақ, жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқулықта берілген белгілі ғалым З. Қабдолов пікірін еске алайық:

«Лирикада реалистік эпос пен драмадағыдай карама-қарсы екі жақтың қиян-қилы күресі, қат-қабат қақтығысы шиеленісу, өрбу үстінде көріне бермейді. Лирикалық қаһарман, әдетте, ұнамды кейіпкер. Сөйте тұра лириканың тартысты және тартыссыз түрлері болады. Дәлірек айтқанда, шындықты қатал, сұсты, күрделі қиямыл-қозғалыс қалпында көрсететін салмақты, салихалы өлең болады да, қиындықтан жылыстап жүретін майда, майысқак, жылымшы жырлар болады»¹.

Жұбан Молдағалиев жетістігі сонда: бір өлеңнің өзінде лирикалық қаһарман жеткен биікті тамашалаумен бірге аз да болса шеккен қиындығын, қақтығыс-тартыстардың өзекті сәттерін қамтиды. «Шопан» өлеңінде шо-

«Сөз өнері» 1976, 331—332 бет.

рын, өз қоғамының рухани өмірін бейнелейді. Олай болса, ақын творчествосында, оның әрбір лирикалық шығармасында қоғамдық адам, адам мінезі тұр деп қарауға тиістіміз. Ол — ақынның әрбір өлеңінде адам мінезінің бір қыры бейнеленіп жатады деген сөз.

Бұл мінездер әрқилы өмір құбылысына негізделгендіктен, әрбір лирикалық шығармада әр түрлі сыр-сипатта көрініп отырады. Бірақ бұлардың бәрі бір көзқарас, бір идея, өмір құбылысына бір ғана идеялық-эстетикалық баға тұрғысынан көрінеді. Әрқилы образдарды, әрқилы мінездерді іштей бірлікте, тұтастықта ұстайтын — ақын идеясы, оның өмірге көзқарасы, оған деген эстетикалық бағасы, ақын идеалы»¹. Осы орайда Ж. Молдағалиевтің «Бір жолдас» өлеңін толық келтірейік:

Бір жолдас облыстық жұмыстағы,
Жанғанша жоғары ыршып, үрдіс бағы,
Қияннан, көзі шалса, жүгіретін
Қолпаштап, қолымызды бір қысқалы.

Көп сөзсіз, кішіпейіл, дос ыңғайы,
Жоқ титтей тайтаңдауы, тосын жайы.
Ойлаушы ем Алматыға, жауапты іске
Көбірек тартса ғой деп осындайды.

Түсті ме көзіне де өзгелердің,
Әйтеуір, тапты жолдас өз керегін.
Қонжиды астаналық бір столға,
Қуандым, білмей кенет өзгерерін.

Мен оны құттықтадым сол тұрғыдан,
Ұстап бір жиналыста қолтығынан.
Тигендей болды қолым монументке,
Қараған сұп-суық сұр зор тұғырдан.

«Сіз-біз» деп сөзді әріге асырмады,
Тұрғандай соған мен бір бас ұрғалы.
Бармаймын кеңсесіне, шаруам не,
Білмеймін бар ма, жоқ па тасыр қалі.

Қайтемін шашып оның сырын мұнша.
Кейде ашық, кейде көңіл бұлыңғырша.
Таяуда көшеде сол көріп қалып
Ұмтылды сонадайдан бұрынғыша.

Уақыттан жай да катты аяңдаған,
Мұндай да құбылыстар аян маған.
«Көн қатса қалыбына келуші еді,
Бір тықыр, — деп ойладым — таянды оған».

¹ «Қасым Аманжоловтың поэтикасы», 1976, 38—39 бет.

Білмеймін сондықтан ба, кек пе пендей,
Қайырылмай кете бардым көк бедеудей.
Менің де құдай сүйер жоқ-ау құлқым,
Әйтпесе, ол не қылды өкпелердей...

Осы өлеңде лирикалық қаһарман мінезін даралап тұрған жолдарға назар аударайық: «Тұрғандай соған мен бір бас ұрғалы», «Қайырылмай кете бардым көк бедеудей», «Менің де құдай сүйер жоқ-ау құлқым...» Міне, лирикалық қаһарманның көзқарасын, тез өзгеріп мардымсыған жанмен бейбіт қатар өмір сүре алмайтын біршама тәкаппар мінезін көреміз. Бақсақ, ақын лирикалық қаһарманын елден ерекше ұнамды сипатқа жеткізем деп, оны жасандылыққа ұрындырудан аулақ. Расында, бір рет онша менсінбей қарады деп, екінші кездескенде, дұрыс сәлем берген танысына қайырылмай кете беруі — бірден-бір жөн шешім деуге де болмас. Бұл бірақ лирикалық қаһарман ерекшелігі танылуына, сол арқылы шынайы мүсінделуіне есік ашып тұр. Мінсіз етем деп, оған сай емес биікке зорлап көтерсе не болар еді? Лирикалық қаһарман кейінгі ұшырасуда сыйласудың озық өнегесін көрсетіп, танысын ұялтар ма еді, қайтер еді? Бірақ онда лирикалық қаһарман өз мінез ерекшелігін (ерекшелік кейбіреуге қалыстық боп көрінуі мүмкін болса да) танытпай қалар еді. Сонысымен де өлең жасанды, әсерсіз болар еді. Демек мінез ерекшелігін беру, әйтеуір даралау үшін ғана қызмет етіп қоймайды, қаһарман сезімін шынайы өрнектеуді де негіздейді демекпіз.

Жұбан Молдағалиев біраз туындыларында бір оқиғаны, бірер әрекетті негіз ете отырып, дүйім жұртты елең еткізерлік өзекті мәселелерді көтере біледі:

Жекпе-жек — заңы бокстың,
Бірге жүз қарсы тұру жоқ.
Желкеден періп оқыста,
Кіндіктен төмен ұру жоқ.

Тұрмыста, әттең қарсы жақ
Бетпе-бет келе бермейді
Аяқтан алып арсылдап,
Ту сыртынан сойыл сермейді.

Түрткілеп, күндеп табалап,
Артыңнан қалмас дүрмегі.
Адамға қандай обал-ақ
Арада солар жүргені!

Алдында адал халықтың
Төмпештеп алса ондайды,

Түсер ме еді қалыпқа?
Содырды соққы ондайды!!

Өлмесін, батсын жанына,
Көзінен, бәлем, от шықсын!
Жүгінсін бокс заңына,
Ар-ұят деген сотты ұқсын.

(«Бокс заңы бойынша»)

Өмірде күншілдік бары, таланттың өсу жолында түрлі тосқауыл тұруы мүмкін екендігі, адамның не биікке жеткенін анықтау қиындығы болатыны белгілі. Өлеңде ақын алдымен оқырман назарын бокс заңына аударып, сол биікпен кеп теріс ниеттілерді, күншілдерді сынау, сілкілеу керектігін айтады. Өлең көптің діттеген ойын, көкейіндегісін тап басумен де әсерлі.

Үстірт карасак, Жұбан Молдағалиевтің «Жер — глобус» өлеңінде елең етерлік пәлендей ештеңе жоқ тәрізді. Лирикалық қаһарман бала кезінде мұғалімнен жердің глобус тәрізді екенін, оны сақтау керектігін естігенін еске алады. Қазір есейген шағында барып сол сөздерде үлкен мән жатқанын аңғара түседі. Бірақ бұл сырт қарағанда ғана, Қандай асыл ой болмасын, шебердің қолынан өтсе ғана жарқырап шықпак.

Біріншіден, өлеңде мінез бар, лирикалық бейненің дара табиғаты бар: «Балалар, глобусқа сақ болыңдар!» «Балалар, таласпаңдар», — дей беретін». Міне бұл жолдардан білімі онша терең болмауы да ықтимал, бірақ ниеті соншалық түзу сол кездегі ауыл мұғалімі танылады. Лирикалық қаһарман да өз табиғатымен дараланған: «Жер емес, мұғалімнің басы маған», «Бір қызық глобус боп елестейтін». Сөйтіп лирикалық қаһарман аз көрінсе де, өзіндік бітім, мінез ерекшелігімен танылуы арқылы ұмытылмас, шынайы бейнеге айналған. Екіншіден, мұнда Жұбан Молдағалиевтің қысқа өлеңге эпикалық кең тыныс беруінің өзіндік үлгісі бар. Сол ұғыммен, сол көзқарасымен есейіп кемелденген лирикалық қаһарман шығарма соңында өз көрген, білгенін саралай келіп, бар халықтарға тіл қатады:

— Жер — өмір. Адам сонда бағын сынар,
Алыссаң, жерді қорғап алысыңдар.
Адамдар, глобусқа сақ болыңдар!
Адамдар, таласпаңдар, табысыңдар!

Міне, жеке өмірін бар халықтар тағдырымен шебер ұштастырудың бір үлгісі — осы өлең.

Сонымен бүгінгі есейген қазақ совет поэзиясында өз арнасы бар сүйекті ақынның бірі — Жұбан Молдағалиев. Поэзияның жеткен биігін, жетпек нысаналарын сөз еткенде, әр ақынның қосқан үлесін анықтау, әрқайсысының өзіндік ақындық бетін ашу — біздің міндетіміз.

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ

Тұңғыш жинағы 1948 жылы шыққан Сырбай Мәуленов — қазір кемелденген қазақ совет әдебиетімен бірге ер жетіп, өзіндік нақыш, бояуымен дараланып танылған ақынның бірі. Ақын туындылары хақында лебіз білдірулер де аз болған жоқ. С. Мәуленов творчествосы туралы арнайы монографиялық еңбек жарық көрді. Онда белгілі зерттеуші Ә. Шәріпов ақын шығармаларын кең қарастырған¹. Поэзия туралы шолу мақалаларда айтылған ойларды, жекелеген арнайы рецензияларды тізіп көгендемей-ақ ондағы біраз тұжырымдарға назар аударғымыз келеді. «Көбірек көз тартып, көңілге ұялай кететін — Сырбайдың қысқа лирикалары. Өз жанының сыр, күйлері — өзі сүйсінген құбылысы, көріністер. Ол ақындық шабыт жайында да жалын ата жырлай біледі. Мұндай өлеңдері ақынның композициялық жағынан тұтас, ұшқынды сөздерінен жасалады. Тапқыр да айтқыр, ол қаламдас достарын қызықтыруға дейін жарайды»².

«Әзір айтарымыз: Сырбай ұзаққа шабатын апай төс, кең қолтық, жоталы жүйрік секілді сонау соғыс жылдары топ жарған бетінде асудан асуға өрлеп келе жатқан сұңғыла ақын. Бірақ ол өзінің жаратылысында мол біткен дарынына сеніп оңай олжа қарастырмайды. Асутасу деген де оған жат. Талант құсын ол ұдайы қияға ұшыратын, қиынға салатын ақын. Оның тер төгіп, кірпік қақпай іздейтіні өз өрісі, құлаш сермеп ұмтылатыны өз биігі, оның поэзияда жосылып қалған ізі де өзгенікі емес, өзінікі, — өз сүрлеуін салған іздер. Сырбай өзінің бір өлеңінде жақсы суреттеген бал арасы секілді өмір гүлінің нәрін теріп, жырдың балын тамызуға дамылсыз жан салады»³.

¹ «Сырбай Мәуленов творчествосы», 1985.

² Тәжібаев Ә. «Өмір және поэзия», 1960, 280—281-бет.

³ Қаратаев М. «Эпостан эпопеяға», 1969, 388-бет.

«Ақын алдымен оқырманның сезім пернелерін басып қарап, музыка аспабындай әбден күйін келтіріп алады. Тыңдаушысын осылай тыпыршытып, сезім шекарасына әбден тақап әкелген соң ғана жүрек қылын шертіп-шертіп жіберетін шебер ақындарымыздың бірі — Сырбай Мәуленов» (Қ. Мырзалиев).

«Сырбай от басындық жайларға үйір емес. Оның ой шеңбері алысты орап, әлемдік биікке көтеріледі» (Ә. Жәмішев).

«Сырбай Мәуленовтың азаматтық екпіні күшті, идеялық лебі өткір екендігі — бұрыннан танылған шындық» (Қ. Бекхожин).

«Сырбай Мәуленов — әйгілі лирик ақын. Оның творчествосын жалғыз Қазақстан емес, одақ сүйіп оқиды. С. Мәуленов өлеңдерінің тақырыбы сан алуан, оларда біздің заманымыздың барлық өмір тынысы бар. Сондықтан оның лирикасын көп дауысты, көп арналы лирика деп білеміз» (Ш. Елеуқенов).

«Сырбай Мәуленовтың поэзиядағы орны әмбеге аян. Біз оның жырларына қадағалап қарап, әр қадамын бағып жүреміз. Сырбай баяғы Сырбай: нәзік, күйлі, мұнды, жалынды, алымды». «Қазақтың нәзік сырлы, мың бояулы, алуан сазды тамаша ақыны Сырбай туралы айтқанда, бүкіл поэзиямыздың тарихы, оның мұңы, қуанышы, зәру мәселесі қоса айтылатыны сондықтан» (Т. Молдағалиев).

Сондай-ақ Тәкен Әлімқұловтың, Тұрсын Жұртбаевтың, Дүйсенбек Қанатбаевтың, Асқар Егеубаевтың, Әбіш Кекілбаевтың, Бекен Ыбыраймовтың, Күләш Ахметованың т. б. әр кезде газет-журнал бетінде басылған мақалаларында да С. Мәуленов творчествосы туралы сәтті байқаулар баршылық. Сөйтсе де мұның бәрі Сырбай Мәуленов творчествосы зерттеліп бітті деуге де негіз бола алмайтыны анық. Сонымен қатар біраз рецензия, мақалаларда ақынның қай жылдары қандай жинақ бергенін хабарлап, ол туралы әдемі, жылтырақ эпитеттерді топырлатумен шектелу де кездесетінін атап өткіміз келеді.

Сөз жок, бір мақала көлемінде біз де С. Мәуленов шеберлігін сарқа ақтарамыз деген ойдан аулақпыз. Әйтсе де ақын шеберлігінің өзекті қырларын аз болса да нақты ашуға ұмтылғанды жөн көрдік.

Ақынның суреткер ретінде қалыптасуы бірден бола қалмайды десек, соның бір көрінісі — оның 1940 жы-

лы жазып, 1972 жылы шыққан таңдамалысына енген мына бір өлеңі:

Жақында жайылып жүр
Дон казағының аты.
Алыста Сыр казағының аты,
Алыста махаббаты.

Қасымда Дон толқиды,
Алыста Сыр толқиды,
Жүректе көл толқиды,
Жүректе жыр толқиды.

Жүземін Донға барып,
Қол созам жұлдызына.
Қазақтың сұлулары
Ұқсайды Сыр қызына.

Көріп отырғанымыздай, шығармада ақын Дон бойында кездескен жылқыны. Сыр өзені маңындағы атқа. Дондағы толқынды Сыр толқынына, Дон сұлулары Сыр қыздарына ұқсатуы, әсерленуі барысында лирикалық қаһарманның интернационалдық сезімін бермек болған. Бірақ не атты, не толқынды, не сұлуларды бірер қырымен болса да нақты көрсете алмау, өзенде жүзу мен жұлдызға қол созуда да өзіндік ерекшелік болмауы сезім жалпыламалығын, әсерсіздігін тудырған. Әйтсе де болашақ суреткер Сырбай сол жылдардың өзінде көріне бастады деуге де негіз толық. Оның 1942 жылы жазған «Ар» өлеңінде:

Жарылып жартас қақырап,
Темірмен темір сайысар.
Көк аспан сынып шатынап
Қара жер белі қайысар.

Қайыспай сонда тұрып қал
Қалқан ғып намыс — арыңды.
Оқ дарымас бойыңа
Жау ала алмас жаныңды,—

жолдары бар. Осындағы сынып шатынаған көк аспан, белі қайысқан қара жер сол кез үшін елеулі жетістік саналарлық әсерлі, айқын суреттер. Бұл детальдардың жеке өзі-ақ лирикалық қаһарманның қиындыққа мойымауын, ерлікке дайын екенін сәтті аша алған.

Біз әдетте өмірді кең қамтитын жанр ретінде эпос пен драманы аламыз да, лирикадан адам көңіл күйінің бірер сәтін ғана іздейміз. Өмірді сан қырымен толық бейнелеуге ұмтылған совет ақындары лирикада да су-

реттеу аясын кеңейтудің не бір үлгісін тудырып кетті.
Соның бір көрінісі — С. Мәуленовтың «Балқаш түні»
өлеңі:

М. 7. 7. 3 - 7 - 1979

Алу үшін жаңа меже биігін,
Келер күнге кере тосып иығын,
Балқаш бүгін мерекелік жарыста
Киіп алған жұмысшының киімін.
Комбинатта жалын ұйтқып, лапылдап,
Конверторда мыс қайнайды сақылдап.
Завод іші самолеттің дауысындай
Яки күндей жасын атқан шатырлап.
Клубтарда пікір-талас, сөз жарыс,
Алақанда көрінбейтін көзге алыс.
Тақырыптар:
Тұрғындары космостың,
Ауадағы құбылыс пен қозғалыс,

Акын өлеңіндегі бұл кеңдік өмір құбылыстарын сырттай баяндау, бар көргенін тізе беру де емес, бәрін камтимын деп әйтеуір алуан суреттерді сапырылыстыру да емес. Құбылыстың ең мәнді, ең жанды сипаттарын жинақтап, екшеп ала келіп, соны лирикалық қаһарман сезіміне сай өрнектей білу — міне, өлеңдегі сәттілік кілті осында жатыр. Біз біресе жалын ұйтқып, лапылдаған комбинатты, сақылдап мыс қайнаған заводты, артынша қазіргі озық техника, ғылым мәселелері хақындағы пікір алысулардың куәсі боламыз. Бұл суреттердің бәрі тұтаса келе еңбекке толы Балқаш өмірін кең көрсетуге қызмет етеді.

Поэзияда объект етіп алынған шындық көріністерінің де бәрін түгел тәптіштеп көрсету міндет те, қажет те еместігі белгілі. Бұл бірақ әйтеуір әр көріністің басын бір шалып желіп өте беру, немесе екіұштылық, күңгірттік куу да емес. Суреткердің «Ақадырда үйің бар» өлеңін толық келтірейік:

М. 7. 7. 3 - 5 - 1981

Ақадырда үйің бар,
Үй алдында талың бар,
Әлдеқандай күйің бар,
Үй алдында қалың бар.

Біреулерден сұрапсың
Қал-жайымды именіп,
Көңілімді жұбатшы
Көз алдыма бір келіп.

Соға алмадым оралып,
Тұр ма үйің сағынып,

Жазда гүлге оранып,
Қыста қарды жамылып.

Алдырмайтын боранға
Айналанда акадыр.
Көңілімде содан да
Жоқ кіршіктей алаң бір.

Өлеңде лирикалық қаһарман және екінші бір бейне бар. Ол екеуі бір кезде бір-бірін ұнатып, біраз уақытты бірге өткізген болу керек деп шамалаймыз. «Үй алдында талың бар» осы іспеттес долбарға меңзегендей. Одан кейін ол жаққа оралмағанына лирикалық қаһарманның қазір ептеп өкінетіні де байқалады. «Соға алмадым оралып» жолы осыны аңғартқандай. Неге соға алмады? Бұл сұраққа жауап жоқ. Ол тұрмыс құрған ба, құрмаған ба, оны да көре алмаймыз. Тек лирикалық қаһарманның көңілімде алаң жоқ деуінен оның жайы тым сорлы болмас деген ойға келгендейміз. Лирикалық қаһарманға оның қалай қарайтыны біршама анық көрінеді: «Біреулерден сұрапсың, хал-жайымды именіп». Неге именді екен? Әлде жұбайы болып, ол естімесін деді ме, әлде сұраған адамы не ойда қалады деп қысылғаны ма, әлде тағы бір сезімдер әсерінен бе, ол жағын ақын жайып салмайды. Біздіңше, сол айтпаудың өзінде көп салмақ жатыр. Сол қазбаламаулар өлең объектілігін өсіріп, шығарманы әр оқырманның өзінше қабылдауына кең мүмкіндік береді. Өз идеясын оқырманға зорлап таңғысы келетін жасанды туындылардан гөрі оқырман сезіміне қозғау салып, ойына өріс беретін осындай өлеңдер анағұрлым татымды да мәнді.

Ақынның іріктеу шеберлігі, құбылыстың бар қырын алмай-ақ оның өзекті сырларын бөліп бейнелеу шеберлігі, оның «Көктем көк қанатымен» өлеңінен де көрінеді:

Көктем көк қанатымен,
Желпиді көк жалындай.
Күз сары атымен
Құйғытады сары дауылдай.
Көшеді күзгі уақыт,
Тиеліп тырналарға,
Қыс келеді мұртына мұз қатып,
Сырғанақ теуіп жылғаларда.
Мезгіл кезектесіп зымырайды,
Бекетте тұрған аттарымен.
Қысқы ашық күн райы
Көз қариды
Ақ қарымен.

Бұл туынды көктем, күз, қыс мезгілдерінің бірінен соң бірі келуін, уақыттың бір орында тұрмайтынын көрсетуге арналған. Ақын көктемді суреттегенде, оның бар көрінісін емес, бірер сәтін ғана бөліп алады: көктемнің көк қанатымен көк жалындай желпуін көрумен шектелеміз. Күзді өрнектегенде де, тек онда сары түстің басымдылығы, тырналар алынады. Қысты бейнелегенде, оның мұртына мұз катуының, жылғаларда сырғанақ тебуінің, ақ қардың көз қаруының куәсі боламыз. Бірақ бұл көріністер әр жерде шашырап қалмайды. Бәрі өлеңдегі ортақ идеяға, ортақ сарынға сай екшеліп, тұтасып, әдемі үндестік тудырады.

Сырбай Мәуленов шеберлігі дегенде, оның сөз әуенділігіне, үндестігіне баса мән беретініне назар аударғымыз келеді. «Көңілдегі көп іздер» өлеңінде лирикалық қаһарман өзінің қиындыққа, күреске толы өткен өмірін еске алады. Лирикалық қаһарманның өмір сүюінде, адамдарды бағалауында, күреске ұмтылуында, — бәрінде де ерекше сипат, өлшеусіз күштарлық, құлай берілу басым. Бұл жағынан оны Қасым Аманжоловқа ұқсатуға болар еді. Қасымның лирикалық қаһарманы да кілең кесек әрекеттерге құмар ғой. Мәселен, оның «Байкал» балладасында лирикалық қаһарманның «шымалдықтай төгілген» орманды (жай орманды емес) аралауын, «күркіреп көкте кеңескен» бұлттың (жай бір бұлт емес) сөзін тыңдауын, тіпті ол аз десеніз «ақ балтырлы» қайыңды бұралтып би билеуін, т. б. тамашалағанбыз. Ендеше Сырбай ерекшелігі неде десек, ол ақынның лирикалық қаһарманының кесек өрелі істерге ұмтылуының өзі қашанда өзіндік нәзіктік, ойнақылықпен астасып өрілуінде дер едік.

Қара аю орман қаулаған,
Қалыпты артта алыс түн.
Аспаннан жерге саулаған,
Ақ жұлдыз қардай ақ ұшқын.

...Көкіректе тұр тұнып,
Жағадағы таныс тал,
Айдында төсі жыртылып
Үйірілген асау ағыстар

Соғысқа әлі бармаған,
Балауса жібек жігіттер.
Шақырып көңіл аулаған,
Ұйыса біткен шіліктер.

...Түнімен қыздар билейтін,
Тостаған көзді еліктей,
Күлкілер түнді тілетін,
Толқыннан ұшқан көбіктей.

Күлетін қыздар елжіреп,
Әлденеге елеңдеп.
Шайы орамал желбіреп
Шай көйлегі көлендеп.

Осы өлеңдегі «қаулаған», «саулаған», «тұнып», «төсі жыртылып үйірілген асау», «ұйыса біткен», «түнді тілетін» сөздері, сөз тіркестері өмірдің ерекше сырларын бөліп алып, биіктетіп қызықтырудан туса, сонымен астаса қарапайым қалпында берілген нәзік сезімдер, суреттер де баршылық: «балауса жібек», «тостаған көзді еліктей», «елжіреп», «әлденеге елеңдеп», «желбіреп», «көлендеп» т. б. Міне, құбылыстың ерекше биік сәтін ғана емес, қарапайым әдеттегі қалпын да қатар алу, лирикалық қаһарманның әрі нәзік, әрі өр жанымен көрінуі, қысқасы, суреттер сан түрлілігі және әуенділігі С. Мәуленов туындысындағы көп үнділікті, көп сырлықты танытады.

Қазір лирикада да адамның күрделі сезімін, айталық бір мезетте тууы мүмкін кереғар сезімдерді де қатар алып бейнелеуге болатынын жиі кездестіріп жүрміз.

Жүрегім - 6 - 1980

Сенің жалғыз жүрегің
Бөлінген мың бөлшекке.
Сенен менің тілегім,
Көз жасыңды көрсетпе.

Шүрк-шүрк тесік таулардай,
Шыдап не бір сұмдыққа,
Ел есінен танғандай
Жылап тұрып, күл жұртқа!

Бас-аяғы сегіз-ақ жол осы бір өлеңде ақын кереғар сезімдерді қатар алып, жан қиналысын, сезім арпалысын дәл де шынайы бейнелеп тұр. Кейіпкер шегуі мүмкін сұмдық қандай ауыр еді: «Шүрк-шүрк тесік таулардай». Қаһарман соған шыдайды екен. Бірақ шыдам тасасында қайғы жоқ па: «жылап тұрып» тегін бе? Бірақ сол қайғыны жеңіп күлуі ше? Әншейін бір күлкі болса арзан естілер еді, жылап тұрып күлуі қаншалық әсерлі?! Шағын өлеңнің өзінде адамның күрделі сезімін жасырмай, бәсеңдетпей, дәл беруге болады екен. Бұл өлең — сонысымен де үлгі-өнегесі мол өлең.

С. Мәуленов шарттылықты да аз қолданбайды:

Жерді күштым жата қап,
Күл — топырағымен,
Көлді іштім қаталап,
Тұңғық жапырағымен.

Топырақ, құм да қалмады мен
татпаған.

Су да, у да қалмады мен ішпеген.
Маңдайымнан сары мыс жел қақтаған...
Сөйтіп жүріп жолыққам жеңіспенен.

Тағы да бас-аяғы сегіз-ақ тармақ өлең. Бірақ сол туындыға қанша ой сыйған десеңізші! Поэзияны сөзбе-сөз түсінуге, түсіндіруге болмайтынын тағы да көреміз. Расында, ақынның лирикалық қаһарманы татпаған құм қалмаған екен деп, сөзбе-сөз қайталап айтып, түсіндіре алмаймыз ғой. Ал, бұл шарттылық, үлкейтуге, әсірелеуге негізделген шарттылық, қиындықтың соншалық көптігін, ауырлығын, лирикалық қаһарманның тынымсыздығын, жеңіске күштарлығын жарқыратып ашуға септігін тигізеді.

Әрине, қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі Сырбай Мәуленов шеберлігі, қазақ поэзиясына не қосқаны бұл айтылғандармен еш шектелмейді. Бір мәселе айқын: Сырбай жырлары — қазақ совет поэзиясының марқайып өсуінің айнасы.

ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ

Қазақ совет поэзиясының кейінгі отыз жылдық дамуында алдымен көзге түсетін ақындарымыздың бірі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты — Тұманбай Молдағалиев. Тұманбайдың әдебиетке келген жылдары, 1956—1957 жылдар, совет әдебиетінің жаңа кезеңі басталымымен үндес келеді. Жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған «Қазақ совет әдебиеті» оқулығында былай деп орынды көрсетілген: «Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі КПСС-тің тарихи XX съезінен басталған қоғамдық жай-жағдайға байланысты. XX съездің қаулы-қарарларына лайық қоғам өмірінің барлық саласында Лениндік нормалар қалпына түсіріліп, өткен жылдары жеке адамға табынушылық құбылысынан туған теориялық және тәжірибелік қате-кем-

шіліктер батыл сыналып, шұғыл жөндеу ісі жүзеге асырылды. Әдебиетте, мысалы, мұндай қате-кемшіліктер қай түрде көрініс берді десек, ол теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтық «уақыт дистанциясы», «тартыссыздық» деген сықылды теориясымақтардың пайда болуы, іс жүзінде бірсыпыра жазушылардың күнделікті өмірден қашықтауы, схематизмге бой ұруы, жалаң сырт баяндаушылыққа, қара дүрсін жадағайлыққа салынуы, көркемдік пен мазмұн бірлігіне, шеберлікке жете мән бермеушілігі дер едік. Осылардан жедел ажырау, арылу әдебиеттің кең тыныспен қарыштап өсуінің басты шарттарының бірі болды»¹.

Тұңғыш жинағы «Студент дәптері» деген атпен 1957 жылы жарық көрген Тұманбай алғашқы өлеңдерімен ақ жаңа кезең талабына сай соны ізденістердің бетін танытты. Көркем әдебиеттің басқа тектері тәрізді лирикада да адамды көп қырымен: қайшылық, қиындықтарымен, өсу заңдылығымен жан-жақты алып бейнелеу талабы қай талантқа болса да қыруар міндеттер жүктегені анық. Әрине, тың ізденістің бәрі бірден жемісті боп кете қойған жоқ. Ақындардың біразы бұрынғы қарадүрсінділіктен құтылудың жөні осы екен деп, бірыңғай ерекше адам, айрықша сезімдерге бой ұрды. Алдымен поэзияға поэзиялықты әкелу жолында бұл талпыныстың да бергені едәуір болды. Осы арқылы да ақындар жадағайлықтан, шаблоннан біршама арылып, адам сезіміне түкпірлеуде біраз ілгеріледі. Алдымен лириканың тақырыптық аясы кеңіді. Адамның көңіл-күйіне, бұрын еленбеген сырларына, махаббатқа жете көңіл бөліне бастады. Тұманбай қазақ поэзиясына жаңа лепті: адам сезімін, махаббатты өзіндік бір нақышпен, нәзіктікпен, шынайы тебіреніспен беруді алып келді. Кезінде біраз әдебиетшілер үшін махаббатқа, жеке сезім иірімдеріне етпеттеу негізгі өзекті мәселелерден, азаматтықты, ерлікті, еңбекті қастерлеуден, аулақтау боп та көрінді. Ал, шын мәнінде, бұл құлшыныстар бұрынғы жеткен биіктерді, ерлік пен еңбекті шалқытудағы қалыптасқан дәстүрді жоққа шығару емес, қайта тақырып аясын және бейнелеу құралдарын жетілдіру талабы еді. Толықтыру бірден көзге түскен жоқ. Алғашқыда ақындар жеке сезім иірімдерін аялауға жиі барып жүрді. Тіпті, соның уысында шектеліп, бірсарындылыққа ұрынғандар да кездеспеді емес. Ал, кейіннен шетін

¹ Қаратаев М., Нұртазин Т., Қирабаев С. «Қазақ совет әдебиеті», 1971, 150-бет.

сезімді, соны тебіреністерді өрнектеп ысылған ақындар бұрын көбірек шарланған үйреншікті тақырыптарға барғанда да, өзіндік тың ізденістерді, жетістіктерді ала барды. Сөйтіп махаббатқа шүйілу де тек махаббатты әспеттеу боп қалған жоқ. Ол сонымен қатар азаматтықты, ерлікті, еңбекті бейнелеуге де өз шарпуын тигізді. Соның бір көрінісі — Тұманбай Молдағалиев өлеңдері.

Тұманбайдың махаббатты жырлауы адамның сезім зейнеттілігін таныта білу, рухани байлығын жайып салу талабына бағындырылды. Ақынның махаббат туралы жазылған өлеңдерінің ішінде айтулының бірі — оның 1961 жылы «Көктем таңы» жинағына енген «Танысқанда сен он бес-ақ жаста едің» өлеңі:

Танысқанда сен он бес-ақ жаста едің,
Мен де сонда өзгеше едім, басқа едім.
Тұрдың үнсіз дәл алдымда мөлдіреп,
Мөлдір көзден үзіліп түскен жас па едің?

Сұлу едің, көрікті едің, ұяң ең,
Көңілдегі қырды кезген қиял ең.
Сол бір үнсіз жанарыңа, жан сәулем,
Тірлігімді, нұр күнімді қияр ем

Мен қорықтым, бақытымнан қорықтым,
Көрінсе де қарсы алдымнан болып күн.
Бақыт деген сен екенсің, аяулым,
Көкте емес, жерде соған жолықтым...

Рас, өлеңде қызды сұлу деп айтып тамсану бар да, әсем екенін нақты көрсету, елестету жоқ дерлік. Тек «мөлдіреп» сөзінен оның өзіндік бір тұрысын, пактігін, нәзік сезімін біраз аңғарамыз. Әйтсе де өлең әсерлі. Неге? Онда лирикалық қаһарманның, ақындық «меннің», сезімі әдемілігі, ерекшелігі шынайы өрнектелген. Алдымен, өлең тармақтары ішіндегі ішкі ұйқас, ішкі үндестік, әуезділік әсері мол. «Тірлігімді» сөзінен кейін алынған «Нұр күнімді» тіркесіне назар аударайық. Бірінші буындары: «тірлігімді» сөзіндегі — «тір», «нұр күнімді» тіркесіндегі — «нұр» өзара үндессе, кейінгі буындары: «лігімді», «күнімді» де өзара ұйқаса құйылып, құп жарасып тұр. Өлеңге өзек боп тартылған осындай әуенділік өріле келе лирикалық қаһарманның бір кездегі алабұрту, толқуымен бірге қазіргі қимау, аялау сезімдерінің алма кезектесу ырғағын дәл бейнелеп тұр. Сөйтіп өлеңдегі ырғақ, саздылық лирикалық қаһарман сезімінің шынайы да, әсерлі берілуін негіздеген.

Өлең ерекшелігін ұғынбаушылар, сөздер үндестігі, үйлестігі, саздылығына көңіл бөлмеушілер үшін ақынның «Көгілдір бақша сыр айтты» өлеңі де бұрыннан көп айтылған ойларды жалаң қайталау боп көрінуі мүмкін.

Көгілдір бақша сыр айтты,
Сыр айтты мылқау түн маған.
Көгінен бүгін жиі ақты
Жұлдыздар көзін жұмбаған...

Расында, «көгілдір бақшаның», «мылқау түннің» сыр айтуында не жаңалық, не науандық бар деп мұрын шүйіруге де болатын тәрізді. Сөз мағыналарын жеке қарастырумен шектелсек, осындай кепке ұшырарымыз сөзсіз. Әйтсе де поэзия күші жеке сөз беретін мағынада ғана емес, олардың жарасым тауып толысуында да екені белгілі. Үңіле зерделесек, ақынға сыр шертуші бақша мен түннің әрқайсысының өзіндік ажары бар. Бақшада түрлі жеміс өсетіні, «бақша» сөзі естілгенде, әйтеуір көктеу, күлтелену ұғымы пайда болатыны анық. «Көгілдір» сөзі белгілі бір түсті айқындауға қолданылады. Ал енді екі сөз тіркесе жарыққа шыққанда, олардың жеке-жеке алғандағы мағыналарына үстеме реңк қосылып тұр. «Көгілдір» сөзі «бақша» сөзі алдында тұру арқылы, жай емес, көгілдір бақша екенін, демек әйтеуір өсу, өну, ұйысу емес, белгілі бір шырайлылық шарпуына бөленген балаусалықты аялауда. Түннің қараңғы болатыны, тау, тас, дала т. б. онша көрінбейтіні, демек алуан күңгірттікке бейім келетіні айқын. Ал, сол түннің өзі, жай бір қараңғы болмай, алдында тұрған мылқау сөзі әсерін қабылдауын алайық. «Мылқау» сөзі бұлдырлық, үнсіздік бояуын қалыңдата түскені анық. Сөйткен «мылқау» деген тылсым түннің өзі үнсіз қалмайды. Оның үстіне біртүрлі нәзік сұлулықтың символы, көрінісі боп алынған көгілдір бақша тіл қатуынан кейін барып, іле «мылқау түн» сыр айтуы берілуі соншалық әсерлі. Бұл суретті, әсерді одан әрі жай бір жұлдыздар емес, «көзін жұмбаған» жұлдыздардың жиі ағуы дамытып, ажарлай түседі. Міне, содан кейін барып лирикалық қаһарманның бақыт, күрес туралы ойлары әдемілігімен, шынайылығымен оқырманды баурап алады.

Адам сезімін ізерлеп ашуға оқиғалы өлеңнің кең өріс ашатыны мәлім. Тұманбай оқиғалы өлеңді де аз жазған жоқ. Соның бірі — «Екі әкенің, екі ананың ұлымын» өлеңі. Шығармада лирикалық қаһарманның туған

әкесі ерте өліп, оның інісіне бала боп қалғаны, кейін шешесі көз жұмғанда, жеңгесін ана деп санағаны баяндалады. Өленде лирикалық қаһарманның кейінгі ата-анасын сыйлаумен бірге туған әке-шешесін де ұмытпауы әйтеуір хабарлана салмайды. Соның бәрі лирикалық қаһарманның өз мінезіне, жасына, жағдайына сай табиғи өріледі:

Әкең кім деп сұрай қалса кімде-кім,
Әкем менің жер суарып жүр дедім.
Шын әкемді ұмытпасам да ұмыттым,
Шын әкемді біле тұрып білмедім.

Анаң кім деп сұрай қалса кімде-кім,
Анам менің сиыр сауып жүр дедім.
Шын анамды ұмытпасам да ұмыттым,
Шын анамды біле тұрып білмедім.

Туындыда одан әрі лирикалық қаһарманның өзін өсірген кейінгі әке-шешесін құрметтеп, балаларына өз атасы мен әжесін сездірмей жүргені өрнектеледі. Өлен:

Екі бірдей қуаныштай, өмірдей,
Екі әкеге бала болдым мен бірдей.
Жер бетінде жүріп келе жатырмын,
Екі ананың махаббатын сөндірмей,—

деп аяқталады.

Міне, нақты оқиға, сюжетке негізделген мұндай өлендер тууы қазақ лирикасы горизонтын кеңейтті, адам сезімін жан-жақты қарастыру мүмкіндіктерін қордаланта түсті.

Поэзияда бұрын сан әйгіленген жәйттерді қайталағанда да, ол жаттанды, таптаурын емес, мүлде тын, жасаңғыраған ой боп жарқ ете алады. Ол әр түрлі жолмен іске асады. Соның бірі — дамытылып, айшықталған басқа сезімдер аясында жеке бір сезімді бөліп көрсете білу. Соның нәтижесінде қатар өріліп, жоталанған әдепкі сезімдердің бәрі кейінгі бөліп алынғанды ерекше биікке көтеруге қызмет етуі. Сол арқылы бұрын талай байымдалған сыралғы пікірдің жана бір ажармен шығандап өрлеп, айрықша көрініс беріп, соны әсерлерге бөлеуі. Т. Молдағалиевтің «Ақ шашты атадан қорқам» өлеңінде «ақ шашты атадан», «мүрделі жотадан», «шимай-шимай әжімнен», «сықырлаған таяқтан», «тықылдаған сағаттан», қырқадағы гүлдердің күз келсе солуы мүмкіндігінен, зулаған жүйрік күндердің қанаты бір күн талуы ықтималдығынан, т. б. сескенетіні тізіледі

де, бас көтерген үркулердің бәрінен де кесегі бар екеніне назар аудартады. Өлең былай тамамдалады:

— Бәрінен де өзімнен қорқам,
Көп күнім бекер өтеді-ау деп,
Уақыт тастап кетеді-ау деп.

Міне, бұрыннан кең дабыраланған идея, — уақыттың босқа өтуінен қыпылдау, қайбарту сезімі, — бұл өлеңде жаңа өрнекпен нақышталып, тұлғалана түседі.

Тұманбайдың әсіресе махаббат туралы өлеңдеріне қарап отырсақ, онда мұңаю, елжіреу де аз кездеспейтінін көреміз. Осы орайда көркем шығармада, оның ішінде лирикада қайғы, шерге ден қою күйректікке апарып соқпай ма деген сауал тууы да ықтимал. Әрине, кей ақындардың біраз ретте өз сырын, наласын ақтарам деп отырып, уайымшылдыққа салынып, бос желінумен шектелетін шақтары да ұшырасады. Ондайда ақын тақырып, идея ұсақтауына, үстірттікке ұрынбай қалмайды. Бұл бірақ жабығу атаулының бәрі зиянды, немесе мәні аз деуге де әкелмеуге тиіс. Адамдар көзқарасы әртүрлілігі, озықтық пен қалыстық, ескішілдік пен жаңалық, күрескерлік пен тоғышарлық, адалдық пен екіжүзділік, т. б. күресі тартыстың, қиындықтың сан қилы түрлерін туғызатыны белгілі. Соның арқасында әр пенденің өзіндік сырғақсуы, буылуы, толғанысы, күреске келу жолы болатыны мәлім. Демек тек үгіт, еліктеу, масаттану емес, күйзелу арқылы да адамдардың өсу мүмкіндігі бар болса, көркем әдебиет оған назар аудармай қала алмайды. Қайта адамды тек жақсылық емес, жамандық арқылы сынап тексеру, оның тек жайнандыған сәттеріне емес, егілген тұстарындағы адамгершілігіне үңіле білу, міне, адам өмірін жан-жақты, терең зерттеуге бағыттайтын бір жол осында демекиіз. Лирикалық қаһарманның көңіліне қаяу түскен сәттеріне ақын шұқшиюы да адам сыр-сипатын жан-жақты ашу талабымен ұштасып жатыр. Демек адам масайрауын ғана емес, қамығуын бейнелеу барысында да ақын есейе, кемелдене түсті. Адамды шаттану ғана емес, қапаланған сәтімен де кең алып, жан-жақты қарастыру тек Тұманбайдың емес, алпысыншы, жетпісінші жылдардағы қазақ совет поэзиясының елеулі бір жетістігі. Ақынның «Шығармадың әдеттегі салтпенен» өлеңін толық келтірейік:

Шығармадың әдеттегі салтпенен,
Ішілмеді қызыл деген, ақ деген.

Мүмкін енді оралмаспын бұл жаққа,
Мүмкін әлі жолым түсіп көп келем.

Жылдар өтер, күндер өтер кім білсін,
Жігіт болар бүгінгі жас бүлдіршін.
Сен де мүмкін шам жағарсың басқа үйге,
Өмір үшін, тірлік үшін, күн үшін.

Адалдыққа айлы түнді куә ғып,
Өте шықсаң, төмен қарап ұялып,
Мен де сені ұзатармын көзіммен
Бір күрсініп, демімді іштен бір алып.

Немесе бір жолаушылап жүргенде,
Ақ боранды аяз қысқан түндерде.
Мүмкін сенің тап болармын үйіңе,
Алыстатар бізді сонда бір бөлме.

Ұяқтарсындар шамды дереу өшіріп,
Мен жатармын тәсегіме кешігіп.
Булығармын көрпе ішінде жасқа мен,
Өзімді де сені де іштей кешіріп.

Аттанармын танымаған жан болып,
Бөпелерің қарар маған таң көріп.
Кете берем мен артыма бұрылмай,
Кете берем жастық шақты өңгеріп.

Сыр бермеспін өлсем-дағы тегі мен.
Көзімдегі жасты сүртіп жеңіммен.
Ауылыңнан мен алыстап кеткенше
Қимай қарап қалды деген сеніммен.

Лирикалық қаһарман ұнатқан қыз да өзіндік сезім-
әрекетімен өрнектелген: кейінгі кездесуде «төмен қарап
ұялып» өте шығуына қараңыз. Лирикалық қаһарман-
ның қызды сүйетіні, қимауы, қиналуы, — бәрі нақты
берілген. Кейін ұшырасып, өте шыққан сүйіктісін «бір
күрсініп», демін «іштен бір алып» көзімен ұзатуы; көрпе
ішінде жасқа булығуы; «танымаған жан болып», өзін де,
оны да кешіріп аттануы; көзіндегі жасты жеңімен сүр-
тіп сыр бермеуге тырысуы, т. б. — бәрінде үлкен
арпалыс жатыр. Осындай күйзеліс, мұнды нақты көр-
сеткесін барып, біз лирикалық қаһарман сезімін терең-
деп тани аламыз. Сонымен қатар лирикалық қаһарман
көңіл-күйіндегі аздаған өкініш, қайғы, — бәрі де сары-
уайымға, әрекетсіздікке салынуға емес, қайта соған
ұрынбау, қолдағы бар үшін күресе білу идеясына бас-
тайды. Сөйтіп, шаттыққа, бақытқа үгіттеу тікелей соны
әспеттей, мадақтай беруден ғана емес, оған қарама-
қарсы қайғы, мұң салмағын айқындау арқылы да жүзе-
ге асады екен.

Табиғатты жырлауда да Тұманбайдың өзіндік ізденіс жолы, нақышы бар. Ақын көбіне табиғатты адам көңіл-күйімен, сезімімен байланысты алады. «Алғашқы қар» өлеңі — ақынның елеулі табысы:

Дала бүгін ақ ала, дала бүгін шағала,
Қонып жатыр шағала, менің келіп жағама.
Аспан мен жер арасы алыс-беріс қозғалыс,
Қарауытар маңайың, кадағанмен көзді алыс.

«Қар жауды» деп күрсініп, анам отыр бүрісіп,
«Қар жауды» деп қуанып, Құралайым жүр ұшып.
«Қыс кеп қалды жарықтық» — деп қояды кәрі анам,
Үйді дуга қарық қып Құралай жүр манадан.

Анам күннің өткенін ұнатпайды шамасы,
Жақындаған көктемін қызықтап жүр баласы.
Ұнатпайды анашым бұрқыраған боранды,
Желді, қарды, аязды жек көретін боп алды.

Немересін құшақтап бір күрсініп қояды,
Жақын қалды дегендей өмірімнің бораны.
Күн де батып барады, жел соғады шамалы,
Жапалақтап далада жауып жатыр қар әлі.

Өлеңде табиғаттың белгілі бір көрінісі, алғашқы қар жаууы аз суретпен болса да біршама нақты бейнеленген: лирикалық қаһарман жағасына қардың шағала тәрізді қонып жатуы, «аспан мен жер арасы алыс-беріс қозғалыс» болуы, т. б. Ақын үшін алғашқы қарды бейнелеу дара мақсат емес. Суреткер сол кезде көрінген екі адам, екі түрлі сезім, екі түрлі әрекетке көңіл бөледі. Қар жауғанда анасы бүрісіп, табиғат қысы орнап, өмір қысы тақағанын уайымдап, күрсінеді. Ал немере әрекеті мүлде өзгеше: «қар жауды» деп қуанып ұшып жүруі, үйді дуга қарық қылуы, т. б. бала қимылын, көңіл-күйін жайып салады. Міне, қатар жарыстыра алынған екі түрлі көңіл-күй, екі түрлі әрекет өмір мәні, тоқтаусыздығы жайында тың әсер балалатады. Өлеңнің соңғы тармақтары да табиғаттағы тынымсыздықты («Жапалақтап далада жауып жатыр қар әлі»), сол арқылы қозғалыс, даму атаулыны әспеттеуге арналған.

Әдеби сында ақынның әдебиеттегі орны елеулі екенін дәлелдеу үшін шыққан кітаптар санын тізуге әуестік те аз кездеспейді. Біздіңше, ақынның әдебиет керуеніне қанша жүк қосқанын кітап саны, көлемі шешпейді, жазған еңбектерінің көркемдік сипаты, сапасы шешеді.

Тұманбай Молдағалиевтің жинақ сайын өсіп кемелденген ақын екенін қайталап айтумен қабат оның творчествосынан анда-санда болсын, әйгеуір балама іздегіштік, бұрынғы ойларды қайталау, өлең санын қуып кету тәрізді кемшіліктерді де ұшырастырып қалатынымызды жасырмаймыз. Ақынның 1981 жылы жариялаған «Кешір мені» өлеңі «Өз үйіне оралған маскүнемдей, // Бәрібір мен түбінде сені табам», — деп аяқталады. Лирикалық қаһарманның өз сүйіктісін іздеп табуы дұрыс. Бірақ сол сапарын маскүнем оралуына (ол қай бір жетісіп оралады дейсіз) теңеу орынсыз-ақ.

Ақынның халықаралық тақырыпта жиі жазатынын құптай отырып, 1986 жылы бастырған «Болгария дәптерінен» өлең топтамасындағы:

Тұрғандай кеудем де өрде
Басқанмен мені ауыр ой.
Жауларын жеңгендерге
Мәңгі даңқ, мәңгі абырой, —

жолдарына көрінетін жаттанды ой, жалаң қайталау, арзан сүйсінуді байқамау қиын. Міне, бұл ескертуіміз тырнақ астынан кір іздеу емес, оқырман тәрізді сыншының да суреткер ақынға кесек талап қоюының көрінісі деп түсінген жөн. Әрине, осындай бірен-саран мысалға қарап, үлкен ақынға көлеңке түсіру ниетінен де аулақпыз. Ал, негізінен алғанда, Тұманбай Молдағалиев — қазақ совет поэзиясының дамуына үлкен ықпал еткен, өзіндік үні, сазы бар, еңселі ақын.

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ

Тұңғыш жинағы «Арғымақтар» деген атпен 1961 жылы шыққан, Қазақ ССР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының, Ленин комсомолы және Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты Олжас Омарұлы Сүлейменов шығармалары туралы жекелеген мақала, рецензиялар аз жарияланған жоқ. Ақын өлеңдерінің құрылысы, өрімі қақында арнайы кандидаттық диссертация да жазылды¹. Бұл бірақ суреткер творчествосы зерттелін бітті деген де сөз емес. Әсіресе, ақынның көп ұлтты совет әдебиеті дамуында алатын орны, стиль

¹ Бузаубагарова К. Стих О. Сулейменова, автореферат диссертации, Алма-Ата, 1984.

ерекшелігі, т. б. мәселелер арнайы зерттеуді қажет етеді. Біз бүгінгі шағын еңбегімізде Олжастың ақындық шеберлігі жөніндегі өз байқауларымызды ортаға салмақпыз.

Ең бірінші айтарымыз: қай жылы қай тақырыпта сөз қозғаса да, олардың бәрін тұтастырушы бір ортақ ерекшелік бар. Ол — Олжас туындыларының неғұрлым өткір тартысқа құрылатындығы. Ширыққан тартыс, лирикалық қаһарманның биік азаматтық үні, белсенді позициясы ақынның суреттеу құралдарының күрделілігін де негіздейді. Нақтылыққа ден қоя отырып, көпсөзділіктен, тым тәптіштеуден сақтану; шынайылыққа етпеттеу үстінде өзіндік ойнақылыққа ойыса білу; наздылық, нәзіктікке мойын бұра отырып, әрі өзіндік асқақтықты да біршама сақтай алу, бірнеше сезім астасуы, міне, ақын шығармаларынан осындай ерекшеліктерді байқаймыз.

О. Сүлейменов қазақ өлеңіне өзіндік өткір тартыс, сезім күрделілігін әкелумен бірге, оның уақытқа және кеңістікке тән аясын кеңітудің үлгісін көрсетті. Лирикалық қаһарман өмірінің бір сәтін бөліп алғанда да, сол шақпен шектелмей, біресе өткен ғасырлардағы көне оқиғаға, біресе алыс елдегі шетін жәйітке, біресе болашақ иек артпақ асулар өріне барып, өз ойларының дәлелін, даму көзін іздеу — мұның бәрі лирика жанрының эпикалық тынысын кеңейткен жетістіктер еді. Сөз жоқ, мұндай табыстар азды-көпті дәрежеде Олжастан бұрынғы ақындарда да аз болған жоқ. Әйтсе де, олар жекелеген өлеңдерінде уақытты, кеңістікті ауыстыруға ара-тұра барып отырса, Олжас мұны өзекті арна етіп, кеңейтіп, даңғылдандырып алды.

Ақынның «Қарғыс атқыр, почта кінәлы» өлеңін толық келтірейік:

Почта, почта проклятая виновата.
Ты мне пишешь, я знаю,
ты пишешь мне каждую ночь.
клеишь авиамарки,
бежишь до угла,
я не знаю,
почему эта почта
два года не хочет помочь!..
Я вернусь —
восемь суток на самом курьерском,
быстро ли?
Оторвусь хоть на час,
навсегда,

тәрізді кимаған күштар көңілдің өзіндік бір далбасасы. Демек О. Сүлейменов өлеңдеріндегі шынайылық сыры алдымен табиғилықта, басы жұмыр пенденің өзіндік қиналысын, сәттік бұра түсінулерін де қоса ала білуінде.

Олжас шеберлігінің тағы бір қыры — бұрын басқалар ескермеген, немесе бірер сарында ғана сөз болып келген құбылыстарға соны көзбен қарай білуі. Ғасырлар бойы ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де қасқыр туралы әңгіме болса, ол үнемі дерлік қорқаулықтың, аяусыздықтың, тіпті жауыздықтың символы болып келді. Олжас болса, «Қасқырдың күшіктері» өлеңінде, сөз жоқ, қасқырды мүлде кереғар ұғымда, ізгілік иесі ретінде, көрсетуден аулақ. Бірақ ол табиғаттағы кез келген құбылысқа жан-жақты қарауға бейім. Өлеңде бір аңшының өліп жатқан (дұрысында өлтірілген) қасқыр қаншығы өлігіне тап болып, оның қасындағы тірі күшіктер әрекетін көргені сөз болады:

Ақ күшіктер таласып кеп емеді,
Ақ емшекті бөккен қызыл тамшыға.
Жакын түгіл аяр еді жат тегі,
Оянбайтын бір ұйқыға батты өлік.
Жарақаттың аузын жалап күшіктер,
Шешесінің жылы қанын жатты еміп.
Бірте-бірте мұзға айналып от дене,
Көкжал дәурен өтті бастан
Әттеген!
Қанмен бірге күшіктердің бойына
Сіңе берді ашу-ыза,
Кек деген.

(К. Мырзалиев аудармасы — К. Ж.)

Міне, мұндағы күшіктердің (ертеңгі бөлтіріктердің) таласа кеп емуі, жарақаттың аузын жалауы, жылы қанды қабылдауы, от дененің бірте-бірте мұзға айналуы, — бәрі айқын да әсерлі суреттер. Осындай көріністерден кейін барып ақын бұрын қасқыр аулап келген аңшының тап осы жолы енесіз, қорғанышсыз қалған жас күшіктерді құртуға бармауын, аяғанын баяндайды. Адам ізгілігі сонда: әрі өз қамы үшін қасқырды аулай да біледі, әрі қасқыр күшігіне табиғаттың бір туындысы, тіршіліктің бір көзі ретінде де қарайды.

Табиғат құбылысына ғана емес, өмірдің бар қырына көп көзбен үңілу О. Сүлейменов өлеңдері жүгін салмақтандыра түседі. Мұны біз, әсіресе, оның көне тарихқа тереңдеп барған туындыларынан айқын көреміз. «Батыр Мәмбеттің өлер алдындағы сөзі» өлеңін алайық:

Бісіміллә!
 Жорықтарда өткен күнді өлшемен,
 Жүрек толы ашу-ыза,
 Мол шемен.
 Ат үстінде туған ерді,
 Дүние-ай,
 Кіріптар ғып айдап өтті-ау көшемен!
 Қош тұлпарым, болған талай ақ көбікі!
 Жатырмын мен көр-зынданға шақ көніп,
 Шауып-шауып бұралқы итке тастайды-ау
 Қайран басты
 Жүрген кеше бақ қонып!
 ...О, аруак!
 Ішімді кек тырналар.
 Жүзімді ерте құбылаға туралар.
 Өмір болса баяғыша:
 Құм кезіп
 Бара жатыр аруаналар,
 Буралар.
 Айран ашып төгіледі
 Сабадан,
 Таласады өңшең төбет қабаған...
 Мен зынданда,
 Ал толық Ай аспанда,—
 Күлше нандай,
 Қол созамын мен оған!

(К. Мырзалиев аудармасы)

Шығармада батыр Мәмбеттің өлім жазасына кесі-
 лерден жарты күн бұрынғы тебіренісі берілген. Сурет-
 кердің контраст әдісін, қарама-қарсы қоюды, шебер
 пайдаланатыны да осы шығармада анық көрінеді. Жай
 көптің бірі емес, «ат үстінде туған ерді» көшемен «кі-
 ріптар ғып» айдап өту; «кеше бақ қонып» жүрген басты
 ертең шауып-шауып бұралқы итке тастайтынын елесте-
 ту, міне, осы көріністердің бір жағында бүгінгі мүшкіл
 хал да, екіншісінде кешегі озық жағдай қатар алын-
 ған. Біріндегі жетістік екіншісіндегі жетімсіздік сал-
 мағын аша түсуге ықпал етуде. Өмірдің көп қырлылы-
 ғы, әсемдігі жайында жалаң пәлсапа соғудан, үгіт
 айтудан ақын аулақ. Оның есесіне өлең соңындағы мы-
 на көріністер: құм кезіп бара жатқан аруаналар, ашы-
 ған айранның сабадан асып төгілуі, қабаған төбеттер-
 дің таласуы, аспандағы толық Айдың «күлше нандай»
 боп көрінуі, бәрі де өмір әсемдігін, артықшылығын
 әсерлі жеткізуге арналған сәтті детальдар.

Өткен тарихқа барудың, ондағы елдік пен ездiк, ба-
 тырлық пен қорқақтық, патриоттық пен сатқындық
 қырқысын берудің бүгінгі ұрпақты тәрбиелеудегі мәні
 ересен екендігі әсіресе ақынның «Қызыл жаушы мен

қара жаушы» өлеңінен кең көрінеді. Өлеңде алдымен жеңісті хабарлаушы қызыл жаушы сапарындағы қуаныш салтанаты берілсе, соңында жеңілуді естіртуші қара жаушы келе жатқандағы қайғылы хал көзге ұрады. Шығарма соңында қара жаушы мен ақын ойы кірігіп, авторлық «мен» және объективті кейіпкер астасуы арқылы, ортақ төл сөз жасалады. Жеңілу салдарынан туыс-жұрағаттары қорлық өлімге ұшырайтынын ескерген лирикалық қаһарман олардың ертерек өз ықтиярымен өздігінше көз жұмуы ғана қалғанын күйзеле жар салады:

Дед. кончай свою долгую жизнь, не тхни,
пока честен, влетай в свое небо стрелой.
Жены, жены, бросайте детей со стены!
Пейте яд! Обливайтесь кипящей смолой!

Бұл жолдардың ерекше әсерлі естілу сыры неде? Әр адамның өз жас ерекшелігіне, сеніміне сай өлу мүмкіндігін беру арқылы шарасыздықты, ащы шындықты жайып салуы нанымды. Мәселен, жасарын жасаған ата мен жас әйелдердің, балалардың өлімі бір емес. Сондықтан да лирикалық қаһарман атасымен қоштасқанда, былғанбай тұрып, о дүниеге жет деп, біршама жұбатқан болса да (о кездегі ұғым бойынша, жан денеден бөлінген сон да, өз бетімен өмір сүре береді), әйелге келгенде, «жены» деген сөзді қайталап айту арқылы да қимастық пен шарасыздығы қаулап өсуін танытады.

Қай ақын болса да өз өлеңінде теңеу, метафора, салыстыру, әсірелеу т. б. әдістерін кең қолданатыны белгілі. О. Сүлейменов шендестіру, егіздеуді пайдаланғанда да, құбылыстың белгілі бір көрінісін жалаң алмайды. Онда салыстыру, әсірелеулер де өз ішіндегі күрделілік, тіпті кереғарлық ықпалымен тұлғалана түсіп, өзіндік әсер тудырады. Мәселен, ақынның «О, сәйгүлік» өлеңінде алдымен жүйрік аттың бура тәрізді кұтырынуын, тіпті оның дем шығаруы, тыныстауының өзіне тау тасқыны бұрқылдауы тен келе алмайтынын паш етеді. Міне, осындай теңеу, салыстырудан кейін лирикалық қаһарманның қолынан келмес ерлік жоқтығы да сендіреді. Қанша таудай іс атқара аларлық болса да, қызығарлық қыздарға да ауып кетпей, лирикалық қаһарманның тек сәйгүлікке көңіл аударуы, ол үшін не әрекетке де баруға дайын екендігі әсерлі беріледі. Әсіресе, сәйгүлікпен бәсекеге түсуі лайық қыздарды суреттеген жеріне үнілейік:

Стокосые девы
От зависти горько плачут,
Их сладкие груди
Страхом и страстью полны.

Міне, осы төрт тармақтың өзіне әрі сұлулық, әрі күштарлық (күштарлық әсерінен жылауы), әрі күрделі сезім арпалысы (әрі қорқыныш, әрі күштарлыққа толы болуы), әрі оларды лирикалық қаһарманның өзінше бағалай білуі, қимауы («их сладкие груди»), — бәрі сыйып кеткен. Осы әсемдік салтанатынан кейін барып, осындай тенеу, салыстыруларға сүйену арқасында ғана, біз лирикалық қаһарман сезімінің көп қырлылығын, биіктігін тамашалай аламыз.

О. Сүлейменов тек сүю мен сүймеуді, бағалау мен айыптауды, — қысқасы, бірыңғай ақ, немесе кара бояуды ғана қолданудан аулақ. Сүюдің де көп сатылы, сан сырлы болатыны, жек көрудің ішінде де аздап болсын бағалай білу кездесетіні, сөйтіп түрлі сезімдердің аралас өрілу мүмкіндігі, — міне, ақын алдымен осыған ден қояды:

Ах, какая женщина,
Руки раскидав,
Спит под пыльной яблоней.
Чуть журчит вода.
В клевере помятом сытый шмель гудит.
Солнечные пятна бродят по груди.
Вдоль арыка тихо еду я в седле.
Ой, какая женщина! Косы по земле!
В сторону смущенно
Смотрит старый конь.
Солнечные пятна
Шириной в ладонь.

(«Аптап» өлеңі)

Бұл өлеңде ең бастысы — лирикалық қаһарманның әйелге қызығуы не қызықпауы емес, зейнеттілік аясындағы әдемілік үлгісін байқай білуі. Осы әсерді тек әйел сұлулығы (колын жайып салуы, кеудесінде күн сәулесі ойнауы, бұрымы) әйелді аялаған табиғат әсемдігі (алма ағашы, судың бәсең сылдыры, т. б.) ғана емес, бейтарап, қосалқы тәрізді көріністер де дамыта түседі (араның өзінше ызылдап ұшып жүруі, кәрі аттың ұялғандай боп басын басқа жаққа бұруы).

О. Сүлейменов өлеңдерінің тақырыптық аумағы өте кең. Біресе жеке адам көңіл күйі, біресе бүкіл Қазақстан өмірі, немесе ел тарихына үңілу, тек Қазақстан емес, бүкіл Совет Одағын қамту, одан да әрі асып,

жер шарының бар түкпіріне көз сала білу,— осының бәрі ақын туындыларына географиялық жағынан да, уақыт жағынан да шекара қоюға келмейтінін дәлелдесе керек. «Жер шетіндегі үнсіздік минуты» өлеңінде әлемнің әр түкпірінде жота көрсеткен жауыздықтарға, атап айтқанда, халықтың адал азаматтарын тасадан оқату арқылы жоқ ету фактілеріне тоқталады. Зұлымдық иелері ақ нәсілден де, қарадан, сарыдан да шығып жатқанын дәлелдей келіп, ақын қанішерлердің бәрін өзгеше бір нәсілге, сұр нәсілге, сұрқайларға жатқызады.

В свете полдня
и в холоде полночи
И ищу,
я иду вам навстречу,
Серые сволочи —
сквозь мгновенья ошибок,
отчаянных самопрезрений,
чтоб минута молчанья
Стала временем
ваших прозрений,—

деп түйеді ақын өз ойын.

Ақынның табиғат туралы жазғандарынан да оның азаматтық үні кең көрінеді. «Қорғалжын көлінде» өлеңі — суреткердің табиғат әсемдігін жарқыратып аша білуінің бір көрінісі.

Түйіп айтқанда, Олжас Сүлейменов — соңғы 25—30 жыл ішінде қазақ совет әдебиетінде ғана емес, жалпы совет әдебиетінде өзіндік үнін танытқан қабырғалы ақындардың бірі.

ДЕРЕКСІЗ ҰҒЫМ ЖӘНЕ ЗАТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Эпос пен драмаға қарағанда, лириканың өзіндік жанрлық ерекшелігі бар екені белгілі. Сонымен қатар поэзиялық туындылар мен прозалық шығармалар сипатындағы өзгешеліктер аз еместігі де аян. Проза, драмамен салыстырғанда поэзияда тілдің ажарлау, құбылту, айшықтау құралдары және шарттылық өте жиі ұшырасатыны да мәлім. Бұл ерекшелік тек поэзия дамуына ықпал етумен шектелмей, жалпы әдеби тілді өрістетуге қаншалық үлес қосатыны да — өзалдына бір әңгіме. Біз осы орайда, әсіресе, поэзия дамуы үшін мәні зор (әрине, прозаға да әсері осал емес) бір маңызды мәселеге арнайы көңіл бөлгіміз келеді. Ол ақындардың

өз айтпақ ойын неғұрлым әсерлі, пәрменді етіп жеткізу үшін, дерексіз ұғымдарды заттандырып, жандандырып суреттеу тарихы. Атап айтқанда, қиял, ой, көңіл, шабыт тәрізді көзбен көріп, құлақпен естуге келмейтін, тек оймен қорытып түсінуге болатын дерексіз ұғымдарды белгілі бір затқа, не адамға т. б. айналдырудың да өзіндік сыр-сипаты, өрбу жолы болатындығы. Дерексізді заттандыру, жандандырудың қайнар көзі де тілдің жалпы даму тарихымен сабақтас. Себебі ұғымды заттандыру, жандандыру халықтың ежелден қалыптасқан сөйлеу тілінде де: мақал-мәтелдерде, ауыз әдебиет үлгілерінде т. б. жиі кездеседі. Мәселен, халық ауыз әдебиетіне жататын «Шопан атаға» өлеңінде мынадай жолдар бар:

Ай мүйізі шақпақтай
Шүйделері тоқпақтай.
Тегене құйрық кошқарлы,
Малды берсең койды бер...

Көріп отырғанымыздай, күн көрісі малмен байланысты халық өлеңінде, әйтеуір қой бітуін тілеумен шектелмей, соның сапалық белгісін анықтайтын тенеу, суреттер де қоса өрілген. Әрине, қой дерексіз ұғым емес. Әйтсе де құбылысты неғұрлым нақты, дәл бейнелеуге ұмтылу дерексіз ұғымдарды жете танытуға да әсер еткені сөзсіз.

Шортанбай Қанайұлының (XIX ғ.):

Жалғызыма сәлем де
Алладан бұйрық жеткен соң,
Асқар тауы құлады,
Ағар бұлақ суалды.

дегенін алайық. Әкені «асқар тауға» балау тек Шортанбай тапқан тіркес еместігі, әріден келе жатқаны белгілі. Оны аңыз әңгіменің бірінде аз Жәнібектің: «Әкесі өлген қалай екен?», — сауалына Жиреншенің: «Асқар тауы құлады десеңші!», — жауабынан да көруге болады. Алдыңғы мысалдағы тәрізді бұл үзіндідегі «әке» де дерексіз ұғым емес. Бірақ әкенің семьяда алатын орны үлкен екенін жеткізу үшін, оны асқар тауға балау да сол ойды дәлелдеу құралы болумен бірге, әдебиеттің суреттеу құралдарының жалпы дамуы үшін де үлес қосқаны анық. Шортанбай екінші бір өлеңінде:

Япырм-ау, неге мақтандың,
Дәулетің судай тасқанға? —

дейді. Дәулет те бірыңғай көзге көрінбес дерексіз ұғым емес. Сонымен қатар «дәулет» сөзінің көзге елестетерлік нақты бір заттан гөрі жинақтау ұғымына байланысты қолданылатыны да мәлім. Мәселен, «дәулет» ұғымы нені қамтымайды: үйір-үйір жылқы да, табын-табын қой да, үй ішіне сіресе жиналған кілем, көрпе т. б. — бәрі кіре береді. Ал «тасу» сөзі су мөлшері көптігіне байланысты қолданыларын ескерсек, бұл мысалда ол «дәулет» сөзімен тіркесу барысында байлық мөлшерін көзге көрінерлік етіп бейнелеуге, демек неғұрлым дерексізді деректіге айналдыруға, қызмет етіп тұр.

Халық тілінде көп ашулана қоймайтын, неғұрлым жуас адам туралы «мінезі жұмсақ» деп айту қалыптасқан. «Жұмсақ» сөзі «қатты» сөзіне кереғар ұғымды беру үшін қолданылатынын ескерсек (салыстырыңыз: қатты тас және жұмсақ жүн), сол затқа тән жұмсақтықты адамға телу арқылы, мінездің бір қырын жинақтап, дәл таныту үлгісі туған. Ал «мінезі жібектей жұмсақ» деп, жұмсақтың өзін аша түсу де белгілі бір ойды дәлелдеуді дамытуға бастайтыны сөзсіз.

Жоламан Тәттібайұлының (XIX ғ.) мына бір өлең тармақтары ой саларлық:

Мырзалық, ерлік, билік бір басында,
Еш қазақ қыла алмайды мұның салтын.
Қырмызы, қызыл жібек мінезі бар,
Секілді азбайтұғын анық алтын.

(«XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» жинағы ішінде, Алматы, Ғылым, 1985, 269 б.)

Бұл үзіндіде «жұмсақ» сөзі қолданылмайды. Ал «жібек» сөзі де жеке алынбай, оның алдында «қырмызы, қызыл» сөздері қоныс тепкен. Сөйтіп, «жібек» сөзі мінездің жұмсақтығын жариялауға арналса, «қырмызы, қызыл» оған белгілі бір реңк әдемілігін дарытқан. Осылайша жұмсақтық пен реңк әсемдігі ұштасуы арқылы адамның мінезі артықшылығы, сәулеттілігі біршама нанымды, дәлелді, ажарлы түрде отау тіккен.

«Үміт» сөзін алайық. Үміттің көзге көрінбейтін, дерексіз ұғым екені түсінікті. Ақындар дерексіз ұғым «үмітті» деректі зат «жіппен» жіптестіріп алады: «үміт жібі». Соның нәтижесінде қолмен ұстарлық жіптің үзілуін кестелеу арқылы көзге көрінбейтін дерексіз ұғым «үміттің» біткенін т. б. әсерлі жеткізеді.

Сегіз Сері Шақшақов (XIX ғ.) батыр Исатайдан айрылудың халық үшін не тұратынын әйгілеу үшін, осы тіркесті сәтті пайдаланады:

Үмітің үзілді ғой, қайран халқым,
Жалп етіп сөнгеннен соң шам-шырағың.

Сөз жоқ, бұл үзіндіде халық қасіретін ашу үшін, «үмітің үзілді ғой» тіркесін жалаң алуға болмайды. Ол Исатайды шам-шыраққа балап, оның «жалп етіп» сөнуін нақты өрнектеуге иек артып барып, қиындық салмағын кең танытуға бастап тұр. «Үміт жібі» тіркесін қазіргі қазақ ақындары да жиі қолданады. Жас ақын Айсұлу Рүстемованың:

Жігерсіз жанды қайрайын,
Үміттің жібін жалғайын.

деген өлең жолдары бұған айқын дәлел. Әрине, ақындардың ешқашан да дәстүрлі тіркестерді жеке алмайтынын, оны басқа да тіркес, баламалармен және өзіндік сөз қолданыстармен қоса өріп, ажарлай, тұлғаланта түсетінін де естен шығаруға болмайды. «Адам» сөзін айтқанда, белгілі бір адам ба, жалпы адам ба, әйтеуір деректі жан иесін ойға аламыз. Ал «ақымақ адам» деудің орнына «ақымақ» деп жеке алсақ, тағы да деректіден гөрі дерексізге көп жақындаймыз. Ғалымдар мен ақындардың атасы, биік белесіміз Әбу Насыр Әл-Фараби (X ғасыр):

О жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм секілді тез ысып, тез суынар.

деп жазған екен. Мұнда көзге көрінбейтін ақымақтықты қолмен ұстауға болатын құмның тез ысып, тез суыну қасиетімен салыстыру арқылы ақын адам өзгерімпаздығын сәтті өрнектеген.

Шал Құлекеұлының (XVIII ғ.):

Ашу — пышақ болғанда, ақыл — таяқ,
Сол таяқ кемімей ме жонған сайын,—

тармақтарына үңілейік («XV—XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» жинағы ішінде, Ғылым, 1982, 150 б.). Бұл мысалда жонған сайын таяқтың қаншалық жіңішкеретінін нақты елестету арқылы ашудың ақылды бәсеңдетерлік ролін кең аша түсеміз.

Орыс әдебиетінің басқа да бай тәжірибесі тәрізді дерексіз ұғымды заттандыру, жандандыруда да өзіндік үлкен тарихы, жетістіктері мол екені мәлім. Соған көз жеткізу үшін С. Есениннен үзінді келтірейік:

Знаю я, что в той стране не будет
Этих нив, златящихся во мгле.

Қазақшасы:

О дүниенің, білемін, мұң қаптаған,
Егіні жоқ үкісі бұлғақтаған.

(ауд. Қ. Мырзалиев)

Қулық та — өмірде жиі оралатын ұғымның бірі. О қулықтың белгілі бір адамда қаншалық асқынғаны оны тауып, белгілеу қиындығын білдіру үшін Сегіз сері Шәкшәков (XIX ғ.):

Ойнақы мінезің бар алдырмайтын,
Жете алмас қулығыңа найза бойлап,—

деп бейнелейді. Найзаның қаншалықты ұзын екенін білгімдасак, соған парпар боп алынған қулықтың қаншалық тереңде, қиында жатқанын нақты межелеуге болды. Сегіз серінің енді бір өлеңінде айтқаны:

Тынымсыз тыпыршиды албырт жүрек,
Өмірден айнымастай досын іздеп.
Арналды өзіңізге осы өлеңім
Үміттің қызыл шоғын маздатар деп.

Осы шумақтағы «жүрек» сөзі дерексіз ұғым емес. Әйтсе де мұнда да жинақтау ұғымы, ауыс мән әсері басым екені де анық. Сөйткен көлемі жұдырықтай жүрекке көлемді де ірірек жан иесі адам, мал (мәселен, жылқы тыпыршуы) әрекетін таңу арқылы ақын сезім тынымсыздығын біршама ұтымды ашқан. Сонымен қатар бұл тыпыршу дерексіз ұғым үмітке деректі зат қызыл шоқ тіркесуіне ұштасады да, үміт шоғының, тіпті, маздауын тілеу тұсында тынымсыздық пен үміткерліктің қаншалық биік екенін паш етеді.

Ахмет Байтұрсыновтың «Адамдық диқаншысы» (1911-22) өлеңі былай басталады:

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ — қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.

«Адамдық» дерексіз ұғым десек, ақын оны егуге болатын дақылға, өзін диқаншыға балайды. Сонда лирикалық қаһарманның адамдық тұқымын шашуы, егуі арқылы «құл халықтың» көңілін көгертуді мақсат еткені ұтымды жеткізіледі. Дерексіз ұғым «көңілге» егіннің көгеріп өсуі мүмкіндігін өрнектеу де бұл әсерді күшейте түседі.

Қазақшасы:

Оны жеңіл бұл байғұс басымды бір,
Білмеп едім,

мың тонна зіл
басар деп.

(Ауд. Қ. Бекхожин)

2. Поэзия —
та де добыча радия.
В грамм добыча,
в год труды

Изводишь
единого слова ради
Тысячи тонн
словесной руды.

Қазақшасы:

Поэзия —
барабар радияді өндірумен
Бір грамма
жыл еңбек атқарасын.

Сарылып
жалғыз ғана сөзді іздеумен
Мың тонналық
сөз кенін ақтарасын

(Ауд. С. Сейітов).

Алғашқы мысалда лирикалық қаһарман шеккен қиындық кесектігін мың тонна салмағы бар зіл елестетсе, келінгіде қажет сөзді табу, сөз кенін ақтару машақатын жеткізу үшін тағы да орасан зор мөлшер мен салмақты ұтымды пайдаланудың куәсі боламыз.

Дерексіз ұғымды айгілеу үшін салмаққа арқа тіреу үлгілері ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басы кезінде қалам тербеген Мәшһүр-Жүсіп Көлесевте де баршылық:

1. Өсектеп, қожа, молда, аушыңызды жап,
Сор артам жаппағанға дәл он бес кап.

(1899—1904 ж. «Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге» өлеңінен).

2. Күншілдік бір есекке тиіп артқан,
Жібек, кендір арқанмен буып тартқан.
Базарға мұнан бұрын көп барғанмын,
Жерім жоқ бұл саудадан залал тартқан.
Мастанып артқандықтан тәкаппарлық,
Жүре алмай бара жатыр мынау есек

(«Шайтанның саудасы» өлеңінен)

Міне, алғашқы үзіндіде лирикалық қаһарманның әсекші қожа, молдаларға артпақ сорының мол екенін гаразылауға «он бес қап» жүк мөлшері алынса, кейінгіде жүк көлемі де, салмағы да нақтылана түскен. Кейінгіде дерексіз ұғым күншілдіктің көзге көрінерлік затқа айналғаны сондай, оның қандай арқанмен буып тартылғанына дейін тәптіштеліп берілген. Ең соңғы үзіндіде дерексіз тәкаппарлықтың ауырлығы сондай, оны көтерген есектің жүре алмай бара жатқаны сөз болады.

Дерексіз ұғымды таныту қамында салмақты пайдалану үлгілері қазір де аз емес. Соның бір көрінісі — Зайда Елғондинованың жазғаны (1979):

Жанынды мүлдем жасартып,
Көркейтер күндер болады.
Еңсеңе он пұт тас артып,
Еңкейтер күндер болады.

Сөз жоқ, алғашқы мысалдардағы «мың тонна» (В. Маяковский), «Он бес қап» (Мәшһүр — Жүсіп) салмаққа қарағанда, мұнда салмақ жағы азайған. Оның есесіне бұл мөлшер лирикалық қаһарман мүмкіндігіне жақындау арқылы қазіргі кезең әдебиеті сарынына, кезең стиліне дөп келеді. Бұған қарап ендігі ақындарда салмақ көлеміне шек қою басым болады деп санауға да болмайды. Оған айғақ — Исраил Сапарбаевтың бір өлеңінің (1985) былай аяқталғандығы:

Қызулы едік, қалайша мұздап қалдық?
Кашан жауар бауырын сыздатқан бұлт?..
Көзіндегі бір тамшы жасты көріп,
Жүрегіме түсті ғой жүз батпан жүк,
Жүрегіме түсті ғой жүз батпан жүк...

Сөйтіп, әрі «жүз батпан жүк» тіркесін алып, әрі оны екі рет қайталап, әрі сонымен өлеңді аяқтау арқылы ақын лирикалық қаһарман шеккен машақатты бөліп көрсетіп, баса назар аудартып тұр.

Ақындар дерексіз ұғымды заттандырып қана қоймаған, көп ретте оған жан бітірген.

1. Құдайдан қорыққан мұсылман
Қарауыл қояр сөзіне.

(Шортанбай Қанайұлы. «Бес ғасыр жырлайды» жинағы, ішінде, 1 том, Жазушы, 1989, 278—279 б.)

2. Тентек болма балаға
Безер болма келіңге.

Қадірін кетер еліңе
Қарауыл қой сөзіңе.

(Бұ да сонда, 284 б.)

3. Өтірік өрлеп, күшейіп,
Шын жеңіліп, талып тұр.
Бақ дегенде байлау жоқ.
Уағдадан танып тұр.
Тағдыр шіркін тап беріп,
Тамағымнан алып тұр.
Пәле деген аңдушы
Аяғымнан шалып тұр.
Жала деген төбеті
Балтырымнан қауып тұр.

(Байтұрсынов А., Шығ., Жазушы, 1989, 33 б.).

Алғашқы екі мысалда дерексіз ұғым «сөзге» дерексіз деуіміз: сөзді де көзбен көріп, қолмен ұстауға болмауымен т. б. байланысты айтылып отыр (деректі ұғым «қарауыл» қойылуы) сөзбе-сөз ұғынсақ, дерексіз ұғымға күзетші, қарауыл қоюға болмайтыны, өйткені оны бағуда, зат, адам ретінде алып кету де мүмкін еместігі белгілі) лирикалық қаһарманның өз сөзіне абай болуын жинақтап, әсерлі жеткізуге септігін тигізуде. Ал, үшінші мысалда шындықтың жанданғаны сондай, оның жеңілуі берілген. «Жеңу, жеңілу» сөзі көбінесе күрес, төбелес, ұрысқа т. б. араласқан адамдарға байланысты қолданылатыны мәлім. Мұнда сонымен қатар шынның жеңілуі өтірік өрлеуіне карама-қарсы алынып, қиын жағдайды көзге ұрып тұр. Өлеңде одан әрі дерексіз ұғым «бақтың» байлауы жоқ боп, уағдадан тануы; дерексіз, жансыз тағдырдың мықты жан иесіне айналғаны сондай, тамақтан алуы; «пәленің» жанданғаны соншалық, аңдушы ретінде аяқтан шалуы; жаланың төбетке айналып, балтырдан қабуы, — бәрі лирикалық қаһарман шеккен қиындықтарды жоталантып, көзге елестетіп, әсерлі жеткізуде.

«Кедейлік» сөзін жеке алсақ, оның дүние-мүлік, азық-түлік т. б. жетімсіздігін жинақтап айтуға арналғаны, демек жеке өзінде (шкаф, тас тәрізді) көзбен көріп, қолмен ұстарлық нақтылықтан гөрі жинақтау ұғымы бағым екені анық:

1. Кедейлік, жабыстың ғой бала жаста,
Мені ұятты қылдың ғой қарындасқа.
Аш белімнен құшақтап айрылмайсың,
Көз танысың жоқ па еді менен басқа.

(Шал Күлекеұлы. «XV—XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» жинағы ішінде, Ғылым, 1982, 168—169 б.)

2. Кедейлік, мен не қылдым көзімді ашпай,
Көрсеттің жек көрініш қарындасқа-ай.
Белімнен бекем ұстап айрылмайсың,
Жоқ па еді көз танысың менен басқа-ай.

(Қожабай Тоқсанбайұлы. «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» ішінде, Ғылым, 1985, 204 б.)

3. ...Арқаны кедейліктің — еріншектік,
Желкеңнен жібермейді мықтап тартып.
Қайрат қыл, жалқаулықтың жібін үзіп,
Көрген жан түңілмесін күдер үзіп.
Бойыңа жалқаулықты үйір қылсаң,
Жүрерсің көрінгенге көзің сүзіп.
...Безерленер кедейлік белдеу ұстап,
Бас салар еріншекті ұйқы қостап.
...«Кұдай салды, мен көндім» дегеннен соң,
Сенен қолын үзбейді, жайлап, қыстап.
Күн бұрын бекітіп бақ келер жолын,
Үйіңнің белдеуінен ажырат қолын.
Үйіңе кедейлікті бір түнетсең,
Бермейді ел көшкенде жұрттың соңын.

(Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің 1885 жылдары жазылған «Жалқаулар туралы айтқаны» өлеңінен).

4. Байлық-ау, сенің ызаң өтті-ау маған,
Не қылдым өшігерлік, жаным, саған?
Мені көрсең, жирендің теріс қарап,
Әкеңнің менде құны бардан жаман.

(С. Торайғыровтың 1910 жылы жазылған «Байлық» өлеңінен).

5. Ай, мұқтаждық, кесел болып тұрдың ғой!
Талапкерге қарсы тұзақ құрдың ғой!
Қолды созып, бойды жазып жүргізбей,
Ауруы жоқ бір мүгедек қылдың ғой.

(Б. Майлиннің 1913 жылы жазылған «Мұқтаждық» өлеңінен).

Алғашқы екі мысалда бірі XVIII ғасырда, екіншісі XIX ғасырда өмір сүрді делінген екі ақын өлеңінің өте ұқсастығы, бір колдан шыққаны айқын. Өлеңнің нақты кімдікі екендігін анықтаудың қиындығы өзалдына бір әңгіме. Біздің назар аудармағымыз: кімдікі болса да бұл мысалда «кедейлік» ұғымы жанданғаны сондай, белгілі

бір адамды қозғалтпастай белден ұстап, жібермегендігі. Белден ұстап айрылмау жоқшылықтың қаншалық орын тепкенін ұтымды өрнектеген. Ал, үшінші мысалда «кедейлікті» алдымен заттандыру бар: «кедейліктің» арқаны болуы, оның белгілі бір адамды босатпауы. Ал келер жолдарда ол үй белдеуінен ұстарлық қолы бар, бір түнетсе, кетпестей кесепатты, күшті жан иесі ретінде алынған. «Кедейлікке» қарама-қарсы қойылған «байлық» ұғымының тірлік еткенінің белгісі (төртіншіде): белгілі бір адамды көргенде, теріс қарап жиренуге дейін барады. Соңғы үзіндіде «мұқтаждықтың» (ол да «кедейлікпен» ағайындас, төркіндес ұғым ғой) күшейгені соншалық, белгілі бір адамға қадам бастырмайтындай тұзақ құрғаны, оны, тіпті, мүгедекке айналдырғаны сөз болады. Мұның бәрі дерексіз жинақтау ұғымдарының үлес салмағын айқындауда жандандырудың жетекші орын алатынын дәлелдейді. Сонымен қатар:

«Ал», «бер» деген сөз еді екі ағайын,
«Ал» өліп, «бер» деген сөз қалды тірі.

тармақтарында да («Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлегені» өлеңінен) көзге көрінбейтін «алу», «беру» ұғымдарының жеке өмір кешкендері сондай, бірінің өліп, екіншісінің тірі қалуы бейнеленеді. Өлу мен тірі қалудың бұл қарама-қарсы қойылуы қиындық деңгейін белгілеуде шешуші роль атқарып тұр.

Дерексізді жандандыру үстінде оған қимыл дарыту, сол әрекет сапасына тәнті қылу арқылы белгілі бір ойды әсерлі жеткізудің де өзіндік сүрлеуі бар:

1. Жетпіс келді төтелеп,
Кәрілікті жетелеп.

(Шал Құлекеұлы, XVIII ғ.)

2. Жақсылықты жамандық жағалап жүр,
Күшейіп күннен-күнге ағалап жүр.

(Нұржан Наушабаев, XIX ғ.)

3. Алаштан озған ақылы-ай,
Ерліктен жоқ-ты қапылы-ай,
Түтеп тұрған мылтыққа,
Тура шапқан, япыр-ай!

(Нұрым Шыршығұлұлы XIX ғ.)

4. Алтыдан желе аяңдап жетіге кеп,
Сегіздің кірдік базар кентіне енді-ай.

(Мәделі Жүсіпқожаұлы XIX ғ.)

5. Алтын күндей алаулап,
Он екі күндей ой ойлап,
Ақылды алпыс жаққа шаптырып,
...Талай жүрдік далада
Әділ жаннан түңіліп.

(Махамбет Өтемісов, XIX ғ.)

6. Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,
Ойламау келешекті түпке жетер.
Надандық қоршап алған тұс-тұс жақтан,
Жан қорқып, дене тітіреп есің кетер.
...Жиылмай өнерге аяқ баса алмаспыз,
Нық сіңген надандықтан қаша алмаспыз.

(Мағжан Жұмабаев, 1912 ж.)

Алғашқы мысалда жетпіс жастың жан иесі ретінде көрініп «кәрілікті» жетелеп келгені сөз болса, екіншіде дерексіз ұғым «жамандықтың» «жақсылықты» жағалауы, демек жандыға тән әрекеті беріледі. Үшінші мысалда дерексіз ұғым «ақылды» ат бәйгесіне, жарысқа қосқандай әсер аламыз. Сөйтіп, ақылдың озуы оның молдығын, сапалық көрсеткішін, анықтауға бастап тұр. Төртінші мысалдағы алты жастан жетіге «желе аяндап» бару да, бесіншідегі «ақылды» алпыс жаққа шаптыру да — кимыл-әрекет деңгейі арқылы сезім иірімдерін ашу үлгілері. Соңғы мысалда белгілі бір адамды қоршап алуына қарағанда, «надандық» ұғымы көп жан иесіне айналып, ал, «сіңу» сөзімен тіркескенде, дендеп енген мол сұйық ретінде көзге түседі. Қайсысын алсақ та, осал емес. Демек надандықтың «қоршап алған» қалпынан да, «нық сіңген» түрінен де құтылу қияметі «мен мұндалап» тұр.

Ақын, жазушылар дерексізге кимыл дарытумен шектелмей, тіл бітіруді де жиі қолданады. Алдымен, орыс поэзиясынан мысал келтірейік:

Қазақшасы:

...Вспоминается пройденный путь,
Совесть песню свою запевают...

(Н. А. Некрасов)

Қазақшасы:

...Өткен күннің әсерлерін молайтып,
Ар толғанар өз сырынан жыр айтып.

(Ауд. Қ. Бекхожин)

Міне, дерексіз ұғымның, ардың, толғануы да лирикалық қаһарман сезімін ұтымды жеткізуге септігін тигізуде. Сондай-ақ Мәшһүр — Жүсіп Көпеевтің «Мәшһүрдің

ақындығымен қоштасқаны» өлеңінде де лирикалық қа-
парман мұңы, шарасыздығы, күресті калауы, т. б. дерек-
сіз ұғым «ақындыққа» тіл бітірумен байланысты өріс-
тейді:

Тіл қаттым ақындыққа мен сөз бастап:
— Шыныңмен кеткенің бе мені тастап?
Ескі дос, көптен қимас жолдас едік,
Жылады о да қайтсін көзін жастап:
— Замана жылдан жылға болды өзге,
Бір жан жоқ құлақ қояр жақсы сөзге.
Сүйсініп сұхбаттасар жан қалмады.
Менің бар не керегім,— деді,— сізге?

Сөйтіп, ақын шырғалаң жағдайды өз атынан ғана жа-
риялап қоймай, дерексіз ұғым «ақындыққа» да жан біті-
ріп, оны жылату, пікір айтқызу арқылы да сол сезімді
өрістетіп, тұлғалантып берген.

Ақындар дерексіз ұғымды ғана емес, деректі затты
сөйлетуді де жиі пайдаланады:

Көзеге бір күні әбден шаршағасын,
— Тап,— дедім, көп жасаудың бір шарасын.
Тигізіп ерініме ерінін көзе:
— Сүй мені,— деді,— мендей бишарасың.

(Омар Һәйям. Ауд. Қ. Шаңғытбаев)

Міне, XI—XII ғасырдың өзінде шығыс әдебиетінің ға-
на емес, әлем мәдениетінің асқар шындарының бірі жаз-
ған өлеңде ақын ғана емес, оған жансыз зат көзенің үн
қатуы да шындықты аз сөзбен әйгілеуге мүмкіндік бер-
ген. М. Ю. Лермонтовтың 1932 жылғы «Қамыс сыбыз-
ғы» («Тростник») өлеңінде көңілді балықшының қамыс-
тың бір сабағын кесіп ап, сыбызғы жасағаны, артынша
ол заттың өз тарихын баяндауы беріледі. Әңгіме бары-
сында арын таптатқысы келмеген жетім қыздың мерт
болуы, сол қан тамған жерге өскен қамыстан сыбызғы
жасалғаны мәлім болады. Сөйтіп, қамыс сабағына жая
бітіріп сыр шерткізу нәтижесінде ақын өз ойын неғұрлым
әсерлі жеткізген.

Ақындар қозғалыс, өзгеріс символы ретінде алынған
желді сөйлетуді де жиі алады:

И ветер мне гудел неумолимо:
Зачем ты здесь, изнеженный поэт?

(Н. А. Некрасовтың 1864 жылғы «Оралу» өлеңінен).

Қазақшасы:

Ысқырып, қояр емес жел сыбырлап,
— Ерке ақын, не бітіре келдің мұнда?

(Ауд. Ғ. Қайырбеков)

Затқа әрі тіл бітіріп, әрі қимыл-әрекет дарытудың бір мысалы — С. Сейфуллиннің 1922 жылғы «Домбыра» өлеңі:

Біресе сөйлеп рухтанып,
Домбырам менің зарлады.
Біресе жылап күңіреніп,
Біресе тағы аңырады.
Біресе шалқып шаттанды,
Сөйледі, күлді сыңқылдап,
Біресе қызып күйінді,
Күрсініп, үһілеп, ыңқылдап.
Құмарланып біресе,
Елжіреп мас боп, былқылдап,
Жалындап жанып, созылып,
Үзіліп, толғап, қыңқылдап.

Көріп отырғанымыздай, домбыраның біресе сөйлеуі, біресе жылауы, күңіренуі, енді бірде сыңқылдап күлуі берілсе, онымен де шектелу жоқ. Өлеңде затқа жан бітіру ғана емес, оған екінші бір затқа, не құбылысқа тән әрекетті таңу да бар. Домбыраның «жалындай жанып» созылуын алайық. Әрі жалынша жану, әрі адамша зарлау, қыңқылдау, — осылардың тоғысуынан барып лирикалық қаһарман сезімінің көп қырлылығы ашыла түседі.

Дерексізді деректіге айналдыру тарихын қарастырғанда, оның үлкейту, әсірелеуге жиі иек артқанын да айтпай кетуге болмайды. Мәселен, адам өмірі қысқа екені сондай, ол «қас қағымдай ғана» деген пікірді халық ертеден айтып келеді. Әйтсе де осы дайын, дәстүрлі тіркестің өзі белгілі бір поэзиялық туындыда пайдаланылғанда, өзін қоршаған басқа да сөз, сөз тіркестерінің шуағын қабылдауы арқасында ажарлана түсетіні белгілі. X ғасырдың өзінде Әбу Насыр Әл-Фараби:

Адамға бір сәттік қысқа ғұмыр берілген,
Сол қас қағымдай сәттің өзін көп көріп,
Адамдар бірін-бірі жегідей жейді,
Бірін-бірі азапқа салып қинайды,—

деп жазған екен. Бұл жолдарда «қас қағымдай» дәстүрлі тіркесі адамдардың бір-бірін жегідей жеуіне қарсы қойылып, өз мағынасын кеңіте түседі. Сөйтіп, әсірелеу

(«қас қағымдай») адамдар тіршілігіндегі орынсыз әрекеттерді түсіндіруге пайдаланылған.

Шөже Қаржаубайұлының (XIX ғ.):

Атағың Алатаудай болғаннан соң,
Құмар боп келіп едім болып ашық.

дегенінде де «атақты» тауға балаудың тосын жаңалық еместігі анық. Әйтсе де белгілі бір адамға арнап айтылып, дерексіз ұғым «атақты» көзге көрінерлік затқа балап қоймай, оны әсірелеп, таумен теңестіру де ақын ойын кең танытуға қолқабыс еткені сөзсіз.

Болдық малай қарынға бір парамыз,
Жан пайдасын білмеген жүзқарамыз.
Он шынжырмен бір итті байлай алмай,
Өмір бойы әуре боп біз барамыз.

(Мәшһүр-Жүсіп Көпеев 1904 ж.)

Бұл өлең жолдарындағы «ит» те — әрі жауыздық т. б. символы, әрі дерексіз оңбағандық, озбырлық атаулының жанданып, жинақталған бейнесі. Сөйткен итті жіп те емес, шынжырмен, шынжыр болғанда да, біреуімен емес, он шынжырмен байлай алмау да, демек әсірелеуді пайдалану да, арпалыс салмағын аша түсуге көмектескен.

Сөз зергерлері дерексізді заттандыру үстінде сол заттың өзін ізерлей әспеттеп, әрлендіре түсуге де көп көңіл бөледі.

1. Ойна рақат күнінде,
Сүңгіп шаттық көлінде.

(Мақыш Қалтайұлы
1869—1916)

2. Әдеп, ақыл — сары алтын,
Алтынды таза сақтамай,
Қалай етіп шіріткен.

(Әбубәкір Кердері
Шоқанұлы — 1861—1905).

Көлде су аз болмайтыны, демек көптік, кеңдік белгісі боп қызмет ете алатыны аян. Алғашқы мысалда шаттықтың мол екенін паш ету үшін оны көлге балаумен де шектелмейді. Жоқ, басты назарды шаттық көлі болуына емес, соған сүңгуге аударады. Таяз суға сүңгу мүмкін еместігін еске алсақ, тек «көл» емес, «сүңгу» сөзі де тереңдікті, молдықты тап басқызады. Екінші мысалда да дерексіз «әдеп, ақылды» сары алтынға балаумен тоқталмай, сөйткен асылды сақтамау орынсыздығына мойын бұрғызады.

3. Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңінде көзге көрінбес ұғым достықты, дос сырын, оны білудің оңай еместігін дәлелдеу үшін, алдымен оның тұрған орнын нақты көрсетуге ден қояды. Демек достық сақталған мекеннің тым биікте орналасқаны, оған жету машақаты да сол сезімнің артықшылығын, ерекшелігін арттыра түсуге бастап тұр:

Қалың зеңгер, құзды шаттар,
Құзды шаттар қалың ну.
...Нұда бір шың тіп-тік сұңғақ
Тіп-тік сұңғақ бір биік.
...Қойма шыңның нақ басында,
Нақ басында қакпасы.

Бару қиындығы ғана емес, жеткеннен кейін де, достықты сақтаушы заттың өзі мен айналасының әсемдігі де («қызыл-жасыл» т. б.) осы бір сезімнің қадірін арттыра түседі:

Сандық іші қызыл-жасыл,
Жасыл жібек перделі
Толған қымбат сақтаулы асыл,
Асыл сым бар пернелі.

Мұның бәрі дерексізді құр заттандырумен шектелмей, оны нақыштай, өрбіте түсуді де ақындардың өз ойларын неғұрлым дамытып беру құралы ретінде пайдаланғанын көрсетеді.

Дерексізді заттандыру үстінде шайырлар затты қалай әлеміштеп, әрлей түссе, жандандыру тұсында да тұлғалантудың не бір әсем түрлерін жасаған. Тағы да Мәшһүр-Жүсіпке жүгінсек, неғұрлым аз зерттелген қаламгерлерге басқа көңіл бөлу орындылығы деп түсінген жөн:

Өзімді артық, өңгені кем көрмейін,
Бір ат мініп, бір атты өңгермейін.
«Менен асқан кім бар?»— деп, лағу сөйлеп,
Ақымақтықты семіртіп жем бермейін.

(1904 ж. «Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлегені» өлеңінен).

Осы шумақты жеке алып қарастырсақ, алдыңғы тармақтардағы бір ат мініп, екінші атты өңгерудің қаншалық өрескел, ауырлығы, тіпті, мүмкін еместігі де аян. Ақын осы оғаш ерсі істі әйгілесімен, дерексіз ұғым ақымақтықты жандандырып, оған жем бермеу, семіртпеу мәселесін қояды. Белгілі бір малдың семіруі үшін жем беру керектігін сараптасақ, жандандырылып, жем беріл-

меген ақымақтықтың қаншалық мүшкіл күйге ұшырау-ға ықтималдылығы да көзге ұрады.

Дерексізді заттандырып, жандандырудың әсем көріністері Мағжан Жұмабаевта да жиі кездеседі.

3. Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді,
Қылыш алып «надандық» саған кезенді.
Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден ку
Ертелі кеш-басына мініп езгенді.

(1912 ж. «Сорлы қазақ» өлеңінен)

2. Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар
Тілегің болды — қуан, күл.
Бостандық — ізгі періште
Кетпек ұшып ғарышқа
Ақ қанатын қомдап тұр.

(1918 ж. «Бостандық» өлеңінен)

Мағжан «надандықты» әйтеуір бір жауға балаумен де кідірмейді. Қайта оның тиіскелі тұрғанына, қауіптілігіне, аямайтынына назар аудартады. Әйтеуір бір жау емес, қылыш кезенген боп алынуы надандықтың қаншалық кесепат екенін аша түседі. Сондай-ақ екінші мысалда да ақын бостандықты қасиеттілік, пактік символы періштеге балаумен тоқталып қалмайды, оның ақ қанатына (демек әрі әсемдігіне, әрі биікке ұшу мүмкіндігіне), кеткелі тұрғанына көңіл бөлгізеді.

Дерексіз ұғымды заттандыру, жандандырулардың тамаша бір мысалдарын «көңіл» сөзіне байланыстырып, топтастырып беріп көрейік. «Көңіл» ұғымы да көзге көрінбес, құлаққа естілмес, ніс боп сезілмес т. б. дерексіз ұғымы екені анық. Ақындар осы бір дерексіз ұғымды жандандырып, заттандыруда да бірін-бірі қайталамайды:

1. Көк дөнен — көңіл солай алып-ұшып,
Жалындап жүрегімнен жыр да ағылған.

(Хожа Хафиз. XIV ғасыр,
ауд. Ә. Жәмішев).

2. Көңілім, саған не болды,
Айдын көлдей шалқымай?

(Досжан Сексенбайұлы, XIX ғ.)

3. Кейде бір көңіл-дария тасқандайсың,
Кернеліп кемеріңнен асқандайсың.
Конбастай көтеріліп көкке бойлап,
Шалықтап түз құсындай аспандайсың.

(Бұдабай Кабылұлы, XIX ғ.)

4. Бір көңілдің ішіне
Екі талап сыйсайшы.

(*Майлықожа
Сұлтанқожаұлы. ХІХ ғ.*)

5. Көңілдің қазығы жоқ байлайтұғын,
Ақырында сабыр керек ойлайтұғын.

(*Нұржан Наушабаев — 1843—1906 ж.*)

6. Мұхитта нән балықтай кезген көңілім,
Тұмсығың тимей тасқа неге алжастың?

(*Шаңгерей Бөкеев — 1847—1920 ж.*)

Алғашқы мысалда көңіл көк дөненге баланса, екіншіде ол шалқыған айдын көлмен салыстырылады. Ал, үшіншіде көңіл әрі тасқан дариямен, әрі аспандап шалықтаған тұз құсымен парапар етіп алынған. Төртіншіде бір өзіне екі талап сыюы қиындығын айту үстінде «көңіл» сөзі белгілі кеңістік өлшемі (мекен, орын, ыдыс тәрізді т. б.) ретінде беріледі. Ал, бесіншіде, ол қазыққа байланарлық жан иесі ретінде көзге түссе, соңғыда мұхит кезген нән балыққа айналып кетеді. Мұның бәрі де көзге көрінбейтін дерексіз ұғым «көңілді» не заттандырып, не жандандырып, не екеуін де қатар жүзеге асырып, көрсету, сол арқылы неғұрлым кең де әсерлі таныту үлгілері.

«Көңіл» сөзін дамытып, тұлғаланту мысалдарын ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттен де көптеп келтіруге болады. Алысқа бармай-ақ, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтен үш мысал келтірейік:

1. Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ.

(*«Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өлеңінен*).

2. Дегендей жан семіртер жақсы сөзге,
Көңілді, тірілтер сөз, өліп қалған.

(*«Мәшһүрдің қырық алты жасында
сөйлеген сөзі» өлеңінен*)

3. Даяр ғой ат-арбаңыз, із бүру мен,
Кәнеки, көңілдегі көшір, қайда?!

(*«Момынның әйеліне шығарғаны»
өлеңінен*)

Алғашқы мысалда «көңіл» көз соңынан жүрмеуге тиісті жан иесі ретінде беріліп, ол өзінің алдындағы дерексіз ұғым нәпсінің атқа мінбеуімен т. б. сәтті үндеседі. Екінші мысалда «көңілдің» жан иесіне айналғаны сондай,

өлуі мүмкіндігі ашылады да, өзінен бұрын берілген жан семіруін сәтті жалғастырады. Соңғыда ат-арба даяр тұрғанымен, соны бастарлық көңіл көшірі жоқтығына ден қойғызады. Мұның бәрі — «көңілді» көп қырынан ашып, кең тану амалдары.

«Көңіл» ұғымын заттандыру, жандандырудың үздік бір биігі — әйгілі татар ақыны) тек татар емес, қазаққа да ортақ дер едік.— Қ. Ж.) Ғабдолла Тоқайдың 1909 жылы жазылған «Көңіл» өлеңі:

Әдетінше күл-парша бол, күйіп жан, сыздан, көңіл!
Тәңірге артық бүтіннен бүлінген, сынған көңіл.
Әрдайым-ақ дүние жеміс көңілден дәметсе де,
Бар жемісі еш піспейтін, семіп бұл тынған көңіл.

(Татар тілінен аударған
Т. Әбдірахманов)

Міне, бір тармақтың өзінде «көңілдің» әрі зат сияқты күлпарша болуын, әрі адамша күйіп-жанып, сыздануын көреміз. Тек бір тармағы емес, 16 жолдық осы өлең тұтасымен — заттандыру мен жандандыру шеберлігінің айнасы.

Әрине, сөз төркінін, сөз мағынасын зерттеу, негізінен, тіл мамандары еншісіне жататынын еске алсақ, Б. Хасановтың «Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы» (Мектеп, 1966, 65 б.) еңбегінде: «Ұлғайған метафоралар сөйлем ретінде келеді» — дейді де, мысал ретінде І. Жансүгіровтың мына өлең жолдарын келтіреді:

Жүрегімнің айнасын шаң басқанда,
Орамалым осы өлең бетін сүртер.

Сөз жоқ, мұнда әңгіме дерексіз ұғым «көңіл» туралы емес, біршама деректі (егер сөзбе-сөз түсініп, бөліп қарастырсақ) «жүрек» туралы, оның айнасы болатыны, соны шаң басуы хақында болып отыр. Мұнда да шарттылық, заттылық салтанаты: жүректің айнасы болуы, өлеңнің орамалға айналып, оның бетін сүртуі бар. Сонымен қатар Б. Хасанов келтірген екі жол бір шумақтың үшінші, төртінші тармағы екенін, ал, оның бастапқы жолдары «көңілге» байланыстылығын да ұмытпаған жөн. Сөйтіп, Ілиястың 1915—1916 жылдары жазылған айналасы сегіз тармақтық «Жанды сөз» өлеңінің бастапқы шумағын тұтас алсақ ше:

Ұйықтап жатқан көңілді өлең түртер,
Қайғы, зарын, қуанышын жақсы тінтер.
Жүрегімнің айнасын шаң басқанда
Орамалым осы өлең бетін сүртер.

Демек шаң басқан жүрек айнасын жеке алып қарастырумен шектеле алмаймыз. Ол өз алдындағы «көңілдің» жаны бар адам тәрізді ұйықтап жатуымен, өлең түртуін қабылдауымен т. б. тығыз байланыста жота көрсетеді. Қысқасы, ұйықтап жатқан көңілді түрткеннен кейін барып, жүрек айнасының шаңын өлең — орамал сүртуі әсерлі демекпіз. Жүректі ғана емес, «көңілді» де шаң басу үлгілерінен мысал берейік:

1. Еш әсер таба алмассың қармағанмен,
Көңілді кіршік басып, шаң болған соң.

(Нұржан Наушабаев. 1843—1906)

2. Күн батса, атылмайды сарғайып таң,
Ойладым жатып, тұрып жаныма қам.
Айнадай жарқыраған айқын көңіл
Осы күн басылып тұр басқан соң шаң.

(Әбубәкір Кердері
Шоқанұлы. 1861—1905)

Сөйтіп, деректі зат «шанды» дерексіз «көңілге» жұғыстыру арқылы шайырлар лирикалық қаһарманның көңіл-күйіне ықпал еткен кесапатты бадырайтып көрсетуге жол ашты. Соның арқасында суреткер ақындар дерексіз ұғымды кемелдентіп, ірілентуде де іздену өрісін кеңейте берді.

Бұл жақсы дәстүрді сөз зергерлері С. Сейфуллин, І. Жансүгіров те әрі шарықтатты деуге негіз толық:

Тұлпар мініп жүйткіп,
Құйындай ұшып ұйтқып,
Бір жерде көңілім тұрмайды
Мұратын іздел,
«Дүниені кез» — деп,
Басқа мойын бұрмайды,
— Іздейсің не? — деп сұрадым,
«Көп, — дейді, — тілек, мұрадым»...

Міне, 1915 жылы жазылған «Көңіл» өлеңінің бастапқы шумағының өзінде С. Сейфуллин көңілге жан бітіріп, оны тұлпарға мінгізумен де аялдап қалмайды, оған тіл бітіріп сөйлетеді. Ал өленді тұтас қарастырсақ, ақын «көңілді», біресе жігерлі адамға, біресе қалқыған қыранға, біресе лыпылдаған сағымға, ізінше толқыған теңізге балап, бір мықтыдан кейін одан өткен екіншімен жолықтырып, белгілі бір ұғымды күрделенте, салмақтандыра түсіп отырады. Жоғарыда келтірілген өленде ғана емес, басқа да туындыларында І. Жансүгіров «көңілді» жаңа қырымен ашады:

Зыр айналып тоқтамай,
Үмітке мініп жүр көңіл.
Қайғы ойланып, жоқтамай,
Қайтсін таппақ қызыл гүл...
Көңіл, сенен тілегім —
Талапты ерттеп, қолды мін,
Үмітім мен жүрегім
Тартпасын сордың қорлығын!

(1915—1916 ж. Көңілдің жүгірісі»
өлеңінен)

Міне, мұнда көңілдің жан иесіне айналғаны сондай: біресе үмітке (үміг те жанданған) мінгені, біресе талапты (бұл да дерексізден деректіге ауысқан) ерттемек тілегі т. б. алынған. Соның нәтижесінде лирикалық қаһарман сезімі толыға, әрлене түскен.

Ақындар бір дерексіз ұғым ғана емес, бірнеше дерексіздерін қатар алғанда, оларды біресе зат, біресе адам, жануарға т. б. балап, қарама-қарсы қою, салыстыру, жарыстыру әдісін де кең қолданған. Мәшһүр-Жүсіп жазғаны:

Үрген қуық — бүгінгі жұрттың басы,
Бас болса, болар еді көздің жасы.
Тақақ мініп, басына тәж қойғанмен,
Иттің кетпес ойынан жерік асы.
Ешкіден туғанменен лақ емес,
Сарқырап саулағанмен бұлақ емес.
Екі ашпалы есіктің тұтқасы да
Қалқайып қарайғанмен құлақ емес.
Қаңтар мен ақпан болды күз орнына,
Сылдырлап сырнай шықты сөз орнына.
Жылтыраған екі тас орнатылды,
Бұрынғы қайран сәуле көз орнына.
Сеңгір-сеңгір таулар бар, бұлағы жоқ,
Қопалы көл — жекен мен құрағы жоқ.
Өңшең үрген қарынға душар болдық,
Зарлап тұрсаң еститін құлағы жоқ
Көрінгеннің бәрі жау, ел жоқ болды,
Айнала сор, мал қонар көл жоқ болды.
Үңгіріндей аюдың ауыз біткен,
Ауыз басты болғанмен, тіл жоқ болды.

(«Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі»
өлеңінен).

Бастапқы шумақта ойсыз жандарды сынау үшін, ақын олардың басын үрген қуыққа балайды. Ал көз жасы жоқтығын сол бастың үрген қуық екендігінің (бас еместігінің) дәлелі ретінде келтіреді. Расында, адамның шын басы болса, онда бірде болмаса бірде көз жасын көруге

ықтималдылық бар. Ал үрген қуықта ондай сипат болуы ешқашан мүмкін емес. Демек үрген қуық тек сыртқы пішін тұрғысынан ұқсайды, бірақ қашан да нағыз бас бола алмайды. Одан әрі басына тәж қойып, таққа мінгізсе де, ит ойынан жерік асы кетпейтіні, демек белгілі бір биікті бағалауға ой-өрісі жетпейтіні, алғашқы ойды, ойсыздарды сынау идеясын, өрістете түсуге ықпал етеді. Сол тәрізді ешкіден туса да, лақ болмау; «сарқырап саулағанмен», бұлақ атауын иелене алмау да; есік тұтқасының «қалқайып қарайғанмен», құлақ еместігі де; күз орнына — қаңтар, ақпан; көз орнына жылтыраған екі тас орнауы; бұлағы жоқ сенгір тау; жекен, құрағы жоқ көл т. б. — бәрі септесе келе, бір-ақ ойды самғатуға қызмет етеді. Бәрі тек сырт ұқсастыққа ұйып қалмауды, орайлас пішінде үндес, өзектес емес, мүлде кереғар жат мазмұн орын тебе алатынын дәйектеуге арналған.

Қазақ әдебиетінде сыншыл реализм тамыр жайған сайын, лирикалық қаһарман жан-дүниесіне түкпірлеу өскені (әрине, бұл арада да лирика аясындағы ықтималдылықты, жанр мүмкіндігін естен шығарған жоқпыз. — Қ. Ж.) белгілі. Сөз жоқ, өмірді кең қамту, оның даму заңдылықтарына жүгіну талабы лирикалық бейнеге де жан-жақты қарай білу қажеттігін негіздеді:

Жүсіпті ақ жағынан Жақып көрді,
Қырық жыл жылап, көзі ағып, өмір сүрді.
Қара жағын көрумен ағалары
Жойылтып, жоқ қылуға аңдып жүрді.
Керуенге бақыртумен күл деп сатты,
Мысыр барып, зынданда нақак жатты.
Зылиқа ақ жағынан көріп калып,
Өрт болып өз-өзінен күйді қатты.
Бір жағын ақ болғанда, бір жақ — кара,
Тәңірің солай жаратқан, бар ма шара?
Қара жақтан қараушы ортасында
Жалғыз қалдың сопайып, ей бишара!

(Мәшһүр-Жүсіптің «Мәшһүр» атты қалай алғандығы туралы» өлеңінен).

Шығыс елдеріне етене таныс «Жүсіп — Зылиқа» дастанындағы кейіпкерлер қарым-қатысын мысалға келтіргенде, ақын белгілі бір бейнеге, Жүсіпке, бір адамдардың бір түрлі, ал екінші біреудің мүлде бөлек қатысын беру үшін, адамның «ақ», «қара» жақтары болады деген шартты ұғымдар ұсынады. Сөйтіп, ол бір мезеттің өзінде бір адамға көп көзбен қарау мүмкіндігін және қажеттігін алға қояды. Бұл адам сезімі күрделілігін және адамтанудың қиындығын ескеруден туып, қаһарман жан-дү-

ниесіне тереңірек үңіле түсуге есік ашқан соны табыс дер едік. Адамды тек «оң» делінген, немесе «теріс» саналған жағымен біржақты, үстірт ала салмай, екі түстің де әсері болу мүмкіндігін ескеру — сезім күрделілігіне ден қою көрінісі. Дүниеге тек лирикалық қаһарманның қалыптасып, қатып, өзгермейтін бір көзімен ғана емес, басқа да көзбен қарап, соны тексеру қажеттігі Мәшһүр-Жүсіптің «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өлеңінде де ұшырасады:

Нәпсінің кім құтылар хайласынан,
Залалы асып кетер пайдасынан.
Білімді, зерек адам болам десең,
Қара өзіңді басқаның айнасынан.

Адамда бір сәтте дара сезім ғана емес, кереғар түрлі сезім қатар өрістеуі мүмкіндігі М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанында да бар:

Жапанда жапа-жалғыз еңіретті ерді
Әлгіде ойды улаған ашу кезеп.
Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл
Күбірлей бастады енді: «Мұның не?» — деп.

Сөйтіп, бұл үзіндіде лирикалық кейіпкерде (поэма қаһарманы болғандықтан, лирикалық бейне емес, «лирикалық кейіпкер» атауын ұсынамыз. — Қ. Ж.) бір мезетте әрі ашу, әрі ақыл тууы мүмкіндігі, ал, сол сәтте алдымен ашу билеп, соңынан кешігіп барып «бұғып қалған» ақылдың қайта бас көтеруі бейнеленеді. Осы күрделілікті, кереғарлықты жеткізу үшін ақын екі сезімді: ашуды да, ақылды да жандандырып, заттандыруды орынды пайдаланады. Ашу ойды улаушы зат ретінде алынса, ақыл алдымен бұғып қалып, соңынан күбірлеп, тілге келуші жан иесі ретінде берілген.

Әрине, бұл айтылғандармен қазақ лирикасының бар ерекшелігі, оның ішінде дерексіз ұғымды заттандыру, жандандыру тарихы да тәмамдалып, сарқа айтылды деуден аулақпыз. Сөйтсе де лирика мүмкіндігі дегенде, дерексізді заттандыру мен жандандыру ролі үлкен екеніне назар аудартқымыз келгені анық.

ДАҒДЫЛЫ БАЛАМА ЖӘНЕ ЖАҒАЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Поэзия тарихын сөз еткенде, ондағы дәстүр мен жағалықтың байланысын аттап кете алмайтынымыз белгілі. Ақындар әрі өзінен бұрынғы бай дәстүрге сүйенеді,

әрі өзіндік арна қалыптастырады десек, көп айтылған ойды қайталау мақсатын көздеп отырғанымыз жоқ. Дәстүр ролі, ерекшелігі белгілі ғалымдар: М. Базарбаев, З. Ахметов, М. Қаратаев еңбектерінде¹ біршама ашылғанын да атап өту керек.

Біздіңше, белгілі бір сөздің, не сөз тіркесінің қолданылу өрісін арнайы салыстырып қарастыру арқылы да әрі дәстүр мен жаңалықтың өзара байланысын, әрі ақын ерекшелігін, қосқан үлесін нақты ашуға болады. Соның бір көрінісі — қазақ поэзиясында «тұлпар» сөзін, баламасын пайдалану тарихы. Қазақ халқы ежелден мал шаруашылығымен айналысқандықтан, дәстүрлі теңеу, баламалардың да көбінесе төрт түлік малмен, әсіресе, жылқымен байланысты боп келгені мәлім (тіл білімі мамандарының да, әдебиет зерттеушілерінің де бұл мәселеге назар аударып келгені белгілі). Тек қазақ емес, кәсібі ұқсас, жері шектес қырғыз, саха, бурят, алтайлықтарда да жылқы — жыр көзі боп келді².

Сөз жоқ, жылқыны қастерлеу атаулының бәрін көшпелі шаруашылықпен айналысты деген халықтарға ғана тән деу біржақты, ат-үсті пікір болар еді. Жылқыға мән беру, ер қанаты жүйрік атты әспеттеу басқа да халықтарға ортақ жәйт. Алысқа бармай-ақ, орыстың екі алып ақыны: А. С. Пушкин мен М. Ю. Лермонтовтың бірер өлең жолдарын келтірейік:

Сеніп мінген ер тұлпары
Аяңдайды жылыстап.
Су-су етіп толқып жалы,
Ұзай берді алыстап.

(А. С. Пушкиннің 1814 жылғы «Қазақ» өлеңінен). Енді осы өлеңнің түпнұсқасына үңілсек, онда: «Верный конь, узды не чуя», — деп берілген. Біздіңше, «конь» деген сөзді «ат» деп алмай, «тұлпар» деп аудару (аударған І. Мәмбетов) ұтымды шыққан. Себебі бұл арада ер қазақтың жай ат емес, сенімді, жүйрікті мінгенін ашу үшін «ат» сөзі жетімсіздігі, «тұлпар» сөзі сұранып тұрғаны анық. Тағы бір мысал келтірейік:

— Нет у меня отчизны и друзей,
Кроме булатной шашки и коня.

¹ Базарбаев М. Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы, Жазушы, 1973; Ахметов З. Өлең — сөздің теориясы, Мектеп, 1973; Қаратаев М. «Дәстүр және жаңашылдық» жинағы ішінде, Ғылым, 1980, 4—24 б.

² Қараңыз: Уақатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы, Ғылым, 1983, 88—89 б.

(М. Ю. Лермонтовтың 1832 жылғы «Қоштасу» өлеңінен). Қазақшасы:

— Жок менің туған елім, кимас досым,
Алмас қылыш, астымда аттан басқа...

(Аударған Ж. Өмірбеков)

Міне, мұнда ер жігіттің ең қымбат серігі боп ат алынған.
Мұндай жүйрік атты қадірлеу үлгісі ақынның басқа да өлеңдерінде кездеседі:

Когда ты, ментиком блистая,
Торопишь серого коня,
Не мыслит дева молодая:
«Он здесь проехал для меня».

(1832 жылғы «Гусар» өлеңінен).
Қазақшасы:

Қамшыңды көкке үйіріп,
Шыққанда атпен желпінген,
Тұрмас қыз жолда қиылып:
«Мен ғой,— деп,— мұнда келтірген».

(Аударған Қ. Ыдырысов)

Қазақ ауыз әдебиетінде де жылқы малына, оның ішінде, әсіресе, батырлар мінетін, батыр серігі тұлпарға ерекше мән беріліп келгені аян¹. Ауыз әдебиетінің бай дәстүріне сүйенген қазақ ақындары творчествосын қарастырғанда, тұлпарға байланысты алынған теңеу, баламалардың да өзіндік даму өрісі бар екенін байқаймыз. Ақындар не өзін, не қастерлеген тұстас адамын көбінесе тұлпарға, сұңқар, қыранға т. б. балап келгені мәлім. Біздің айтпағымыз: әр ақын тек тұлпарға балаумен шектелмей, оның бір ерекшелігін қоса ашуға да көңіл бөлген:

1. Шабуыл шапсаң шаршамас
Шыны тұлпар мен едім.

(Есет Қараұлы, ХІХ ғ.)

2. Мен сендей жабының
Талайын озған тұлпармын.
Сендей жапалақтардың
Талайын аяған сұңқармын.

(Қашаған Күржіманұлы ХІХ ғ.)

¹ Қараңыз: М. Дүйсенов, К. Сейдеханов, С. Негимов. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. Ғылым, 1982, 62—75-беттер.

3. Бәйгелі жерде бақ болған
Сіздей жүйрік тұлпарға.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Келмей тұр ауызым айтарға
Батырың өтті Бөгембай.

(Бұқар Қалқаманұлы XVIII ғ.)

Тұлпармын, топтан озған, тосырқанам,
Шаршы топ, шаршы өрім жоқ шабылмаған.

(Ілияс Жансүгіровтың 1928 жылғы «Әнші»
өлеңінен) —

Алғашқыда ақын өзін әйтеуір бір тұлпар емес, «шабуыл шапсаң шаршамас» төзімдіге баласа, екіншіде «жабының талайын озған» маңдай алды екені шаң береді. Ал, үшіншіде тұлпардың жүйріктігіне назар аударылса, соңғыда оның «топтан озған» екені бөліп айтылған. Қазақ әдебиетінде «тұлпар» сөзін ирония, кекесін, мазақ түрінде қолдану бар десек, соның бір көрінісі — С. Торайғыровтың 1915 жылғы «Мұқышқа» өлеңі:

Өзіңдей жүйрік «тұлпардан»,
Өзіңдей қыран «сұңқардан»,
Қолың жетіп тұрғанда,
Не себепті қол тарттың?

Осы орайда С. Торайғыровтың «тұлпар» сөзіне көп үйір болмағанын (өлеңдерін тұтас шолғанда көргеніміз), тек осы өлеңде бір-ақ рет қолданғанын (онда да кекесін түрде) еске алсақ, бұл да ақынның лирикалық қаһарман мүмкіндігін аспандатуға бармағанын, сол арқылы әдебиеттегі реалистік дәстүрді дамыта түскенін дәлелдейді.

Тұлпарға балап қана қоймай, оны басқа бір құбылыспен салыстыруды да ақындар белгілі бір ойды дәлелдеу құралына айналдырған:

Арғымағын жамандап,
Тұлпар қайдан табарсың?
(Асан Қайғы Сәбитұлы XV ғ.)

Көріп отырғанымыздай, өлеңде ерекше биікке қол созам деп жүріп, қолдағы барды бағалай білмеу орынсыздығы ашылады. Соны дәлелдеу үшін тұлпар мен арғымақ ұғымдары салыстырыла пайдаланылған. Тұлпар ерекшелігі белгілі бір пәлсапаға, ойға негіз боп жиі алынған:

Емен шайнап, тал кайзар,
Құлан, бұлар баласы.
Екі енені тел емген,
Бұзылмайды жас тұлпардың саурысы.

(Шалкиіз Тіленшіұлы XV—XVI ғ.)

Ал Махамбет Өтемісовтің:

Ту түбінен тұлпар жығылса,
Шаппаған нәмәрт оңар ма?!

деген жолдарына үнілсек, ақынның бұл баламаны ел басына төнген ауыртпалықты (ту түбіндегі тұлпар жығылуы оңай ма), шын ерлердің күреске шығуы керектігін аз сөзге сыйғызу үшін қолданғанын көреміз.

Ақындар белгілі бір адамды тұлпарға теңеумен қатар, оған мінудің өзін асқан жетістік белгісі ретінде жиі пайдаланған:

1. Ту құйрығы бір тұтам,
Тұлпар міндім, өкінбен.
Туған айдай нұрланып,
Дулыға кидім, өкінбен.

(Доспамбет. XVI ғ.)

2. Қуәсы ғасыр Жамбыл қарт
Көз салған дүние шегіне.
Ұлы көшке ілесті
Тұлпар атпен тебіне.

(Жабаев Ж.)

3. Қиналдың-ау, шыбын жан,
Тоқталсайшы, ыстық қан!
Тұлпарға мініп бір шапсам,
Болмас еді басқа арман!

(Жұмабаев Мағжан «Жаралы жан» өлеңінен)

4. Бір кезде даңқың шығып, Үбі, сенің,
Ту ұстап, тұлпар мініп, сарбаз жидың.

(Сегіз сері Шақшақов. XIX ғ.)

5. Туғанбыз күн нұрынан, күн боламыз,
Нұр шашып қараңғыны жарқ етіп.
Ту ұстап, тұлпар мініп толғанамыз,
Көк жерді көміп нұрға қарқ етіп.

(І. Жансүгіров. 1930 ж.)

Алғашқы үзіндіде «ту құйрығы бір тұтам» тұлпар (әйтеуір бір тұлпар емес) мінуін ақын мақтаныш етеді. Бұл

мактаныш ұғымы одан кейінгі «туған айдай нұрланып» дулыға киюі кезінде одан әрі ажарлана, сомдана түседі. Екіншіде Ж. Жабает алдымен «ұлы көшке» ілескеніне жүгінтеді де, сол биікпен барып, тұлпарға мінуді бағалауға жетектейді. Өлім алдындағы жаралы жан қиналысын бергеннен кейін барып (үшінші мысалда), лирикалық бейненің бір арманын ақынның бөліп алуы да — елең еткізерлік жетістік. Ол — «тұлпарға мініп бір шапсам» тілегі. Сөз жоқ, соншалық арпалыстан кейін естілетін бұл ниет — ерекше әсерлі. Қанша таусылып, сөніп бара жатса да, асқан қайратты шағын тағы бір қайталағысы келуі арқылы лирикалық бейненің ішкі алып рухы жарқырай ашылған. Тұлпарға мінуді жеке алмай, оны ту ұстаумен қосақтай өру де (төртінші, бесінші үзінділердегіде) — шеберлік белгісі. Сол арқылы бір мықтыны екіншісі жұптай, зерлендіре түскені байқалады.

Сөз зергері Абайда («Абай тілі сөздігінде» көрсетілгендей) әрі «тұлпар» сөзін өз мағынасында қолдану, әрі ауыспалы мағынада алып, дамытып, метафоралық тіркеске айналдырып («талаптың мініп тұлпарын») пайдалану кездеседі. Жалпы, шайырларымыз «тұлпар» сөзін өз мағынасында ғана емес, ауыс мағынада жұмсауға да жиі барып отырған:

1. ...Самолеттей сұңқарға,
Трактордай тұлпарға,
Емін-еркін мінгізген,
Жер-су, көкте жүргізген,
Ұлы Октябрь Отаны.

(Қ. Аманжолов, 1936 ж.)

2. Күнде көрем ауылда,
Темір тұлпар мінген қыз.
Жапан қырды төңкерген,
Жерді егінмен көмкерген.
Елді азыққа тоқ еткен,
Дұшпанға ажал оқ еккен!

(Ж. Жабает 1942 ж.)

3. Мініп алмас тұлпарды
Қуаттан дария ағызып,
Баспаған жерді басамыз,
Ерліктен ерлік туғызып,
Ерге өрлеп тасамыз!

(Ж. Жабает 1937 ж.)

4. Ердің досы — миллиондаған колхозшы ер.
Шашу шашып ұлы тойын қарсылап.

Қолда туы, болат тұлпар мінгені,
Нұрлы жүзі алтын күндей жарқырап.

(Қ. Аманжолов. 1934 ж.)

5. Мінейін дауыл тұлпарды,
Асынбан қанжар-зұлпарды.

(І. Жансүгіров 1923 ж.)

Алғашқы төрт мысалда да «тұлпар» деп отырғаны жылқы емес, трактор, машина т. б. техника түрлері екені анық. Бастапқыда тракторды тұлпарға ұқсату, оның алдындағы самолетті сұңқарға балаумен күп үйлескен. Трактор мұнда тұлпар тәрізді қажымастық, мықтылық белгісі ретінде берілген. Екіншіде «тұлпар» сөзі алдына «темір», үшіншіде «алмас», төртіншіде «болат» сөздері келтірілген. Бәрі де «тұлпардың» бар сипатын қамтуды мақсат етпей, оның белгілі бір ерекшелігін биіктетіп беруге бастап тұр. Сол кездегі техниканың қуаттылығын, жүру екінін дәлелдеу арқылы қаламгерлер сондай күдіретке мінген лирикалық қаһарманның жетістігін ұтымды жеткізе білген. Ал соңғы үзіндіде лирикалық қаһарманның өскені сондай, әншейінде міну мүмкін емес дауылдың өзін еркіне бағындырған. Мұның бәрі лирикалық қаһарман сезімін, күрескерлігін т. б. ашуда «тұлпар» баламасын пайдалану үлес-салмағы зор екенін дәлелдесе керек.

Кешегі жеткен биікпен бүгінгі кері кетуді қарама-қарсы қою да белгілі бір ойды әсерлі жеткізу құралы:

1. Ордан орғып түсетін өрен тұлпар
Аттай алмай арып жүр арықтан да.

(Жапақ Сағындықұлы ХІХ ғ.)

2. Тайпалған талай жорға, талай тұлпар,
Тағдырдың кез болып тұр кермесіне.
Солардан жаным-тәнім ардақты емес,
Орынсыз күйзелейін мен несіне?!

(Ахмет Байтұрсыновтың 1911 жылғы «Маса» жинағына енген «Анама хат» өлеңінен).

Алғашқыда тұлпардың кешегі ордан орғитын озық жайы, кейінгі арықтан аттай алмаған мүшкіл күйі қатар берілген. Сөйтіп, ордан орғитын қуаттылыққа, арықтан аттай алмау әлсіздігін қарсы қою арқылы ақын лирикалық қаһарман сезімін, қиындық өсуіне наразылығын, шынайы аша алған.

Қазақ әдебиетінде тұлпар мен адамды, тұлпар мен басқа құбылыстарды салыстыра, жарастыра көрсету мәні ерекше:

1. Тұра алмас тұлпар шыдап дулы жерде,
Жүреді жыршы жиын, елді жерде.

(Қалнияз Шопықұлы. XIX ғ.)

2. Теке жаумыт тұлпарым
Жаудың болмас жетегі,
Жарқын жүзді жас жарым,
Жасқа толмас етегі.

(Қасым Аманжоловтың
«Отан күзетінде» өлеңінен)

3. Талай тұлпар зорықты,
Талай гүлдер солыпты,
Талай таулар шөгіпті,
Талай жұлдыз сөніпті,
Талай көлдер суалған,
Талай емен қуарған...
Осынау кезде жиһанға
Керемет бір күн туды,
Бакыт болып заманға
Күн сымбатты ұл туды.

(Қ. Аманжоловтың «Ленин» өлеңінен)

Бастапқы мысалда тұлпардың «дулы жерде» тұра алмайтыны мен жыршының көбіне «жиын, елді жерде» жүруі жарыстырыла алынған. Біріндегі жетістік екіншідегі орайлас істі дәлелдей түсуге ықпал етіп тұр. Ортаңғыда да тұлпардың (оның кымбат, бұлды екені мәлім) жауға түспеуі мен әйтеуір жұбай емес, «жарқын жүзді жас» жардың етегі жасқа толмауы керектігі қабаттастырыла беріледі. Сөйтіп, мұнда да бастапқы жолдардағы тұлпар әрі соңғыға ықпал етіп, әрі кейінгі зордың әсерін қабылдап, — екеуі де бір-бірімен байланысты өрбігендіктен, тұлғалана түскені анық. Соңғы мысалда тұлпар зорығуы тек бір құбылыс емес, оның сан түрімен қатар салыстырыла алынады. Тұлпардың оңайлықпен талмайтынын зерделесек, соның өзінің болдыруын айтысымен, берілген гүлдер солуы да осал апат емес екені байқалады. Суреткер бұл екі көрініспен де тынбайды, оның өзгеруі тым қиын: таулар шөгуімен, жұлдыз сөнуімен, көлдер суалуымен, емен қуаруымен сабақтастыра өргізеді. Сөз жоқ, оңайлықпен аз уақытта аласара қоймайтын таулардың шөгуі тәрізді, талай көлдердің суалуы, — бәрі нықтаса келе қабындаған қиындықты жайып салады.

Адам өмірінің өткінші екенін, уақытты тоқтату мүмкін еместігін, оның тез өтетінін жариялау үшін де ақындар басқа баламалармен қатар тұлпарға байланысты ұқсатуларды да алға тартып отырған:

1. Дүние деген керуен
Баратқан құрғақ шөлменен.
Соңынан қуып ұстауға
Жете алмайды тұлпарың
Қырық күн бағып, жемдеген.

(Нұрым Шыршығұлұлы. ХІХ ғ.)

2. Өткен күн жеткізбейді: ол — бір тұлпар,
Алдымда, тірі болсам, талай күн бар.

(Мағжан Жұмабаев)

Жалпы, белгілі бір құбылысты тұлпарға балаумен қатар, оның белгілі бір ерекшелігімен байланыстырудан көрінетін шеберлік үлгілері жоғарыда айтылғандармен де шектелмейді:

1. Арындаған тұлпардай,
Домбырам косылад ағыла,
Тау шоқысы Талғарым,
Күн тұғыры заңғарым,
Балам шықты қарыңа.
2. Жамбыл ғасыр жасады,
Өлген адам тірілмес,
Мен «өлі» едім — тірілдім,
Оны айтпай білінбес.
Айтсам әлем алдында
Тілім тұлпар сүрінбес
Күндей нұрлы шындыққа.

Бұл келтірілген үзінділерде сөз зергері Жамбыл Жабаев бірде домбыра үні екпінін арындаған тұлпарға, ал, келесі мысалда ақын тілін де сүрінбес тұлпарға балаған. Мағжан Жұмабаев болса, «тұлпар» баламасын басқа да әріптес алапатпен өзектес алуға бейім:

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсаң көк, бу болсаң жер, уайым жок,
Көз қырымен күліп қана қарарсың!

Демек мұнда шаңына ергізбес тұлпарды (шаңға ергізбеу де осал емес) оның алдындағы қызулы жалынмен үндестікте алу шеберлігі бар.

Сол мезетте жазған Шәкәрім өлеңдерін бағымдасақ, онда алып-ұшу, немесе асығу, тездікті әспеттеу жағы аз

да, оның есесіне «тұлпар» ұғымын белгілі бір пәлсапаны дәлелдеу көзі ретінде алу басым:

1. Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды,
Бабын таппай мінгенді қылар жынды.
2. Ойлай келсек, ескі жыр
Салады тұлпар жүрісін,
Міне, байқа мұнысын.
Кейде жорға, кейде жел,
Бұлдыр қағып асар бел.
Кейде арындап кейде шап,
Адымын алыс құлаштап,
Алады кейде тынысты
Солқылдатып жүрісті,
Осындай жырды ұнандар!

Сөйтіп, бастапқыда ақын талапты жүйрік тұлпарға балаумен шектелмей, оның «бабын таппай мінгенді» жынды қылатынын бөліп көрсетеді. Сондай-ақ ескі жырдың тұлпар жүрісіне салатынын айтумен де тынбайды, одан әрі оның «кейде жорға, кейде жел» болатынын, «кейде арындап», кейде шабатынын, тіпті «солқылдатып жүрісті» әрекет қылатынын, — бәрін дамытып, кең қамтып береді. Өзгеріс заманын бастап жырлаған Сәкен Сейфуллиннің «тұлпар» сөзін жиі алуы да түсінікті:

1. Сілтеуші ек құлаш тұлпардай,
Жазушы ек канат сұңқардай,
Асауменен алысып,
Қашағанды құтқармай.
2. Зеңгер тауға көп жетіп,
Биігіне өрледік,
Тұлпарларды орғытып,
Көкке құлаш сермедік.

Мұнда тек тұлпарға, немесе «арындаған» тұлпарға (Жамбыл), шаңына ермей қалатын тұлпарға (Мағжан) т. б. балаумен шектелу жоқ. Оның есесіне бастапқы үзіндіде ақын тұлпардың құлаш сілтеуіне ден қойғызады. Ал, екіншіде тұлпардың жай, жазық жер емес, зеңгір таудың биігіне өрлегені (биікке шығу қиындығы аян) айтылып кеп, оны орғыту, көкке құлаш сермеу көрініс береді. Мұның бәрі жаңалыққа асыққан лирикалық қаһарманның ерекше асқақ сезімін ашу үшін, соған лайық айрықша мықты қайрат иесін С. Сейфуллиннің іздеуіне байланысты туып отыр. Өзгеріске құлшынған ақын тұлпарға канат бітіруді де жиі қолданады:

1. Қанатты, тағы тұлпарды
Күміс ермен ерлесем...

(1916 жылғы «Құмарым» өлеңінен)

2. ...Қымызы бал шараптай,
Жігіті бағлан манаптай,
Тұлпары тарпан қанатты
Сағындым бейбіт елімді.

(«Сағындым» өлеңінде.)

3. Темір торлы тас үйде
Көкірегім толды шерменен.
Қанатты, тағы тұлпарым,
Арқырап келші кермеден.

(1918 ж. «Тұлпарым» өлеңі)

Алғашқы мысалда «қанатты, тағы тұлпарды» жақсы көретіні сондай (тұлпар — мұнда бостандыққа тез жеткізуші серік символы), оны күміс ермен ерлеу тілегі қоса шаңырақ көтереді. Екінші мысалда да түрмеде жатқан ердің, әйтеуір бір тұлпарды емес, «қанатты, тағы» тұлпарды сағынғаны сөз болады. Соңғыда тұлпардың қанатты, тағы болуын қалауды сөз етпес бұрын, «темір торлы тас үйде» лирикалық қаһарманның көкірегі шерге толғанын ескерсек, «темір», «тас» сөздерінен кейін берілген «тұлпар» жансыз, берікке қарама-қарсы қойылған жанды қимыл иесі ретінде де әсерлі естіледі. «Қанатты» сөзін сол дәуірдегі басқа ақындар да орындады, дамытып қолдана білген. Соның бір айғағы — М. Жұмабаевтың 1915 жылғы «Есімде... тек таң атсын» өлеңі.

Қанатты, қажымайтын тұлпар міндік,
Жібекпен жетпіс қабат белді будық.
Құрсанып қылыш өтпес мұздай темір,
Қиядан қыран құсша жауға ұмтылдык.

Міне, мұнда да тұлпардың «қанатты, қажымайтын» болуы да жеке алынбай, ол өзінен кейінгі жетпіс қабат (бір қабат та емес) жібекпен бел буумен, «қылыш өтпес мұздай темір» құрсанумен, «қиядан қыран құсша жауға» ұмтылумен үндестікте отау тіккесін де ерекше әсерлі.

Мұндай белгілі бір баламаны жеке алақанға салмай, оның басқамен үндестікте берілген түрлерінің де бірін-бірі демеп, селбесіп отыру нұсқалары «тұлпар» мен «сұңқар» сөздерін жұптастыра қолдануда да «мен мұндалайды».

1. Тұлпар бар ма тұяғы майрылмаған,
Сұңқар бар ма қияғы қайрылмаған?!
Қашан да тағдыр-тажал жеткен күні,
Кімдермен кімдер жылап айрылмаған!

(Орынбай Байқожаұлы. XIX ғ.)

2. Қырағы, қия жазбас, сұңқарым-ай!
Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай!
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай!

(А. Байтұрсынов. 1911)

3. Тұяғы болат тұлпардай,
Қанаты құрыш сұңқардай,
Көрікті келді көкорай
Айдында жүзген аққудай
Бал дариядан су ішіп,
Қуат алған дәмінен
Тұңғыш келген кәрі — мен.

(Ж. Жабаев — 1938)

4. Біздің қызыл әскердің,
Сұңқарлары қияқты,
Тұлпарлары тұяқты,
Құрыштайын құйылған
Ұлы Ленин ұрпағы,
Қарап көзің жетпейді
Күміс канат сұңқары,
Тізгінін сүзе шапқандай,
Тау тарпиды тұлпары,
Біздің ерлер жетілген,
Болаттайын беркінген
Елімнің осы іңкәрі!

(Бұл да сонда — 1939)

5. Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға,
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға.
Жаксының әркашан да жөні бөлек,
Жаман адам жарамас бір қымтарға.

(Бұл да сонда. Революцияға дейін жазылған өле-
нінен).

Бірінші үзіндіде «тағдыр — ажал жеткен күні» кім болса да көз жұматынын дәлелдеу үшін ақын «тұяғы майрылмаған» «тұлпар бар ма?» деумен бірге, оған сеп-тестіре «қияғы қайрылмаған» сұңқарға иек артады. Сөз шеберлері белгілі бір ойды жеткізу үшін, қос ұшқыр өзгешелігін жарыстыра өреді десек, соның тағы бір көрінісі — жоғарыда келтірілген екінші мысал. Сөз дүлділі Ж. Жабаевқа үңілсек, ол лирикалық қаһарман күшін (үшіншіде) таныту үшін осы амалды пайдаланған. Ке-

лесі үзіндіден байқайтынымыз: суреткер «сұңқар», «тұлпар» сөздерін жіптестірумен де тынбай, оған «кұрыштайын құйылған» баламасын үстейді. Соның арқасында қызыл әскердің күштілігі, беріктігі жоталанып көрініс береді. Сонымен бірге тұлпар артықтығын таныту үшін, оны басқа төменгілерге қарсы қою және оны сұңқармен қарға қарама-қарсылығымен жарыстыру да (соңғыда) белгілі бір ойды ұтымды беруге ықпал еткен.

«Тұлпар», «сұңқар» сөздерін сабақтастыра жегуде де С. Сейфуллиннің өз ерекшелігі жетерлік:

1. Ақ боз ат менің тұлпарым,
Шалқыған көңіл сұңқарым.
Көкірек керіп жұттым мен
Ауаның жазғы жұпарын.

(1919 ж. «Тау ішінде»)

2. Кімде-кімнің тасқын судай қайраты,
Күркіреген бұлтты аспандай айбаты.
Екпін-күші асау тағы тұлпардай,
Серпіндісі тас түлекті сұңқардай.

(1922 ж. «Кімде-кімнің тасқын судай қайраты»).

3. Кел, жігіттер,
Болыңдар ер,
Жүйткіт,
Орғыт тұлпарды!
Жаз қанатты,
Сілте қатты,
Ұйытқып, өрлет сұңқарды!

(1917 ж. «Кел, жігіттер»)

4. Ешбір жаудан сескенбейміз,
Күреске дайынбыз.
Көкте — сұңқар, жерде — тұлпар,
Мұхитта — жайынбыз.

(1936 ж. «Біз — комсомол»)

Алдыңғы үзіндіде лирикалық қаһарманның тұлпар мінуін «шалқыған» көңілінің сұңқар болуы әшекейлеп, ширата, сомдай түседі. Сөйтіп, екеуінде де тынымсыздық, ұшқырлық бірін-бірі жебеп, қанаттаса шаң береді. Екіншіде екпін-күшінің «асау тағы тұлпардай» алынуына «серпіндісі» тас түлекті сұңқардай» болуы жұптастырылған. Сөйтіп, мұнда құбылыс-әрекеттің жеке бір қырын ғана бөліп алып, оны тұлпар мен сұңқардың да белгілі бір өзгешелігімен үйлестіру жүзеге асқан. Үшіншіде де ақын бұл екі жүйрікті тек жарыстырып қоймайды, қайта әрқайсысын шарықтатып, олардың жоталан-

ан қалпындағы үндестігін көлденен тосады. Мәселен, тұлпарды жүйткіту, орғыту сұңқарды ұйтқыту, өрлетумен астастырыла әспеттеледі. Сонғыда да бұл екі сөзді қалаң салыстырумен шектелу жоқ. Мұнда бірінің көкте, екіншісінің жерде екені қарама-қарсы қойылып, оған үшінші мұхит кеңістігін үстеу жалғасады да, дәстүрді құп баламаға («тұлпар, сұңқар») үшінші тың «жайын» баламасы қосарланады. Міне, осындай күрделі салыстырулар лирикалық қаһарман сезімін аспандатып, көп қырлы етіп көрсетуге қызмет етеді.

Мұндай жарыстыру күрделілігі Мағжан Жұмабаевта да бар:

1. Мініп тұлпар,
Алып сұңқар,
Тауға кетерсің.
Сен боп сөзім,
Жасты көзім,
Сағынып күтермін.

(1911—1922 ж. «Бесік
жыры» өлеңінен)

2. Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман кешті оларда,
Мен жастарға сенемін!...

(1916 ж. «Мен жастарға
сенемін» өлеңінен)

Ұлының ер жетіп, бөлек кетуін ғана емес, күрес жолына (тау-символ) түсуін елестеткенде де (бірінші мысалда), ана, лирикалық бейне, оның тұлпар мінуін, сұңқар алуын екшеп алады. Бұл екшеу, яғни ұлының әрі тұлпарлы, әрі сұңқарлы болуын аңсау, лирикалық бейне арманының биіктігін, ұлына жәрдемші боларлық ерекше күш иелері болуын қалайтынын, нақты көрсетуге бастап тұр. Сондай-ақ тұлпарда қажу, сұңқарда талу болмайтынын (екінші өлеңде) жырлау да сол іспеттес жастарға сенім артудың дәлелі ретінде келтірілген.

Кез келген сөздің, не сөз тіркесінің өзін пайдалануда әр ақын ерекшелігі болады десек, соның тағы бір айғағы — Қ. Аманжолов өлеңдері:

1. Қас тұлпар деп кім айтар,
Өрге ұмтыла шаппаса.
Ақ сұңқар деп кім айтар,
Қияға қанат қақпаса.

(1936 ж. «Тұрмыс толғауы»)

2. Болат тұяқ тұлпар боп,
Өрге ұмтыла шабамын.
Болат топшы сұңқар боп,
Қияға қанат қағамын.

(1935—1938 ж. «Тасқындай бер
талабым»)

3. Өзін көрмей, тұлпардың түгін көрдің,
Тозаң жұққан сұңқардың жүнін көрдің,
Шапақ атқан бақшаның гүлін көрмей,
Гүлге шыққан тентектің күлін көрдің.

(1936 ж.)

Алғашқыда «өрге ұмтыла шаппаса» «қас тұлпар» деп, «қияға қанат қақпаса» «ақ сұңқар» деп санауға болмайтыны әйгіленіп, лирикалық бейнеге белгілі бір мақсат, жүк артылған. Лирикалық қаһарманның «болат тұяқ» тұлпар екендігі (әйтеуір бір тұлпар емес) және оның «өрге ұмтыла» шапқандығы сұңқардың да «болат топшы» боп кеп, «қияға қанат» қағуымен (екіншіде) септестіріледі. Соның арқасында лирикалық қаһарманның күрескерлігі, қайраттылығы т. б. жоталана түскен. Соңғы үзіндіде тұлпардың өзін көрмей, түгін қармау, сұңқарды кезіктірмей, оның жүнін алданыш етумен, сонымен бірге «шапақ атқан» бақшаның гүлін» ұшырас-тырмай, күліне килігумен салыстырылады. Демек бұл жарыстырулардың бәрі белгілі бір сезімді неғұрлым ұтымды жеткізуге қызмет ететіні анық.

Әсіресе, самолет, трактордың жер бетінде дүниеге келуінің өзі ХХ ғасырдың бас кезінде ғана жүзеге асқаны белгілі. Әйтсе де сол кездегі адамдар үшін мұның бәрі социализм әкелген жаңалық, демек жаңа заман артықшылығының дәлелі ретінде қабылданғаны да аян. Социализмнің қазақ даласындағы техникалық прогресті жеделдетудегі ролін ақындардың жете түсінгенін де осы орайда атап айтқымыз келеді. Соның бір айғағы — жаңа заманда пайда болған техника сипатын ұшу үшін «тұлпар» сөзін орынды қолдану үлгілері:

1. Алып қара бұл тұлпар —
Ерлер үшін жасалған,
Жер-дүниеге құлашты
Сермер үшін жасалған.

(1921 ж. С. Сейфуллин)

2. Жан кіргізіп далаға,
Толтырды ну қалаға

Орғып тұлпар от арба
Жетті зулап Арқаға,

(1940 ж. Ж. Жабаетов)

3. Мен де қарап жатпаймын,
Тойға дабыл қағамын.
Тұлпарымды баптаймын,
Зор жарысқа шығамын.

(1933 ж. Қ. Аманжолов)

Жаңа дәуірде жаңалық, жақсылық белгісі боп бағаланған паровозды (алғашқы екі мысалда), немесе тракторды (соңғыда) тұлпарға балаудың мәнісі бар. Бұл деталь арқылы, негізінен, мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқына етене жақын сөзді («тұлпар») тандап алу нәтижесінде, жаңа лепті беруде де ұлттық нақышты қолдану (жоғарыдағы «тұлпар» сөзіне қатысты басқа да көп мысалдар туралы да осыны айтуға болар еді) алынбағаны, оның «алып қара» екендігі, «ерлер үшін», «жер-дүниеге құлашты сермер үшін» жасалғаны (алғашқыда), — бәрі қанаттаса келе «тұлпардың қаншалық қажет, қуатты екенін жырлайды. Сондай-ақ далаға «жан кіргізіп», қалаға ну толтыруы да, Арқаға «зулап», «орғып» жетуі де (ортаңғыда) тұлпар кереметін аша түседі. Мұны «зор жарысқа» шықпақ боп, тұлпар баптаған (соңғыдағы) лирикалық қаһарман әрекеті тұсында да байқауға болады. Тұлпар құдіретін осыншалық паш етулердің бәрі, заман тынысын, өзгешелігін ұтымды жеткізуді негіздеп тұр. Сөйтіп, «тұлпар» сөзі осы тұста да жүйріктік, озықтық, қуаттылық символы ретінде салтанат құрғаны анық.

Ақындар «тұлпар» сөзін дәстүрлі символ ретінде қолданумен, немесе оның ерекшелігін, әрекетін дамытып, өрістетіп берумен де шектелмейді:

Советтік жарқын таңымда
Шалқып тұрған шағымда.
Болат тұлпар тізгінін
Ер колына ұстатты,
Техниканың тетігін
Ел колына ұстатты,
Поезд келіп жеріме,
Ырыс қонып еліме
Айналдырды қалаға
Бұрынғы ауыл, қыстақты.

(1940 ж. Ж. Жабаетов)

Келтірілген үзіндіде «болат» сөзі жаңалық белгісі ретінде алынғаны белгілі. Рас, бұрын да «болат» сөзін жеке алу, немесе белгілі бір адамды болатқа балау т. б. аз болмаған. Әйтсе де «болат» сөзін «тұлпармен» жанастырып, техника сипатын ашуға бағындыру бертін жүзеге асқаны да анық. Сонымен қатар бұл тіркеске «тізгін» сөзі қосылуы да («болат тұлпар тізгінін») әрі дәстүрлі баламаларды («болат», «тұлпар» сөздерінің жеке алынуын есептесек) тіркестіріп, мүлде тосын тіркес («болат тұлпар») жасау үстіне, оны тағы да дәстүрлі тіркеске үйлестіру («тұлпар тізгінін») шеберлігін көреміз. Сол арқылы дәстүрлі балама, дәстүрлі тіркестің тосын тіркеспен табиғи қабысып, ұлттық нақышты жаңа бояумен байыту үлгісі туып тұр. Бұл жетістікті сөйткен тұлпар тізгінін ер қолына ұстату, елге ырыс қонуы т. б. әрі өрбітіп, салмақтандыра түскеніне де назар аударған жөн. Мұның бәрі белгілі бір ойды ашуда ең сәтті деген баламаның жеке өзі де ештеңені шеше бермесін, қайта оның әрі дәстүрлі, әрі мүлде тың тіркес ішінде мән-мағынасын кеңейте түсу мүмкіндігін көрсетеді.

«Тұлпар» сөзінің қашан да лирикалық қаһарманның күрес биігін аңсауымен байланысты еркіндік, қуаттылық символы ретінде алынатынына қайталап көңіл бөлгіміз келеді. Тағы да қазақ ақындары көп оқып, тәлім алған М. Ю. Лермонтов өлеңдеріне үңілеміз:

1. Отворите мне темницу,
Дайте мне сиянье дня,
Черноглазую девицу
Черногривого коня.
Я красавицу младую
Прежде сладко поцелую,
На коня потом вскочу,
В степь, как ветер, улечу.

(«Тұтқын» өлеңінен)

Қазақшасы:

Ашындаршы тар қапасты,
Көрсет күнді, соқсын жел.
Қара көзді қарындасты,
Қара жалды атты әкел!
Жас сұлуды сүйейін де,
Құмарта бір құшайын.
Ырғып атқа мінейін де,
Қырға жел боп ұшайын.

(Ауд. Қ. Аманжолов)

2. В каменный панцирь я ныне закован,
Каменный шлем мою голову давит,
Щит мой от стрел и меча заколдован,
Конь мой бежит, и никто им не правит.

(1840 ж. «Тұтқын сері» өлеңінен)

Казакшасы:

Кигенім казір еңсемді езген тас сауыт,
Тас дулыға шекемді сыққан — бас таңып.
Қалқаным оқ пен семсерді көрмей дат басқан,
Тұлпарым қырға шылбырын сүйреп кашты алып.

(Ауд. Ғ. Қайырбеков)

С. Сейфуллиннің лирикалық қаһарманы да түрмеде отырғанда, басқа емес, алдымен тұлпарды (жоғарыда да көргенбіз) аңсайды:

Өзенді, көлді жайлаған,
Кермеге тұлпар байлаған,
Хабарсыз арам ойлардан,
Сағындым мен аулымды.

(1918 ж.)

Сөз соңында айтарымыз: жоғарыдағы мысалдардың бәрінде дерлік «тұлпар» сөзін қолдануда шарттылық (сөзбе-сөз ұғынып, лирикалық қаһарман сол сәтте тек тұлпар мінуді т. б. ойлап тұр деген қорытындымен шектелмейтініміз де аян), әсірелеу де (басқаны былай қойғанда, тұлпарда канат болмайтыны т. б. белгілі) басым.

Мұның бәрі жеке сөз, жеке баламалардың қолданылу тарихын арнайы қарастыру әдебиет дамуын, сөз күдіретін кең танытуға мүмкіндік беретінін дәлелдесе керек.

«ТҰРАҚТЫ БАЛАМА» ЖӘНЕ ОНЫ ТҮРЛЕНТУ МӘСЕЛелЕРІ

Поэзия тілін, ондағы баламаларды арнайы қарастырғанда, салыстырулардың көбіне: күн, ай, жұлдыз, жел т. б. тәрізді тұрақты атауларға байланысты туатыны да тегін емес. Бұл бір жағы әдебиеттің өзге жанрларына қарағанда (эпос, драма), лирикада шарттылық, әсірелеу т. б. басым болуымен байланысты. Екіншіден, белгілі бір өлеңдерде айрықша өмірден гөрі неғұрлым жиі кездесетін, әдеттегі тіршілікке тым жақын көріністер алынған күннің өзінде оның прозадағы реализмнен айырмашылығы болатынын да ұмытпаған жөн. Демек әдеттегі өмір-

ді неғұрлым қарапайым, табиғи қалпымен бейнелеп, шындыққа қанша жақындатса да, ақындар соның бәрін проза, драмадан өзгеше жолмен өрнектейтіні де аян. Сөйтіп, бұл арада әрі жанрлар арасындағы жақындасу, ұқсастық өріс алумен бірге, әрі өзіндік ерекшеліктің, дербестіктің сақталып қана қоймай, дамытылуы жүзеге асырылады. Қанша жақындасса да, бірінің ықпалын екіншісі қанша көп қабылдаса да, әр жанрдың өз дербестігін сақтап қалуының да тетігі осында жатыр (ол өз алдына бір әңгіме). Белгілі бір баламаны, айталық, қазақ өлеңдеріндегі «жел» сөзіне байланысты салыстыру суреттеулер тарихын арнайы қарастыру арқылы біз бұл еңбегімізде маңызды бір шындыққа көз жеткізгіміз келеді. Ол: әр сөзді қолдануды уақыт, заман тынысымен, суреткердің стиль ерекшелігімен, шығармадағы өзекті идеямен, жанр табиғатымен т. б. тығыз байланыста қарау керектігі. Сонда ғана біз әдебиеттегі дәстүрмен жаңалық бірлігі ролін, дамудың, алға басудың қайнар көздерін кең тани аламыз. Алдымен, «жел» сөзінің, баламасының көбіне қиындық белгісі, тұрақты өрнегі ретінде алынғанына назар аударған жөн:

1. Күншығыстың астында,
Күнбатыстың тұсында,
Қарындасым бар-ды деп
Қабырғасын сөксе де,
Қанын судай төксе де,
Қайыспас кара нарды деп,
Маңдайынан күн өтіп,
Жауырынан жел өтіп
Күн астымен жеткен ер.

(Өтемісұлы Махамбет)

2. Қара лашын, ақ тұйғын,
Қайыңда болар ұясы.
Қайыңның басын жел сокса,
Қайғыда болар анасы.

(Бұл да сонда)

3. Жел тимей, кірсіз тұрған кезің еді,
Жандыға жақсы дәру сөзің еді.
Басып кеткен пайғамбар іздеріндей,
Қадірлі аяқ басқан ізің еді.

(Жұмабаев М. 1912 ж.)

4. Өрге қарай орғыса,
Өр не қылмақ асауға?
Желге қарай орғыса,
Жел не қылмақ асауға?

(Сейфуллин С.)

Алғашқыда «жел» сөзі лирикалық бейне шеккен қиындық салмағын ашуға пайдаланылса, екіншіде белгілі бір күс тіршілігінде орын алуы мүмкін шырғалан («қайыңның басын жел соқса») адамдар өміріндегі сол іспеттес дүрбелеңді меңзеуге қолданылған. Үшінші мысалда лирикалық бейненің ауыртпалық шекпеген шағын «жел тимей, кірсіз тұрған кезің еді», деп жариялау өткенді тәптіштеп қазбаламауға, белгілі бір шындықты неғұрлым аз сөзге сыйғызуға байланысты туғаны анық. Ал кейінгі Сәкен өлеңінде «жел» сөзі әрі тура мағынада (асау ат орғығанда, желдің кедергі тудыратыны мәлім), әрі ауыспалы, жинақтау ұғымында (жел — жалпы қиындық символы) берілген. Сонымен бірге осындағы бар үзінділерде де «жел» сөзінің шартты балама ретінде алынғанын, демек ақындардың нақтылықтан саналы түрде қашып, белгілі бір сезімді ерекше биікке көтеруді басты нысана, ту етіп ұстағанын да ескерген жөн. Ал келер мысалдардан Ілияс Жансүгіровтің «жел» сөзіне көп мән беруін (ол да себепсіз емес) көреміз:

1. Желк-желк еткен жас шалғын
Суық желмен майысып,
Селк-селк еткен болды күн
Көтермей белді қайысып.

(1915-16 ж.)

2. Шөп төсекпен шығысып,
Денең тастай шираған,
Күн қағып, жел жеп, отқа ысып,
Бейнеттен күш жинаған.

(1923 ж.)

3. Иірген түніменен ыққан қойды,
Таңғы жел ширықтырып тұла бойды.

(1923 ж.)

4. Шүмектеп көктен нәсер шылқылдаса,
Жел ұйтқып, теңіз ойнап ылпылдаса.
«Кеттік-ау су түбіне» дегендей боп,
Қажыған дінгек, тактай шикылдаса.

(1924 ж.)

5. Күйқалак бала, шым мектеп,
Оқытып бердім қимылдап.
Отын су жоқ дірдектеп,
Жел жабықтан ыңылдап.

(1928 ж.)

Бастапқыда жас шалғынның суық желмен майысуы жеке отау тікпей, уақыт лебін, мазасыздануды т. б. ашуға бастап тұрғаны белгілі. Сонымен қатар бұл жолдарда желмен майысқан әйтеуір бір шалғын емес, «желк-желк еткен жас шалғын» екенін де елемеуге болмайды. Демек «желк-желк еткен» тіркесі әрі шалғынды әрлей, ажарландыра түсумен бірге (сол арқылы сондай зерліні майыстырушыны айыптау сарынымен қатар), өзінен кейін өрілген «селк-селк еткен» тіркесімен дыбыстық үйлесім тауып, шырғалаң («жел») таукіметін толықтыра түскен.

Екінші мысалда да жел әрекеті жеке алынбайды, ол күн қағуы мен отқа ысудың арасынан орын тебеді. Сол арқылы зобалаң атаулының көп қырлы екені әйгіленген. Осы орайда «жел» сөзімен тіркесе өрілген екінші «жеу» сөзі де елең еткізбей қалмайды. Шынында да дәстүрлі тіркестердегідей (жел соғуы т. б.) емес, жел жеуінде ақынның өзіндік ізденісі басым. Қасқыр емес, адам емес, тіпті желдің өзінің жеу (жесе, жоқ қылар пәрмені де бар болғандығы ғой) ықтималдылығы оның қаншалық кесапат әкеле алатынын дәлелдеу көзіне айналған. Үшінші үзіндіде «жел» сипатын «ширықтырып» сөзі ашып тұр. Ширықтырғанына қарағанда, оның осал еместігі, соншалық суықтығы көрініс береді. Төртіншіге келсек, «Жел ұйтқып» тіркесі (жел ұйтқуы да осал емес) «теңіз ойнап ылпылдаса» суретіне ұласу үстінде өз маңызын, айдынын арттыра түскен. Ал, соңғыда кейінгі жылдары ақынның неғұрлым қалыпты, әдеттегіні бейнелеп, шындықты нақты көрсетуге ойысқанын көреміз. «Ыңылдап» сөзі қанша тежеп, баяулатып көрсетсе де, оның алдындағы «отын-су жоқ дірдектеп» жолынан танылған жағдай жел күшін, ауыртпалық деңгейін әлсіретпей кестелеуге мүмкіндік беріп тұр. Ілиястан кейінгі ақындар творчествосында да «жел» сөзін қиындық белгісі ретінде қолдану үлгілері аз емес:

1. Кешегі құлан өтпес бұл бетпак шөл,
Көрмеген орын теуіп мекендеп ел.
Ормансыз, бетегесіз, сусыз, құмсыз,
Үйіріп қу топырағын есетін жел.

(Мұқанов С. 1932)

2. Дағды алған солай ел сонша,
Демейді қорлық ешбіреу.
Түтқиыл катты жел соқса,
Желпілдейді үйлер жоқ тіреу.

(Орманов Ф. 1927-28 ж.)

3. Ызындаған тек қана
Қыста боран, жазда жел,
Сұлап жатқан сұр дала
Сорлы еді ғой Бетпақ шөл.

(Аманжолов К. 1940—48 ж.)

Жалпы бұған дейінгі және осы мысалдарда (бұдан кейінгілерде де) «жел» сөзінің қолданылу аясын сөз еткенде, оны қазақ әдебиетіндегі романтизм өрісінен бөліп қарастыруға болмайды. Сөз жоқ, әдеттегі құбылыстарды, табиғаттың тыныш күйін бейнелеу реализм де, оның айрықша өзгеріс үстіндегі, қатты жел кезіндегі т. б. қалпын бейнелеу романтизм дей салу біржақтылық, үстірттікке апарып ұрындырады. Себебі реализм табиғаттың тыныш қалпын бейнелеумен шектелмей, оның тынымсыз, жойқын кезін шынайы суреттеуді де қамтиды. Әйтсе де әдеттегі тыныш желден гөрі, ерекше күшті жел, дауыл, кезінде лирикалық қаһарманның өр жаны, айрықша биікке ұмтылуы кеңірек ашыларын ескерсек, бар ретте болмаса да, көбінесе жел үдеуі, өршуін кестелегенде, реализмнен гөрі романтизмнің кеңірек қанат жаятынын да ескерген жөн:

1. Кеше маған тіл келді,
Күнбатыстан жел келді:
Қараңғылық қаптады,
Ұяттан әсер қалмады.
Жауыздық елді жалмады,
Ар-намысты таптады.
Күнім, заулап жана көр,
Күнбатысқа бара көр!

(Жұмабаев М. 1918 ж.)

2. Көшпелі күн сол өңкей
Бағытынды жел білген.
Қайта оралсаң сен ертең,
Табылмайды ел мүлдем.

(Орманов Ғ.)

3. Актық сөзін қарияның
Жаттап алып жөнелді жел,
Сонда естідім шулағанын
Тау-тас, орман, айдынды көл...

(Аманжолов К.)

4. Желпи ескен жібек жел,
Жыл құсындай жеделдет,
Жауынгерге хабар бер,
Желмаядай жылдам жет.

(Бұл да сонда).

Алғашқы мысалда (М. Жұмабаевтың «От» өлеңінде) жел ерекше алапат қиындықты хабарлаушы ретінде көзге түссе, екіншіде ауа райы өзгерісіне сай көшуге әзір ел қалпы, әдеттегі жай-күйі бейнеленеді. Міне, бұл мысалдардың біріншісінде — романтизм, екіншісінде реализм басым екендігі айқын. М. Жұмабаев қиындықты шегіне жеткізе қалындатып, сол арқылы лирикалық қаһарманды алапат күреске дайындаған. Ал, Ғ. Ормановта ерекше күш, жігер жұмсамай-ақ, әдеттегі қалыпты жағдайды, тіпті өзгеріс мүмкіндігін де, жай қызықтау басым. Үшіншіде естіген-білгенін желдің ерекше күшпен (жай хабарлай салмай) таратуын көреміз. Желдің ересен қуаттылығы сондай: лирикалық қаһарманға «тау-тас, орман, айдынды көл» шулағаны естіледі. Міне, бұл да — реализмнен гөрі романтизмге көбірек ойысуды танытады. Осы топтаманың соңғы үзіндісінен реализм мен романтизмнің қанаттаса өркен жаюын көреміз. «Желпи ескен жібек» тіркесінен желдің тыныш қалпын байқасақ, «желмаядай жылдам жет» жолынан лирикалық қаһарманның желге ерекше сипат даруын тілеуін де кезіктіреміз. Әрине, тек соңғы тіркеске қараумен тұйықталмай, өлеңді тұтас алып зерделеп, бұл тілектің одан кейінгі «жел уһілеп, тау мөңкіп» т. б. жолдарымен ұштасуына да көңіл бөлу керек. Осы орайда реализм, романтизм деп бөлгенде, оның арасында «Қытай қорғаны» жоқтығы, бірінің ішінде екіншісінің келе беретініне де назар аударғымыз келеді. Демек белгілі бір атауды қолданғанда (не романтизм, не реализм), соның белгілі бір шығармада қаншалық басым, жетекші екені ғана басшылыққа алынады. Әйтпесе реализм аясында романтизм, романтизм қанаты астында реализм орын теуіп, көктей беретіні де белгілі. Мұның бәрі шығармадағы көркемдік әдіс сипатын межелеу үшін, келтірілген үзіндімен шектелмей, (жоғарыда атап өткеніміздей) туындыны тұтас қарастыру керектігін де алға қояды.

1. Бір өлтіріп, тірілтіп,
Әр бұтаққа ілінтіп,
Жел, сағымдай құбылтып,
Қай жаққа алып барасың?
Қой, жүрегім, кайғырма,
Қайғыны мүлде жай қылма.

(Құдайбердиев Ш.)

Ғайсадай жан беретін таңның желі,
Қайғымды желге ұшырып, тірілт мені.

Ақылым-кәрілікке жабырқама
Талпынып тағы да ақтар дүниені.

(Бұл да сонда)

Қаңбақпен салмағың тең бұл бір заман,
Лаж жоқ жел айдаса ермесіне.

(Байтұрсынов А.)

Желі тұрып оңынан,
Желбіреп туы қолынан,
Тарыққан табы әлемнің
Сол Октябрь соңынан
Айналды, міне, жортуға.

(Жансүгіров І.)

Алғашқы үзінді алынған өлеңді тұтас қарастырсақ, лирикалық қаһарманның жауыздық, жамандық, алауыздық т. б. атаулыға ашынуы берілген тұста әдеттегі адам қиналысы, демек реализм, басым деуге де болатын тәрізді. Әйтсе де қолданылған амал-тәсілдерді ізерлей қарастырсақ:

Жан жүрегім, жаным жеп,
Жанған отқа саласың...
Өлді, жітті, кетті деп,
Тағы мені суалттың,—

тәрізді өлеңнің басқа жолдарында лирикалық қаһарман шеккен қиындықты тым ауырлату басым. Оның үстіне:

Кек сақтағыш кекекшіл,
Аямай қауып алар ол...
Ит жейтұғын жемтікті,
Жиіркенбей жалар ол,—

деген сияқты тармақтарда лирикалық бейне сипатындағы құбатөбелділіктен (золотая середина), яғни жиі кездесетін шынайылықтан гөрі, бір шекке (крайность) шығандап шығу (сонша кекшілдік, немесе сонша төмендеп, ит жейтұғынды жалау) басым. Міне, осы өрісте алып байымдасак, жоғарыда келтірілген бірінші мысалымыздағы («Бір өлтіріп, тірілтіп, // Әр бұтаққа ілінтіп, // жел, сағымдай құбылтып») тармақтары да басым әуеннің заңды жалғасы екенін көреміз. Демек бұл жолдар да — лирикалық қаһарманның айрықша жағдайдағы ерекше жан-күйзелісінің айнасы. Яғни, бұл өлеңде де «жел» сөзі шығармада романтизм әдісі белең алуына сай қолданылған. Тұтасынан алғанда, реалистік әдіспен жазыл-

ған өлендерде де «жел» сөзі қолданылғанда, оны романтизмге қарай аздап болсын ұмсынта алатынын осы топтамадағы екінші үзінді тұсында да айтуға болады. Расында, бұл өлең, негізінен алғанда, реалистік әдіспен жазылған өлең. Лирикалық қаһарманның сыртқы қоршаған ортада кездесетін келеңсіздік атаулыны сынауы, — бәрі осы түйінге әкеледі. Әйтсе де бұл үзіндінің өлеңнің бастапқы шумағы екенін, оның бар өлеңге бағыт берерлік ролін ескерсек, «жел» сөзі өлендегі барлық реалистік суреттемелерге өз жарығын шашып, оған біршама романтикалық реңк үстеп тұрғанын да бір бүйірде ұстаған жөн. Сол арқылы лирикалық қаһарманда шынайы қалыпты сезім өрістеумен бірге, ерекше биік күштарлық әсері де қоса өрбиді. Демек белгілі бір шығармада реализм басым боп келгенде де, оған демеу беруші романтизм ықпалын, оның ішінде «жел» сөзі әсерін де, төмендетуге болмайды. Ал, үшінші мысал ақынның «Анама хат» өлеңінен алынған. Өленде лирикалық қаһарманның түрмеде отырғанда шеккен қиындықтарын анасына баяндауы, — бәрі реализм жемісі. Әйтсе де:

Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай не бетіммен көрге барам?
...Отырмын абақтының бөлмесінде,
Есіктің құлпы мықты, күзетші көп... —

жолдардағы лирикалық қаһарман шеккен қиындықтың аса ауырлығын есепке алсақ, біз келтірген жоғарыдағы үзіндідегі «жел айдаса» тіркесінің де жаңа бір зобалаң көзі екендігі жота көрсетеді. Мұнда да «жел» сөзі лирикалық қаһарман жағдайын, сезімін ашуға белгілі бір арай себездеп тұр. Ол лирикалық қаһарманның асау рухына қарсы қойылған қиындықтың, қарсы күресуші күштің де осал еместігі: сөзбе-сөз ұғынсақ, соншалық қажырлы ерді жел боп қозғау, айдау мүмкіндігі. Қарсы күшті, зорлық иелерін бұлайша іріленту тағдырға мойынсұну идеясына әкелмейді, қайта сонша зұлматқа қарсыласу тоқталмауын әйгілеу арқылы күрескерлікті әспеттейді. «Жел» сөзінің дағдылы тіркес ішінде келуі тұсында шығарма шырайы арта түсетініне бір дәлел — осы топтамадағы соңғы үзінді. Шынында, «желі оңынан тұрды» тіркесі — бұрын да белгілі бір істің жақсылыққа ойысуына арналып, халықтың сөйлеу тілінде айтылатын дағдылы, қалыптасқан тіркес. Автор сол қалыптасқан тіркесті белгілі бір орында, ұйқас, ырғақ аясында қолданумен бірге, оны «желбіреп туы» тың тіркесімен сеп-

тестіріп, оған жаңа ажар үстейді. Соның нәтижесінде дағдылы тіркестің өзі өленде өзгерістің, мықтылықтың нышаны боп, соны сипатпен көмкеріліп, өсіп, шұғылаланып көріне алады. Демек «жел» сөзі дәстүрлі тіркесішінде келген сәтте де өлең рухына, тынысына сай келген жағдайда жаңа бояулармен толығына алатынына да көз жеткіземіз.

Әсіресе ХХ ғасыр басындағы әдебиетте болайын деп тұрған үлкен өзгерістің салмағын, әсерін т. б. бейнелеу үшін, көбінесе жел, дауыл, найзағай т. б. тұрақты белгілер, баламалар тізбегі алынғаны мәлім. С. Торайғыровтың 1919 жылғы «Дауылдағы әбігер» өлеңін алайық:

Қаптаған теріскейден қара дауыл...
Желге ұшқан жүндей болып барлық елдер,
Адал, арам ішінде кемеңгерлер,
Дауылдан бұрын өртеп елдің үйін,
Енді «тігем» деп жүр ме арамгерлер?
Дауылдың түбі қайда, айдаған кім?
Халық үшін жауға қылыш қайраған кім?
Қанды балақ қорқауды күшпен жеңіп,
Адамзаттың дұшпанын жайлаған кім?
Табылар, мәлім болар оның бәрі,
Созылып, кете бермес дауыл әрі,
Ұйытқыма, көзсіз болар, таң алдында,
Жат та, дос та жай таппай әрі-сәрі.

Желдің алапат күшін жария еткен алғашқы тармақтарда романтизм, ерекше күш, басым десек те, «елдің үйін» дауылдан бұрын» өртеушілер т. б. әрекеті тұсында қазақ өміріне хас шындық, реализм, қанат жайған. Мұндағы дауылды да, бұдан кейінгі «Ғайса туы астында» ел гүлденуін де біршама шартты ұғымдар, символизм нышандары, тұрақты тұспал — өрнектер деп алсақ, өлең соңындағы:

Оған дейін бірталай күндер өтер,
Талайдың қыршын жанын алып кетер.
Болашаққа сенемін, көріп тұрмын,
Демеңдер: «Бұл сандырақ, келмей, кетер», —

жолдарында акынның күрескерлер тағдырын ойлауы, қауіптенуі, — бәрі өлеңде реалистік әдістің басымдығын дәлелдейді. Демек акын бұл туындысында дауыл күшін, лирикалық қаһарманның биік мүмкіндігін әспеттеумен шектелмейді. Қайта соншалық жойқын күштер аясында болуы мүмкін қиындықтарға назар аударта-

ды. Сөйтіп, өлеңдегі романтизм белгісі ретінде көрінген нышандардың өзі шындықты көп қырымен ашу құралына айналады. Міне, «Жел, дауыл» сөздерін қолданып, лирикалық қаһарманды ерекше жағдайға апару да реализмнен аулақтатуға емес, реализм мүмкіндіктерін толықтыруға қызмет етеді дегенге бір дәлеліміз — осы.

Желді қимыл — қозғалыс көзі ретінде алу бұрыннан бар десек те, әр кезеңге, суреткер стиліне лайық оның қолданылу деңгейі, өзгешеліктері болатынын да ескерген жөн:

1. ...Жапанға біткен бәйтерек,
Жапырағын байқасаң,
Жайқалмағы желден-ді.

(Өтемісұлы Махамбет)

2. Альбом-жүрек, тыныштықты қашыар,
Уақыт жетсе, өзі-ақ бір күн ашылар.
Жүрек сыры белгілі ғой біраздан
Желі тынып, толқындары басылар.

(Жұмабаев М.)

3. Солардан әлдеқайда әнім артық,
«Шығарсам ащы күйді түптен тартып.
Аққумен аспандағы ән қосамын».
Желдей есіп, күлім көз күндей шалқып.
Бұлбұлдан өзгешелеу менің әнім,
Адам кешкен өткелдің шолып бәрін.
Желдей сырғып бүгінгі бөгеттерден,
Жырлайды ол мыңдаған жыл болашағын.

(Мұқанов С.)

Адамдарды күреске шақыру үшін, табиғаттан да ұқсастық ізделініп, қимыл-қозғалыс иесінің бірі, жел, еске алынса (М. Өтемісов өлеңінде), екіншіде шарттылық басым. Жүректің соншалық кіші екені, онда толқын туатындай су жоқтығы белгілі. Сондай жүректі толқын туғызарлық сұйық орналасуы мүмкін зор көлемге ие болғызу да, демек соншалық дербес заттық сипатқа жеткізіп үлкейту де оны қозғаушы жел күшін ашуға бағындырылған. Ал, мұның өзі, «жел тынып», толқын басылуының өзі, сезім құдіретін, құштарлық деңгейін жеткізуге себепкер болып тұр.

Желді өзгертуші күш ретінде алу Орыс әдебиетінде де, әсіресе, ХІХ ғасырдан бастап кең қанат жайған дәстүр. А. С. Пушкиннен екі жол келтірейік:

Взыграйте, ветры, взройте воды,
Разрушьте гибельный оплот.

Қазақшасы:

Сапыр суды, дауыл мен жел,
Бұз қатердің бұл бөгетін.

(Ауд. Қ. Шаңғытбаев)

1912 жылы жарияланған «Қазағым» өлеңінде М. Жұмбаев «Жел» сөзін жаңалық, өзгеріс нышаны ретінде алған:

Сол шакта көп түкіріп көл де болар,
Көлде толқын айдаушы жел де болар.
Мектеп пен медреселер көп салынып,
Ағайын тату-тәтті ел де болар.

Осы іспетті қолданыс үлгісі 1922 жылы жазылған І. Жансүгіровтің «Жазғытұрым» өлеңінде де бар:

Ой, балалар, балалар,
Жылы, жылы жел соқты,
Жылғалардан су ақты.

Осы орайда «соғып» сөзінің мағынасына мойын бұру дұрыс тәрізді. Соғуды «ұру» ұғымында қолдансақ, одан күшпен ұруды, белгілі бір екпін әсерін қабылдауды көрер едік. Ал, бұл үзіндіде соншалық күш, теуірін арқалаған «соғу» ұғымын оның алдындағы «жылы-жылы» сөзі біршама жұмсартып, оған тиімсіздік емес, тиімділік дарытып тұр емес пе? Сөйтіп, «соғу» сөзі өзгеріс белгісін жел қуатын белгілеуге арналса, «жылы-жылы» — сол жаңалық сипатын адамдар үшін қажеттігін паш етуге септігін тигізеді.

Қазақстандағы ірі байлардың мал-мүлкі конфискуленуін (1929 жылғы конфискуленуді айтамыз — Қ. Ж.) 1931 жылы еске алуы тұсында Мәшһүр-Жүсіп Көпеев:

Бір тамшыдан су жинап дария өтті,
Тұзу қарап ешкімге бұрмай бетті.
Жел тұрып, толқын қатты кулап соғып,
Жиған бай өзі ғарық боп суға кетті,—

деп жазған екен. Міне, бұл үзіндіде де белгілі бір топтың күні бітуінің себепшісі ретінде тұрақты белгі (символ), өзгеріс нышаны «жел» сөзі ұтымды пайдаланылған.

«Жел» баламасының лирикалық қаһарман мықтылығының белгісі ретінде қолданылуы да тегін емес:

1. Токта, токта, ей төре, Аргын-елмін,
Құбыладан екпіндей соққан желмін.
Қазақ түгіл манайыма өзге келмейді,
Ежелден асу бермес асқар белмін.

(Жанақ Сағындықұлы)

2. Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте — бұлт, жерде — желмін гулеген,
Жер еркесі — желдің жөнін кім сұрар?

(Жұмабаев М.)

3. Желпи соққан желдеймін,
Жол бермейтін белдеймін,
Жамбылды, кәне, тыңдаңдар!

(Жабаев Ж.)

Көріп отырғанымыздай, үш ақын да өздерін желге балайды: балағанда да, жай, әншейін емес, ең бір тегеурінді, екпінді күш иесіне парапар етіп алады. Бұл тұста да айырмашылық аз емес. Мәселен, Жанақ ақын өзін әйтеуір екпінді желге емес, тек құбыладан соққан желге балайды. Сол арқылы кезең тынысы, белгілі бір көзқарас үстемдігі (құбылаға сонша мән беру) жүзеге асқан. Жамбылда қуаттылықты танытқан «соғу» сөзі (жоғарыда айтқанымыздай) алдында «желпи» сөзі орын алып, лирикалық қаһарманның көтеріңкі көңіл-күйін қоса аңғартып тұр. Ал, Мағжан болса, өзін «гулеген (жай жел емес) желге» балаумен де шектелмей, «жер еркесі — желдің жөнін кім сұрар?» пікіріне назар аудартады.

«Жел» баламасының көбінесе жүйріктік, жылдамдық символы ретінде алынып келгенін де айтпай кетуге болмас:

1. Желден асар желгенде сенің атың,
Күн сияқты жаһанды тұтты атың.
(Ашар йилдин сенің йилгандә атың,
Куйаш йанлық жеханны тутты атың.)

(XI—XIV ғ. «Мухаббат — наме»)

2. Желден не желгір ақбөкен,
Озса да орғып көлденең,
Құралайына қарайлап,
Оққа ұшпай ма сол үшін?

(XIX ғ. Өтемісұлы М.)

3. Айтады олар ойланбай,
Сыпыра жырау, Шортанбай,
Үмбетей мен Марабай,

Алды-артына карамай,
Сокқанда жырды суылдап,
Жел жетпейтін құландар!

(Құдайбердиев Ш.)

4. Күндер өтті, жанды жеді абақты,
Қанды сорып, көтертпеді қабақты.
Желдей заулап өскен жүйрік жас жүрек,
Көтере алмай қалды сорлы қанатты.

(Жұмабаев М.)

5. Бұл Жамбылдың жырлары
Жүйрігірек желіңнен,
Бұл Жамбылдың жаны жас
Жарығырақ көгіңнен,
Қалған емес өрлеген,
Ойым менің өмірден.

(Жабаев Ж.)

Мұнда бір мысалдарда «жел» тура мағынадағы жүйріктермен («ақбөкен» — Махамбетте) салыстырылса, енді бірде ауыспалы мағынада берілген зымыраушылармен (Шәкерімде — ақындарды құланға балай отырып, оларға жел жетпейтінін айту) жарыстырыла беріледі. Ж. Жабаев өз жырларының желден де «жүйрігірек» екенін әйгілесе, М. Жұмабаев та өз ерекшелігін кең танытқан. Мәселен «жүрек» ұғымы мәнін кеңейтіп, оның желдей заулап есуіне сендіреді. Біздіңше, осы жүйріктікке бой созулардың бәрі де лирикалық қаһарманның заманға, адамдарға қызмет етсем деген талабын неғұрлым пәрменді ашуға сеп болуымен де құнды.

Сол тәрізді желді белгілі бір екпін, қуаттылықтың символы ретінде арнайы пайдалану мысалдарына да көңіл бөлгіміз келеді:

1. Ерлігің аңыз еді ел көшкендей,
Екпінің қатты еді жел ескендей.

Сегіз Сері Шақшақов ХІХ ғ.)

Бұл әйел — ескіліктің торын бұзып,
Екпінді сокқан желдей дауылдатқан.

(Майлин Б.)

Шірік,
осал,
су жүрек,
Шыдамай екпін желіне,
Қалтырайды қырық аяқ
Келгенде бұлтақ өріне.

(Жансүгіров І.)

Бұл мысалдар да «Жел» баламасының көбінесе екпін, күштілік нышаны ретінде қолданылып келгенін дәлелдей түседі деп ойлаймыз.

Ақындар «желді» жаңалық пен жақсылық хабаршысы ретінде де жиі алады. Поэзия сыр-сипатын кең зерттеген Ә. Тәжібаевтың мына бір пікіріне зер салайық:

«Жел» бұрынғы лирикада бірде ұлыған қасқыр, ысқырған жылан, бірде дертті күрсінудің лебі сияқты боп жырланатын. Мағжандағы желдің «далада әпсүн оқыған жын» екенін де көрдік, ал Сәкеннің 1917 жылғы жазылған «Дала» атты лирикалы өлеңінде жел жаңалық пен жақсылық хабаршысы... Ақын жел арқылы мол кеңдікте басталған мол қозғалысты да бейнелейді. Таулардан асқан, далаларды кезген жел революция хабарымен алыстардағы халықтарға да қозғау салып бара жатқаны көрініп тұр. Жел хабарына қуанған, қырандай көзін ашып, алға қараған, кең далада айқай салған ақын — дәл осы жерде өзінің лирикалық «мені» арқылы, Октябрь революциясына қазақ халқының барлық ынтызарымен қосылғанын баяндайды. Сондағы жел әкелген жылы хабар мен көктемгі дала көріктілігінің жарастығы да қып-қысқа өлеңге үлкен мән беріп тұр».

Өзгеріс, мықтылық нышаны боп орын тепкен «Желді» аңсаудың өзі лирикалық қаһарман сезімін ашуға баспалдақ қызметін атқарып келді.

1. Бурной жизнью утомленный,
Равнодушно бури жду.

(А. С. Пушкиннің
«Сезігу» өлеңінен)

Қазақшасы:

Даулынан талып өмірдің
Күттім тағы мен дауыл.

(ауд. Қ. Бекхожин)

2. Сая жаным

Балапаным,

соқсын дауыл, жел,

Болма алаң,

Сүйген анаң

Сақтар, анық біл.

(1911—1922 ж.

М. Жұмабаевтың «Бесік жыры» өлеңінен)

3. Кетсін тұман,
Бұлт көшсін!
Анырасын,
Соқсын жел...
Мұз құласын,
Қар кетсін!..
Сай шуласын...
Ақсын сел.

(I. Жансүгіровтің 1922 ж.
«Тілек» өлеңінен)

Сөйтіп, бұл мысалдарда әр ақынның желді «өзінше» аңсауы, белгілі бір құбылысты өзінше жырлауы (жоғарыда айтқанымыздай) әдемі. А. С. Пушкинде дауылдан, өмір дауылынан талып (шаршап) жүрсе де, тағы да сол дауылды (сол арқылы белгілі бір күрескерлік-ті) аңсау шаң береді. М. Жұмабаевта әдетте кейін қолданылатын «соқсын» сөзін алға шығару арқылы да күшті жел аңсау сезімін марапаттау басым. Осы тәрізді инверсия қызығын көру I. Жансүгіровте де бар. Сонымен қатар онда жел соғуы өзінің алдындағы тұман кетуін, бұлт көшуін әрі дамытып, өзінен кейінгі мұз құлауына, қар кетуіне, сай шулауы мен сел ағуына барып үндеседі. Соның бәрі септесе, шеп құра келе лирикалық қаһарманның күрескерлігін, күресті қаншалық аңсайтынын неғұрлым жан-жақты көрсетуге әкеледі.

Жел аңсаумен де тоқтап қалмай, соны меңгеруді өрнектеуде де шеберлік үлгілері көп дегіміз келеді:

1. Қарасак басқалардың жастарына
Өнер, ғылым толып тұр бастарында.
Өзіне от, жел, суды жалшы қылып,
Алланың сайран етер аспанында.

(Торайғыров С.)

2. Жеделдет,
Желдет!
Жел, жылдам!
Жетуге
Еңбек етелік.
Тура тарт, желім!
Мен міндім!

(Жансүгіров I.)

Алғашқыда әдеттегідей белгілі бір адамды емес, от, жел, суды өнерлі елдің жалшы қылуы айтылады. Адамды жалшы қылуға да белгілі бір билік, байлық керек екенін еске алсақ, айдағанға жүре беретін мал емес, дүлей апат белгілері: от, желді бағындырғаны сондай, жалшы қылу, әрине, соншалық күдіреттілік, өнерлілік-

ті дәлелдей түскен. Кейінгі мысалда да лирикалық қаһарманның ерекше сипатқа ие болғаны сондай, ат, тұлпар емес, ұстауға да келмейтін желдің өзіне мінеді. Желге мінудің сенімді естілуі себебін де өлеңді тұтас қарастыру арқылы ғана аша аламыз. Ол үшін алдымен өлеңнің (1923 ж. жазылған «Жел» туындысының) біре-се үш, біре-се екі, не бес, не сегіз тармақты боп, әр жол сайын буын саны кілт өзгеріп отыруын, сол арқылы ырғақ, әуезге ерекше салмақ түскенін ескеру керек. Өлеңдегі дыбыс қуалау да бұл әсерді дамыта түседі. Міне, осы себептердің иықтасуынан барып, өлең соңындағы «Мен міндім» тармағы ерекше әсерлі естіледі де, соншалық екпінді «желдің» өзін меңгерген лирикалық қаһарман қуатын кең ашуға үлес қосады.

Әрине, бар жерде де «Жел» баламасы тек күштілік, жүйріктілік т. б. нышаны ретінде емес, біраз ретте, тіпті, кереғар мәнде де алынатына көз жұмуға бола ма? Мәселен, желдің нәтижесіз, бос өткен өмір нышаны ретінде берілуін алайық. «Абай тілі сөздігі» кітабында Абайдың «Желді» өз мағынасында, «ауаның орын ауысуы ұғымы» мәнінде, қолданғанына лайық мысалдар берілген. Біздіңше, Абай сонымен қатар «Желді» ауыспалы мәнде де біраз пайдаланған.

Қаруыңның барында қайрат қылмай,
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де — жел,

жолдарына үңілсек, «жел» сөзінің бос өмір нышаны ретінде қолданылуын көреміз. Осы іспетті үлгілер Абайдан кейінгі ақындарда да аз емес:

Басқа түскен әрбір іс,
Не қызықты, не кейіс,
Ойласаң ол — көрген түс,
Соғып өткен жел еді.

(Құдайбердиев Ш.)

Кім таныды өзіңді
Кім білдірді сөзіңді?
Жан жортып, жел қуып,
Құр шаршатпа өзіңді.

(Торайғыров С.)

Саналы, көзі ашыққа сөзің алтын,
Санасызға — жел, сөз — соққан салқын.
Ойында санасыздың еш нәрсе жоқ,
Ілгері бассын деген қазақ халқын.

(Сейфуллин С.)

Көбінесе өзгеріс нышаны, әлділік белгісі боп алынған «желдің» енді біраз ретте «Майда» т. б. сөздермен тіркесіп, біршама тыныштық, рақатқа малыну т. б. дәлелі ретінде де қолданылуына да мысалдар жетерлік:

1. Ескен жел күншығыстан болып майда
Ие ғып бар жәндікті жақсы жайға.
Жыбырлап көлдің беті шағаламен,
Даусы бар аққу, қаздың әлдеқайда!

(Майлин Б. 1915 ж.)

2. Самал жел, салқын жайлау жайламаққа
Ұрулы ел жолға сыймай қатар көшкен.
Жарасып құрбы қызбен тұрғы жігіт,
Мінгені жорға, жүйрік тек-телі өскен.

(Жансүгіров І. 1915—1916 ж.)

3. Балбырап жер
Балаусаға бөленді.
Жалбырап көл
Көк жапыраққа кенелді.
Мақпалдай жел
Ақырын айтты өлеңді.
Ақын — бұлбұл
Өлеңдете жөнелді.

(Бұ да сонда)

4. Май күнінің майда желі
Май құйғандай жүрегіме,
Халықаралық қалың достық
Жеткізгендей тілегіме.

(Жабаев Ж. 1938 ж.)

Әрине, «жел» ұғымы сөз болғанда, оны қашан да басқа баламалармен салыстыра қарау керек. Мәселен, І. Жансүгіров «Ойлану» өлеңінде дерексіз ұғым «ойлануды» заттандырып, алдымен наркескен, айбалта, ұстара тәрізді өткір құралдарға теңейді де, сонынан желге балайды:

Ойлану — кейде өтті жел,
Өткізе өтіп соғады.
Көзге топырақ құятын
Ой да боран болады.

Ойлану — ескек жылы жел.
Көңілдің алтын күрегі.
Көз ашад, жүрек жуады,
Бұлт қуа, тұман түреді.

Міне, бұл жолдарда қозғалыс нышаны желге иықтастыру белгілі бір ұғымды (ойлануды) кейінгі неғұрлым биік баламаларға парапар етуге дейін өсіруге («алтын күрек» болу, жүрек жуу, тұман тұру т. б.) қажет боп тұр.

Желдің жеке өзі көрінбейтіні, тек ол ұшырған шантозаң, қар ұшқындары т. б. көзге шалынатыны белгілі. Әйтсе де оны, негізінен алғанда, деректіге жатқызамыз, себебі белгілі бір өмірде бар құбылыстың атауы ретінде алынған деп те жүрміз. Солай десек те, қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтынын да ескерсек, онда біршама дерексіздік барын да жоққа шығара алмаймыз. Сөйткен, неғұрлым жартылай деректі «желді» шартты түрде алғанда, «толық» деректіге айналдырып «заттандыру» да көп шеберлікті талап ететіні анық.

Свищет ветер, серебряный ветер,
В шелковой шелесте снежного шума.
В первый раз я в себе заметил —
Так я еще никогда не думал.

...Жить нужно легче, жить нужно проще,
Все принимая, что есть на свете.
Вот почему, обалдев, над рошей
Свищет ветер, серебряный ветер.

(С. Есенин)

Қазақшасы:

Ақ жібектей суылдатып ақ қарды,
Күміс канат жел тербейді бақтарды.
Байқағаным — ойламаушы ем мен бұлай,
Бірінші рет ой түкпірін ақтардым.
...Жайбарақат өмір сүріп, халайық,
Қалай болса, бұл өмірді солай ұқ.
Есі кетіп, ұран салған тоғайда
Күміс желде сондықтан да жоқ айып.

(ауд. Қ. Мырзалиев)

Осы жолдар арқылы көз жеткізгеніміздей, белгілі бір сезім биіктігін жырлау үшін, С. Есенин желді одан әрі заттандырып, күміске айналдырса, С. Сейфуллинде ол кесілуі мүмкін зат тәрізді әсер қалдырады:

Талмай орғып күрсілдеп,
Желді жарып кеседі.
Екпіндеп алып қара айғыр
Құстай ұшып еседі.

Желдің жеке өзін толық заттандырмаса да, оны заттандырылған объектіге қосақтау арқылы да белгілі бір сезімді әсерлі жырлау үлгісі — Ж. Жабаев өлені:

Болыппын жыртық үйдей саңлауым көп,
Тұрғандай жан-жағымнан жел гуілдеп.
Өзіме өз дәрменім жетер емес,
Болысып жібермесең біреуің кеп!

Сөйтіп, жасы ұлғайған, күші қайтқан лирикалық қаһарман сезімін беру үшін, ақын оны саңлауы көп жыртық үйге балайды. Саңлау болуының өзі үйдің жыртықтығын, соншалық келіссіздігін біршама ашып тұрғаны мәлім. Шебер ақын бұл детальмен де шектелмейді, саңлаудың қаншалық залал, қиындық тудыра алатынын аша түсу үшін, сол саңылау арқылы жел гуілдеуіне назар аудартады. Жел гуілдеуін елестеткесін барып, саңылау орынсыздығына, сол арқылы жыртық үй машақатына, демек лирикалық қаһарманның мүшкіл халіне үңіле түсеміз. Осы іспеттес шеберлікті Б. Майлиннен де ұшырастырамыз:

Токтау салып кейін қарай тартасың,
Жас талапка бір ауырлық артасың.
Сөндіресің жалындаған жүрегін,
Түбін қағып, жел гулетіп қалтасын.

(1913 жылғы
«Мұқтаждық» өлеңінен)

Лирикалық қаһарманның қалтасында ештеңе жоқтығы (әрине, ақша жоқтығы деп түсінуге негіз жеткілікті) сондай, еш кедергі кезіктірмеген желдің гулеуі берілген. Жел гулеуі арқасында барып, қалтаның соншалық бос екеніне, демек лирикалық қаһарман кедейлігіне, көз жеткіземіз. Санай берсе, мұндай үлгілер көп. Қасым Аманжоловта дерексіз ұғым «көңілдің» желі болатыны айтылады:

Ойлаймын да жазамын әр немені,
Дамылсыз-ақ еседі көңіл желі.
Байтақ жатқан сары дала сықылдымын,
Кең өмірдің қадірін білер әлі.

Толық келтірілген осы бір төрт тармақтық шағын өлеңде көңіл желінің дамылсыз есуі лирикалық қаһарман тынымсыздығын ашуға негіз боп тұр.

Ақындар желді дамытып, одан әрі «заттандырып» қана қоймай, оған жан бітіруге де жиі барады:

1. Желді Сүлейменнің пырағы қылар,
Жел жаһанды тым-тырақай қылар.
Қылурың ни Сүләйманның пырақы,
Ким ол йилдүр жеханның тым-тырақы.

(XI—XIV ғ. Хорезми.
«Мұхаббат — наме»)

2. Кого-то нет, и тонкогубый ветер
О ком-то шепчет, сгнувшем в ночи.

(С. Есенин)

Қазақшасы:

Сыбырлайды жел ерінін шүрттіп,
Көзіне оның түссе керек пасық іс.

(Ауд. Қ. Мырзалиев)

3. Но не бойся, безумный ветер,
Плюй спокойно листвою по лугам.
Не сотрет меня кличка «поэт»,
Я и в песнях, как ты, хулиган.

(Бү да сонда.)

Қазақшасы:

Жүген-құрық білмес сенің сезімің,
Түкір, дауыл, жапырақтың тозығын.
Құртпас мені «акын» деген лақап ат
Жырда да мен басбұзардың өзімің.

(Бү да сонда)

4. Өмір — дала,
Сен бір — бала, сайран ет.
Гүлдер жиып,
Сәуле сүйіп, ойнап өт.
Қырға шықсаң,
Тілің ұқсаң, жел жылар.
Жел жыламас,
Жел жыламас, ел жылар.

(Жұмабаев Мағжан.)

5. Жылады, жел жылады,
Жел ұланнан сұрады:
«Меңіреу ұйқы серпіліп,
Елің қашан тұрады?»

(Майлин Б.)

6. Теп-тегіс бұл уақытта ұйықтаған ел,
Бұл сорлы жапа-жалғыз астында бел.
Көңілге әрбір түрлі қиял салып,
Сүйеді бетінен көп ойнаған жел.

(Торайғыров С.)

7. Демін салып майда жел
Құшақтап сүйіп тәнімді:
Сүйгенімдей тербетіп
Жұбатты менің жанымды.

(С. Сейфуллин)

8. Кезек-кезек қар, жаңбыр
Қыстың күні — қос қырсық.
Кісі өлгендей шулап қыр,
Жынданып тұр жел ұрсып.

(Жансүгіров І.)

9. Ойнаса онда жылпың жел,
Жыртылад шарбы, қаймағы.
Жел қуалау, бұлт қашу —
Жігіт-қыз айтта, тойдағы.
...Асқарға соққан асқак жел,
Тас сүзді де жасқанды.

(Бұ да сонда)

Осыдан 7—8 ғасыр бұрын-ақ (алғашқы мысалда) жаһанға үлкен өзгеріс әкелуші желді пыраққа балап жандандыру болған екен. С. Есенинде біресе желдің ерні болатыны (екінші үзіндіде), енді бірде оның жанданғаны соншалық түкіруі мүмкіндігі (үшіншіде) сездіреді. Ал, келер мысалдарда желдің жанданғаны сондай, жылауы (Мағжан, Бейімбетте) беріледі. С. Торайғыров, С. Сейфуллин болса, желге жан бітіру үстінде оның бетті, денені сүюіне, демек жылылық, ізгілік әкелуіне ден қояды. Сондай-ақ желдің ұрсуы, тас сүзуі де (Ілияста) оның ерекшелігінің, күштілігінің т. б. дәлелі ретінде алынған. Желді жандандырудың бұл үлгілері, сөз жок, лирикалық қаһарман сезімін ашуға бастайтын кілттердің бірі. Бұл іспетті түйінді лирикалық қаһарманның жанданған желмен сөйлесу үлгілеріне де арнауға болады:

1. «Кұдай», «кұран» деген сөзге нанып ең,
Сене-сене күн көре алмай қажып ең.
Орақ қолда, айдалада мұныңды,
Ескен желге зарлы әніңмен шағып ең.

(Мұқанов С.)

2. Қырға шықсам — ой тербеп,
Жел де сөйлеп шуылдар.
Заман сырын өткен көп
Кұлағыма сыбырлар...

(Жабаев Ж.)

3. Жалғыз ғана жігіт жүр,
Жапанда жалғыз батырдай,
Онда, сірә, бар не сыр,
Білер ме еді, япырм-ай!
Жүр ме әлде, жауыннан
Жан ләззатін табам деп,
Ескен желмен тілдесіп,
Алыстан хабар алам деп.

(Аманжолов К.)

Сонымен, азап арқалаған лирикалық бейненің айдалада ескен желге мұңын шағуы (бастапқы үзіндіде); заман сырын жел «сөйлеп», шуылдап, сыбырлауы (екіншіде); сүйгенін іздеген, тосқан жігіт ескен желмен тілдесті ме деп, сауал қою да (соңғыда); — бәрі лирикалық қаһарманның кімге қалай қарайтынын, нені аңсайтынын, тынымсыздығын т. б. ашу міндетіне бағындырылған.

Сөз шеберлерінің «жел» сөзін көбіне дағдылы тіркес ішінде («жел соқты, «жел есті» т. б.) беретіні мәлім. Осы орайда «Жел» сөзі алдында «жібек» сөзінің неғұрлым жиі қолданылуы да көңіл бөлерлік жәйттің бірі дегіміз келеді.

1. Иіс шашып, жайнап тұрар түрлі гүл,
Гүл тербетіп кешкі жылы жібек жел.
Күнәсі көп жаны үшін ағанның
Сол уақытта, қарашығым, дұға қыл!

(Жұмабаев М.)

2. Жұмақтың жібек желінен,
Жайнаған мәңгі гүлінен,
Хош иісін аңқытып,
Күміс кәусәр суынан,
Суының алтын буынан,
Бетінде нұрын балқытып,
...Жаратты тәңірі әйелді
Бастасын деп бар ерді
Тұралық, шындық жолына.

(Бұ да сонда).

3. Бүлдіршін боп киінеді қара жер,
Қарап оған көкте анасы елжірер.
Мұны көріп, жақыны жоқ жолаушы
Күңіреніп, уһілеп жібек жел жүрер.
...Көресің сен көптің келіп көшкенін,
Жоқтың бар боп, бардың өліп-өшкенін.
Өтер күндер күн батқан соң күңіреніп,
Жібек желдің ақырын ғана ескенін.
Сол уақытта желге құлақ түргейсің,
Таныстарды еске алып, тергейсің!

Туғаны жоқ, тұрағы жоқ жолаушы —
Желге айналған мен екенін білгейсің!

(Бұ да сонда)

Өз тұстастарына және өзіне дейінгілерге карағанда «жел» сөзін неғұрлым жиі қолданатын М. Жұмабаев бұл мысалдарда да өз ерекшелігін танытып тұр. Бірінші үзіндіде желдің әрі жібек, әрі жылы екені алдыңғы суретпен, — гүлдің «иіс шашып, жайнап» тұруымен, — жалғас, үйлес берілген. Сондай әсем көрініс кезінде барып, лирикалық қаһарманды еске алуды өтіну шынайы естіледі. Осы тәрізді ойды ортаңғы мысал тұсында да алға тартуға болады. Ал, соңғыда желдің жібек болуы, демек әсем зат ретінде көрінуі, сезілуі үстіне, жанданып, күңіренуі, үһілеуі қатар өріледі. Желді осыншалық тұлғалантқасын барып, лирикалық қаһарманның желге айналуы соншалық әсерлі.

Жібек желді аялау С. Сейфуллинде де баршылық:

1. Сұлу терек
Жасыл желек,
Сәулем, саған не керек?
Биік бойын,
Кімде ойың,
Жібек желге аш қойын.

(1925 ж. «Орман» өлеңінен)

2. Көкке аунайды
Жұрттың көбі...
Жасыл жібек
Жердің шөбі.
Жібек торғын
Желдің лебі
Бетке жұмсақ тиеді.

(1931 ж. «Колхозда» өлеңінен)

Бастапқыда ағаш әсемдігі мен жел жібектігі (демек оның да жұмсақ, зейнеттілігі) үндессе, кейінгіде «жібек» сөзі «жасыл», «торғын» сөздерімен септесу үстінде әсемдік салтанатына бас игізеді. Сөз жоқ, өлең ырғағы, буын санының неғұрлым келтелілігі де желдің «жібек» лебін әдемілік ұшқындарын себездеп сөз мағынасының ажарлана түсуіне ықпал жасайды.

Сөз шеберлері С. Мұқанов, Қ. Аманжолов та «Жібек желді» өзінше өрнектейді:

Қызғалдақ иісі аңкиды
Жібек жел толқып еседі.
Қызғалдақ иісі аңкиды.

Жан-жағы нұр сағым боп,
Ортасында жалын боп,
Қызғалдақ жайнап шалкиды.

2. Бетпақ шөлге су бітіп,
Құба құмға ну бітіп,
Көк орайы жайқалған,
Егін пісіп, мал өсіп,
Жібектей жылы желі есіп,
Қалың орман шайқалған...

Бастапқыда (С. Мұқанов өлеңінде) жел жібектігі қызғалдақтың толып өсуімен, жайнап шалқуымен үйлесе берілсе, кейінгіде де (Қ. Аманжоловта) «жібектей жылы» жел есуі «көк орайы» жайқалуы, қалың орман шайқалуымен бірлікте бейнеленеді. Бұл үндесулердің бәрі табиғат зейнеттілігі аясында «Жібек жел» ұғымының да көтерер жүгі қордалана түскенін дәлелдесе керек.

Дағдылы тіркес («Жібек жел» тіркесінің қай кезде жаңа боп туып, қашаннан дағдылыға айнала бастағанын дәлелдеуді тіл мамандарының еншісіне қалдырамыз. — Қ. Ж.) ішінде алумен бірге сөз зергерлері үнемі «Жел» сөзін тосын сөздердің шарпуына бөлеп отырған. (Бұл арада кезең, дербес стиль әсері болатыны өз алдына бір әңгіме):

Аз жаста көп сүйіп ем, сүйініп ем,
Көп улап, көп уланып, күйініп ем.
Желдей жынды жүректің екпінінен
Майысып, сына жаздап, иіліп ем.

(Жұмабаев М.)

Осындағы «жүрек» сөзінің алдына «жынды» сөзі қолданылып, «жынды жүрек» боп алынуы да қазақ әдебиетінде, әдеби тілінде де бұрын ұшыраспаған жәйт. Оның үстіне ақын оқыс үйлестірілген «жынды жүрек» тіркесімен де тоқталмайды, «желдей жынды жүрек», — деп, пайдаланады. Соның нәтижесінде «Желге» де біраз жындылық шарпуы тимей қалмайды. Сол сөздерден кейін қолданылған «екпінімен» сөзі де, лирикалық қаһарманның майысып, сына жаздап, иілуі де бұл әсерді күшейте түседі. Сөйтіп, «жынды» ұғымы да, оның желдей екпінді болуы да лирикалық қаһарман арқалаған қиындық салмағын таразылауға мұрындық болғаны ашылады. «Жел» сөзін тосын тіркес ішінде шыңдау талабы І. Жансүгіровте де баршылық.

Жел желпінді, жел желіп,
Тұманды түрді, бұлт сөгіп,
Қырға қызыл нұр төгіп,
Күлмен қакты күн ене.

(«Майдан» өлеңінен)

Жел қуып, қара тұман қак жарылып,
Асқарға шыға келді күліп бір қыз.

(«Күнгеі» өлеңінен)

Жоғарыдағы «жел желпінді», «жел желіп» тіркестері дәстүрлі емес, мүлде жаңа тіркестер екені анық. Ізденгіш ақын мұнымен де іркіліп қалмайды, одан әрі тұманды түруін, бұлт сөгуін (екеуі де оңай емес) қоса береді. Сол тәрізді «жел қуып» (соңғыдағы) тың тіркесі де кейінгі «қар тұман» қак жарылуы тұсында өз күш-күдіретін салмақтандыра түседі.

Іргелес тұрған тың тіркес болмаса да, белгілі бір сөзге (айталық, «темір» сөзіне) қарама-қарсы қойылуы тұсында да «Жел» сөзіне артылар мағыналық, эмоциялық, бояулық-реңктік жүкті молайта түсуге болады. М. Жұмабаевтың «Жел» өлеңі — бұған айғақ. Өлеңде абақтыда жатқан тұтқынның таң атуын тосып зарығуы, сырттағы желдің ішке енбек болуы баяндалады. Айналасы алты шумақтық өлеңнің екінші жартысын тұтас келтірейік:

Үй сілкініп, құлағандай болады,
«Жіберші», — деп, сұрағандай болады.
Қуат кеміп, қажыған соң жүйрік жел,
Өксіп-өксіп жылағандай болады.
Дене күйіп, желге құлақ саламын,
Жанып жүрек, көзіме жас аламын.
Жібермейді қара темір қайырымсыз,
Еркін дала, Сарыарқамның сәлемін.
«Тәңірі ием, атпады ғой таңың» деп,
Күңіреніп жатыр тұтқын үнілеп.
Естіледі терезеден темірлі,
Тыста соғып жел уілдеп тұр гулеп.

Зерделесек, жел де осал емес: «Үй сілкініп, құлағандай болады». Әйтсе де темір одан анағұрлым мықты: соншалық күшті желді жібермей қояды. Темір беріктігімен бірге оны қоршап тұрған «қара», «қайырымсыз» сөздерінде лирикалық қаһарманның оны қаншалық ұнатпайтыны қоса айшықталған. «Темір» қаттылығын, демек аяусыздық салмағын лирикалық қаһарманның денесі күйі, жүрегі жануы т. б. суреттер де дамыта түседі. Сонымен қатар желге құлақ салу, өлең соңын «жел уіл-

деп... гулеп» тұрғанын шегелеп айтумен тәмамдау да лирикалық қаһарманның желге, бостандық хабаршысына, қалай қарайтынын әйгілей түседі. Ақын жетістігі кнындықты жеңілдетпей беруі десек, бұл орайда «жел» мен «темір» қарама-қарсылығының, желден де «мықты» бар екендігінің алатын орны ерекше демекпіз.

«Жел» сөзі мен белгілі бір техника үлгілерін қатар алу да заман тынысын танытуда бағалы роль атқарады.

1. Работа окончена
 тело обвей
в сплошной
 электрический ветер.

(В. Маяковскийдің 1925 жылғы
«Бродвей» өлеңінен)

Қазақшасы:

Жұмыс біткен,
 тынбас рәт көрмей жан,
Электрден ескен самал
 үлесің.

(Ауд. Д. Қанатбаев)

2. Дауылмен бірге дауылдап
Аэроплан зырлады.
Ерегісіп желменен
Бізбен бірге жырлады.

(С. Сейфуллиннің 1921 жылғы
«Аспанда» өлеңінен).

3. Автомобиль гуілдеп,
Тербетіп, ырғып шайқады.
Түншықтырып уілдеп,
Жел сабалап шайқайды.
Қара дауыл — шіркін жел,
Бетке қарсы ұрасың.
Машинаны іркіп, жел,
Неге қарсы тұрасың?

(Бұ да сонда. 1923 ж.
«Автомобиль» өлеңінен)

4. Мінгенім поезд — жүйрігім,
Ысқыртып желге құйрығын.
Таситын тауды бөктерсе.

(С. Мұқановтың 1933 жылғы
«Қарағанды» өлеңінен)

5. Тымықты дауылдатып, желді үйіріп,
Жортақтап шабысына басты жүйрік,
Созылған бір көш жерге қою шаңнан

Шұбалта бұп-бұйра ғып тақты күйрек.
...Шапқан сайын қайратқа бойы қызды,
Екпінді гуілдеді желдей ызғып,
Артына таң боп қарап тұрғандардан
Ілезде қарасын ол бір-ақ үзді.

(Бү да сонда, 1937 жылғы
«Қолхозды ауыл осындай» өлеңінен)

Алғашқы мысалда «Электр желі» («Электрический ветер») тіркесі заман ерекшелігін, техника күшін, соған иек артқан лирикалық бейне жетістігін танытуға септігін тигізгені белгілі. С. Сейфуллин де бірде аэроплан қуат-күшін т. б. ашу үшін, кедергі тудырушы ретінде желді алып, онымен ерегіскенін сөз етсе, енді бірде (үшіншіде) автомобиль жүрдектігін бейнелеу үстінде ірікпек боп, нәтиже шығара алмаған желге наз айтады. Осы сықылды пікірді соңғы екі мысал туралы да айтуға болады.

Сөйтіп, белгілі бір сөздің («Желдің») белгі, символ, балама ретінде қолданылу тарихын арнайы қарастыру арқылы ақындар шеберлігінің бір қырын болса да, кеңірек ізерлеуге мүмкіндік алдық. Әрине, белгілі бір сөзді жеке алу да, оны басқа да суреттер, образдар аясында алу да көркем әдебиеттің бар қыр-сырын түгендеп бермейтіні де анық. Әйтсе де әдебиеттің жалпы, ортақ заңдылықтарын ашу үшін де алдымен оның жеке салаларын тұкпірлеп тану, таныту жұмыстары керек-ақ. Салыстыра зерттеу, оның ішінде белгілі бір ұқсас боп көрінген жәйттерді қатарластыра алу, өзалдына дара мақсатқа айналмай, дамытыла келе, әр суреткер ерекшелігін, кезең әдебиеті сипатын т. б. ашуға бастар баспалдақтар бола алары сөзсіз. Асылы, зерттеу салаларының түрлілігін мойындау үстінде соған жету әдіс-амалдарының қилылығына да көз жұмбауымыз керек. Әдебиет үшін ұсақ-түйек мәселе жоқ. Сырт көзге елеусіз, екінші қатарда боп көрінетіннің бәрі шын — «ұсақ-түйек» еместігіне көз жеткізе алсақ, бір маңызды істің бет-бағдарын ашқанымыз деп білеміз.

МАЗМУНЫ

I БӨЛІМ. ЛИРИКА ТАБИҒАТЫ.

Лирикалык қаһарман	3
Лирикалык әсемдік	17
* Идея және тақырып	23
* Лирикадағы сюжет мәселесі	33
* Лирика композициясы мәселелері	45
* Поэзия және табиғат	52
Махаббатты қалай жырлап жүрміз?	64
— Өлең жүгі — ауыр жүк	79

II БӨЛІМ. АҚЫН ӨРНЕГІ.

«Бір-біріне ұқсамасын ақындар»	96
Әбділда Тәжібаев	106
Жұбан Молдағалиев	115
Сырбай Мәуленов	126
Тұманбай Молдағалиев	133
Олжас Сүлейменов	141
— Дерексіз ұғым және заттылық мәселесі	148
Дағдылы балама және жаңалық мәселесі	170
— «Тұрақты балама және оны түрлендіру мәселелері	187

Куандык Машһур-Жусупов
СТИХОВ НЕМЕРКНУЩЕЕ СЛОВО

критические статьи

(на казахском языке)

Редакторы *К. Мадихаева, Ш. Алдибеков*
Художник *М. Есергеева*
Художественный редактор *Ж. Қасымханов*
Технический редактор *Б. Карибаева*
Корректор *С. Умишева*

731/100
731/100

— 78(3),

ИБ № 5167

Теруге 27.06.91 жіберілді. Басуға 18.12.91 кол қойылды.
Қалпы 84×108^{1/32}. Баспа қағаз № 3. Қаріп түрі «Әдеби». Шы-
ғыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 11,34. Шартты бояу кө-
лемі 11,54. Есепті баспа табағы 12,79. Тираж 2000 дана. Заказ
№ 2518. Бағасы 90 т.

Қазақ ССР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі-
нің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Ал-
маты қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлі-
гінің «КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бір-
лестігінің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы,
480016, Алматы қаласы, Қ. Маркс көшесі, 15/1-үй.